

Төрткен
КЕНЕҢҚЫЗЫ

**ӘКЕ РУХЫНА
ТАҒЗЫМ**

ЕСТЕЛІК-ЭССЕ

АЛМАТЫ
2019 ЖЫЛ

ӘОЖ 070
КБЖ 76.01
Т 20

Қазақстанның халық ақыны, әнші, сазгер

*Кенен Әзірбаевтың 135 жылдық мерейтойына қарай, әкем
жайында жазылған осы еңбегімнің жариялануына көмектескеніңіз
үшін ақынның ұл-қыздары, үргақтарының атынан ардақты інім*

Қали Сәрсенбай мырзага сансыз алғыс айтамыз!

Автор

Т 20 **Төрткен Кененқызы**
Әке рухына тағым. Алматы: 2019. – 278 бет.

ISBN 978-601-7846-08-4

Бұл кітап тоқсан жастың төрінде де домбырасын серік еткен Қазақстанның халық ақыны, сазгер, әнші Кенен Әзірбаевтың досжаран, ағайын-туысқан арасындағы, қалыпты өміріндегі болмыс-бітімі кеңінен әнгімеленеді. Біртуар тұлғаның былайғы жүртка беймөлім отбасы, ошақ қасындағы тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, карым-қатынасы жан-жакты баяндалады.

Онегелі әкеге ұксап бағуға тырысып өскен сүйікті әнші қызы Төрткеннің бұл естеліктері үй ішілік әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлерді барынша қамтыған шыншыл, қарапайымдылығымен де өте күнды.

Кітап көпшілік оқырманға арналған

ӘОЖ 821.512.122.1

ISBN 978-601-7846-08-4

АЛҒЫ СӨЗ

Мен үшін әкем тірі, оның рухымен күн сайын тілдесіп отырамын. Қайтпас жолға аттанғалы да 92 жылдан асты. Әр жұма сайын Құран оқыту мен үшін бұлжымас қағидаға айналды. Уақыт өткен сайын сағынышым арта түседі. Жүрісі, тұрысы, келісті келбеті, сергектігі, айтқан әңгімелері, үні, домбырасының сазы – бәрі-бәрі бүгінгідей есімде. Балалары көп өліп, «Базарым-ай, Назарым-ай» деп зарлап жүріп көргендіктен бе, әйтеуір, әкем мені қатты еркелетті, ерекше өспеттеп аялап өсірді. Әнмен ұйықтап, әнмен ояндым. Жасымнан естігенім сазды әндер, жақсы сөздер, сезгендерім – ағыл-тегіл көнілдер, мөлдір сезімдер болса, көргендерім – мейірлі көздер, мол дастарқан, көп қонақтар болды. Анамнан гөрі әкеме жақын болым. Әкем бір жаққа кетсе көзім бозарып, көніл-қошым болмай, жолын тосып жүреді екенмін. Соны білетін әкем де үйге қайтуға асығатын көрінеді. Менің сонымнан ұл бала – Көркемжан туып, мен бұл шаңыраққа үлкен бақыт, ырыс, береке әкелдігे саналып, еркетотайдың нағызы өзі болыппын. «Төркенімді бермеймін тоғыз ұлға, қырсығымды кескен төл басым», – дейтіні содан болса керек.



Әке құрметіне ие болған, әkenін аяулы қамқорлығына бөленген қыз біреу болса, ол менмін де, екеу болса соның бірі менмін деп есептеймін өзімді. Мұны зор бақыт санаймын, мақтан етемін. Маған «Кененнің қызы» дегеннен басқа атақтың керегі жоқ деп есептеймін.

Жалпы, мен өз өмірімде әкемнің атына кір келтіретіндей өрекеттерден аулақ болдым. Қайда жүрсем де, үйде де, түзде де, қызметте де өзімді Кененнің қызы деген атқа сай болуым керек деген жауапкершілікті сезіндім. «Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық» дегенмен де, сол әке атымен күн көрер жаман қыз болмауға тырыстым. Жолдасым Тасыған Шенсізбайұлының әскери қызметінің небір қырлары мен сырларын дұрыс түсіне білуге, балаларыма (Баян, Роза, Болат, Алмас) жақсы тәрбие беруге, үстаздық жұмысымды адал атқару жолында аянбай еңбек еттім. Сонымен бірге, әке әндерін, өлеңдерін жинап, қаттап, олардың мерзімді баспасаң беттерінде жариялануына атсалыстым. Радио, теледидар арқылы, әсіресе көркемөнерпаздардың кезекті концерттерінде орындау арқылы әке әндерінің кеңінен таралуына үнемі өз үлесімді қосуға ұмтылып келемін. 1976 жылы өнертану ғылыминың докторы, академик Б.Н.Ерзаковичтің басшылығымен әкемнің көптеген әндерін нотаға түсіріп, құрастырып, «Бозторғай» деген атпен «Жалын» баспасынан бастырып шығарттым. – Әкемнің 90, 100 жылдық мерейтойларына орай жарық көрген тандамалыларының редакция алқасына мүше болдым. 2000 жылы әкем жайында жазылған естеліктер жинағын құрастырып, «Екі Кенен тумайды» деген атпен «Шартарап» баспасынан жарық көрді. 2009 жылы «Дүлдүл еді, бүлбүл еді Кенекен» деген атпен сол кездегі Алматы облысының әкімі Серік Үмбетовтің демеуімен естеліктер жинағын шығарттым. 2002 жылы әлі де халыққа жетпей жатқан әрі ертеректе саясатқа сыймаған көптеген еңбектерін жинап, «Елорда» баспасынан «Аңыздар сыры» атты кітабын жариялаттым. Әрі осы жылы атамның өз орындаудындағы әндерін «Алатау аясында» деген атпен альбом-кассета етіп шығарттым. 2013



Торткен әкесімен

жылы «Қосылған қоңыр қазға өн мен үнім» деген атпен әкемнің фортельяноға арналған әндерін домбырамен орындастында етіп нотаға түсіртіп, жеке кітап етіп шығарттық. Сол жылы осы атпен әкемнің өзінің орындауында және басқа да өнерпаздардың орындауында альбом-диск шығартты.

Енді, ата-ана қызығын көп көрген, әкенің шұғылалы шапағатында өскен сүйікті қызы ретінде әкем жайында естелік жазуды өзімнің перзенттік парызым деп санадым. Әрине, әкем жайында айтылып та, жазылып та жүр. Алайда, солардың көшпілігінде Кененнің өмірі мен шығармашылығы, оның ақындығы, өншілігі, сазгерлігі сөз болады. Ал мен бұларға талдау жасаудан аулақпын. Менің естелігімде әкем мен оның 55 жыл бірге өмір сүрген жұбайы, 18 үл-қыз тәрбиелеген, хат танымаса да көкірегі данғыл, қарапайым, үлкен жүректі анамыз Әзіrbай келіні Нәсиха екеуінің өмір жолдары, балаларға деген сүйіспеншіліктері, өмірлік сабактары, сондай-ақ басқа да біздің



отбасы айналасы сөз болмақ. Әрі осындағы ортада өсіп, тәрбие алған Кененнің өз үрпактары жайлы да айтылмақ. Ұстаз ретінде өз көзқарасымды, өз іс-тәжірибелемді де ұштастырып, ойымды ортаға салуға тырыстым. Әйтеуір, әке аруағы риза болсын деген перзенттік парыз ғой діттегенім.

Менің бұл еңбегім 1998 жылы «Жалын» баспасынан, 2005 жылы «Қазығұрт» баспасынан аз таралыммен шыққандықтан көшшілікке таралмай, ағайын-туғандардың колында кеткен еді. Дегенмен де, ауыл еңбекшілерінен, окушылар мен оқытушылардан, Іле ауданының тұрғындарынан алған хаттар, тілші журналист іні-сінлілерімнің құттықтаулары мені біраз қанаттандырғанды. Әкем жайында жазған әртүрлі баспа беттерінде жарияланған мақалаларым, естеліктерім қаншама? Сөйтіп жүріп, өмірдің сан тарау жолдарын жүріп өтіп, 80-нен де асып кетіппін. Артыма қарасам, сұрауы көп жауабы жоқ құндер мен сырға толы сағым жылдар қалып барады еken. Содан да болар, осы өмірге әкелген ата-анам туралы тәтті елестер, бұлактай мөлдір балалығым, шуақты құндерім қолымға тағы қалам алғызды. Қой, әкемнің туғанына 135 жыл толған құрметіне бұрынғы-сонғы жазғандарымды жинап, өндеп, ұмытылып жазылмай қалғандарды еске түсіріп, косып көріп едім, тіпті таусылар емес.

Әке рухына арналған осы бір еңбегімді, әке шығармашылығына арналған сый-құрметім деп түсінемін.

Төрткен КЕНЕҢҚЫЗЫ

I БӨЛІМ

*ӘКЕМДІ АЙТСАМ
АҚТАРЫЛАМЫН*





МЫҢ ӨЛІП, МЫҢ ТІРІЛГЕН ӨКЕМ КЕНЕН

Ата-ана қадірін тіршілікте білетіндер де, білмейтіндер де баршылық қой. «Қолда барда алтынның қадірі жок, қолдан шығып кеткен соң өкіндім-ай» демекші, көвшілігіміз атананың қоңіл-қүйін, тыныс-тіршілігін, балаларын өсіріп, оған өмірде керектінің бәрін үйретіп, баулып, бағып-қағып, қып-қызыл қам-қарекеттің ортасында жүріп, өмірінің өтіп кеткенін де сезбей қалатының түсінбейтіндігімізді, түсінсек те кеш білетіндігімізді бір мезгіл мойындағанымыз да жөн болар деп ойлаймын. Солай өсірген баланың бірі өзім болғандықтан да жасым келген сайын жиі-жіе есіме алып, япыр-ай, мен сол кіслердің ой-армандарының ең болмаған да біреуін орындалым ба еken, сенімдерінің тым құрығанда кішкене ғана болжегін актай алдым ба еken дегендей талай-талай ойға кетіп, күнді-күнге, тұнді-тұнге қосатын кездер болатын. Әсіресе, мұны «Ата-ана қадірін балалы болғанда білесін» дегендей-ак, өз балаларымызды өсіру, тәрбиелеу кезінде ерекше сезінеді екенсін. «Қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоктырмай» өсірген кішкентай ғана жаман қара қызын жанға тенемей, оған арнап өлең де жазған, ән де шығарған қайран әкеге не көрсеттім деймін кейде өзіме-өзім.

Бірде апамнан: «Ел менен Кененнің немересі боласың ба әлде шөбересісің бе?», – деп сұрайды. Анада ғой бір кісі: «Кенен ақыннан бір қызынан басқа бала қалмапты деуші еді, сол сен екенсің ғой, қарағым», – деп бетімнен сүйді. «Онысы несі?», – деп сұрадым.

«Е, шырағым-ай, біз сендерді жас келіп, күш кете бастағанда, елу бес пен алпыс бес жастың аралығында көрдік емес пе? Сендерден бұрынғы балалардың барлығы өлді ғой. Өлтегі бар, тірісі бар, асырап алғанымыз бар – барлығы он сегіз бала өсіріппіз. Соның тоғызы өлді де, тоғызы тірі қалды. Кенен «Базарым-ай, Назарым-ай» деп зарлап ән шығарғанда қырықтан асқан шағы болатын. «Жасынде бейнет көрсөн, картайғанда зейнетін көрерсін» деген мақал Кенен екеумізге



айтылғандай. Тірі қалған тоғыз үл-кыздан бұл күнде отыз үш немере, жиен, жиеншарлар, жиырма жеті шөбере тарап отырганың біреу білсе де біреу білмейді. Соナン соң айтады да. Болмаса, Құдайға шүкір, Кененнің арты жаман емес», – деген еді апам Нәсиха.

Иә, әкем өз өмірінде екі рет үйленген адам. Бірінші әйелі ақынның «Құдалар» деген ұзак толғауында суреттегеніндей Үлпілдек апама (кітапта Ханзада делінген) атам от жеті жасында үйленген. Үлпілдек апам Кенен мен Әзіrbайдың шанырағына аса бір қызын кезде келіп, береке мен бірлік, ынтымақ пен ырыс әкелген жан екен. Әзіrbай атам Кенен мен Үлпілдектен немере қызы Талжібекті сүйіп, сексен бес жасында дүние салыпты. Бұл жайында Кенен:

Әкем де немересін сүйіп кетті,
Арманым енді жоқ деп шүкір етті.
Ел танып, адам болып ержеттің деп
Пәниден бағы-жайға жүріп кетті,

– деп еске алады. Үлпілдек апамыз Әзіrbай өулетіне үш қыз дүниеге әкеліпті. Тұнғышы – әкемнің жиырма жасында туған **Талжібек**. Талжібек әпкем ұзын бойлы, екі бұрымы тірсегін соғатын, қарулы, қараторы, атама қатты ұқсайтын кісі. Бетінде шешек ауруынан қалған білінер-білінбес дақтары бар. Атамның қызы тарихта белгілі Мойынқұм-Шу каналы құрылышына қатысқан көп қазақ қыздарының бірі. Ұлы Отан соғысы жылдары, одан кейінгі жылдарда да егін жинап, орак оруға, шөп шауып, қой қырқуға, тағы да басқа колхоздың шаш етектен келетін шаруашылықтарының бәріне аянбай атсалысқан жан. Алайда еңбек кітапшасында кезінде еңбек жолдары дүрыс көрсетілмегендігі себепті (еңбек кітапшасы да жоқ та), өмір бойы ері соғыста өлген әскер отбасы ретінде берілетін он-он бес сом зейнетакыны қанағат тұтып өткен адам. Талжібек әпкеміздің Бәтима деген жалғыз қызы болды. Бәтимадан Жұмабай деген үл, Жарқынай деген қыз дүниеге келді. Жұмабайдан бұл күнде



үш үл (Жігер, Жандос, Жалын), Жарқынайдан екі бала (Женіс пен Нұргұл) бар. Ері соғыстан қайтпай қалған соң, Талжібек әпкем ендігі жерде өмірін жалғыз қызы Бәтимамен бірге, Бәтиманың тұрмысқа шыққан ері Иргебайдың еліне, Алматы облысы, Қаскелең ауданының Көкөзек ауылында өткізді, 75 жастан аса өмір сүріп, немере-шәберелерін сүйіп 1979 дылы дүние салды. Бес немерелі Бәтиманың өзі Көкөзек ауылының әртүрлі шаруашылықтарында енбек ете жүріп, құрметті демалысқа шықты. 2012 жылы қайтыс болды. Ұзак жылдар ұстаздық енбек еткен аяулы жездеміз Иргебай да енесі Талжібектің алдында үш-ақ ай бұрын қайтыс болды. Бәтиманың балалары да әлі сол жерде, осы ел (Шымыр оның ішінде Анда) ішінде өмір сүруде.

Өнерімен ел көзіне ерте түскен аяулы баласының бірі – Талжібектен кейін дүниеге келген **Зұлухия** қыз екен. Зұлухия аса көрікті, өрі суырыпсалма ақын, өнші болыпты. Әкем ол қызын көп көзіне түсірмей: «Саған топ алдына шығып өлең айтуда ертерек», – деп жібермей жүріпті. Бір күні атам үйде жокта, сол ауылда үлкен той болып, анасының жаңын қоймай сұранып, Зұлухия тойға барыпты. Он үш жасқа жана толған Зұлухия сол жолы бірінен соң бірі шыққан жігіттермен айтысып, бірін де бет қаратпай, женіп көзге түскен деседі. Осы тойдан кейін көп ұзамай-ақ, ол кезде дәрігердің жоқ кезі. Ауыл бақсы-балгерлері ем қонбайтын ауру, көз тиген деп табады. Оны Зұлухия өзі де сезіп, өкесінің тілін алмағанына өкініш білдіреді. Теріс қарап, түсқиізді сипап жатып:

*Аялаган ата-ана жөнің басқа,
Бұлбұл қонбас саясыз қу агашқа.
Осы аурудан қорқамын, түрі жаман,
Биыл гана толып ем он үш жасқа.
Тас жармады қызыл тіл, бас жарды гой,
Өлең айттып, айттысып шаршы топта.
Алатай! Қайран елім қалады-ау!*

– деп жылай-жылай арманда кетіпті.



Үлпілдек апам үшінші қызы **Ұлтайды** туған соң сал аурына шалдығып, ұзак жатып қалады. Ал өкем болса бұл жылдары (өзінің «Әли батыр» поэмасында жырлағандай) 1916 жыл оқиғасына байланысты Әли Нұрғожаұлы бастаған Жетісү қазактарының ақ патшаға қарсы шыққан ұлт-азаттық көтерілісіне белсене қатынасып, оның сарбазы үгітші ақыны болып жүрген кезі екен. Патшаның бақайшағына дейін қаруланған әскерінің қаһарына шыдай алмаған бұл көтеріліс сәтсіз аяқталған тарихтан белгілі. Көтеріліс басшылары ұсталып, қалғандары тау-тасты паналап қашып жүреді. Атам бастаған бір топ көршілес қырғыз жеріне қашып барып, сондағы достарының арасында біраз уақыт жүріп қайтқан екен. Оның сол жылдары шығарған «Аттан», «Қайран елім, қайда?» деген ән-өлеңдері осы жылдардағы оқиғаға арналған.

*Ер жігіт тіршілікте нені көрмес,
Ер болса қасіретке бойын бермес.
«Ел кегі жауга кептес» деген бар гой,
Дегенге кек қайттайды қөңіл сөнбес,*

— деп жырлағанындей-ақ, өкем болашақтан еш қудерін ұзбей, бақыт таңының бір келеріне шын сенген, сол үшін аянбай құрескен адам. Алайда, дәл осындай қыын кездे сүйікті қызы Зұлухияның мезгілсіз қазасы, әрі жас нәрестелі болған Үлпілдегінің қатты ауырғаны «жығылғанға жұдырықтың» керін келтіргендей болады. Көп қиналған өкем, он алты жасқа жаңа толған осы күнгі біздің анамыз Нәсихаға үйленеді. Бұл оқиға туралы Нәсиха: «Патша тақтан түсіп, Кенес өкіметі орнаған соң, өкімет кедейден шыққан ақындарға көп қамқорлық жасады. Жасы отызды орталап қалған Кенен біздің Қордай еліне ревком (ол кезде болыс дейтін) болып келді. Ақындығын бұрыннан еститінбіз, екі қызы, ауру әйелі бар екен дейтін. Менің елім баяғы өзі өлеңге қосқан:



*Жеті қойды ұры алды.
Ұры алмаса, кім алды?
Мұлқеман мен Қонайдың
Ұрысының бірі алды...*

— деген Мұлқеман — Қонай ауылы. Жасым 16-17-лер шамасы. Сөз салушылар көп. Кеңестің жақсылығын естіп, еркіміз өзімізде деп жүрген кезіміз, қалайда сүйгенімізге баруымыз керек деп армандаймыз. Кенен мені «жиен қыз» деп жүрді. Өйткені, менің шешемнің аталары мен Кененнің аталары Солтанкелді-Бөкен деген елден, ағайынды кіслерден тараиды. Әкем Қабылтай өзі кедей болса да, дес бермес сері дастанқанды кісі еді. Жаңа заманды жан-тәнімен қарсы алған адам. Сол заманның өкілі Кенен менің әкемнің сыйлы қонағының бірі еді. Бір жиында Кенен екеуміз айтыса кеттік. Өзімнің не дегенім есімде қалмапты, ал оның:

*Касың менен қабагың керіліп тұр,
Шолпы таққан қара шаш төгіліп тұр.
Күн шабан боп, таң шашшан, ішім пысты,
Сагат сайын көзіме көрініп тұр.
Күн түседі күлгендеге маңдайыңナン,
Бал тамады сойлесең таңдайыңナン.
Ұларсың ұлы тауды мекендереген,
Таңдан таптым қыздардың талайынан.,*

— дегені есімді тандырды. Ел ішінде өнші, ақын атағы баяғыда тарап кеткен адамның жылы назарына іліккеніме өзімді шексіз бақытты санадым. Сонымен не керек, сөз байласып, кешікпей-ақ үйлендік. Үйіміз Кененнің туған жері Мәтібұлакта. Бірінші әйелі Үлпілдек ауру екен, құдды енемдей, одан туған қызы Талжібек мен келгенде 13-14-те екен, қайынсінлімдей, 2-3 жасар Ұлтай түңғышымдай болып кетті. Үлпілдекпен екі жылдан астам тату-тәтті өмір сүрдік. Батасын беріп, ризашылықпен қыздарын маған тапсырып жатып, көз жұмды.



Екі қызды да өзім өсірдім. Ұлтайдың Ұлпілдектен туғанын көп адамдар осы күнге дейін білмейді де, екеуін де өз қолымнан ұзатып, олардан бұл күнде немере, шөбере, жиен, жиеншар, туажаттар сүйіп отырмын. Ұлтайым небәрі 49-ақ жыл жарық дүниенің қызығын көрді. Жасынан-ақ көп ауыруши еді, ақыры аяқ астынан қан қысымы көтеріліп, тілсіз кетті. Артында Райхан, Төлепберген, Серік, Қайрат, Кенжебек деген бес баласы қалды. «Орнында бар оналар» деген рас екен. Қазір барлығы ер жетіп, олардың өздері де балалы-шағалы бола бастады. Ұлтайдың күйеуі өзінен бір мүшел жас үлкен еді. Жасы келіп, денсаулығының нашарлығына қарамастан, бала-ларын өсіріп-жеткізіп, оларға қамқорлығын аянбай-ақ көрсетті-ау, азаматым. Ұлтайдан соң төрт жыл өмір сүріп, барлық балаларын аяктандырып, немерелерін, жиендерін сүйіп, Рахымбай да өтті бұл дүниеден», – деп еске алып отырады анамыз Нәсиха.

Ұлтай тәтемнің мамандығы бастауыш сыныптың мұғалімі. Орта бойлы, терең ойлының нағыз өзі. «Ұлтай айнымаған анасы. Жүрісі, тұрысы, биязылығы, момындығы, сөйлегені, ұстамдылығы – бәрі-бәрі Ұлпілдектің өзіндей, артында қалған көзіндей», – деп әкем оны ерекше еркелететін. Бәрімізде Ұлтай тәтемнің бетіне қарсы келіп көргеніміз жоқ. Тәтем биші еді. Ол 1936 жылғы Мәскеуде өткен казақ әдебиетімен өнерінің онқұндығіне атама ілесіп барып қайтқан. Сол жылы қонақүйде бірге жаткан Құләш, Жамал, Шара тәтемді билетіп, өнерін тамашалаған екен. «Кенен аға, елге барған соң, қызыңызды алып келініз, оқытайық. Мына Шара қарындасыныңдың колына тапсырыңыз», – депті олар. Бірақ «Барғызбасың барғызбас» дегендей, Мәскеуден келген соң, кешіктірмей атамды «халық жауы» деп алып кетіп (бұл жайында кейінірек толығырақ айттылады), Ұлтай тәтемнің биші болу арманына жетер жол мықтап бекітілген екен.



ПАРТИЯ МУШЕЛІГІНЕН ҚҰЫЛЫП, РЕВКОМДЫҚТАН ШЫҒАРЫЛҒАН КЕНЕҢ

Ал енді, атамның Нәсихамен қосылғаннан кейінгі өмірлері туралы сөз қозғау үшін тагы да анамызды тыңдалық: «Халықтың еңсесі көтеріле бастаган мезгіл. Кенен ел аралап кетеді. Үш айга дейін, кейде одан да көп жүріп қайтады. Жер-жерлерде өнер көрсетіп, үгіт жұмысын жүргізеді. Үлкен қалаларга шақыртып кетеді.

Алғашкы кездерде ренжіп те жүрдім, кейін түсіндім. Ол ел адамы, көпшілік сүйген ақын. Үй шаруасын дөнгелетіп, отыра беретін болдым. Ол әр сапардан оралған сайын көрген-білгендерін, көнілге түйгендерін аңқылдаپ айтып отыратын. Елде болып жатқан жаңалық қомейінен жыр болып құйылып, ән болып төгіліп жататын, ерекше шабытты шағы еді сол бір жылдар Тұрмысымыз да жаман болған жоқ, тек балаларымыз тұрақтамады. Екеуміздің тұла бойы тұнғышымыз (әсіресе, мен үшін) үл бала болды. Атын Кенен ревком болып жүрген кезіне сай **Болысбек** қойдық. Амал не, Болысбек дүниеге келген соң сегіз-ак күн өмір сүріп, шетінеп кеткені. Үлкен үмітпен, асқан арманмен қосылған біздердің қабыргамызды қайыстырып-ак кетті. Емшек сүтімен көтеріп, кешікпей тағы да үл тудым. Оның атын **Тұрсын** қойдық. Тұрсынымыз да тұрмады, ол да бар-жоғы екіге толмай-ақ дүние салды. Одан соң **Базар**, іле **Назар** деген аралары екі-ақ жылдан екі үл туып, көніліміз біраз орныққандай болды. Осы кезде Кенен өзі өкімет болып тұра, катын үстіне біреудің жас қызын зорлап әкелді деген бұрын да ауық-ауық естіліп қалатын қаңқу сөз, енді құлаш-құлаш арыз болып түсе бастады. Ақыры мені көшіліктің алдына шақырды. Ол кезде қазақ қыздарының арасында суырылып көптің алдына шығып сөйлейтіндер жоқтың қасы десе де болады. Алайда, бар шындықты айттым, ашына жеткіздім. Бірақ менің еш зорлықсыз-ақ Кененнің әйелінің, қыздарының бар екендігін біліп тұрып-ақ мұндай шешімге өз еркіммен



келгенімді ағынан жарыла айтқанымды да, Кенен «Үлпілдектің қатты ауруға шалдыққандығы, балаларының жағдайының болмай кеткендігі менің қайта үйленуіме себеп болды, бірақ Нәсиханы зорлап әкелгенім жок, ол өз жүрек қалауымен келісті, – дегеніне де құлақ аспады, сенбеді, сенгілері де келмеді, жазуларын тоқтатпады. Арыз дегендерің толассыз түсे берді, түсे берді. Ақыры Кенен ревком төрағалығынан босатылды. Алайда, оның бойына біткен өнер, әншілік, ақындығын ешқандай күш тоқтата алмады. Жана өмірді, жаңа заманды жырлаудан жалықпады. Халықпен бірге болды, оның қолжеткен табысын, елімізде болып жатқан әр жаңалықты шабыттанда жырына қосты. Қырғыз бен қазақтың төбесіне көтерген сүйікті өнерпазы болды. Бұл жырлар ақынның шығармашылық өрлеу жылдары десе де лайық. Іштей орнынан алынып қалған Кенен енді жұн-жұрқасы шығып, қиялданып жаман болып кетер ме еken деп уайымдап жүрген мен, оның бұл тірлігіне қатты риза болып, барынша сүйеу болуға тырыстым. Бірақ 1928 жылы Базарым үш жарым жаста, Назарым бір жарым жаста еді, екеуі де бірінен соң бірі бір-ақ күнде қайтыс болды, тағдыр бізді тағы да қырына алды. Кененді қатар жатқан қырғыз достары шақырып, сонда кеткеніне біраз уақыт болған еді. Тіл-хат жіберіп шақыртып ала қоятын кез емес, жылай-жылай Кененнің келуін күтпей-ақ балаларды жерледік. Кенен келгенде бұл тосын оқиға оны қатты есенгіретті. Домбырасын киратып, басын ойға да, қырға да ұрып, не істеп, не қоярын, сенерін де, сенбесін де білмей, балалар жатқан бейіт басына қайта-қайта барып айқайлап жоқтап, қын-ақ болды. Жынданып кетер ме еken деп те қорықтық. Ақыры үйден аттап шықпай, тілі байланып, бір керемет күйге түсті, ұзак ауырды. Қатарынан төрт ұлдан айырылып, есім ауып мен жүрмін. Құндіз анау-мынау үй тіршілігімен айналысып білінбегенімен, түн баласы үйқы безіп жылай береміз. «Біз бұл құдайға не жаздық, неден мұнша сормаңдай болдық», – деп қосыла енірегендеге етегіміз толады. Екеуіміздің сол зарымыз ән болып төгіліп, өлең болып өрілді емес пе? Егіз лағынан айырылған



сорлы ақ ешкі безілдеп жүргенін көрген қамқоніл ақынның сен де мен сияқты мезгілсіз балаларынан айырылып қалған бейбақ екенсін-ау, — деп шырқап қоя берген:

*Зарланасың ақ ешкі лагыңа,
Емшегіңмен емізген шырагыңа.
Кел, екеуміз қосылып бір жылайық,
Жетер ме екен құдайдың құлагына..,*

— деп басталатын «Базарым-ай, Назарым-ай» деген атақты өнін бұл күнде білмейтін адам жоқ шығар. Базар мен Назардың кішкентай кезінде ойыншық табылмаушы еді. Сондағы Кененнің балаларына өзі қолдан тобылғыны жіпке тізіп жасап берген сылдырмағы сандықтың тубінде сақталыпты. Әкелерінің жүрегінде қатты мұн қалдырған, Базар мен Назардың қолдарының кірі сініп қалған осы бір ойыншықты да Кененнің музей-үйіне тапсырдық. Біз үшін ауыр болған осы жылдары жанымызға сая болған Іңкөрбек деген қайным еді. Кененнің әкесі Әзіrbаймен бірге туған Әбденбай деген жалғыз інісі болған. Әзіrbайдан Кенен туса, Әбденбайдан Іңкөрбек туған. Іңкөрбек Кененнен кіші еді, ол бізben көрші тұрды. **Нұртай** деген қызы, **Жапарбек** деген ұлы бар. Нұртай Ұлтайыммен жасты да, Жапарбек олардан үш жас үлкен-ді. Балаларым есіме түсіп жыласам болды қайным мен абысыным: «Женеше, жыламашы жассың ғой әлі, өмірден күдер үзбеші, мына біздердің балаларымыз да сіздердікі емес пе?», — деп жұбатушы еді. Құдай ауыздарына салған шығар бейшаралардың, түбі солардың балалары бізде қалды (ол туралы кейін айтылады). Қайран бұрынғының адамдары-ай, сол қайным мен абысыным өле-өлгенше «ишиш-шәй» деп сөзге келмей, алдымыздан кесе-көлденендемей-ақ өтті-ай дүниеден.

Алла-тағала жарылқаса, соларды жарылқайтын жөні бар еді-ай, керісінше, аштан өлді деп еске алады апам.

«Қылышын сүйретіп қыс келеді» дегендей-ақ, әйгілі 1930 жылдардың зобалаңы да жақындалап келе жатты. Бұл кездері



казақ ауылдарын советтендіру, Қосшы одағын құру дегендер біршама аяқталып, енді колхоздандыру деген шықты. Кедейлер амалсыздан қолдарындағы бар малын колхозға өткізді. Iрі бай-манаптардың мал-мұліктерін тартып алғып, өздерін жер аударды. Көбінің советке қарсы емеспіз, малымызды өзіміз-ақ өткіземіз, тек елден, жерден алыстата көрменіздер деп жылағандарына құлак аспады. «Берсөң – қолыннан, бермесөң – жолыннан» дегенге басты. Зар жылатып катын, балаларынан айырып, арба-арба қылып байларды айдал алғып кетіп жатты. Олардың басы-қасында болып көзімен көрген жаны нәзік Кенен кейде біртүрлі қамығып келетінді шығарды. Бір күні шыдамы жеткен Кенен: «Жасыратыны жок, Нәсиха, байлардың ішінде де нелер бір қайырымды, кенпейіл, жайсан жандар аз емес еді ғой. Обал-ақ болды. Жылағандарын көргенде жаның құйзеледі. Не істесем екен, ә?», – деп солқылдақтық танытты.

— Ойбай-ау, Кенен. «Күні кеше солардың есігінде жүргенінді ұмыттың ба? Мұнынды менен басқа ешкім естімей-ақ қойсын, – деймін өзімше сақтандырып. Сөйтіп жүргенде бір күні Кененмен аталас болып келетін Ақатай деген байдың мал-мұлігін жазып – қаттаң, тартып ала бастады. Ақатайдың Құлажан, Бабажан, Бекбол, Нұрболат деген ұлдары бар. Олардың өздері жеке-жеке еншісін алғып, бөлініп шыққан «шынжыр балақ, шұбар төстер». Сонысына қарамай қайырымды, ағайынға жайлы, зәбірлігінен әділеттілігі басым, кедей демей жалпы елге жағымды жандар еді. Соның Құлажаны Кененмен құрдас әрі сырлас, екеуі сен кедейсін, мен баймын деп көкірек көрсетпей қатты сыйласатын құбылар еді. Кененнің талай-талай қажетіне жараган, жомарттығы басым, көнілі бос аяулы жігіт-ті. Сөйткен Құлажанды Орал жаққа 8 жылға жер аударды. Әйелдері мен балаларын жылатып-еңіретіп басқа жаққа айдамақ болды. Сол жолы Кенен Құлажанның кедейден алған әйелі Нәжімішті кішкентай қызымен тығып, үрлап алғып қалады. Құлажанның өзіне ағайындардан ақша жинап астыртын береді, құрметтеп шығарып салады. Құшактасып,



сүйісіп, жыласып әрен ажырасады. Мұны көрген белсенділер аудан басшыларына дереу хабар береді. Олар Кененди шақырып алғып, партия қатарынан шығарып, партбилетін алғып, өзін есепке алғып қоя береді. Бұл жағдай жан-дуниесіне катты әсер еткен Кенен біраз ауырып қалады. «Белсенділіктің бәрін тастап, Отар станциясына көшіп келдік. Сондағы теміржолшылардың жылқыларын бағып, жем-шөптерін даярлап, қора-қопсыларын жөндеп дегендей қара жұмыстармен айналысып күн көрдік», – деп ашық айтып отырады бұл күнде анамыз Нәсиха.

Алайда, мұнда да әкеме маза болмапты. Кәмпескеден қашып, тау-тасты саялап жұргендер көбейіп кетеді. Олар күндіз тығызып жатып, түнде ауыл малдарын ұрлап, өздерін тонайды. Атамның бағып жұрген жылқыларының да біразы жоғалады. Бұл атамның онсыз да ауыр жағдайын шиеленістіре түседі. НКВД-ның адамдары жиі-жиі келіп: «Кенеке, Сіз осы аймақта туып-өстініз, барлық адамдарды танисыз. Бізге көмектесуіңіз керек қой. Тауда қашып жұргендер кімдер деп ойлайсыз? Оларға осы жерден көмектесіп жұрген адамдар бар деседі. Олар кімдер деп ойлайсыз? Әлде көнілшектігіңізге салынып өзіңіз араласып жұргеннен саумысыз? Неге Сіздің жылқыларынызды жартылай ғана айдан кетті екен, ә? Біз Сізді, әрине, олай деп үйғарудан аулақпыз. Дегенмен де, бізге көмектесуден бас тартсаныз, ойлау тұрмак шара қолдануға да барып қалуымыз мүмкін, оның үстіне Сіздің партиядан қалай шығып қалғаныңыз да бізге белгілі», – деп қоркыта бастаған екен. «Аты-жөні жоқ кімді ұстап бермек? Бар малын өкіметке өткізіп, жақсылық күтіп жұргендерді ме? Жоқ! Одан гөрі қанғырып кеткенім артық!» Бір Ұлтайдан басқа балам да жоқ. Неден қорқамын, неден қысыламын, ісім ақ, құдайым жақ болуы керек қой», – деп әкем НКВД адамдарының сөзіне ыза болып, күндіз күлкіден, түнде үйқыдан қалып, сезімтал көнілі күпті болып, бір сұмдықтың келе жатқанын сезінгендей, сұлық жұрген шақтары аз болмаса керек-ти.



Бұл кездері ел-жүрттың алды ашыға бастайды. Ойлап-ойлап, ақыры әкем әйелі мен қызын алып, ешкімге айтпай бір түнде қырғыз жеріне көшіп кетеді. Сондағы Мәсімхан, Ыбырайым, Әбіш деген достарының көмегімен Тоқпак қаласына жақын жердегі Жанаішек деген колхозға келіп тұрақтайды. Екі бөлмелі үй беріп, қырғыз бауырлар жаксы қарсы алып, көмек береді. Өздерінің өлмейтіндігіне көздері жеткенімен, елде қалған Нәсиханың әке-шешесін, бауырларын, Інкәрбекті, оның балаларын, тұрмыс құрып кеткен Талжібекті, басқа да қалған ел-жүртты ойлап, сағынып, екі көздері төрт болады. Екеуі анда-санда Тоқпак қаласына барса, жолдың екі жағында қырылып жатқан адамдарды көріп, жандары шошып келеді. Қайыр тілеп, маза бермегендеге кейбір тілі ашы қырғыз әйелдерінің «Өлігінді көрейін, тентіреген қазақ» дегендегі естігенде сай-сүйектері сырқырап, жылап та алатын көрінеді. Сөйтіп жүргенде бір күні үйге үсті-басы алба-жұлба, ісініп кеткен бір адам келеді. Әкем үйде жоқ кезі екен, апам қорқақтап жақындағы бергенде әлгі кісі: «Женеше, мен Інкәрбекпін фой», – дегенге тілі әрен қеліп, құлап түседі. Бассалып жылап-еніреп жатқанда әкем де үйге келіп қалады. Інкәрбек әкемнің әкесі Әзіrbайдың інісінің баласы, апамның қайнысы. Інкәрбекті жуындырып, киіндіріп, тамақтандырып дегендей неше күн бағады. Есін жиып, өз-өзіне келген соң бір-ак білдік. Аштан қырылатын болған соң, Інкәрбек әйелі мен балаларын ертіп, өлсек өлеміз, өлмесек балаларды Кенен ағаға тапсырайық деп (әкемнің Қырғызстанға кеткенін білетін тек осы Інкәрбек екен), Тоқпак қаласына жаяу шығады. Жолда әйелі өледі. Жылап-сықтап, адам төзбеске төзіп, адам жеместі жеп, күндердің күнінде Тоқпакқа жетеді. Осы қалада қаңғып жүріп балалардан адасады. Оларды іздеуге де хәлі жоқ Інкәрбек сұрай-сұрай жеткені осы болыпты. Әкем естісімен-ақ балаларды іздеپ бүткіл Тоқпак қаласына сұрау салады. Бармаған жері қалмайды. «Көшеде қаңғып қалған балаларды жиып, сол жердегі жетімдер үйіне тапсырады екен» дегенді естіп, сұрастыра-сұрастыра оны да табады. Алғашында балалар өз



әкелерінің аты-жөнімен тізімде жоқ болып шығады. Осылар ауылда жүргенде Кененнің балаларымыз деуші еді деп тізімді қайта қараса **Кененов Жапарбек, Кененова Нұртай** болып жазылған екі бала табыла кетеді. Куанышында шек жоқ, әкем екі баланы шақыртып, аман-есен қауышады. Сол кезде Жапарбектің он жастағы кезі екен: «Әке, мен Сіздің бізді ізден келетініңізді білдім, сондықтан да Кененов деп жазылдым, Нұртайды да солай жазғыздым», – депті ол. «Ақылынан айналайын сенін, екеуінді ешкімге бермеймін, өзімнің балаларымсындар. Ал енді сендер осы жерде тұра беріндер, окуларынды жақсы оқындар, өзім келіп тұрамын», – деп кетіпті. Екі баланы тапқандығын айтып, мәре-сәре болып жатқанда басын изеп, құлімдеп қарағанымен, Інқәрбек аға нашарлай беріпті. Балаларын әкеме тапсырып жатып, жүріп кетіпті.

Сол жылы апам қызы туады. Атын қөрші-қоландары «біздің елде жүргенде туған қыздың атын **Қырғызбала қоялық**», – деседі. Қырғызбала да небәрі жеті айдай ғана тұрып, ол да өлеңді. Атам мен апам өбден қалжырайды, тамақтары ток, көйлектері бүтін болғандарымен елді, жерді сағынады. Әкемнің әйгілі:

*Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл,
Каңғыртқан екеумізді тұрмыс құрғыр.
Сагының ел-жүртүмды жүргенімде,
Жұбатып ертелі-кеш сайра да тұр.
Алатай аңсадым-ау самал лебін,
Кордайдың көкседім-ау коңыр жесін,*

– деп басталатын «Бұлбұлға» деген әні де осы жылдардағы туындысы. 1934 жылы қырғыз ағайындарына алғыстарын айттып елге көшеді. Қайтарда атам балалар үйіндегі Нұртай мен Жапарбекке барып, көшетін болғандықтарын айттып, барып орналасқан соң жазғы демалыстары жақындағанда келіп алышп кететіндігін айтады. Отар станциясына көшіп келіп, әкем темір жолдың көшпелі театрына жұмысқа орналасады. Сол жылы астық мол шығып, ел ептең көтеріле бастайды. Осы жылдың



аяғына ала апам **Сагатбек** деген ұл туады. Бірақ ол да ұзақ тұрмай дүние салады. Қу тіршілікпен айналып жүріп атам Тоқпақ қаласындағы күтіп жатқан балаларға бару мерзімін біраз созып алады. Бір күні атамды күте-күте сарғайған Кененов Жапарбек балалар үйінен қашып шығып, пойыздандып ойызыға жасырынып мініп, Отарға жетеді де, ойда-жокта үйге кіріп келеді. Көп кешікпей атам мен Жапарбек барып Нұртайды алып қайтады. Сөйтіп, атам мен апамның Ұлтайына Жапарбек пен Нұртай қосылып, үш балалы шанырақ болып шыға келеді. 1941 жылы соғыс басталғанда Жапарбек 10-сыныпты жаңа ғана бітірген өрімдей жас екен. Өзі ұзын бойлы, акқұбаша, көрікті жігіт болып өсіпті. Жасынан еті тірі, өткір Жапарбек «Осы соғыста ен құрығанда он фашисті өлтірмеген жігіт жігіт пе?» деп жүреді екен. Бір күні атам үйде жокта жасы толмағанына қарамай майданға өзі сұранып кетіпти:

*Артыңан Қөркем туган шошақ басым,
 Тілеуші ем аман қыл деп ошақ басын.
 Шығарып сап Қыдырбекті кеткенімде,
 Қалдыым-ау бір сүйе алмай тағдырмашым.
 Тетелес Қөркем туган майқұйрығым,
 Аузыңа асатушы ем қой құйрығын.
 Жауды жеңіп жарқырап аман келгін,
 Қалдыым-ау қоштаса алмай жас сүйрігім,*

— деген өлеңі Жапарбекіне арналған. Жапарбек сол кеткеннен мол кетті, не суреті де сақталмапты. Жапарбекті еске түсірер жалғыз ескерткіш осы ән мен екі шумақ Кененнің өлеңі ғана. Ал Нұртай тәтем ұлды-қызды, немерелі-шөберелі бақытты әже болды, қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданы, белгілі халық ақыны Есдөulet Қандековтің ауылы Ақтеректе ұзақ жылдар тұрып, ол да дүниеден өтті. Қазір Ақтеректе Нұртай-дың ұлы Қамысбек тұрады.

Кенен әулетіне 1936 жыл ерекше қуаныш сыйлапты. Сол жылды атам Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің



онқұндығіне қатысу бақытына ие болса, отбасына дүниеге мен келіппін. Ендігі мәселе мені қайткенде де алдыңғы балалардай өлтіріп алмау, ұзак өмір сүргізу болса керек. Бұл арада аманың анасы – Мысбала мен ауыл әйелдерінің, көрші-қоландардың іс-әрекеттері менің өлмей тірі калуымның бірден-бір себебі сияқты. Шыр етіп жерге түскеннен кіндігімді ер балаға балтамен кестіріп, балтадай мықты болуымды тілепті. Оナン соң 70-80-90-нан асқан төрт кемпірдің және бір шалдың бұтының арасынан өткізіп алышты да, атымды «**Төрт кемпір бір шал**» /Төрткен/ қойып, құлағыма үш рет айғайлапты. Содан мені бір кап тезекке біреуден сатып алыш, тымаққа салып іліп қойыпты. Жақсылап шілдехана жасаған. Сөйтіп, әйтеуір, ауырсам да сырқасам да айналадағылардың ес-түсінен түк қалмай жүріп, өлмей мектеп жасына толыппын. Мен екі жасқа келгенде апамның аяғы ауырлап, енді мен толық әжем мен атамың тәрбиесіне көшіппін. **Кененова Төрт кемпір бір шал** болып мектепке де бардым. Аты-жөнімді қағаз бетіне сыйғызудың өзі бір күлкілі. Қалай сабаққа жауап беруге такта алдына шығамын, солай мұғалімдерім де, окушы құрбыларым да құле бастайды. Алғашкы жылдары оған көп көніл бөлмейтінмін, кейіннен ыңғайсызданатын болдым. Алтыншы сыныпта оқып жүрген жылдың мамыр айында «Ата, осы менің атымды өзгертпесеніз болмас, мектепте бәрі қүледі. Балалардың көпшілігі комсомолға өтіп жатыр, мен де өтемін десем, сынып жетекшім: «Сенің қай жылы туғанынды да білмейміз, құжаттарың да жок, 7-ші бітірген соң не калаға, не аудан орталығына барып оқуға тура келеді, сонда да өстіп Төрт кемпір бір шал болып жүресің бе?», – дейді. Ата, менің атымды тездетіп өзгерші, комсомолға өтейін», – дедім. Ол кісі ойланып қалды. Келесі күні менімен бірге мектепке келіп мұғалімдеріммен сойлесіп кетті. Біраз күндерден кейін мектептің барлық окушылары мен мұғалімдері жиналып атаммен кездесу өткізді. Атам балаларға арнап сөз сөйледі, өлең айтты:



*Балаларым, балдырганым,
Сүйсем мейір қандырганым,
Алсам қолды талдырганым,
Балалар!
Білім таппай білгіш болма,
Қыдырымпаз жүргіш болма,
Көрінгенге күлгіш болма,
Балалар!
Қорқақтығың қоян болма,
Жагымпазшы аяр болма.
Ас піскенде даяр болма,
Балалар!
Көзін қысқан мысық болма,
Берекесіз шымшиқ болма.
Еңбекші елге қырсық болма
Балалар!
Өтірікші бөсер болма!
Куыс кеуде есер болма,
Ата-анага кесел болма,
Балалар!*

— деп біраз толғап-толғап жіберді. Одан соң озат оқушыларға мақтау грамоталар тапсырылды. Ішінде мен де бар екенмін. Кененова Төрт кемпір бір шал дегенде бәрі ду күлді. Қызырың-қырап барып грамотамды алдым. Төрт кемпір бір шалдың өлең айтып беруін сұраймыз деп шуылдады. Мен атамның өзіме бірінші сыныпқа окуға барғанда шығарған:

*Біз Отанның бақытты жастарымыз,
Алтын алқа ай мен күн аспанымыз.
Ойлан жүріп, билей жүріп оқимыз!
Күліп жүріп, билей жүріп оқимыз,*

— деген «Мектеп балалары» өнін орындал бердім. Ән аяқталысымен атам тағы да ортаға шығып: «Мен біраздан бері



қызымының есімін өзгерту керек шығар деп ойлап жүрмін. Әлі туу туралы қуәлік те алғаным жоқ. «Аузы күйген үріп ішеді» дегендей, балаларымыз тұрмай өле берген соң ырым қылып қариялардың істегені ғой. Төрткемпірдің «төртін» қалдырып, өз атым Кененнің «кен» буынын қосып, Төрткен десек қалай болар еken?» – дегені. Барлығы да: «Керемет жақсы ат болды, Кенеке, құтты болсын! Төрткенің бақытты болсын! – деп атам екеумізді құттықтады. Міне, осы күннен бастап мен Кененова Төрткен болдым. Туу туралы қуәлікті де солай деп алдық.

Осы менің естігендे күлкі тудыратын Төрт кемпір бір шал – Төрткен деген есімімнің тарихы теренде екен. Ол туралы өзім үзбей, сүйіп оқитын «Жас Алаш» газетінің бір санында /22 қантар, 2002 жылғы/ академик, ғалым бауырымыз Аскар Жұмаділдаев былай депті: «Математика – көп ғылымның бірі ғана. Эмоция жағына келгенде, ақындарымыз оған жетпейді. Триесте жүргенде қатарынан төрт жұмыс жаздым. Мұндай шабыт менде ешқашан болған емес. Екі алгебра талтым. Біреуінің атын Төрткен деп қойдым, біреуінің аты – Әлия. Төрткен деп атауымның себебі алгебраның төртінші дәрежелі теңдеу мені қанағаттандырады. Әріптерім «алгебра Со» немесе «алгебра йог» – деп кой деді. Тіпті болмаса «Аскар» деп атынды қой», – дейді. Бірақ мен келіспедім. Бұл Кенен Әзірбаевтың қызының аты. «Төрт кемпір, бір шал» деген сөзден туған. Абстракция ғой. Кенен ақын болып кетпегендеге, ол міндетті түрде математик болар еді. Шетелдіктерге осы Төрткен дегенді мүшелеп, талдаپ, бұтарлап тұрып аударып берсен де түсінбейді бәрібір. Өйткені, Төрткен деген сөз казакы жүрекпен, қазақтың жанымен ғана қабылданады. Жазған енбегіме осы атты қойғанда, әсерленіп, қиялданып, неше күн үйіктай алмадым. Ал «Әлия» деп қою себебім, Anti-lie-Admissabl Algebras. Бастапқы әріптерін алып қысқаша Әлия деп атадым. Әлия деген қызым да бар. Бірақ алгебраның қызыма қатысы жоқ. Осыдан соң маған Төрт кемпір бір шал – Төрткен деп есім берген әкем Кененге де, оның маңызын математика тілімен бағалай білген Аскар ініме де шексіз ризамын.



КЕНЕН НЕГЕ «ХАЛЫҚ ЖАУЫ» АТАНДЫ?

Анам бірде маган: «Әкем екеуіміздің, алпыс жыл бойы айтылмай құпия болып келе жатқан бір қасіретті жағдайымызды көзімнің тірісінде саған айтып кетейінші», — деді де, біраз ойланып отырып сөз бастады:

— 1937 жылдың қысы еді. Жамбыл бастаған бір топ кіслер ішінде Кенен мен Мұхамеджан Қаратаяев барын анық білемін Тбилисиде өтетін Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр!» деген шығармасының 750 жылдық тойына шакырылып, сонда кеткен. Ол кезде біз Иірсу колхозында тұратынбыз. Бір күні тұнде колхоздың бастығы Сансызбай мен партия үйімінің хатшысы Сәрсебек келді. Екеуі де аталас туыстарымыз. Өндөрінде бір үрей бар сиякты, есік-терезені мұқият жауып қойды.

— Нәсиха, кеше ауданнан екі адам келіп, бізден Кенен ағаны сұрады. Кенен Ораз Жандосовтың кімі? Оразға арнап өлең де, ән де шығарыпты, рас па? Ал Ораз Жандосов болса, қазір қамауда, «халық жауы» болып шықты. Сендер осы жеңінде не білесіндер? Айтындар, — деп есімізді шығарды. Біз шошып кеттік. Қайтіп өтірік айтамыз. Кенекемнің Оразға арнап «Оразжан» деген өлеңінің бар екендігі рас дедік. «Жазып беріндер», — деді. Жаздық. «Әй, қайдам, Кенен ағаның келгенін күтіп жүрген сиякты. Сақ болындар. Біздің келгенімізді ешкімге айтпа», — деп ескертті, өздері жыларман болып қатты киналды. Ішіме қорқу түсіп, мазам кете бастады.

— Айтқандарындей-ак, жолдан келген күні түнінде өрімдей екі жас жігіт Кененді алды да кетті. Үйдің ішін актарып, тінтіп, алуға жарап ешнэрсе таппады. Тек жазу үстелінің тартпасында жатқан бір топ өлеңдерін алып кетті. Анырап жылап мен қалдым. Өзім окымағанымен, хат танымаймын, Төрткенім бір жастан жаңа асқан, не істерімді, не қыларымды, қайда бара-рымды, кімге жалынарымды білмеймін. Үйге де бұрынғыдай ешкім келмейтін болды. «Халық жауының балаларын мектепте



оқытпаймыз деп бізді кіргізбей қойды», – деп бір күні Ұлтай мен Нұртай, Жапарбекім жылап келді. «Аузым ақта тигенде, мұрным канады» дегендей, сұмдық-ай, «халық жауы» деген не еді тағы? – деп менімен бірге күйіп-пісіп жүрген анам Мысбалағана. Ойлап-ойлап, балаларды шешеме тастап, Төрткенімді көтеріп Алматыға келдім. Білетінім – Жазушылар одағының үйі ғана, сонда келіп, біреуден бастығының қайда екенін сұрадым. «Женгей, мына бөлмеге кіріңіз, бастық сонда», – деді. Онда мені жас жігіт қарсы алды. Аты-жөні өзім Кененнен естіген Мұхамеджан Қаратасев екен. Жөн сұрады. Жайымды білгеннен кейін: «Женгей, ешкімге көрінбей-ак, жағдайынызды айтып жалынбай-ақ, ауылыңызға қайтыңыз. Қазір біреудің біреуге көрсетер көмегі шамалы. Қолымнан келгенше жоғарыға жазып көрейін», – деді.

Сонымен, жылай-жылай, азып-тозып ауыльма әрен жеттім. Бәрінен күдер үзіп, әйтеуір, өлмес тірлік етіп жүре бердік. «Халық жауының әйелі, балалары» дегенге де үйренеді екен адам. Балалар үшін тірлік еттім, соларды сақтап қалуға тырыстым, құлағымнан Кененнің: «Балаларға ие бол, шыда», – деген үні кетпей қойды. Түнде: «Кенен-ая, қайдасың? Өлімісің, әлде тірімісің? Аңсап жеткен жана заманын сені «халық жауы» десе, оның сонда досы кім болғаны?» деп егілемін. Жүдедім, аздым, тоздым, арада бір жылға жуық уақыт өтті. Бір күні балала-рыммен ертенгі шәйімді ішіп отыр едім: «Женеше, сүйінші, Кенен аға келе жатыр, ақталыпты!», – деген мұғалім болып істейтін Сейілхан қайнымның дауысы естілді. Өзі ат үстінде тұр. Балалар атып тұрып, далаға қарай жүгіре жөнелді. Маған қараған кісі жок. Басым айналып, құлағым шынылдан, орныман тұра алмаймын. Есім ауып, біраз отырдым. Әрен дегенде үйықтап жатқан Төрткенді оятып, жетектеп далаға шықтым. Сендерге отірік, маған шын, ауылымыздың енбектеген жасынан, еңкейген көрісіне дейін үлкен қара жолға қарай жүгіріп барады. Менен басқа жан баласы қалмаған. Алға басқан аяғым артқа кеткен секілді. Елдің ең артында баламды жетектеп, ілбіп келемін. Кенен Алматыдан атпен келді. Ұлтай, Нұртай, Жапарбек әкелерімен көрісіп, тіпті алды-артына мініп алыпты. Кенен жайлап елмен-жүртпен амандаса-амандаса біз-



ге де жетті-ау. «Нәсиха-ау, сен қайда жүрсің?», — деп қолымдағы Төрткенді алды да, мойнының астына тұмсығын тығып, ал кеп жыла. Егілменең ел жоқ. Өзі өбден жұдеген, тістері түскен, көзі шұнірейіп, құр сұлдері қалған. Шіркін, көніл-ай! Қөрген қындығымыз бір күнгідей болмай қалды. Кеше ғана жоламай кеткен ағайын-туғандар, абысын-ажындар, көрші-қоландарым келіп мал сойып, құдайы тамақ беріп жетістік те қалдық. Тіпті, түк болмағандай, тынығып біраз ес жинағандай болдық.

— «Кенен-ау сені алып кеткен соң, Мұхамеджан Қаратасев деген кісіге барып, жағдайдың бәрін айттым. Ол кісі қомегімді аямаспын, жоғарыға жазамын» деген еді. Қемектесе алды ма,— деймін, қалай құтылып шықканын білгім келіп. Ол акырын ғана сыйырлап: «Кімнің қомегінің тиғенін, қайдан келген құдірет екенін анық білмеймін, әйтеуір, әзірге боспын. Қайта алып кетуі де мүмкін. Басқа пәле тілден деген емес пе, Нәсиха, еш адамға бұл туралы сыр ашпауымыз керек. Ақталып келді де кой. Басқа салғанды көреміз», — дейтін. «Не қылды, қалай болды, қалай босанып шықтың, неге қайта алып кетуі мүмкін дейсін?», — деп көп сұрақты жаудырамын сыйырлап оңашада. Сондағы айтқаны: «Үйден алып кеткен соң аудан орталығы Красногорге апарып қамады. Төрт-бес күннен соң Алматыға алып кетті. Онда бір адамдармен бірге жаттым. Бір-бірімізben сөйлесуге тыйым салады. Қобісі көзі ашық, оқыған, саясатты жақсы түсінетіндер. Сырттан кімге тамақ келсе, бәріміз боліп жейміз. Құніне төрт-бес адамнан, кейде екі-үш адамнан шақырып жауап алады, қинайды, өлімші қылып сабап, сүйретіп әкеліп итеріп тастайды. Жабылып су беріп, бар киімдерімізді үстеріне жауып, жарапанған жерлерін таңып, шама-шарқымыз келгенше қомек береміз. Кейбір жарымжан аурулар түрме ішінде-ақ өліп кетіп жатты. Бірнешеуінің аты-жөндерін айтып еді, ұмытыпсын. Әбден титығына жетіп, адамды құйдіріп-жандыратындары жаман. Ал енді өтірік жала жабудан ішін кебеді. Менен сұрағандары: «Сен Ораз Жандосовтың досы, туысы екенсін. Оған арнап өлең де шығарыпсын. Не істе десе соны істепсін. Сонда сен кімсің? Халық жауысың. Рас қой? Онда осының бәрі рас деп қол қой», — дейді. Күнде сұрайтыны



осы. Мойның алмасаң ұрады, соғады, көрмегенді көрсетеді. Қане, иманыңды үйіре бер, қазір атыласын, — деп те мұлтықты саған қарай көздей бастайды. Ішімнен иманымды айтып, жарық дүниемен талай қоштастым. Келесі күні тағы да осы. Бір жақсысы қалай қинаса да мен мойныма ешнәрсөн алмай қойдым, қолымды да еш жерге қоймай қойдым».

— Ораз Жандосов нағыз кедейдің баласы, Кеңес өкіметін құрысқан, сол үшін аянбай құрескен адап большевик. Оған арнаған өлеңім де, әнім де бар екендігі рас. Өкімет пен партия кімді мақтаса, ақын соны жырлайды. Мен Қазан революциясын, оны құрған В.И.Ленинді де, адап құрескерлер Токаш Бокин, Жұбаныш Бөрібаев, Масанчилерді де әнге қосып жырлаған ақынмын. Сол үшін кінәлімін бе? Кінәм нә? Күні кеше ғана Жамбыл, Сәкен, Құләштармен бірге Мәскеуде болып, И.В.Сталиннің қабылдауында болып, онда өзімнің «Жана зан» деген әнімді шырқаған ақын емес пе едім? Енді «халық жауы» деген ат қойып, айдар тағыпсындар. Қайда Кеңес өкіметі, қайда Сталин? — деп зарлаймын.

— Тарт тілінді! Тілінді кесіп таставтын адам екенсін өзін, тақылдауын қараши! Тақылдатамын мен сені! Айтып тұрғанының бәрі шылғи өтірік, — деп күйіндіреді-ау иттер!

Бір күні: «Кәне, Оразға шығарған әнінді айт, бәріміз де тындағық. Бәлкім, бұл сенің соңғы рет үн шығаруын болар», — деді. Жүрегім су ете қалды, бірақ тез есімді жинап алдым да: «Болса болсын! Бұл қорлықтан гөрі өлтіріп тастағандарың артық. Ал тындандар, менің соңғы үнімді», — дедім де, бар күшімді сала:

*Оразжан, серкесі едің Жетісудың,
 Жасыңан талаптанаң оқу қудың.
 Ер ағаң алдыңдағы Тоқаш өліп,
 Екеуің Жұбанышпен егіз тудың.
 Кош, аман бол, Оразжан,*

— деп шырқырап қоя бергенім сол еді: «Қыскарт тілінді, өшір үнінді! Көрсетейін мен саған Оразды, Оразшылын мұнын», — деп, айғайлап, жын соққандай қалшылдап кетті. Жендеттеріне



ым қакқаны сол-ақ екен, бас салып мені тепкіледі-ау келіп, мылтықтың дүмімен ұрып, тісімді сындырғанын білемін. Ар жағын білмеймін, ес жия алмай көп жатыппын. Келесі күні тағы тергеу: «Сен байдың тұқымы екенсін ғой, шынынды айт, жаңындың барында», – деді. Күйіп кеттім. «Көкшолақпен тепендереп кой сонында қанғып өскен мен сорлы қашаннан бері байдың баласы бола қалған екенмін?», – деп, түкіріп кеп жібे-ріппін. Тағы да ұзыннын түсірді. Әбден шаршадым. Ендігі жерде ызакорлықтан тілім байланып қалатын халге жеттім. Сөйлемейтін де, ешқандай сұраққа да жауап бермейтін болып алдым, құдды кеңкелес сияқты менірейген қалыпқа түстім. «Ұра берсе, құдай да өледі!» дегендей, ұру мен соғуға адамның еті үйреніп кете ме деп қалдым. Әйтеуір, еш қағазға қол қойманымды анық білемін. Мен олардан, олар менен шаршағандай болдық па, бірнеше күндей шақырылмадым, сұралмадым, құдды мені ұмытып кеткендей. «Мұнысы несі екен, әлде түк шықпайтынын білген соң атуға даярлап жатыр ма екен» деп түрлі ойлардың шырмауында жата бердім. Күніне бірнеше адамды шақырады, кейбірін өлімші етіп әкеп тастайды, көбісі қайтпайды. Атылғанын іштей сеземіз. Сондағы бір таңқалғаным, Нәсиха, бізді айдал та, сұрап та, ұрып та жүргендердің басым көпшілігі өзіміздің қазақтың жігіттері. Кейбірінің бетіне тік қарасан, шыдай алмай тайқып кетеді. Сондай күндердің бірінде бір орыстың аты-жөнін (аты-жөнін Кенен айтып-ақ еді, ұмытыппын) атап, одан соң «Әзірбаев Кенен, шығындар!» деген қатаң дауыс естілді. Орнынан атып тұрып қасымдағыларға: «Енді мен қайтпайтын шығармын, кош болындар!», – деппін. Олар да қоштасып жатыр. Біреу: «Кенеке, атуға шақырғандарында қолдарындағы қағаздары көк түсті болушы еді, бүгінгі қағаздарының түсі қызыл екен, мүмкін босататын шығар», – дейді. «Қайдағы босату», – дедім де шығып кеттім. Қаранғыдан жарыққа шыққанда көзім біраз үйрене алмай тұрып қалдым. Күн ыстық, шаңқай түстің мезгілі. Қыбыр еткен жан жоқ, айнала тым-тырыс. «Бас аяғынды, былай тұр, былай жүр», – деп акырып тұрған да ешкім жоқ.



Тек менімен шыққан орыс қана сонау жерде безіп барады еken. Өзі қашып бара жатып, артына қарап, маған бірдеме дейді. Есім ауып өлі тұрмын. Айналамда ешкім жоқ. Бір кездे мен де тұра қаштым. Қайда бара жатқанымды да білмеймін. Әйтеуір, бір қалың ағаштың арасына тығызып, кештін батуын күттім. Ойыма Құсайынның үйі тұсті. Ол Алматыда тұратын жалғыз туысым еді. Сонда тарттым. Құсайын мені көргенде шошып кетті. Дереу ешкімге көрсетпей тығызып үлгерді. Моншаға тұсіріп, киімімді ауыстырып үш күн бағып-қақты да, астыма ат тауып беріп шығарып салды. Тұнделетіп жүріп отырып, әйтеуір, жеттім-ау ауылға. Сонымен, мен осы күнге дейін түсінбейтінім, занды түрде босатты, ма, жок өлде біреу қашырып жіберді ме, білмеймін, — деп басынан өткен жағдайды түгел айтып берді. Кененнің әнгімесін мен егіліп отырып тыңдадым. «Көрер күнің бар еken, Кенен. «Аққа құдай жақ» деген ғой. Кімнен, қайдан келген құдірет болса да сансыз алғыс деп, екеуміз тағы да бұл туралы жақ ашпаска серттестік. Ақылдаса келе, бұл жақсылық неде болса Мұхамеджан Қаратаевтан шығар деп үйғардық. Кейіннен (1960 жылы) Кененнің «Достарым» деген өлеңінде Аянбай, Еркебай, Мәсімхан, Ораз, Иван Шпагельский, Борис Ерзакович, Сәбит Мұқановтармен қатар:

*Сегізінші Қаратаев достың бірі,
Кетеді шындықты айтса көңіл кірі.
Киындық көргенімде жәрдем берген,
Себепкер жүргеніме елде тірі,*

— дегені осы оқиғаға байланысты еді. Міне, қарағым, әкен әкеуміз жарты ғасырдан астам сақтаған құпия-сырымыз, — деп сөзін аяқтаған еді анам Нәсиха. Шүкір, ата-анамның бұдан кейінгі өмірлері бірқалыпты, жақсы жағдайда өткен еken.



ЖАН БАУЫРЫМ

«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсін» дегендей, нелер бір қызықты оқиғалар менің артымнан ілесе дүниеге келген (1939 ж.) ұл бала – **Көркемжан** туғанда болған еken. Ұл кезде әкем елудің белесінен асқан еді. Атағы ел арасында кеңінен тараптан кезі. Балалары тұрмай жүрген Кененге ақыл айтып, ес беріп әрдайым қуанышына да, қайғысына да ортақ болып жүретін Жамбыл бабамыз осы жолы да біздің үйге арнайы келіп құтты болсын айтып, баласының атын койып, үш күн бойы ел-жүртты өнерімен тамсандырғанын көрген адамдар әлі де баршылық. Сол жолы Жамбыл атаниң:

*Кененім, келіп қалдым қуанған соң
Түйгіның үйрек-қазбен қу алған соң.
Келінжсан, бата берем, қолыңды жай,
Құдайдан өлгеніңе құн алған соң,
Құтты болсын Коркемің,
Осе берсін өркенің!
Кененнен тұды дейтіндей,
Ұлы болсын өлкенің.
Жігіт болып жеткеніше,
Бетін қақпа еркенің.
Өзі болсын өскенде,
Кой бастайтын серкенің.
Ғашық етсін қыздарын,
Кордай, Шу мен Меркенің...*

— деп ұзак жырлаған еken. Ол туралы әкемнің өзі де:

*Сен туып ең Жамбылдың батасынан,
Суырып әпергендей қалтасынан.
Мұңдар қу бас атасын жүргенімде,
Сені берген айналдым, Қордайымның жотасынан,
Көркемжан...*

— деп жырлап, қуаныштарында шек болмады. Қысқасы,



Көркем туғандағы шілдехана тойы, тілашар тойы, тұсаукесер, сұндетке отырғаны, атқа мінгені, оқығаны бәрі-бәрі тойланған берді. Той-тойға ұласып, қуаныш қуанышқа жалғасады. Көркемнің тез ержетуін, оның үйленіп Кененге немере, шөбере сүйгізуін тілемеген адам қалмапты. Көркем де көптің көнілінен шығуға тырысып баққан көрінеді. Мектепті аяқтап, жоғары білімді сырттай оқып-ак алатынын, үйленуге карсы еместігін айтады. Мұны білген біздің үйдің адамдарынан маза кетті. Қай ауылда жақсы қызы бар деп естісек, соны барып көріп, бірін мақтап, бірін коштап дегендей, әлекке түстік те кеттік. Сөйтіп жүргенде Алматыдан Көркем өзі сүйген қызы Динаны алғып келді. Әдемі-ак екен, екі беті топ-томпақ алмадай, кірпіктері ұзын, көздері жайнап тұр. Аяқ-қолдарының тырнақтары алқызылы тұрмен боялған, шашы бұйра, үстіндегі тізеден сәл ғана төмен қара юбка, ак кофта. Аяғында өкшесінің биіктігі бір қарыстай ак басоножка. Ең киыны ана тілін түсінгенімен, жөнді сөйлей алмайтыны болды. Қалалы жерде бұл аса көзге түсе коймағанымен, орысы да қазақша сөйлейтін біздің ауылға Динаның бұл келісі көзге түрлідей тиді десем, асыра айтқаным емес. Ел ішінде: «Япырай, Кенен сорлының картайғанда көрген келінінің түрін-ай, бұл кайтіп мынадай атакты үйге келін болып, жетістіреп дейсін» деушілер көбейді. Құбір-құбір, сыбыр-сыбыр ауылдың ендігі жердегі әнгімесі де, андитындары да Дина болды. Әкем мен шешем өз қолдарын өздері кессін бе? «Не көрмеген бас дейсін, мұны да көрелік. Құдайдан тілегеніміз осы емес пе еді? Бұл да біреудің әлпештеген баласы ғой», – деп бір-біріне ес беріп, шүкіршілік етті. Ел-жүртты шақырып ұлken той жасады. Келіннің бетін ашарда атам беташар ырымын бергізіп, екі баласын катар тұрғызып қойып, келіннің бетін өзі ашты. Ақылын, өсіетін айтты, осы күнді ұзақ күткендерін есіне алды. Сондағы:

*Күттү болсын келінім аяғыңан,
 Осы еді гой күткенім баяғыдан.
 Мал-мұлқиңе ие бол арнап жисиган,
 Өсекшилдің сақ болғын саяғынан.*



Баласы Көркемжан мен келіні Дина

*Құтты болсын келгенің, Дина келін,
Өзіңе арнап дүние жинап едім.
«Базар-Назар» ән салып жылай-жылай,
Талаі-талаі жанымды қинап едім.*

*Халқым тілен әперген Көркем едің,
Көк желкеме мінгізген еркем едің.
Алғаның мен қоса агар, бірге қартай,
Елу беске келгенде көрген едім.*

*Келін келді дегенде қуанганым,
Қуанғаннан орнынан тұра алмадым.
Дүйім елді шақырып той жасадым,
Қуаныш қып бастарың құралғанын.*

*Кейбір жастар бұл күнде құлқі бол жүр,
Бірін-бірі алдайтын тұлқі бол жүр.
Ғашық болып қосылып, ертеңгі күн,
Кеңселерге сүйресіп құлқі бол жүр.*



*Tay текедей тау тасқа аттап кетпе,
Кір жастықты басыма жастап кетпе.
Колхозында театр, кино жоқ деп,
Баламды ертіп қалага бастап кетпе.*

Қайырмасы:

*Куанышым, қайрат күшім, Көркемжсан,
Куанышым, жігер күшім, келіңжсан,*

— деген ұзақ толғауы бұл күнде халық арасына кеңінен таралуда. Сөйтіп, Көркемжаннан әкем бес немере сүйіп кетті. Дина апамның тәрбиесіне көне білді. Бірде бұлдірсе, бірде күлдірді. Сөите-сөйте, ана тілін үйреніп алды. Ауыл тірлігіне біртіндеп қалыптаса бастады. Басынан орамалын тастамайтын бесасспап келін болды. Әжелікке де жетті.

Жасыратыны жоқ, әкем үшін балаларының ішінде Көркемжаны бір тәбе де, қалғанымыз бір тәбе едік. Көркем көзінен таса болса, катты мазасызданатын. Әсіресе, 1961-1964 жылдары Көркемжан әскерге шақырылып, Отан алдындағы міндеттін абыраймен атқарып келді. Әскерге кеткенде ол үйленген, бір балалы еді. Мен түрмис құрып кеттім, Бақытжан — студент, Ақтамақ пен Ақбілек тым жас. Барлық ауыртпалықтар 80-нен асқан әжеміз, қарт анамыз бер әкемізге түсken еді. 1964 жылы Көркемжан әскерден келгенде:

*Көркем келді, Көркем келді!
Отан шегін күзетіп.
Еркелетіп жүрген шақта,
Ілеziмде ер жетіп.
Армияга аттанып еди,
Ата-ананы жүдеміп.
Жас жеткенде, күш кеткенде,
Болама деп, кем-кетік.
Күндер өтіп, түндер өтіп,
Шыдай бердік кунелтіп.
Ай аяңдан, жылдар жылжып,*



*Ел-жүртүмдө қуат қып.
Отанына адап еңбек,
Көркемжаным қылды деп.
Тәртіпті қып өсіріңсіз,
Кенен ата ұлды – деп.
Бастығынан алғыс алдым,
Үйде отырып уш рет.*

*Тұғырына бір жас құсты,
Кондырды да түлеметін.
Балапаны қанаттанбай,
Қала берген ызы етін.
Келиші, Көркем, шолжсан өркем,
Бір сүйейін тербетін,*

– деп тебірене толқып, қуанышында шек болмағандығы бүгінгідей есімде.

Сол өкенің 55 жасқа келгенде көрген Көркемжанының өзі де дәл 55 жасында сырқаттан соң, мәңгілікке көз жұмды. Мезгілсіз келген сүм ажал, өсіресе, 90-ға келіп қалған анамыз Нәсихаға өте ауыр тиді.

Көркемжанның бүкіл саналы өмірі өке-шешесінің қасында өтті. Сол кісілердің дегенінен шықпаған, қас-қабағына қарап, бағып-қаққан әкемізді, әжеміз Мысбаланы арулап өз қолымен аттандырған сүйікті ұлы еді. Кейін де өке мұражайының алғашқы кірпіші қаланған күннен өмірінің сонына дейін мұражай директоры болып жүріп, оның көркеюіне көптеген жұмыстар атқарған, қыруар шаруалар тындырған. Әке мұражайының шырақшысы да, кара орман иесі де өзі болды. Дүниеміз түгел, жанымыз тыныш алансыз жүргенімізде Көркемжанның арқасында екендігі уақыт өткен сайын сезілуде. Ол керемет әнші, сымбатты мінезге бай, арманшыл еді. Бергенінен берері көп, қайран бауырым, арманда кетті.

Tірі болсаң биыл әкеміз Кенен Әзірбаевтың 125 жылдық мерейтойымен коса, сенің 70 жасқа толған мерейтойынды да бірге тойламас па едік, аяулы бауырым. Амал қанша!



Өз басым Көркемді еске алған сайын ұntаспаға жазып алған ақын Тұманбай Молдағалиевтың «Бауырды сағыну» деген өлеңін өнші Нұрлан Өнербаевтың орындауында қойып қоямын да, қамығып жылап отырамын.

Соны тағы да бір рет тындал, Көркемжан жайындағы таусылмас ойымды тәмамдайын.

*Алыста аяулы қалды ауылың,
Аңсаумен күтеді ол да ұлын.
Қалдық-ау қапыда қоштаса алмай,
Мен сени сағындым, жсан бауырым!*

Қайырмасы:

*Бір жүрген күндерді ұмыта алмай
Біржола өшті гой үміт-арман.
Елендеп жүремін ертелі-кеш,
Кездесіп қалардай өзің алдан.
Бауырым, жан едің жаңып туған,
Анаң да айырылды-ау сүйікті ұлдан.
Сен едің сонымнан ере шыққан,
Сен едің Көркемжан киік қуған.*

Қайырмасы:

Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан 1942 жыл еді. А나амның жалғыз бауыры Қыдырбектен көптен бері хат келмей, өжем, женешем, атам, апам, ағайын-туғандар қатты аландал, күдікті ойдан арыла алмай жүрген-ді.

*Қыдырбек, сағындым,
Хат жазбай не қылдың.
Гауһарым жогалдың,
Кешікпей табылғын...*

— деген өкемнің өлеңі осы кезде жазылған. Бір күні Қыдырбек ағадан, қолынан женіл жарақаттанып госпитальда жатқанын, одан жазылып, майданға қайта келгенін хабарлап жазған хат келді. Келесі күні апам босанып қыз туды. Қыдырбектен хат



келген кезде дүниеге келген қыздың атын **Тілграмқұл** қойды. Осы жылдың мамыр айында Қыдырбек Қабылтаевтың Смоленск түбінде шайқаста ерлікпен каза тапкандығы туралы кара қағаз келді. Бұл сұық хабарды қаралы өнімен естіртті:

*Сүр бұлт түсі сұық келді хабар,
Шынымен сөнді ме еken жалғыз панар?
Жолында ұлы Отанның құрбан болты,
Артында тұяқ, қалса не арман болар!
Шіркін, көңіл тынсаныш-ай,
Бірқалыпта тұрсаныш-ай!
Сынаптай сырғақ дүние-ай!*

— деп еніреп жылады дейсін. Апам ауық-ауық талып, өжем Мысбала мен женешем Сақыбала шаштарын жұлып, беттерін тырнақ, күндіз-түні аңырап құр сүлдері қалды. Осы қаралы қайғының үстінде күтімі болмады ма, кім білсін, Тілграмқұл ауырмай-сырқамай-ак қайтыс болды. Қыдырбек ағаның жақсы хабарымен бірге дүниеге келіп, жаман хабармен бірге о дүниеге аттанған атамның осы қызының қайғысы жана-жана есім кіріп, өсіп қалған маған қатты батты. Інгәлап қатты жылаған балаға қарар үлкендер жоқ. Қайта-қайта жаным ашып, жұбатқым келіп, жұбата алмай бірге жылағаным көпке дейін есімнен кетпей, азапқа түстім.

1945 жыл — Женіс жылы. Мен ол кезде 3 сыныптымын. Елжүрттың есі жиылып, енсесі көтеріле бастаған кез.

— Апа, — дедім бір күні, — Сіздің ішіңіз дәу болып кетіпті фой семіргенсіз бе, немене?

— Иә, қызым, мен сендерге жақында өлди туып беремін жұбатасындар ма? — деді апам қасымда отырған Көркем екеуіміздің мандайымыздан кезек-кезек сүйіп.

— Жоқ, апа, менің сабак окуым керек, Көркем жұбатсын, — деймін.

— Мейлі, апа, тусаныз туыңыз, өзім-ак жұбатамын,— дейді Көркем. Апам ішек-сілесі қатып күліп алды да: «Көркемнің ниеті жақсы. Кенен-ау, мына қызың әлден-ак қашып отыр», —



деп әкеме, көршілерге айтып біраз күлісіп жүрді. Дәл сол жылы шілде айында апам ұл туды. Атын Көркемжанға ұқсатып, **Бақытжан** қойды. Артында бала қалмай өмірде арманда кеткен Қыдырбек ағаның аты жойылmas үшін баланың аты-жөнін Қабылтаев Бақытжан Қыдырбекұлы деп жаздырып, әжем мен Сақыпбала жеңешеме берді. Женешем Бақытжанды ермек қылып, Қыдырбек ағаны күтті. Жас емес пе? Құндердің күнінде тұрмыс құрғысы келетінін ашық айтып, рұқсат сұрады. Қалағаның беріп, әкем қыздай қылып шығарып салды. Әжем мен Бақытжанды өз қолына қөшіріп алды. Ал Бақытжан болса әкесін – жезде, шешесін – әпке деп, «Қыдырбектің баласымын, еліміз Мұлкәман-Қонай», – деп жеті атасына дейін тақылдап айтып, бөлініп өсті. Бақытжан сонан кейін Кененнің баласы екендігін тек ҚазМУ-дың 3-курсын тәмамдауға қалғанда мойындауға мәжбүр болды. Бірге жүрген қатар-құрбы, жоражолдастарының: «Сен Кененнің баласы бола тұра, әдейі өскерге бармау үшін, өкіметтің жеңілдіктерін пайдалану үшін бөтен адамның баласы боп жүрсін», – деген алышқашпа сөздері қызба Бақытжанның жан-дүниесіне қатты өсер ете берген соң, ақыры құжаттарын өзгертіп алуға тұра келді. Мұны тек әжемізге білдірмеуге тырыстық. Ал, әжем болса, өле-өлгенше баласына Кененнің үйіне қандай дүниелермен, қанша малмен келгені, олардын қанша болғанын, егер Кенен қонақ келгенде солардың қойын сойғызылатынын азайтса, ендігі қанша болатынын үйретумен өтті. Бақытжан Қыдырбектің баласы болған-дығын ақтады деп есептеймін. Өйткені, ол арнайы жолға шығып, Смоленск түбіндегі бір селоға жерленген әкесінің басына барып, тағзым етіп, топырақ алып қайтты. Баласының жатқан жерінен алынған топыракты иіскең, кеудесіне басып, әлі де өлдіге қимай күтіп жүрген әжемнің сондағы жылағаның тілмен айтып жеткізу қыын. Бұл оқиға кезінде журналист Аққол Отарбаевтың жазуымен мерзімді баспасөзде «Бір уыс топырак» деген атпен жариялаган-ды. Сөйтіп, Бақытжанның да Жазира, Мұхит, Салтанат, Мұхтар атты төрт баласы бар. Балаларының бәрі де қазақ балабакшаларында тәрбиеленіп, қазақ мектеп-



терінде оқыды. Бұл күнде барлығы жоғары білімді қызметкерлер. Қанша қашса да Бақытжанның түрі жездесінен аумайды, мінезі де сол кісі сияқты, өнші, домбырашы, өз жанынан ән де, өлең де шығарады. Халық Бақытжанды: «Бойының сәл аласалығы болмаса, тура Кенекемнің өз көшірмесі ғой», — деседі.

— Соғыстан кейінгі жылдары апам көп ауыратын болды. Қолғабысқа жарап баласы мен болғанымен, қайырымға әлі де жаспын. Ол кезде малға суды тасып береміз. Кешке дейін теміржолдың ар жағында (водокачка дейді) колонкадан су тасимыз. Бір күні апам әр үйге кіріп, жұмыс сұрап жүрген жасы он-он бір шамасындағы қызды көреді. Төрткеніме серік болып, су тасып берсе де қайда деген оймен үйге ертіп келеді. Сұрастырсақ, Шу станциясының балалар үйінен екен. Шешесі, екі інілерімен соғыс кезінде жер аударылып келіпті. Бастапқыда Жамбыл қаласында болыпты, кешікпей аналары қайтыс болып кеткенде, балаларды бір-бірінен еріксіз бөліп балалар үйіне жіберген. «**Атым Хамсият**, Сұлеймен Стальскийдің жақындарымыз», — деді. «Мұны ешуақытта ұмытпа, қызым» деуші еді мамам», — деп жылап жіберді, оған бәріміз де жанымыз ашып кетті. «Онда бұл баланың ұлты Дағыстан деген ел болғаны. Кіп-кішкентай бала Сұлеймен Стальскийді қайдан біледі, бұл оның немересі, не шөбересі, әйтеуір, бір жақыны болар. Қалай болғанда да шыққан жері жақсы, жетім бала екен, асырап алайық», — деді әкем. Мұны бәріміз қоштадық. Хамсият та бір жақсылықтың болғанын сезіп, құліп келіп әкемнің мойнынан құшактай алды, әкем де бетінен сүйіп, тізесіне отырғызды. Апам үстіндегі киімінің бәрін шешіп алып, жуындырып, басқа киімдер тігіп берді. Өзі де сұп-сүйікімді қыз екен, жұтынып шыға келді. Атына тіліміз келмей, еркелетіп жүріп, қызымыз **Айша** атанып кетті. Зерек-ақ, айтқанынды тез ұғып, қазақ тілін үйреніп алды. Бірге жүріп, бірге тұрып, бірге ойнаймыз, бірге жатамыз. Әкем ол қызын тіпті менен де жақсы көріп кеткен сияқты. Бір жаққа барса болды, атының алдына отырғызып алып кететін. Еркелеткені сонша,



Айша: «Әке, бір ақ тоқты қашаған еken, өзі сондай тартыншак, аяғымызды басып бір пәле өзі», – десе, әкем бір кезекте сол қойды сойдыратын. Әкем Айшаны өзі өсіріп, өз қолынан сүйген жігітіне қосты. Қазір Нәмет жездеміз екеуі ұлдарын ұға, қыздарын қияға қондырған бақытты жандар. Әке-шешемізге біздерден гөрі солар жиі қатынасып тұрды. Әкем ауырғанда да, қайтыс болғанда да тік тұрып қызмет етті. Куанышымыза да, қайғымызға да ортақ, тумаса да туғаннан артық аяулы Айшаны біз әр кезде мақтан етеміз, сыйлаймыз, құрметтейміз. Бұл күнде Нәмет пен Айша да арамызда жоқ. Алайда, балаларымен араласып тұрамыз.

– Атамның 65 жасында, апамның өзі 43-ке келіп қалған. 1948 жылы қыз бала дүниеге келді. Атын әкемнің өзі **Ақтамақ** деп қойды. Құндақтағы Ақтамақты көтеріп жүріп әкеме: «Әке, қызыңыздың атын Ақтамақ дегенінізге қарағанда аппақ болсаши, бұл да қара болады мен сияқты, көреміз ғой», – дедім. Сонда атам: «Е, шырағым, мұны есіме дұрыс салдың. Баяғыда, бала кезімде қойымды жайып қойып, көкке аунаймын, қарным ашып, шешемді сағынып жылаймын, бір мезгіл ойнаймын. Сонда бай болсам деп армандаймын да өншең қой тастарды жинап кора-кора мал жасаймын. Әлгі малдарымды Әндібай, Сәндібай, Дәндібай деген ұлдарым жан-жағынан айдал қораға кіргізіп жатады. Мынау Әндібай деп бір ағашты адам құсатып қолын ербендетіп малымның он жақ қанатына, мынау Сәндібай деп сол жақ қанатына, Дәндібайды қойдың арт жағынан айдал келе жатқан сияқты жерге шаншып қоямын. Соң соң екі ұзын-ұзын жінішкелеу тастарды тауып әкеліп, тамақтарын темірмен егеп-егеп, мынау Ақтамақ деген қызым, мына қызымның аты Ақбілек деймін. Ақтамақ пен Ақбілекti ұзатып, тағы да мал аламын. Сөйтіп, қиялыммен кештің батқанын да, қойларымның алыстап кеткенін де байқамай қалатын кездерім болушы еді. Ержеткен соң бұл арманымды мүлде үмитып кетіппін. Осы қызым туғанда есіме түсіп, «ештен кеш жақсы» дегендей, қызымның атын Ақтамақ қойғаным сол болды», деп бөбекін қолына алып ұзак сүйді:



*Қой баласын сүйеді қонырым деп,
Ештеңені білмеген момыным деп.
Сыр сүйеді баласын торпагым деп,
Караңғыда баспаган қорқагым деп.
Ешкі сүйеді баласын лағым деп,
Тастан-тасқа секірген шұнағым деп,*

— дегендей, қызым мейлі, қара болса бола берсін, мен үшін бұл аппак, — деді. Сосын ойланып қалды да: «Шешене айтсаншы, бізге тағы бір қыз туып берсін, оның атын Ақбілек қояр едік», — деп күлді. Атамың бұл ойы да орындалды. 1951 жылы қазан айында әкемнің 68, шешемнің 46 жасында **Ақбілек** те дүниеге келді. Ақбілекті бұл кісілер «сүт кенжеміз» деп ерекше жақсы көрді. Бұл күнде екеуі де бір-бір отбасының иесі. Ақтамақ француз тілінің маманы, Ақбілек — мейірбике. Екеуі де Алматыда тұрады. Екеунің де екі-үштен балалары бар. Ақбілектің ұлы Әкімжан да қызы Айнұр. Ақтамактың Мақсаты мен қыздары Алма, Әсель ержеткен, қызметкерлер. Уақыт өткен сайын Ақтамақ пен Ақбілек әке-шешемнің жас кезіндегі киялының күөсіндей, бәрімізге аяулы да ардақты.

Жаныма қатты батқан бір жай — 1995 жылдың 5 ақпаны күні артымнан ерген аяулы сінілім Ақтамақ аяқ астынан мезгілсіз дүние салды. Бұл күн менің туған күнім еді. Қалай болды, неліктен ерте айырылдық, түсінбей қалдық. Алланың ісіне не дерсін!

Әкем қайтыс болатын жылдың бір күнінде бәрімізді шақырып алыш: «Жақсы-жаман болмаса пейішті кайдан көрерсін, ұл мен қызың болмаса кейісті қайдан көрерсін» деген ғой халқымыз, бұл бас не көрмеді дейсін, кайғырған да, куанған да күндеріміз аз болған жоқ. Ренжіткен де күйдірген де кездердің болғандығын несіне жасырайын. Оған мен еш ренжімеймін, бәріңе де ризамын. Аман болындар, бақыттарың жансын, өсіп-өніндер. Әншінің баласы — әнші, ақынның баласы — ақын болу міндettі емес, ең бастысы атыма кір келтірмей енбекқор, әділетті, адал болындар. Ешкімнің ала жібін атта-



мандар, қандай бір жағдай болса да кешірімді болындар, ұлkenін кішіне қамқорлық жасап, кішілерін ұлкенді сыйлаудан жалықпандар. Кененнің баласымыз деп ерекшеленбендер. «Алтын пышақ қында жатпас» дегендей, бойында табиғат берген талант болса өзі де жатқызбайды. Ал енді бір айтайын дегенім, мына Нәсиха шешелерінді сендерге тапсырамын. Аналарыңың өзі де 70-тен асып отыр, мұның өміріне көз жіберсем, бар ғұмыры мені күтүмен өткен екен. Өз анасы Мысбала әжелерінді қалай баққанын, мені қалай сыйлағанын өздерін қөріп өстіндер. Ана баққан, жар сыйлау деген осындай-ақ болар. Ағайын-туғандарымның, жора-жолдастарымның, ел-жұрттымның Нәсихаға деген зәредей де ренішін естіген емеспін. Мен Нәсихаға бұл дүниеде де, ол дүниеде ризамын. Нәсиха менің артымда қалып бара жатқан аяулым болса, сендердің аналарын. Оның демалып, ұл-қыздарының арасында шалқып жүретін кезі өлдекашан болды. Аналарыңың қөнілін тауып, қалтқысыз сыйландар, күтіндер. Бұл менің сендерге тапсырған аманатым деп түсініндер, – деген еді.

Шүкіршілік, анамыз өкемізден кейін жиырма жылдан астам өмір сүріп, 98 жасында о дүниеге аттанды. Жыл басы наурыздан бастап Көркемжанына кетеді. Әжем мен өкеме арнап мал сойғызып, құдайы таратып, құран бағыштайды. Одан соң Бақытжаны, Ақтамағы, Ақбілегі, өзіне тарта туған жиеншары Бәтимаға, қыстың уақытында көбіне менде – бәрімізде кезек-кезек конак болып жүргені. Кейде таласып та қаламыз жарық дүниеден өткенше қадірлі болды, алжымады, немерелі, шәберелеріне қолғап, шұлық тоқудан жалықпады.

II БӨЛІМ

ТУҒАН ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫ





Өкем өмірінің соңғы 5-6 жылында (87 жастан кейін) үйқысы тыныш болғанымен, бұрынғыдай ел аралап кетуге, ұзак жол жүргүре жарамай қалды. Көбіне оңашалықты, тыныштықты қалады. Төрдің алдына қалындал тәсек салғызып, басын биқтетіп шынтақтап отыратын. Алдындағы кішкене дөнгелек үстелдің үстінде қағаз-қаламы жатады, сүйеулі домбырасы тұрады. Жаз айларында көбіне үйдің касындағы жеміс ағаштардың арасына алты қанат қазақ үйін тіктіріп, сонда болады. Радио тыңдайды, газет-журналдарды қарайды, кейде терең ой түбіне жете алмай өз-өзінен мырс етіп құліп, кейде «қап» деп бір нәрсеге өкініп, кейде тұнжырап үндемей қалатын шақтары болатын. Мұндай кездерде бөлмеге кімнің келіп, кімнің кеткенін де сезбейді, тіпті сәлем берген кісінің сәлемін де естімейтін, тек екі қолы тыным таптай тәспісін тарта беретін, тарта беретін. Бір уақытта қолына домбырасын алып, ақырын шертіп отырып, ынылдан ән шығаратын, оның өлеңін жазатын.

Әр жана ән, тың өлең осылай дүниеге келетін. Мұндай шақтарда біз ол кісінің касына ешкімді жібермеуге, өзіміз де көрінбеуге тырысатын едік.

Атам жүрісін азайтып, үйде болған сайын:

- Ассалаумағалейкум, ата!
 - Иә, ақсақал, қалайсыз?!
 - Не істеп отырсыз? — деп сәлем берушілер саны құннен-құнгеге көбейе берді. Оларды қуана қабылдап, ризашылығын білдіріп:
 - Е-е-е, шырақтарым-ай, халдың несін сұрайсындар?
- Шүкіршілік!
- Онаша үйде отырмын,
Откенімді сағынып.
Токсан жасқа келгенде,
Нәсихаға бағынып... — деп өлендетіп ала жөнелетін.
Койыңызшы, ақсақал, шынымен-ақ женгейге бағынғаныңыз ба? — деп олар құліседі. Сонда атам:

*Бұрынғының айтқаны нақыл екен,
Үлкендердің айтқаны ақыл екен.*



*Жастайынан қосылған адап жарың,
Балаң мен бауырынан да жақын екен.*

*Денемде тілден басқа сау жерім жок,
Таусылды түсे-түсе отыз тісім.
Айналып Алатауды шапқан дұлдорл,
Жарылып кетпей отыр қайтып ішім,*

— деп, бірде құліп, бірде мұнайып, өмірдегі аңы шындықты мойындағандай болып отыруши еді, жарықтық. Ол кісінің бөлмесіне еркін барып әңгімелесетін де, айтқандарын жазып алғып, айналадағы болып жатқан жаңалық-өзгерістердің бәрін айтып, кітап, газет-журналдардан қажетті дегендерді оқып беріп отыратын да, атамның өз сөзімен айтқанда, «Жан саясы» мен едім.

— Сен келгенше ешнәрсеге жарымаймын. Ішім толып кетеді. Басқа балалар да «atalap» жандары қалмайды, бірақ олардың оқығандары миыма қонбайды, тілдері анық емес, айтқандарымды дер кезінде қағазға жаза да қоймайды. Сені берген құдайдан айналайын. Кәне, нендей жаңалықтар бар Алматыда? Жазушылар одағына бардың ба? Композиторлар одағына бардың ба? Жарнамаларымды мезгілінде төледін бе? Мені сұрағандар бар ма? — деп сұрактың астына алады-ай дейсін. Мен шамамның келгенінше атама есеп беремін, онан соң қалада болып жатқан жиындар жайында, онда қаралып жатқан мәселелерге тоқтап, қабылданған шешімдерге шейін бірін қалдырмай жеткіземін. «Сізді жұрт сұрап жатыр (сұраса да, сұрамаса да), сәлем айтты, атан тез жазылып кетсін деп жатыр», — деп көнілін көтеріп қоямын. Мұндай күні жаны тыныш, жақсы үйіқтайтын еді өкем.

Бірде атам: «Оңашалық ой қозғайды екен, шырағым. Бұқіл өміріне көз жүгіртіп, не істеп, не қойғаныңды саралайтын кез келген сияқты. Әсіресе, өзіңе титтей де болса пайдасы тиген, қабағына қараған, жаныңды түсіне білген адамдар көз алдыңнан тізіліп өтеді екен. Бәрі бүгінгідей оқтын-оқтын ойыңа орала береді-ақ. Соның бірі өзімді алғаш танып, қанаттан-дырған аяулы ұстазым әрі туысым Еркебай Базарұлы еді», — деп күрсініп қойып ол туралы біршама әңгімелеп еді.



ҚАМҚОРШЫМ ЕДІ ЕРКЕБАЙ

— Еркебан Базарұлы осы Қордай өнірінде туып-өскен, Жаңыстан шыққан, арғы аталары Сырымбет, Жылқыайдар, бергі атасы Байтүгел. Мына аналарың Нәсиханың туысы болып келеді. Әкесі дүниеден ерте кеткенмен, оның артында қалған екі ұлы Еркебай мен Еркетайды анасы Жаңыл ешкімнен кем қылмай өсіріпті. Әсіреле, жас Жаңылдың Бұғылыбазар деген арғыннан шыққан жігітке қосылуы жетім балалардың дұрыс қалыптасып, азды-көпті білім алуына септігі тиіпті. Еркебайдың он жасқа келіп қалған шағында ақ патшаның «Әр облыс өз қоластынан орысша оқуға бір бала берсін, киім, тамақ қазынадан» деген бұйрығы шығады. «Қордай болысынан кім орысша оқуға барғысы келеді?» — дегенде, «баламыз шоқынып кетеді» — деп бәрі ат-тондарын ала қашады. Сонда Бұғылыбазар: «Мен Еркебай деген баламды жіберемін», — депті. Қызылып тұрған жұрт куанып кетеді. Сол он жасында кеткен Еркебай 7-8 жылдай Ақмешітте оқып, орыс тілін жете біліп елге қайтады. Орысша білетін бір адамы жок Қасқарау елі болысының песірі «хатшысы», оязының тілмашы болады. Жала-дауға ұшыраған, біреуге ақысы кеткен жұрт енді сабылып Еркебайды іздейтін болады. Ұзын бойлы, мығым денелі, аққұбаша, орысша киінген сұлу жігіт ел-жүртқа ем-дәрідей өсер етеді. Өзі кішіпейіл, жайдары, қайдағы жетім-жесірлерге, нашарларға жаны ашып болысатын, жаны таза, әділетті үл жігітті халық тым жақсы көріп кетеді. Сөйлегенде орыстарының өзін жаңылдырады, байларға дегенін істетеді. Ел там салуды білменде, ол қарағайдан үй тұрғызып, айналасына тал етіп, баубақша өсіреді, монша салғызады. Қалада көрген тазалық мәдениеттілігін үлгі етеді, үйретеді. Өзі сияқты қала төртібінде өскен Сүлеймен дегеннің қызына үйленеді. Содан Інкәрбек, Асқарбек деген ұлдары, бірнеше қыздары болады. Өзінің ақыл, білім парасатымен қазақ, қырғызға атағы шыбып, ел құрметіне бөленеді. Еркебай әрі сауықшыл, көпшіл, дастарханды кісі еді. Ер көнілді жігіттерді айналасына жиып алатын. Ақын,

ӨКЕ РУХЫНА ТАҒЗЫМ



өншілесіз, жүйрік ат, қыран құс, алғыр тазысыз жүрмейтін. Тағы бір қасиеті, өзі де өнерлі ат үстіндс ойнайтын, қолынан келмейтіні жоқ, шебер, тапқыр, мысалышыл, өзіл-оспаққа жақын еді. Еркебайдың атын естіп, օған:

*Еркебай, Жетісуга серке болдың,
Орысша етек-жесеңің келте болдың.
Жасыңда жарымаган жетім едің,
Атлас жамылганың көрпе болдың.
Кара үзіл қатарыңнан тұр деген соң,
Іздеп келіп домбырамды шерге қондым,*

— деп атақты Майкөт ақын да келген.

*Еркебай бай болдың сен мал жисмаган,
Тәкаппар төремін деп шанжисмаган.
Үлкенге, кішіге де сынның мінез,
Мақтаның асып-тасып дандимаган.*

*Еркебай туып-өскен жерің Қордай,
Атагың шыга келді тұган айдай.
Әдейі көрейін деп келдім аңсан,
Баласы Кошқарбайдың мен Шашубай,*

— деп сонау арқадан арнайы Ноғайбай шешенді іздең шыққан ақын Шашубай да алдымен осы Еркебайға соққан. Еркебайдың үйінде Шөже де, Жамбыл да, Балуан Шолақ та, Қажымұқан да болған. Олар бір ай, екі ай, кейбірі жылдан жатып сый-күрметпен, асқан ризашылықпен қайтатын.

Еркебай шын мәнінде өз халқының қамын ойлайтын, Кенес өкіметін қуана қарсы алған адам. «Большевик», «Партия», «Ленин», «Кенес» деген сөздерді алғаш содан естідік. Кейіннен мен сол Кенес өкіметінің сөзін сөйлеп, ревкомның төрағасы болған кездерімде Еркебай өзінің жасы келіп қалғанына қарамастан маған хатшы болды. Ол кезде қатынас қағаздардың



бәрі де орысша келеді. Соның бәрін өзі жөндейді. Еркебайдың арқасында мен ревкомдық жұмысты жаман атқармадым. Барлық жаңалықтарды, жана заң, жана талаптарды сол Еркебайдан үйреніп, сауатым, санам ашылды. Ораз Жандосовтың тапсырмасымен С.М.Кировты Қордай асуында қарсы алғанымызда да қасымда Еркебай болған еді. Еркебай Түрксіб теміржолында да көп жылдар енбек етті. Осы күнгі Отар, Қопа, Қордай станцияларының аттарын қоюда оның енбегі көп болған.

Үлкеннен алғыстан басқаны естімеген, кішіге өнегелі ісімен үлгі болған, білімді де парасатты, өнерлі, кісіге жақсылықтан басқа еш қиянаты жок Еркебай Базарұлы 1932 жылғы нәубетте ішерге ас, мінерге ат таптай, кебінсіз, қомусіз аштан өлді дегенге кім сенеді. Алайда, солай болғандығы рас-ты. «Тұрымтай тұсына...» дегендей, ашыққан ел тоз-тозы шығып, беті ауған жаққа лағып кеткенде, карт Еркебай ешқайда да қанғымай, өзі салдырған ағаш үйінде тұра береді. Қасында кемпірі ғана қалыпты. Бәрі бітіп, тек жалғыз аты ғана қалған еken. Оны да бір күні үрлап кетіпті. Ешқандай лажы қалмаған Еркебай бір күні үйдің нак төріне қалындалп төсек салып, жуынып, таза киімдерін киіп, есік-терезелерді мықтап жауып (қыс мезгілі болса керек) кемпірі екеуі жатып қалады. Сол жатқаннан тұрмайды, «өлімді құшактары айқаскан қалпында қарсы алыпты» деп естідім тірі қалғандардан (ол жылдары атам да Қырғызстанда болған гой). Еркебайдың маған істеген жақсылықтары естен еш кетпейді. Мені қой жаюдан құтқарғаны, ат, киім беріп, ас-тойға ертіп барғаны, өнерімді танып, басыма бақ құсын орнатқаны кейінде өзіме хатшы бола жүіп, ақылшы қамқор болғанын қалай ұмытарсын? Ең болмаса жерленген жерін де таппадым, басына қорған да тұрғызылмады. Оған арнап бірер өлең мен ән шығарғанымды өздерің білесіндер. Ол туралы айтып та, жазып та жүрмін. Дегенмен де, оның өмір жолын менен артық билетін адам жоқтың қасы. Соны толық баяндал Еркебайға арнап ертеректе (енді шама жоқ) көлемді бір поэма жазатын-ақ жөнім бар еді...», – деп үлкен өтінішпен күрсіне еске алатын еді әкем.



ҚАЙРАН ШӨКЕМ!

Өмірінің соңғы жылда-
рында атам өмірден ерте
кеткен өзінің аяулы шәкірті
Шолпанқұлды жиі есіне
алып, ол жайында да бізге
көптеген өңгімелер айтып
беруші еді.

— Шолпанқұл менен көп
кіші еді. «Әзілің жаарасса,
атаңмен ойна» дегендей,
өнерге деген құштарлық
екеумізді жас алшақтығына
қаратпады. Бірге жүріп, бірге
тұрып, бірге өстік. Той-жи-
ынға бірге барамыз, анау-
мынау жастық шаққа тән
ым-жымымыз да бір. Кей-кейде менің үлкендігімді айтып, «Осы
үлкен кісілер үйіне қайтып кетпеуші ме еді» дегендей өзіл
тастап, әйтеуір сөз табатын. Ол өте зерек еді. Мен шығарған
жаңа ән-әлендерді бір естісе болды қағып алып, ертесіне:
«Кенеке, кеше бір жаңа ән шығардым, тындаңызшы» қалай
екен» десе, мен анқау: «Қане, айтшы» деп қуанып қаламын.
Ол өз әнімді өзіме бұлжытпай орындал бергенде, әрі риза
болып, әрі қүлетін едік. Даусы коңыржай, құлаққа жағымды,
жүрген жері гүл еді. Қалжыңбас, жұртты үнемі қөнілді өзіл
сөздермен ду-ду құлдіріп отыратын. Шолпанқұлсыз той-жиын
қөнілсіз өтетін, оның орны толмай тұратын. Ол менімен қатты
өзілдесетін еді, әрі еркелейтін.

Көпке дейін ел арасына тарап кеткен бір жай есімнен
кетпейді. Сәтина дейтін бір женгем соғым басына шакырып,
ұзақ отырдық. Өзім алдында сұық тиіп ауырып жүргенім рас
еді. Қатты терледім, дала сұық. Ақыры таң атып қалыпты ғой
дедім де қона кеттім, сәскеге дейін тұрмаппын. Тұрған соң да



женгемнің күрен қасқа шәйін қана ішіп, асықпай үйге келдім. Келсем Нәсиха «сенің қайда жұргенінді айтпасаң да білеміз» деп женеіл назданады. «Бүкіл ауыл шуылдап жүр, балаларың болса ержетіп қалды, байқасаншы» дейді. «Әй, не естідіндер? Кімнен?» деп ақырамын тағы өзім тек тұрмай. «Ашуланбай-ақ қой, мына Көркемжаның айтып келді» деді. Ақырында баламды шақырып алып сұраймын. Ол кезде Көркемнің 3-5 жастардағы кезі. «Саған менің қайда болғанымды кім айтты?» деп сұрадым. «Шолпанқұл атам айтты» деді. «Не деді?» «Менің атам қайда?» деп едім. «Атаң Сәтина апаңның үйінде үйықтап жатыр. Үйге келейін десе қатты терлеп қалыпты деді» дегені. Сол-сол-ақ екен, баламның тіліне қызыққан қатар-құрбы, жора-жолдастар құле келіп, Көркемімді мыжиды. «Атаң кеше қайда болыпты?» «Сәтина апамның үйінде қонып қалыпты». «Неге?» «Қатты терлеп қалыпты»,— деп тақылдайды. Оған не істерсін, баланың аты бала, естігенін, үйренгенін айтат та. Ал Шолпанқұл болса түк білмегендей болып ол жүр. «Онбассын, Шолпанқұл, сені де бір есебін тауып қатырармын» дегенмен, шындығына келгенде оған ешқайсымыз да өкпелей алмаушы едік, өрі оған бәрі жарасып тұратын, оның істегенін біз істей алмайтын едік. Қайран, Шөкем-ай! Шолпанқұл «Тойбастар», «Беташар», «Шілдехана», «Жар-жар» сияқты халықтың тұрмыс-салт жырларын, сол тойда жиналғандарға ынғайлап жанынан шығарып, нөсердей төгетін. Талай-талай ақындармен айтыска да түсетін...

Есіл ақынның сондағы айтқандары кезінде жазылып алынбай, өлеңдері жиналмай, айтқаны айтқан жерінде қалды. Шолпанқұлдың өлеңдері халық арасына тараپ кеткен. Сонына түсіп жинаса, көптеп табылатыны сөзсіз. Ана жылдары осы Ұмтыл ауылдық кеңесінің (қазір Кенен ауылы) төрағасы болып ұзақ жылдар еңбек еткен өзі журналист-тілші аяулы бауырымыз Шәйке Алқамбаев. «Кенеке, Шолпанқұлдың бір топ өлеңдері мен өмір жолын жинап, жазып алып Алматыға апарып бір кісіге (аты-жөнін ұмытыппын) тапсырыдым, бұйырса, келесі жылы кітап болып шығып қалар»,— деп



куантып менен де біраз дүниелер жазып алып кеткен-ді. Одан бері де біраз уақыт өтті, бірақ, кітап әлі жарияланды дегенді естігенім жоқ. Оның сонынан жүріп іздеу салатын Шәйкенің өзі де ерте кетті бұл өмірден,— деп, ақынның өлөндөрінің қолды болып кеткенін, Шәйкенің тапсырған адамының аты-жөнінің есінде калмағанын өкінішпен еске алатын.

— Ата, Шолпанқұл ағаның менімен мектепте бірге оқыған Бидай, Ыдырыс деген балаларынан басқа балалары болған ба? Болса олар қайда? Әйелі қайда? Жалпы, Шолпанқұл ағаның атын білгенімізбен, ол кісінің шыққан тегі, үрпактары жайында бізге беймәлім, соны айтып берінізші,— дедім мен, атамының әлі де әңгімелескісі келіп отырғандығын сезіп.

— Иә, біздің өнірімізден шыққан мұндай адамдарды білгендерің жөн-ақ,— дей келіп, Шолпанқұл аға туралы тағы да біраз айтып кеткен еді. — Шолпанқұлдың әкесі Сейіттің үш ұл, екі қызы болған. Үш ұлдың ең кішісі Шолпанқұл еді. Дүрбелеңде екі бірдей ағасын жазықсыздан-жазықсыз ақтар атып кеткен. Сөйтіп, екі бірдей женгесі жесір қалыпты. Ол кезде Шәкен 18-19 жасар жігіт, үйленбеген кезі. Женгелерінің жастауы Қызбалтай өзі сұлу, шешен, шыққан тегі арғын руынан екен. Ел-жұрт өменгерлік жолымен Қызбалтай мен Шәкенді қосыпты. Олардан Нәдірбек, Сәдірбек, Еркінбек, Бұрлібек, Бидай, Ыдырыс деген 6 ұл бала, Орын деген бір қызы дүниеге келген. Қызбалтай Батыр ана атанған, елге елеулі, халыққа калаулы, өзара сыйластықтарымен жүртқа үлгі болған бақытты жандар еді. Алайда, Қызбалтай небәрі 48-ақ жыл өмір сүріп, қайтыс болады. Жалғыз қызы Орынның бойжетіп, оқып, мұғалім болып жүргенде Шоқпар станциясы жақтан келген Ысты руынан шыққан бір жігітке тұрмысқа шыққанының басы-қасында болдық. Бірақ Орыннан бала қалмады, ол да өмірмен өте ерте қошасты. Қызбалтайдан мезгілсіз айырылған Шолпанқұл Әлиха деген жас келіншекке үйленді. Көп кешікпей Әлиха қызы туды. Оның атын Шара қойдық. Дәл сол жылы менің Көркемжаным да туған. Ауылымызға Жамбыл келіп Шолпанқұл екеумізді жаңа туған нәрестелерімізбен



құттықтап, көнілімізді аспанға қотерген сол жылдар-ай десенші! Шолпанқұл екеуміз құнде құда боламыз, Шара мен Қоркемді болашақта қосатын болып келісеміз. Шолпанқұл қу тілді ғой. «Кенеке, екі баланы қоссақ қосалық. Мен, әйтеуір, Нәсиха женгеммен бір жүрсем болды. Онан соң айтып қояйын, қалың малыңды қазірден өткізе берсеніз де болады, тіпті кейін жаман келін болса тағы да мен сорлыны сыбап жүргенше осы бастан-ақ өзініз тәрбиелеп алмайсыз ба?», — деп жұртка оны қоштатып, мәз-мейрам болатын кездер-ай. Сөйтіп жүргенде Шара екі жасқа толар-толмаста соғыс басталып, көп кешікпей-ақ Шолпанқұлды майданға аттандырыдық. Қазір Шара тұрмыс-қа шықкан, анасы Әлиха екеуі Алматыда тұрады. Ал Қызыбал-тайдан туған 6 ұлдың тағдырларына келсек, Нәдірбек пен Еркімбек әкелері Шөкеңнен кейін-ақ соғыска шақырылып, содан қайтпады. Бір жақсысы, Нәдірбектен Сәбит деген ұл қалып, қазір балалы-шағалы. Сәдірбектен бір ұл қалды. Аты Төкен, кішіпейіл, колы шебер жігіт. Бұрлібек тентектеу еді, істі болып кеткен, содан хабар-ошарсыз. Ал Бидай мен Ыдырыс, өзін білесін, осы жерде балалы-шағалы болып, өсіп-өніп кетті.

Шөкең сауатты ақын еді. Ол ауылды советтендіру, кедейлерді колективтендіру науқандарына белсене қатынас-кан. Ауылдық кенестің төрағасы, кейіннен партия үйімінің хатшысы болып жүрген кезінде 1942 жылы майданға аттанған. Әттен, қу соғыс, талайларды қыршынынан қиғы ғой. Болмаса, осы Шөкең қазір тірі болса керемет ақын, шебер басшы, нағыз ел еркесі болып менің қасымда жүрер еді-ау... Сүйікті шәкіртін сағынышпен еске алып, көзіне жас үйірліп те кететін еді.

Иә, жыламай қайтсін, қалай сағынбасын... Кеше ғана жайнап жүрген ауыл, аудан, облыстың атқамінер азаматтарын, туған-туыс, бауырларын, әсіресе, желкілдеп жаңа ғана өсіп келе жатқан боздақтарды қимастықпен майдан өтіне шығарып салу 60-ты алқымдал қалған, жаны нәзік әкемнің жан-дүниесін қатты жарагағандығы, ұмытылмастай із қалдырғаны айтпаса да түсінікті ғой. Тіпті, кейбірімен атам қоштаса да алмай қалады. Облысты қойғанда аудан орталығына барса ауыл, ауылға келсе



аудандағы азаматтар толассыз аттанады. Қолынан домбырасын тастамай елді енді көреміз бе, көрмейміз бе деп қоштасып бара жатқан жігітерге жігер беріп, аңыраған аналар мен келін-кепшік, жас балаларға ес болып, ақыл айтып шығарған «Біздін Отан женеді», «Күйгенім-ай, сүйгенім-ай», «Шынарым-Сынарым», «Майданға сәлем», «Жалғыз кайнам», «Жапарбекке» тағы басқа толып жатқан (жазылмай қалғанды қаншама) ән-өлеңдері сол бір ауыр күндердің айғағы іспетті. Осылардың бәрін көзбен көріп, жүректен өткізген ақынға ең ауыры бір ауылда жас балалар мен қаусаған кемпір-шалдардың арасында жалғыз қалғандығы болыпты. «Бұдан гөрі соғыста болғаным жақсы ғой» деп те түңілген кездері аз болмаған көрінеді. Іші пысып, өткенді сағынып, бір күні майданда жүрген Шолпанқұлға өлең арқылы сыр шертеді.

*Сагындым-ау, Шолпанқұл, бұлбұл інім,
Аттан озған тайында дүлдүл інім.
Жауды жеңіп ерте қайт бір күні інім,
Мінезінді сагындым құлдіргі інім.*

*Сагындым-ау, Шолпанқұл, сарғайдым-ау,
Жылдагыдай емеспін, қартайдым-ау.
Тасқа соққан қырандай топшым сынып,
Үй артында, қайтейін, жантайдым-ау.*

*Сен кетіп ең, бозбала бәрі кетті,
Жігіт қалмай ауылдың сәні кетті.
Отыз жігіт бір күнде, Молдабай бар,
Аттандырдық артынан Нәдірбекті.*

*Қылғығыңды ұмыттаймын, аусар Шөкем,
Бір мен емес ел-жұрттың, аңсар Шөкем.
Гүлі түскен қурайдай күзді күнгі,
Кемпір-шалдар қалдық қой қаусан, Шөкем.*



*Барған жерің ең алғаш Семейпалағ,
Күс келеді көктемде ала қанат.
Жауды құртын Шолпанқұл ту астында,
Жыл құсындаі келерсің ер-азамат.*

*Бозбалалар ауылдың ғұлі еken гой,
Кемпір-шалдар қураймен біr еken гой.
Көп қойдың ішінде шұнақ қойдай,
Көзге түспей көрінбей жүр еken гой.*

*Бозбалалар ауылдың көркі еken гой,
Кой бастаган алдында серке еken гой.
Жауды жеңіп жарқылдан ту астында,
Болатұзын күн бар ма біr ұлкен той?!*

*Шараң отыр, Әлиха тілек айтып,
Бидай, Сәбит, Үйдірыс зыр жүгіріп.
Алты ауданьщ еркесі аусар Шөкем,
Тілеуіңді тілеп түр бар көпшілік.*

*Кайырмалары:
Бозбаланың еркесі аусар Шөкем,
Жалт-жұлт етін біr күні келер ме еken.*

*Касқараудың еркесі қайран Шөкем,
Кай майданда жүр еken сайран Шөкем.
Алты ауданың еркесі аусар Шөкем,
Жауды жеңіп біr күні келер ме еken.*

Оқ пен оттың өтінде жүргенде жеткен бұл өлең Шолпан-құлға қатты ой салады. Көп кешікпей майданнан елге бар арманын, тілегін өлеңмен өрнектеген үшбу хат келеді. Шолпан-құлдың бұл өлең-хатын да толық жариялауды дұрыс санап отырымын. Өйткені, екі ақынның өзара сырласқан, ішкі ой-пікірлері ұштасқан, ел бірлігін, жұрт тірлігін армандаған,

ӨКЕ РУХЫНА ТАҒЗЫМ



кезінде ел-жүрттың қолдан-қолға таратып, сүйіп оқитын, шетінен жатқа айтатын бұл өлеңдердің толық жарық көрген кезі болған емес.

*Көркемің ер жетті ме, ага Кенен,
Көреді бірін-бірі жсан өлмеген.
Ардақты жиен, жеңгем, жсан Нәсиха,
Әпкем мен Сақынбалага дүгай сәлем.*

*Отанның жсауын құртын аман-есен,
Ілесіп Қыдырбекпен бірге келем.
Тексеріп қопшілікке айтып бергін,
Жібердім сізге арнап мен бір өлең,
Кейінгі айта жұрсін деген қиял,
Оқыста сапар шексем бұл дүниеден.*

*Айтылмай жалғандары елдің түгел,
Толыгар кемі болса ага сізден.
Шықпаган жсеннан әркім үмітті гой,
Жарамас тіршіліктен күдер үзген.*

*Қош бол тұр Красногардың жалпы елі,
Кең Кордай өскен елдің асқар белі.
Иірсу, Тентек даала, Мадиярмен,
Шөкеңнің қош аман бол туган жері.*

*Сәлем де Үмбәтілі, Қашаганга,
Жазудан артық адам жасаған ба?
Бауыр мен балаларың аман келіп,
Ұлы той болар ма еken босағанда.*

*Шәрәни және сәлем Жайлайубекке,
Аттары атамаған барша көпке.
Келгенде 43 жасқа қырбат болған,
Тілеулес болғын біздей большевикке.*



Әлімхан, Әбілгазы, Шәймолдамен,
Әлімбай дүгай сәлем Әпейбекке.
Семейдің қаласында көп жыласып,
Айрылды бізден зорга Қыдырбек те.
Әрқашан аман сақтап пана бол деп,
Жалындық ер Жолбарыс, Карабекке.

Байораз және сәлем Жылқыбайга,
Бәрменқұл, Әбдіманап, Өтебайга.
Анарбек, Ештай менен Таубалды,
Елібай, Иманбек пен Берікбайга.
Кария Сәдуақас, Кененбайга,
Сабалақ, қош болыңыз Бүркітбай да.
Ағаның сыртайды да бірі едің,
Баймұқсан және сәлем Кәрібайга.

Баласы Орекемнің Айтқұл ага,
Кайыр-хоши Сейтқасым, Дәркембайга.
Тойбай, Барғал, Қазы саламат бол,
Койшыман, Есқұл, Жәмши, Тоқтарбай да.
Аяңмен кезек келді Назарбекке,
Шолпанқұл сәлем жазды Оразбекке.
Коныстас жақсы жақтас бірі едің,
Көп сәлем Маймақ батыр асыл текке.

Бидәулет, Рақымбай мен інім Қасен,
Арман жоқ баршаңызды аман көрсем.
Арбаңа балаларды мінгізе жүр,
Жайлаубек Мақатаев аман жүрсөң.

Ал Нұрбет, аманбысың Сагымбайым,
Дүние өтбек болды сагымдайын.
Артымнан Нәдірбекім қоса аттанып,
Кисынсыз кез келіп түр сарыуайым.
Ән салып, олең айтып алдарыңда,
Женгелердің ішер ме екем қызыл шәйін.



Әліпбай, Оразәлі, Байболатқа,
Аттары атамаган жамагатқа.
Бекбосын, Аршабек пен Момынәлі,
Әширбек, ардақты ага Әусагатқа.
Бәріңді аман көріп қауыштырсын,
Құдайым жаза көрме жаманатқа.

Сәлем де одан әрі Әсіренке,
Әмірі келе жатқан қасіретте.
Аз гана күн семіртіп жаса соятын,
Тұқымың неден жазған құдіретке.

Сәлем де Құнтай, Құмше әпкелерім,
Бар болса кешіріңдер өкпелерің.
Дұние жетпейді деп жүргүші едік,
Білмеппіз өзімізді көп көрерін.

Агайын қош болыңдар Отардагы,
Ага-іні, қадір білер қатардагы.
Мондыбай, Бабажан мен Оразымбет,
Көп сәлем Құлгарынов Бекмолдага.
Отарда қойдай шулап қоштастыңдар,
Ку жсаным зорға тұрды оттай лаулап.
Сәрсекем қолымды алып қош дегенде,
Тұлабой жәй тұскендей тұрдым улан.

Ағыбай, аман тұрғын Сұлтанәлі,
Міндетті Отан үшін жүрттың бәрі.
Керімжанса үш қайтара сәлем айтам,
Аузынан дос-жарлықтың кетпей дәмі.

Аман бол жора-жолдас аудандагы,
Жігітті дәм менен тұз айдамагы.
Егескен жауды жеңіп есен келсем,
Бір сапар жүріп келген саудамдагы.



*Артымда үй-ішімнің бәрі де жас,
Сол жерде жергілікті қогамдагы.
Тиісті өкіметтің жеңілдігін,
Караңдар жәрдем етіп бұған-дагы.
Арызы балалардың аяқсыз қап,
Үйректей үйиқпасын тогайдагы.*

*Ауылда аман болсын агаларым,
Камқоршы қариялар бабаларым.
Камкөңіл артта қалған аналарым,
Жайлауда жамыраган қозыдай бол,
Құн туар аман келіп балаларын,*

— деп келген Шолпанқұлдың бұл өлеңін біздің ауылдың қарттары жылап отырып атама оқытып, кейбірі көшіріп жазып алғып жатушы еді. Соғыс жылдары мен 6-7 жастарда едім, еміс-еміс есімде, біздің үйге қарт кісілер көп келетін, бәрі де атаммен өңгімелесіп, өлең тыңдал, кімнің баласынан хат келсе бірігіп оқып, қуаныштары болса да, реніштері болса да бір-біріне айтып, сыр шертісетін еді. Балаларынан қара қағаз келгендердің қайғысына ортактасып, оларға ерекше көніл бөліп, қамқорлыққа алғандары, соның барлығының басы-қасында әкемнің жүретіндігі есімде жақсы сакталған. Кейінде осы өлеңнің ішінде аттары аталған қарттардың, бәрі де майдангерлерді күтумен жылай-жылай дүниеден өткендерін көріп өстім.



«СҮРША ҚЫЗ» ӘНІНІҢ АВТОРЫ
БАЛУАН ШОЛАҚ ЕКЕНІНЕ КҮМӘН
ЖОҚ ДЕП ЕСЕПТЕЙМІН

«Алматы ақшамының» 2017 жылғы 5 тамызы күнгі саңында жазушы Fazizbek Tәshimбайдың «Сүрша қыз» өні жайында жазған мақаласын оқып, ондагы Fazizbek бауырымыздың ой-пікірлеріне толық қосыла отырып: «Егер де музыка зерттеушілердің, ақын-жазушылардың арасынан бұган алып-қосарлары бар жсандар дәлелді пікірлерін білдірер болса, құба-құп», – дегені маган да көп әсер етіп, ой салды.

Мен музыка зерттеушісі де, ақын да, жазушы да емеспін. Алайда, осы өнер түрлеріне жаңым жақын жаңмын.

Иә, мен де «Сүрша қыз» өнін біресе Балуан Шолақтікі, біресе Жаяу Мұсанықі деп орындалып келе жатканын да, ертеректе жылда-жылда жарияланып тұратын «Қазақ әндере жинақтарында» да, осы әннің Жаяу Мұсанықі делінгенін тынданап та, оқып та келемін. Бұл қалай деп үнемі ойланып қалатынмын.

Өйткені, мен, халық ақыны, әнші, сазгер Кенен Әзірбаевтың Балуан Шолақ туралы әңгімелерін, оның әндерін жасымнан тынданап өскен перзентімін. Әсіресе, әкем Балуан Шолақтың Жетісу жеріне келгенін, сол жолы Балуан Шолақпен бірге Жетісудың көп жерлерін аралап, көптеген әндерін өзінен үйреніп қалғанын тебірене еске алатын еді. Бұл кісі Балуан Шолақтың 11 әнін, соның ішінде «Сүрша қызды» орындағанда, жұрт қырғын құлкіге бататын. Үлкендер жас балаларды, ішінде мен де бармын, тындалтай даға қуып жіберетін. «Ит қорыған жерге өш» дегендей, әйтеуір есебін тауып, есік, терезеден сығалап, кейде білдіртпей төсектің астына, шымылдықтың ішіне тығылып қалып тындаитынбыз. Кейіндері әннің өлеңін де жазып алған едім. Кененнің орындауында «Сүрша қыздың» өлеңі төмендегідей:



«СҮРША ҚЫЗ»

*Сүрша қызы бір келгенде көктем дедін,
Тілімді алмадың деп өкпеледім.
Тағы да келгенімде жазда дедін,
Алдауың осыншама аз ба дедім.
Одан соң бір келгенде күзде дедін,
Ей, Шөке, үмітіңді үзбе дедің.
Тағы да келгенімде қыста дедін,
Колымнан енді мықтап ұста дедің.
Сонан соң еркін басып қызга бардым,
Төсіне Сүрша қыздың мызгап алдым.*

Қайырмасы:

*Әндір, әндір, әндір-ай,
Ішімді оттай жандырды-ай
Ғашық болған Сүрша қызы,
Кұмарымды қандырды-ай.
Сөйтіп жеткен Сүрша қызы,
Көкшетауда қалдың-ай.
О-о-ой, Сүрша қызы,
Хош, аман бол-ай!
Ақырын қайта айналып кетем десем,
Бассалып жігіттері ұстап алды.
Әкесі қол-аяғын байла деді,
Ағасы шоқпарменен жайлана деді.
Анасы көтіп көрген ақылды екен,
Калған жсол бұрынғыдан тиме деді.
Ұлықсат шешесінен алғаннан соң,
Бурадай қаңтарылған кимеледім.*

Қайырмасы:

Мұны кімге айтамын? Маған сене қояр ма екен? – деп жүргенде, 1988 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Балуан Шолак» атты кітап қолыма түсті. Аз ғана тарағыммен шыққан осы кітапты, біреулерден естіп, іздел жүріп тауып, бірнешеуін сатып алдым. Құрастырған Серікбай Оспанұлы, алғы сөзін



жазған танымал журналист Орысбай Әбілтаев екен. Осы кітапта өнертану ғылыминың докторы Б.Г.Ерзаковичтің «Балуан Шолақтың әндерін Кененнен жазып алының тарихы» деген көлемді мақаласы енген әрі Кененнің орындаудында Балуан Шолақтың «Көкшетау», «Қос қалқа», «Құлан кісінес», «Кенже қоңыр», «Дікілдек», «Жай қоңыр», «Өтеді-ау өмір», «Сегіз келін», «Шолақтың желдірмесі», «Қос перне», «Сүрша қызы» деген 11 әнімен, өзінің Балуан Шолақпен алғашкы кездескендегі бата сұраған бір әні, барлығы 12 ән нотасымен берілген екен. Жасымнан қулағыма сіңісті болған, біразын өзім де үйреніп қалған кітаптағы бұл әндер нотаға мейлінше дәл түсіріліпті. Өлендері де сол мен жазып алғандай көп өзгермепті. Ол кезде мен Ж.Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжінде әкемнің әндерінен сабак беруші едім. Әлгі кітапты көрсетіп, халқымыздың майталман әншілері Ержан Қосбармақовқа, Қайрат Байбосыновқа, Рамазан Стамғазиевке, Ақан Әбдіуәліге, Тілеулес Құрманғалиевқа, тағы да басқаларға: «Қазіргі айтылып жүрген «Сүрша қызы» әні Жаяу Мұсанықі емес, Балуан Шолақтықі, оның өлеңі де басқа», – деп талай-талай айтқан едім. Кейіріне кітапты, кейіріне көшірмесін бергенмін. Бұл жігіттер біраз еңбек етті. 2010 жылы «Қазактың дәстүрлі 1000 әні» деген антологиясы жарияланған. Антология 50 дискіден тұрады. Соның №30-шы дискіндегі Рамазан Стамғазиевтің орындаудында Б.Ерзаковичтің Кененнен жазып алынған «Дікілдек» деген әні және жас әнші, Құрманғазы атындағы консерваторияның ұстазы Тілеулес Құрманғалиевтің орындаудында Балуан Шолақтың «Құлан кісінес» деген әндері тұнғыш рет орындалып жазылған. Ал «Сүрша қызы» әнін Рамазан Стамғазиев пен танымал жас әнші Ерлан Рысқали тұнғыш рет бұл әнді Балуан Шолақтықі деп орындаған. Рамазанның орындаудындағы «Сүрша қыздың» мелодиясы қазіргі естіп жүргеніміздей еш өзгермеген, өлеңі Кенендікі, тек қысқартылып алынған. Ерланның орындаудындағы «Сүрша қыздың» мелодиясы да, өлеңі де Кененнен алынған. Екеуінің орындаудында да, ән сазында айырмашылық аз ғана.

Тағы да бір көніл аударатын жәй, осы антологияның №28-ші дискісі тек Жаяу Мұсаның әндеріне арналған. Сонда Т.Құрманғалиев Жаяу Мұсаның «Сүрша қызы» деген әнін орындаған. Әні де, өлеңі де мүлдем басқа. Яғни «Сүрша қызы» әні Жаяу Мұсада да болған. Осы әнді орындаушылардың шатастырып жүргендері де содан шығар деп ойлаймын.

Оның үстіне, халқымыздың мақтаны, өнер тарланы Ермек Серкебаев ағамыздың орындауында тарап кеткен, кезінде бұған мән берілмей жазылып кеткен вариантын кім, қандай адам өзгертуге батылы барды дейсін? Әрі әншілерімізде ізденіс жоқтың қасы ғой. Жасырапы жок, бізде бір жаман әдет бар. Әр туындының өз табиғатына байланысты әні мен өлеңінің астасып жатуына көнілді аздау бөлеміз. Әсіресе, әннің өлеңіне көп мән бермейміз. Өнерпаздар көздеғен бір әнін орындар алдында, бұл ән кімдік екенін біліп, оның шығу тарихымен танысып, құйтабағы, дискісі болса тыңдап, нотасына көз жүгіртіп енбектенулері керек кой. Сонда ғана әншінің орындауынан шынайылықты, жауапкершілікті, еңбекқорлықты сезінер едік. Өлеңін біреуден жазып алыш, әнін шала-шарпы үйреніп, домбыраны онды-солды безілдетіп ағызып шыққанға мәз болуға бола ма? «Әу» дегеннің бәрі бірдей халықтың сүйікті әншісі бола бермейтіні де сондықтан деп есептеймін. Болмаса, 1988 жылдан бері «Сүрша қызы» әннің айналасында болып жатқан өзгерістерді неге естімейді, неге көрмейді, неге білмейді?

Бұдан шығар қорытынды – казіргі әншілеріміз орындаپ жүрген «Сүрша қызы» әні Балуан Шолақтықі екеніне дау жок. Ал жок, бұл ән Жаяу Мұсанықі дейтіндер болса, антологиядағы №28 дискіні тауып, Т.Құрманғалиевтің орындауындағы Жаяу Мұсаның «Сүрша қызының» тыңдап, бұл әнді оның қайдан алғанын сұраса болды, мәселенің басы ашылғалы түр.

Ал екі ғасыр куәгері Кененге, оны жазып алған Б.Ерзаковичке неге сенбеске?!

«Менің ақын болудағы ұстаздарым Сарбас пен Жамбыл болса, ән өнеріндегі ұстазым Балуан Шолак», – деп отырушы еді жарықтық әкем Кенен.



ЖАМБЫЛ МЕН КЕНЕН



Атақты қырғыз манабы Шабдан Жанбайұлының асы берілгенде мен 17 жастың ар жақ-бер жағында едім. «Ри, қойым», «Бозторғай», «Қекшолак» деген әндерім ел арасына жана-жана таралып, есімім еміс-еміс белгілі бола да бастағам-ды. Асқа қырғыз-қазактың белгілі әнші-күйшілері, акын-жыраулары шакырылды. Жамбыл да келеді екен деп естіп, жар құлағым жастыққа тимей, оны бір көруге зар болып жүргенімде, ойда жоқ жерде, құдай он көзімен қарап, үлкен қуанышқа кенелгенімді қалай ұмыттармын, – деп әкем Кенен өзінің Жамбылмен тұнғыш кездескендігі туралы тебірене еске алатын. Қой сонында еніреп жүрген Кененнің бойындағы түлеп, тұтанып келе жатқан таланттың алғаш танып, бағалай білген де, оны қой бағудан құтқарып, астына ат мінгізіп,



үстіне киім кигізіп, өн өлеңін жұптасып, сұліктей сұлу жас жігітті асқа алып келген де ауыл ағасы Еркебай Базарұлы еді. Осы жолы әкем Сарбасша құлағын бұрап, аруақ шақырып тұнғыш рет Жамбыл, Токтағұл, Қалмырза, Майкөтұлы Арқабайдай атакты төкпе ақындармен бірге «Көпшілік, тында әнімді» деген әнін орындаған, ел алғысына бөленген, халық аузына ілінген жүлдегерлердің қатарында құмістен сомдалған кемер белдік алған екен. Сондағы Жамбылдың бейнесін Кенен:

*Kісі екен алпыс жасты алқымдаган,
 Салдықтың самалымен салқындаған,
 Домбыра ап, тоңірекке қараганда,
 От болып екі көзі жарқылдаган.
 Аузында айтар сөзі іркілмеген,
 Ақынның дер шағы екен бұл күн деген...
 Сойлесе досын мақтап, қасын даттап,
 Нөсердей дүркін-дүркін дүркіндеген...
 Қызынса қияғынан мұртын жеген
 Тұқ емес қызып кетсе бір күн деген...*

— деп сипаттаған.

Ас тарады. Жамбылға ат мінгізіп, шапан жауып, құрметпен шығарып салып жатты. Менің екі көзім Жәкенде, қайткенде де жақынырақ барып сәлем беру. Тентек қойдай шыр айналып жүріп мен де жақындаі тұстім-ау. Алдына келіп әделпен тізе бүгіп, қолымды төсіме қойып сәлем бердім. Сәлемімді ықыласпен алған Жамбыл жылы жұз танытып қарай берді:

— Қарағым, қай баласың? — деді. Сол-ақ екен:
 — Мен өмірде өнер қуып жүрген жас бала едім. Дулаттың бір атасы Қасқарауданмын. Бата, бата берінізші, ата! — дегенім есімде. Сонда Жәкен:

*Кешегі анау бозүйден
 Шықсан дауыс сен бе едің?*



*Бөдене мен тұрымтай
Бұққан дауыс сен бе едің?
Бүркіт болсаң боларсың,
Үлкен екен шенғеленің.*

*«Кенен-Кенен» деп жүр гой елдің бәрі,
Осы тойға жиналған жасас пен кәрі.
Сәлем берсең, қарагым, бақытты бол,
Бабалардың балага көшкен нәрі.
Ақындық Ораздан да үзілмеген,
Сарбас, Әлмен ақынды кім білмеген?
«Бабаның батасынан» деген нақыл,
Жас жүйрікті жарамас тізгіндеген.
Күдай сени сақтасын кесірінен
Жар багатын жапалақ, құзғын деген.
Досың болсын Алатау аспаныңда,
Қыран құстай шырқағын қызғынды өлең,
Әумин!*

— деп бата береді. Міне, осы күннен бастап Жамбыл мен Кенен арасындағы өнер жалғастығы ұстаздық-шәкірттік өмір жолымен үштасып, 50 жылдай біте қайнап, бірге өсіп толысты.

— Жәкең менің даусымды жақсы көретін еді. Кездескен сайын ән салдырмай жібермейтін. Қайда жүрсем де іздестіріп, сұрастырып, таптырып алатын. Ұзак уақыт қатынаспай қалсам: «Кененжан-ау, қайда кеттін? Не тындырып жүрсін өзін? — деп үрсып та алатын.

Балаларым бірінен соң бірі өліп, қайғыдан жүдеу тартып жүрген кездерімнің бірінде:

*Әй, Кенен!
Атыңың бұты тыртышын,
Өзіңнің мойның қылқасын,
Әжептәуір жігіт ең
Қалған ба саган тіл тиin?!*



*Ер жігіт десем, ез бе едің?
Мойып қапсың сылқыып,
Кой, ойлама уайым,
Туарынды ұрайын,
Тагы да табар жұбайың
Түбін берсін құдайым..,*

— деп, әрі күлдіріп, әрі ақыл айтып жұбатқан еді.

Жамбыл, Қөркем дүниеге келгенде арнайы келіп құттықтап, мына аналарың Нәсихаға батасын берген еді.

*Кененжсан, келіп қалдым қуанған соң,
Түйгіның үйрек-қаз бен қу алған соң.
Келінжсан, бата берем, қолынды жай,
Құдайдан өлгеніңе құн алған соң.
Құтты болсын Қөркемің,
Өсे берсін өркенің!
Кененнен тудым дейтіндей,
Ұлы болсын өлкенің.
Жігіт болып жеткение,
Бетін қақпа еркенің.
Өзи болсын өскенде
Кой бастайтын серкенің.
Ғашық етсін қыздарын
Кордай, Шу мен Меркенің,*

— деп, екі күн бойы ән шырқап, жыр толғап, Қордай өнірін жыр бұлағына кенелткен еді, — деп еске алатын әкем.

«Жәкең басқаға айта бермейтін көп жайларды маған айтатын. Жарықтықтың қолына су құйып, дәрет алдырытып, намазын оқытып, тамағын беріп, төсегін салып, көзі үйқыға кеткенше әңгімелесіп, қасында отыратын күндерім көп болушы еді. Оның үстіне мен ол кісіге туыстық жағынан да жақын болғандықтан ба, маған қатты сенетін. 1936 жылы қазак әдебиеті мен өнерінің декадасына Мәскеуге баратын болдық.



Даярланып жатырмыз. Өкімет басшылары келіп: «Қалайсыз, Жәке? – десе, «Шүкіршілік, шырактарым. Сендердің арқала-рында, Алланың арқасында денсаулығым жаман емес. Бұйырса, Мәскеуге барайын деп отырмын», – дейді де, артынша олар кеткен соң нілдей бұзылады. «Әй, Кенен, осы біз жер ортасы қиянға неменеге барамыз. Айтатынымызды осы жерде-ақ айт-паймыз ба, жазып алмай ма?», – деп мені айналдыра бастайды. Мен көбіне үндемей коятынмын, кейде «Басымызды бағалап шақырып түрғанда барып қайтальқ та, Жәке», – деймін. Әрі беріден соң ашууланып: «Әй, Кенен, сен айтпады деме, бара салып қайтамыз деп ойлайсың ба, көр де тұр, осы барғаннан тұра ақ сабанды бір-ақ қайтамыз», – деп жұз құбылып жүріп, барып қайттық-ау, әйтеуір. Абыройлы болдық. Жәкененнің бағы жанды, жолы ашылды. Бұдан кейін де талай-талай жол жүрдік, соның бәрінде мен бірге жүрдім. Бір күні дәрігер қарап, ақыл-кенес беріп шығып кеткен соң, маған сыйырлап: «Осы мына орыс доктор бір пәле болды, етті аз женіз дей ме, көк-сөкті көбірек женіз дей ме, мазамды алды, о немесі тамағымнан өтпейді, – деп кейінкіреді.

– Кененжан, ол жакта маған еттің жылы-жұмсақ жерле-рінен кесіп беріп отыр, бастың миын өперші, осылар мені әдейі аштан өлтірейін деп жүр ғой деймін. Кім білсін, «осы шал пәле болды» деп те жүрген шығар іштерінен», – дейтін.

– Жарайды, Жәке, естіп қойса ұят болады, ақырын сөй-леніз, – деймін. Соңда да сыйырлап: «Әй, Кенен, жаман айтпай жақсы жоқ демекші, алда-жалда осы пойыздың үстінде жүріп кетсем, бұлар мені не істейді, ә? Сен менімен бірге жат. Бүгін өзім біртүрлі болып та отырмын. Қысылсам, иманымды қайы-руға да мұршам келмеуі мүмкін, сен бәрін білесің ғой, сүйегімді елге апарып жерлет, түсіндің бе? – деп уайымдайтын кездері де болатын.

Жәкененнің әзілдескендегі шымшыма сөздері қандай еді? 1937 жылы грузиннің ұлы ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» атты дастанының 750 жылдық тойына барғанымызда Жәкен мені шақырып алып, Д.Бедный, М.Шо-

лохов, А.Толстой, М.Бажан, П.Тычина және басқа да тойға келген қонақтарға көрсетіп, менің шәкіртім деп көтермелеп, мактап алып бір кезде: «Кененжан, сен өзің елде жүргендे өжептәуір ірі, көрікті, сұнғак бойлы, қонқақ мұрынды сияқты едің, мына қалың грузиндердің арасында аласарып қалғансың ба, қалай өзі», – деп өзілдеп әрі бәрін күлдіріп, әрі менің бойымдағы ерекшеліктерді де елге өзілмен жеткізген.

1939 жылдың жазында Мәскеуде Одақ көлемінде ауыл шаруашылығына арналған үлкен көрме болып, соған Қазақстаннан бір топ делегаттар қатынасып, қайтып келе жатқан бетіміз. Ол кезде пойыз Мәскеуден Алматыға дейін он күндей жүреді. Бәріміз жаспыз. Ішіміз пысып, уақыт өтпейді. Пойыздың ресторанынан тамақ ішіп көніл көтерейік десек, ақшамыз жоқ. Ақша тек Жәкенде бар. Оны бәріміз де білеміз. Ол кісі ақшаны санай да білмейтін еді. Құлағы да жөнді естімейді, әйтеуір қолына тиғен ақшаны дереу жамбасының астына тығып қояды. Бір күні Тайыр Жароков: «Кенеке, осы Жамбыл атадан ақша сұрасақ қайтеді. Ол кісіде бар ғой» – деді. Бәріміз бір-бірімізге қараңыз. Сәбит Мұқанов: «Тәтем берсе, тек Кенекеме береді, сіз сұраңыз», – деді. Ақылдасып-акылдасып, ақыры мені жіберді. Қалай ақша аларымды, қалай сұрапымды білмей отырғанда пойыз Жамбыл қаласына келіп қалды. Ол қала соның алдындаған. «Әулиеата» деп аталағанын. Қасына жақынданқырап барып: «Жәке, сіздің атыңызды койған. Әулиеата қаласына келіп қалдық», – дедім. Орнынан ұшып кете жаздады жарықтық. «Әулиеатаға келіп қалдық дедің бе, Кененжан? Атыңнан айналайын, Әулиеата, атымды тартып алды деп болма қапа», – деп бірнеше рет қайталады да, «Апырай, не істесем екен, Кенен?» – деді.

– Енді, ол жерде сізді қөруге көп адамдар келеді ғой. Оларға көрініп, бірдеме дейсіз бе, қалай? – деймін.

– Эй, айналайын Кененжан, мені әурелемендер, мына пойызыннан түсे де, қайтадан шыға да алмаймын. Одан да сен мына ақшаны ал да күтіп тұрғандарға балаларыңызға мәмпәси алып берініздер, Жәкең жол жүргенді көтере алмай аздап



шікерттеніп қалыпты, сіздерге көп-көп сәлем айтты, алғысын жаудырып, батасын беріп жатыр дерсін деп, қолыма бір уыс ақшаны ұстата салды. Көктен тілегенім жерден табылды дегендей: «Жарайды, Жәке, құп болады», – деп ақшаны алып атып шықтым. Жігіттер де күтіп жүр екен, ресторанға тарттық. Асықпай отырып тамақ ішіп, көнілденіп, жетісіп қалдық. Шығарда: «Ойбай, Жәкеңе енді не десем екен», – деп қысыла бастадым. Оған жігіттер қуақыланып: «Өтірік айтқан соң аяғына дейін шығарсанызышы», – деп күліп алды.

Енді қайтадан Жәкеңе келіп: «Құдай сақтасын, Жәке, қолдарына ғұл ұстап, «Жамбыл ата, Жамбыл ата» деп шуылдап тұрған пионерлер, ел-жұрт халық, не істерімізді білмедік. Содан шығып өзініз айтқанның бәрін айттып, ақшаны таратып бердім. Бәріне де жетті, ақшаны аямай-ақ беріпсіз. Сіздің 100 жасқа келуінізді тілеп, дән риза болды», – дедім ұялмай. «Жәкең сан білмеуші еді, берген ақшасы бізге Алматыға жеткенше жарады», – деп әкем өздерінің келмеске кеткен жас кездеріндегі бір өбестіктерін (әрі еркеліктерін) есіне алып ішек-сілесі қатқанша құліп, «ұялған тек тұрмайдының» керін келтіргендей болушы еді.

– Жамбыл аталарың топ алдына шыққанда, өуелі домбырасын қағып-қағып алатын да, екі иығын қомдап, құнжындан бүлкілдей жөнелетін. Ал ашууланғанда, құдай сақтай көр, сақал-мұрты быт-шыт болып, екі көзінен от, аузынан уытты сөздер түйдек-түйдегімен құйы-латын еді, – дей келіп әкем: «Кенес өкіметінің табан тіреп қалған кезі. Осы Ұзынағашта Ораз Жандосов, Жұбаныш Бәрібаев бастаған өстепке (жынын) өтті. Онда Жетісу акындарының айттысы, өнерпаздардың өнері сарапқа салынбақшы. Мақсатымыз – Кенес өкіметінің жолының дұрыстығы, партияның қамқорлығының арқасында бақытқа қолымыздың жеткенін, Ленинді жырымызға қосып марапаттауымыз керек. Өстепкеге Мәскеуден, Түркістаннан уәкілдер келді. Белгілі деген акындарымыздың бәрі жүр. Жамбыл ғана жок.

Хабар жетпепті. Жандосов: «Жамбыл қайда?», – дегенде жерге кіріп кете жаздадық. Кеш болса да ат шаптырып хабар-



шы жібердік: «Ойбай, Жамбылды таппай келме», — деп қақсал жатырмыз. Ал Жәкең бұл кезде елден естіп, хабаршыдан бұрын өзі келіп: «Мен де ақынмын», — десе, орыс милиционерлер кіргізбей, өзі де ашу қысып жеткен кісі, сол жерде айғай салып, құшпен ентелеп кіріп келгендегі түсін айтып жеткізу киын. Ашулы, ашы дауыспен:

*Aу, мен Жамбылмын, Жамбылмын,
 Өлең сөзге даңғылмын,
 Құніреніп күн-түні,
 Жалғыз қалып қаңғырдым.
 Қатар-құрбы қадірлес,
 Замандасты сағындым.
 Қатаган мен Кебекбай,
 Мақамдасты сағындым.
 Қалдырмайтын тойынан
 Ногайбайды сағындым.
 Байга қашан жағындым?!
 Болысқа қашан бағындым?
 Бой бермей жүріп оларға
 Бостандығым сағындым.
 Құткен күнім туганда,
 Құрметім мен олжасманнан
 Не себепті қағылдым?!
 Жас ақындар қасында,
 Дудар шашың басында,
 Сиыр бақсан, тас шақсан,
 Әкелеріңді көріп ем,
 Ораз бенен Жұбаныш,
 Торқалы тойга шақырмай
 Мен сендерге негылдым?
 Жігіттерде әдел жсок,
 Кыздарында қылыш жсок,
 Шолақ дамбал кигені,
 Селтең-селтең жүргені.*



*Николай патша кезінде
Бұл сұмдықты көргем жок,
Ленинишіл большевик,
Келсе екен деп, аңсан ек.
Сол айтар деп күтіп ек,
Өзің тойды баста деп,
Үйретті ме сендерге
Шал-кемпірді таста деп?!*

Ой, ағытты-ай келіп. Сол кезде Еркебай домбырасынан ұстай алып, «Айналайын Жәке, қой енді, ашуынды басшы, далаға шық, демінді ал, алыстан келген қонақтардан ұят болады», — деп әрен токтатты. Бәріміз шошып кеттік. «Мына шал ұсталып кететін болды», — деп дұылдастық, қыз-қыз өсек, ду-ду әнгіме, қойши әйтеуір, Жамбылды апармаған жер, оның атына айтылмаған сөз қалмады.

Мәскеуден келген уәкілдер: «Почему он сердитый? Что он сказал?», — деп сұрап болмайды. Анау-мынау жерлерін әде-мілеп, ашуланған себебін айтып, Ораз орыс тілінде түсіндіріп жатыр. Қызықтың қекесі келесі күні болды. Өстепке аяқталды. Жамбылды жаппак түгіл айдаған да жок, артына екі қолын байлаған да жок, қайта астына ат мінгізіп, алдына екі түйе байлап, елу қой айдатып құрметпен шығарып салды. Ал басқа Жәкенді күндеғен ақындар жиналып, большевикті күні-түні мактадық, тезек теріп босқа қалдық, бәрін Жамбылға берді, біз өкіметке шағым жазамыз, арызданамыз деп шуылдап, қол жинай бастады. Сонда кайран Илияс (Жансүгіров), мандайы-мызға сыймай кеткен боздағым, бәрімізді жиып алыш:

*Қарғаның қарға көзін шоқымайды,
Өрмекши ауды бекер тоқымайды.
Олжаны Жамбыл алмай кім алады,
О бастан сүйген жарлы-жақыбайды.
Ақындар, ақсақалды сөз етпендер,
Ежелден үлкен жейді қойдың басын.*



*Өлеңге Жамбыл артық, әнге – Кенен,
Су жорға Үмбетәлі – қара дөнен,
Төреши басшыларга рақмет,
Жамбылға өкпелемей олжа берген.
Жамбылдың сүйсінді де ерлігіне,
Сый-құрмет тарту етті енді міне.
Жандосов, Бәрібаев үндеғен жок,
Ойландар тарлығы ма, кеңдігі ме?*

— деп ақыл айтып, қаулаған өсек сөзді қаңылтырдай жапырып еді, — деп айтып отыруши еді әкем.

1972 жылы заманымыздың алып жыршысы, ұлы жырау Жамбылдың туғанына 125 жыл толды. Сол тойға 88 жасында Кенен де қатысты. Құр келген жок, ақын өзінің жолжоралғысымен келді, ол былайша толғаған:

*Дүниеде Жамбыл сыры жсан сырымдай,
Енді мен соны айтамын жасасынбай.
Біреуге бұл өлеңім көне сарын,
Біреуге бұл өлеңім бал-шырындей.
Бір күні Жамбылды ойлан қиялдаым,
Көз ілмей төсегіме сия алмадым.
«Кененжсан» дейтін сөзі еске түсін,
Озімді-озім сөгіп ұялғаным,*

— деп басталатын «Жамбыл-жыр» деген дастанын алып келді.

Дастанда өмір жаразтығы, дәстүр жалғастығы, Жәкеңнің өнегесі, ақындық сипаты, ұстаздық қасиеті жеткілікті жырланған. Бұл дастан бүгінде Жамбылға арналған ескерткіштердің ең биігі — бірегейі деуге де болады, — деген еді белгілі қоғам қайраткері, ғалым Мырзатай Жолдасбеков.



ЖАМБЫЛ АТАНЫҢ ЗЕР ШАПАНЫ

Өкем ел аралап көп жүретін. Кейде тіпті бір айлап та, бірнеше айлап та кететін. Сондай бір ұзак сапардан келе жатқан әкемнің алдынан шығып, бәріміз күтіп тұрмыз. Сол көрініс бүгінгідей есімде өрі көз алдымда. Атам атпен келе жатқан. Аты да аппақ, желмен желбіреген сақалы да аппақ, үстіне киген шапаны да аппақ, құдды бір ак нұр шашқан әулие келе жатқандай әсер етті маған. Келе аттан секіріп түсіп, тұргандардың бәрімен амандасты да, жүгіріп келе жатқан мені үстіндегі шапанын шешіп алып, орап, біраз көтеріп тұрды. Даладай кен, алтындаі жарқыраған зер шапан жұрттың көзін қарыды. Атам: «Бұл шапанды маған дүйім жұрттың алдында Жамбыл үстіме жапты, батасын беріп шығарып салды», – деп, көтеріңкі көнілмен елге айтып жатты. Шапанды жұрт қолдарына алып, кезек-кезек қарап: «Кенеке, шапанының құтты болсын! Жамбылдың енді жасына да жетініз», – десті. Әкем шапанды біраз уақыт киіп жүрді, біраз уақыт кілемнің үстінде ілініп те тұрды. Сонан соң шапанды апам сандыққа салып таstadtы. Арада біраз жылдар өтті. 1945 жылдың 9 мамыры – Женіс күнін тойлап жатырмыз. Қызылжасыл киінген келіншектер ішінде апам Нәсиха да бар, тым көнілді. Ол кездे жас келіншектер кимешектерінің жактауын түрлі-түсті жібек жіптермен немесе алтын түсті зермен





kestelеп, шеттерін ұсақ ак меруерттермен өшекейлейтін. Үлкендер жағы зер жіптің өзімен ғана сыпайы кестелейтін. Осы күні басқа көрші ауылдың қыз-келіншектерінен гөрі біздің ауылдың әйелдері ұлттық киімдерімен де, өнерлерімен де алда көрінді. Жара-сымды киімдері қуанышты шат көнілдерімен астасқан әйелдердің ішінде біздің анымыз Нәсиха тым сұлу еді.

— Нәсиха, бұгін өзінді танымай да кала жаздадым, тым әдемі болып кетіпсің. Әсіресе, мені осы ауылдың әйелдерінің кимешектері мен құндік орастары тәнті қылды, — деді атам. Қасына еркелей келген апам да: «Бұл күнді көп күттік қой, Кенен. Соғыс деген елдің еңсесін басып жіберді емес пе? Бой жазып, рахаттанып қалдық-ау, құдай ұзағынан бергей», — деді. Сол мезгілде: «Ата, мен жарысқа қатынасып, бірінші келіп бес сом алдым», — деді Көркемжан. «Ата, мен де өн айтып, сыйлыққа кітап алдым», — деймін мен. Бәріміз де зор қуаныштымыз.

— Кенен, мен саған көптен жасырып жүрген бір сырымды айттайын деп отырмын. Бірақ Женіс күні ренжітіп аламын ба деп зәрем жок, — деді апам.

— Айта бер, бұгін бәрі кешірімді, — деді атам.

— Осыдан бір-екі ай бұрын сандықты ашып, ішіндең киімдерді күнге жайып, әр нәрсе ойыма түсіп, мұңайынқырап отыр едім, мені көріп қасыма көрші,abyсын-ажындарым, келіндерім жиналышп қалды.

— Женеше-ау, сандықтың аузы ашылды, ішінен жібек шашылды деуші ме еді, қалай еді, мынауының жаксылықтың нышаны болғай. Түү, мына бір шапанның әдемісін-ай, — деді Рахила абысыным.

— Ол Жамбыл атамызың Кененге сыйлаған зер шапаны, соғыс басталғалы ишіна бір де ілген жок, — дедім.

— Радиодан да айтып, газетке де жазып жатыр ғой, Женіс күні жақын көрінеді, біздің әскерлер немістерді өз жеріне қарай қуып бара жатыр екен. Амандық болса, Жәкем бұл шапанды жауды женғен күні тойда киіп, өн салады, — деді Сақыпбала келінім.



— Аузына май, Сақыпбала шырағым. Ондай күн туар болса Кенен киер киім табылар. Одан да сол тойда өзіміз не киіп шығамыз, соны да ойлайық, — деймін.

— Құрысын қу соғыс, жүдеп біттік, жалғыз көйлекті тұнде жуып, құндіз киетін халге де жеттік, — деп мұңайды құрбым Құләнда.

Қой, бұлардың көнілін бір көтерейін деп ойладым да:

— Әй, қатындар, бүйтіп қайғыланған бермейік. Мына Сақыпбаланың айтқанының жаны бар. Елдің бәрі де Женіс күні жақын деп жатыр ғой. Бәріміз де бар көйлектерімізді жөндеп, басымызға кимешек тігелік, оны мына шапанның зерлерінен суырып-суырып алып кестелейік, қалғанынан қыз-келіндерге орамал жасап, кеудеше тігелік. Сөйтіп, біз де тойда жарқырап шығалық. Ал енді шай қойындар, бауырсақ пісірелік, біраз көніл көтерелік, бүйтіп басымыз қосылуды қөптен ұмыттық қой өзі, — дедім. Бәрі де соғыс бүгін аяқталғандай-ақ қуанып кетті. Түннің бір уағына дейін ән айтып, әзілдесіп, бәрін ұмытқандай болдық. Сол бастамамыз жақсылықтың алды болыпты, көп кешікпей-ақ Женіске де жеттік. Бір сенің шапанды жарқыратып киіп шыққаныңнан не шығатын еді? Оның орнына қаншама адамдардың көнілін ауладым. Көрдің ғой біздің ауылдың әйелдерінің түрлерін, — деді апам.

— Е-е-е, Жәкең берген шапанды құрттым десенші, — деп атам біраз ойланып отырды да, — дұрыс істеген екенсін, Нәсиха, бірдің жарқырағанынан жүздің көніліне қуаныш үялатқаныңа ризамын, — деді әкем.

Сөйтіп, ұлы Жамбыл бабамыздың әкем Кененге сыйлаған шапанының зер жібі біздің ауылдың әйелдерінің бойында теберік болып кете барды. Апамың сол зер жіптен тігілген кимешегінің бірі, сарғайып, тозып кетсе де менде әлі күнге дейін сақтаулы. Алты жасымда Жамбыл бабамың шапанына орап алған мені осы уақытқа шейін Жамбыл мен Кененнің рухтары қолдан, коршап жүргендей сезінемін өзімді.



АХМЕТ ЖҰБАНОВ СЫЙЛАҒАН ДОМБЫРА

Әкем Кенен Әзірбаев ойына оралған сазды музыканы дереу домбыраға түсіретін еді. Сондықтан ол қайда жұрсе де өзінің сүйікті домбырасын еш тастамайтын. Атпен жұрсе қанжығасына байлап, машинасымен жұрсе салып алатын. Әкемнің үні күмбірлеген домбырасымен бірге шығатын. Бұл жайында:

*Домбыра қайда барсам тастамаймын,
Ән менен өлең сенсіз бастамаймын.
Екі ішек, он бір перне, бір тиекпен,
Сайрасам қызыл тілім аспандаймын,*

— деген ғой ақын өзінің әйгілі «Домбыра» деген ән-өлеңінде.

Әкем 92 жылғы ғұмырында талай-талай домбыраларға ие болды. Алайда, солардың ішінен үш домбыраны қолынан тастамай, жанындағы сүйіп өткен. Ең алғашқысы өзі жасаған қалақтай ақ домбырасы. Қозы бағамын, кой жаямын. Оларды өріске жіберіп қойып, өзім тастан-тасқа секіріп жүріп, бар даусыммен кен даланы жанғыртып ән саламын. Сонда екі қолым ербендереп, бір нәрсе жетіспейді. Ол домбыра еді, — деп еске алатын ол. Сөйтіп жүріп бір құні жәй ғана ағаштан шауып өзі домбыра жасап, оған ішек тартып, пернелеп, тиек орнатып тартса шінкілдеп болса да дыбыс шығады. Сонымен-ақ шілдехана, тойларға барып, ән айтып, қыздармен айтысып жүріп, ержеткенін де білмей қалыпты.

Ку жоқшылық, әйтеуір, көпке дейін домбырага жарымай-ақ қойдым. Даусым зор, домбырам нашар. Шабан атқа мінгендей өленді қиналып айтамын, — дейтін еді.

Бір құні қатардағы қырғыз бауырлардың ауылына барып түстеніп отырғанда, өзім қатарлы жас қырғыз жігіті күй тартып:

*Мениң атым Төкпе еді,
Төкпе келді төккелі.
Кагылайын жеңеше-ай,*



*Енді мені сөкпелі.
Аламадан ала ариша,
Жүрген жерім тамаша.
Қатар тұрып қызы, келін,
Жүрсек қайтет жсанаса.
Ана таудың көкегі,
Мына таудың көкегі.
Айналайын құрдастар,
Ойнап-құлсек не етеді.
Ана таудың кептері,
Мына таудың кептері,
Қагылайын жеңеше-ау,
Оғып, бұгып ептелі,*

— деп жырды тәгіп отырды. Өлеңді тәгіп жырлағаны үшін ел арасында ол Төкпе ақын атанып кетіпті. Өзінің есімі Сарқұнан екен. Қырғыздар домбыраны қомыз дейді ғой. Қомызына көзім түсіп отырды. Екеуміз айтыса кеттік, біраз сілкілестік. Тағы бір кезек келгенде мен оның қомызының мактап: «дос болайық, осы қомызыныңда маған бер»,— деп қолқаладым. «Құрбым,



астымдағы қасқа атымды ал, қомызымды сұрама», — деп жолатпады. Айналамызда оырган қырғыз-қазақ жігіттері шуылдан: «Комызынды бер, екеуің дос болындар», — деп шулап мені колпаштады. Төкпе лажсыз қомызын маған берді. Қырғыздар қомызына ішекті үш қатарлап тағады ғой, мен оны екі қатарлап тағып алдым да, ән салғанда айызым бір қанды-ау. Денем қызып, терлеп тоқтамастан ағыта беріппін, — дейтін еді.

Қырғыздар да сүйсініп: — Кер жолақ қомыз иесін енді тапты, — десіп жатты. Төкпе сол жерде қомызының тарихын айтты. «Теріскейдің қарағайы түнде сөйлеп, күндіз шықпайды, күнгейдің қарағайы күндіз шығып, түнде сөйлемейді. Ал қыр, жотага біткен қарағай күннің көзі шыққаннан батып кеткенше басынан күн кетпейді. Шын басындағы осындағы қарағайдан кесіп алып келіп, ыстық суға үш қайтара қайнатып, шаптым. Күнге тастасаң — қаңсымайды, су тисе — су сіңбейді. Күндіз-түні бірдей сайрайды. Кененім ырысын бар екен. Енді саған құт болсын бұл қомыз. Сайрай бер!», — деді. Сол күннен бастап Төкпемен достығымыз үзілмеді. Оның әндерін мен айтып, менің әндерімді ол айтып, өмір баки сыйласып өттік. Кейіндері сол домбырамды жоғалтып алғаным есіме түссе, осы күнге дейін өкінемін деп отыруши еді әкем.

1959 жылы республикамыз ақынның 75 жасқа толған мерей-тойын өзінің туып-өскен жерінде Жамбыл облысы, Кордай ауданы, С.М.Киров атындағы колхозда (казіргі Кенен ауылы) аталып өтті. Той халық мерекесіне айналды. Туысқан Өзбек, Қырғыз елдерінен ақын, жыраулар, небір әнші, күйшілер күйін төгіп, ақындар айтыска шыкты, қызған сәйгүліктер ат жарыс, тай жарыс, құнан жарыстарға түсті. Тойды Сәбит Мұқанов бастаған облыс, аудан басшылары үйымдастырыды. Ғабит Мұсірепов бастаған ақын, жазушылар, Ахмет Жұбанов бастаған әнші, күйшілер, өнер адамдары тойдың күрметті қонақтары болды. Ат мінгізіліп, шапан жабылып, әкем үлкен құрметке бөленді.

Окімет тарапынан мақтау грамоталар, орден тапсырылды. Осы тойда қайталанбас өнер майталманы, ірі қоғам қайраткері,



академик Ахмет Жұбанов: «Кенекемнің тойы үлтаралық достықтың, өнердің тойы болды. Бір кезде байдың қойын бағып, анадан ерте айырылып аспандағы бозторғаймен мұндасып налып өсken Сіз, енді міне, халқымыздың сан қырлы өнерпазы болдыныз. Сіз әлі де бір емес, бірнеше «шабары» бар тарлансыз. Сіз әлі де талай өнер бәйгесіне түсіп, талай жүлдені алатын өнерпазсыз», – деп, КР Композиторлар одағы атынан домбыра сыйлаған еді. Мына бейне сол күні түсірілген. Сол домбырамен сол күні ел құрметіне, бақыт құшағына бөленген карт ақын:

*Бағалады партия алып еске,
 Кос орденді қадады кәрі төске.
 Ардақты елді аралап ән сап жүріп,
 Келгенімді білменнің жетпіс беске.
 Сайра тілім,
 Шырқа үнім,
 Отан үшін сайрай бер,
 Алмай тыным!*

– деп Отанға, партияға, халқына алғысын жеткізген «75-ке» немесе «Сайра тілім» деген әнін шырқағанын көзіммен көрген перзенті едім. Осы күннен бастап Ахмет Жұбанов сыйлаған домбыра әкемнің қалған өміріндегі жан серігі болды. Өмірден өткенінше домбыраны қолынан бір түсірmedі (анығы 17 жыл).

Осы домбырамен «Мен сүйемін халқымды», «Жайнады тыным, жайнады», «Айға үшқан ақиық», «Туған жер», «Жаса Қазақстан», «Қазақстан аймағы», «Келінжан», «Қайран жастық», «Домбыра», тағы да басқа көптеген әндерін шырқап, еліміздің түкпір-түкпірінің бәрін аралады. 1960 жылдың тамыз айында Мәскеуде өткен шығыстанушылардың бүкіл дүниежүзілік XXI Конгресіне қатынасып эпос кешінде әйгілі «Кобыланды батыр» жырының ең гажап көркем жері «Тайбурылдың шабысын» осы домбырамен кемеліне келтіре орындалап, Мұхтар Әуезовтің зор құрметіне ие болған-ды. Әкем: Айналайын Ахмет өнер адамы ғой, оның үстіне оқыған, білімді



жампозы еді. Зады осы домбыраны менің үніме сай етіп жасатқан болуы керек. Қалай бұрасам да даусыма сай келеді. Мені шабыттандырады. Қолыма алғаннан ерекше құйге бөленемін, – дейтін еді.

Бұл күнде сол Ахмет Жұбанов сыйлаған домбыра да, алғашқы өзі жасаған қалақтай ақ домбыра да екі өнер тарландының көзіндегі болып ақын мұражайында сақтаулы түр.



«БҰЛ ҚАЗАҚ СЕНДЕЙ ҰЛДЫ АРМАНДАҒАН

Халық құрметіне боленген Кенендей өнер иесін дәл тани білген, оның еңбекінің халыққа мәлім болуына аянбай атсалысқан «Кенен аға» деп барынша сыйласп өткен халқымыздың біртуар ұлы Дінмұхамет Ахметұлы Қонаев екендігін әкем зор ризашылықпен айтып отыратын.

Мен Дінмұхамедтің мәдениеттілігі мен иманжүзділігіне, ізеттілігіне тәнтімін. Оның қабылдауында көп болдым. Қашан барсам да келіп отырғанымды естісімен кезек күттіртпей шакырып алатын. Қанша барсам да, қандай да бір қызын жұмысқа көмек сұрасам да бетімді қайтарып көрген емес. Әсіресе, көптін, елдің тілегімен келген де ерекше көніл бөletін. Сол кездесулердің екеуі менің есімде қалыпты.

1956-1957 жылдары болуы керек, біздің Қордай өнірінде кішігірім бірнеше ауылдар біріктіріліп (ірілендіріп) Киров колхозы деп аталады. Сол жылдары Жазушылар одағы қомақты қаржы бөліп, колхоз орталығынан әкеме жеке үй салып берді. Алғашқы жылдары ауылымызда жарық болмай, су жетпей біраз



киыншылықтар болды. Әсіресе, ауылшаруашылық техникалары жетіспей, бар тірлік қолмен жасалынып, еңбекшілер колхоз жиналыстарында мұны айтып та жүрді. Д.А.Қонаевқа барып көшпіліктің осы тілегін айтқанда, айналасы бірер күннің ішінде колхозымызға бірнеше комбайн, трактор, жүк машиналары келіп, ел қуанышында шек болмапты. Арада біраз жылдар өтті. Колхозымыз гүлденіп, жоспарды артығымен орындал, «Көшпелі Қызыл Ту» алып, аудан, облыс көлемінде абырайға ие бола бастадық. Білімді, тәжірибелі мамандар келіп мәртебеміз биіктей түсті. Осы жағдайды көре алмаған қара ниет біреулер ауыл басшыларының үстінен арыз жазып тексеріс басталды. Олар аздаған кемшіліктерді «таудай» етіп көрсетіп, бір топ жігіттер «тепсе темір үзер» шақтарында қамауға алынды. Мұндай сүмдүқты бұрындары көрмеген ел-жұрт зар қағып жылап әкеме келетін еді. Ол жігіттердің көбі әкемнің көз алдында өскен, адал азаматтар.

— Ішім удай ашып бүл жерде бір түсініспестіктің болғанын, жаланың көп орын алғанын іштей сезем де, Д.Қонаевқа барып айттым. Көніл қойып тыңдаған ол қайта тексертіп, көбі акталағып аман-есен елге келді, — дейтін еді әкем.

Бүл күнде сол Киров колхозы Кенен ауылы делінеді.

Осы колхозда әкемнің 75, 80, 90, 100, 125 жылдық тойлары аталағынып өтуде. Әсіресе, 100 жылдық тойында (1984 ж.) Д.Қонаев келеді екен деп естіп, ел-жұрт көп күттік. Алайда, «Барғызбасың барғызбас» дегендей, катты науқастанып келе алмай, хат жолданпты. Онда:

«Қымбатты Кенен ага!

Халқымыздың аты әйгілі, сүйікті ақыны, композиторы, дана Жамбылдың шәкірті және серігі Сізді торқалы тойыңызбен, әрі еліміздің ең жогары наградасы – Ленин орденін алуыңызбен шын жүректен құттықтаймын.

Сіздің жалалынды сөздеріңiz Қазақстан гана емес, онан тыс жерлерге де кеңінен мәлім. Олар адамды даналық пен ұшқыр ойга, үлкен толғанысқа, терең сезімге бөлейді. Жұртшылықтың зор

ӨКЕ РУХЫНА ТАҒЗЫМ



сүйіспенешілігіне ие болған тамаша ән-жырларыңызда жастық оты, қажымас қуат бар. Әлеуметтік ауқымы кең, талантты творчествоңыз бәрімізге де қымбат. Өйткені, ол туган халқымыздың өміріне тамырын терең жайған, соган адаптың етеді.

Қымбатты Кенен ага, Өзіңізге шын жүректен мықты денсаулық, зор бақыт және творчестволық жаңа табыстар тілеймін!» дедінген.

Риза болып «Димашқа» деген ұзак өлеңімді арнадым.

*Аралап дүниені атым кетті,
Туган ел мені жастай ақын етті.
Тоқтамай тоқсанға да келіп жеттім,
Дүниеге ашып қойып көкіректі.*

*Талай жыл заман мені еркелетті,
Ер етті, ел бастайтын серке де етті.
Тоқсанның торғынына оранғанда,
Димашжан, сенің жазған хатың жетті.*

*Тірілдім, өлім жақын еді маган,
Тірлікте сені мият тұттыым, балам.
Сен менің Алатауым арқамдагы,
Сен барда соқтайды ажсал әзір маган.*

*Сен барсың көңілімде шалқып күлсем,
Мен бүгін сен деп кірем дуга кірсем.
Ақылашым, азаматым қазақ атын
Әлемнің төбесіне шыгардың сен.*

*Көрген жсоқ қорқып сенің жаудан бабан,
Қияды қыранға да таңданбаган.
Білемін аргы-бергі заманда да
Бұл қазақ сендей үлді армандаған.*



*Мың жаса, мейірімді жарқын ұлым,
Басыңан бір кеппесін алтын күнің.
Сенімен елдің туы биқтейді,
Бақытын көрді көзбен халқың бүгін.*

*Жақсының жолдастымын, серігімін,
Бар қазақ бауыр санар сені бүгін.
«Жортқанда жолың болсын» асыл перзент,
Кұшақтап сүйдім бүгін сені ұлым.*

*Нарым дең мадақтаймын мен де сені,
Қырандар аспанда емес, жерде өседі.
Түсінем, Димаш, қалқам сен болмасаң,
Кеудеме күн шуагы енбес еді...*

*Асылым, жұлдызыңды анықтадың,
Мені де алыстарға алып бардың.
Партия, лениндік политбюро
Ойлайды күндіз-түні халық базын.*

*Бәрі де аяулы ұлым сенің арқаң,
Атыңа тезірек мін, Димаш, қалқам.
Төбесін бір көрсетіп кетеді дең,
Кордайда күтіп отыр Кенен атаң.*

*Ән салып, еркіндете, дабылдата,
Келіп тұр кемеліне Кенен ата.
Жақсының жсан жолдасы, адал жары,
Зухра келініме бердім бата.*

*Батпасын ешқашан да уақыт тісі,
Зухрам бақыттының бақыттысы.
Екеуің қол ұстасып жұз жасаңдар,
Кеппесін бастарыңнан бақыт құсы.*



*Қордайдың бір той өттің дүрілдеген,
Қайтадан атқа міндім бүгінде мен.
Бәрі де ел мерейі, Димаш шырақ,
Айналдым дидарыңдан күлімдеген.*

*Караймын ажарыңа жарқылдаған,
Ел үшін қызындықтан тартынбаган.
Аман жұр, жер бетінде асыл ұлан,
Бола бер өзің де аман, халқың да аман.*

*Мен бүгін асып тұрмын кемерімнен,
Кол бүлгеп тұргандайсың сен өрімнен.
Той болды бұрын қазақ естімеген,
Той болды, Димаш, сениң дегеніңмен.*

*Ат шапты, балуандар да сынга түсті,
Көңілім көкке шықты, құстай үшты.
Кенен қарт бозбала боп қайта түлеп,
Өмірім жастық шақты қайта құшты.*

*Конды гой бақыт құсы басыма кеп,
Әзірмін ән салуга қасыңа кеп.
Мен саган тоқсанымды бердім, ұлым,
Жүрт үшін Жамбылдың да жасына жет,*

— деген. Осы өлең бұл күнде Д.Қонаев мұражайында ілулі түр 1984 жылы әкеміздің 100 жылдық мерейтойының құрметіне Республика сарайында жиын өтті. Жиынға Дінмұхамет Қонаев бастаған бюро мүшелері қатынасты. Ақыық ақын Олжас Сүлейменов сөз сөйлеп: «Еще юношей Кенен Азербаев в совершенстве овладел лучшими традициями народной казахской поэзии, стал соратником великого Жамбула, а затем его продолжателем. Поэзия Кенена Азербаева — своего рода поэтическая летопись казахского народа», — деген еді.

Сол жолы президиум алқасында мен де отырдым. Бәріне сәлем бердім. Сөз соңына таман той иесі өкемнің үрпактары



атынан сөз беретін шығар, рахмет айтуым керек шығар деп өзімше даярланып отырдым. Алайда, маған сөз берілмеді. Мен де үндемей қалдым. Сондағы айтайын дегенім, әкемнің «Сайра тілім» деген өнімен:

*Деуші еді мені әкем Төрткенім-ай,
Өзіңді аңсан жүріп өпкенім-ай.
Куанышты құндердің әсерінен,
Байқамаптың ақын бол кеткенімді-ай.*

*Берілді еңбегіңе әділ баға,
Бөленді ән мен жырга қала, дала.
Партия өнерлінің бағын жасаққан,
Мың жасаса қамқоршымыз Димаш ага!*

*Әнге бөлең әкеміз елін сүйген,
Жеткенінше қуаты қызыл тілдің.
Жиналган осы тойға баршаңызға,
Атынан ұрпагының басымды идім.*

*Сайра тілім,
Шырқа үнім,
Отан ушін сайрагын
Алмай тыным – демекші едім.*

Бұл өлеңімді Кордай өнірінде өтілген тойда орындағаныммен, Д.Қонаевтың алдында айтпағанымда осы күнге дейін өкінемін.



КЕНЕН МЕН БАУЫРЖАН

2001 жылдың күз айынын бірінде Н.Байырбек деген журналист сіңлім сәлем бере келіп, қуанышты хабар өкелді. «Төрткен өпке, жақында біз Кенен ата өмірден өткенде Халық қаһарманы, батыр ағамызы Бауыржан Момышұлының өз қолымен жазған жеделхаттың көшірмесіне кол жеткіздік. Қуанышымыз да шек болмай, соны Сізге жеткізгенше асықтық», — деп, қолыма тілдей қағазды ұстата берді.

Онда: «Кенен ағамның қайтыс болғанын естідім. Қазақ-қырғыздың айбынды әншісі, ақыны, ардагері әрқашан да халқымыздың есінде қалады. Інілік ретінде бала-шаға, немере, шөберелерінін атынан жаткан жерініз торқа болсын деймін. Бауыржан Момышұлы 13.04.78 жыл» деп жазыпты.

Әкем өмірінің соңғы 20 жылында өмір сүрген Жамбыл облысы, Қордай ауданы, қазіргі Кенен ауылында ақынның мұражайы бар. Колданған заттары, қой бағып жүргенде өзі жасаған кішкентай домбырасы, қырғыздың манабы Шабданың асында сыйға алған күміс кемер белдігі, тіпті Базар мен Назарды ойнатқан тобылғыны тізіп өзі жасаған сылдырмағы, кітаптары, хаттары тағы да басқа, қысқасы оның өміріне байланысты



көптерег бүйымдары сонда сақталған. Алайда, Бауыржан ағаның мына хатын көрген емеспін. Жақсы болды ғой деп, көп-көп раҳмет айтып тарасқан едік.

Кенен мен Бауыржан әрі туыс, әрі жерлес, екеуі де Жамбыл облысынан шыққан ірі тұлғалар. Кенен Жаныстан шықса, Бауыржан Шымыр, бірін-бірі аса сыйлаған жандар. Батыр аға әкеме еркелегісі келіп, құшағына енетін. Бірде ақынның үлкен ұлы Көркемжан әскерге кетіп (1964 жылдың жазы еді), жастары келіп қалған әкем мен аманың жадап-жүдеп жүрген кезі. Біздің үйге Бауыржан аға сәлем бере келді. Жанымыз қалмай сыйлап жатырмыз. Амандақ-саулық сұрасып, шәй ішіп, біраз дем алған соң батыр аға төрде ілулі тұрған тұлқілердің терісіне көзі түсіп, ұзак қарап тұрды да: «Ойпырмай, Кенеке, мынауыңыз кәдімгі көрме ғой, өздері алуан түрлі екен. Әсіресе, мына бір қызылы көздің жауын алады. Мұның бәрін қалай соғып алғансыз?», — деп әзілдеп, құле қарады. Әкем де қасына жақындей келе: «Мениң аңшылығыма қызығып тұрсың ба? Олай болса, осы көзің түсіп тұрған қызыл тұлқіні сен ал», — деп иығына салды.

«Бірақ мені шымшымай сөйле. Мен аңшы емес, әншімін. Мынаның бәрі сол нағыз аңшылардың маған байлаған олжалары ғой», — деп күлді. Сөзінің астарын түсініп қойғанына риза болған батыр аға жалт қарап, ақынды құшактап, сүйді де: «Ал енді мен қайтайын. Көркемжаның аман-есен келеді, уайымдаманыз. Қайта ол жактан ысылып келеді», — деп жүріп кеткені бүгінгідей көз алдында. Қандай жарастықты көрініс еді. Қайталанбас осы сәтті суретке түсіріп алу деген ойымызға да келменті. «Қолда барда алтынның қадірі жок» деген осы да. Журналистер одағының мүшесі, жазушы А.Ормантаев бауырымыздың «Батыр мен абыз» деген естелігінде Бауыржан ағаның: «Ән мен жырдың, бұлбұл сөздің генералы деп Кенекенді айт. Әнді нақышына келтіре орындау тек шын талант, талант ғана емес-ая, туабіткен дарын иесінде ғана болса керекті. Шіркін, қуантса шын қуантатын, жылатса шын жылататын Кенекенің әндері-ай. «Базарым-ай, Назарым-айды» шырқа-



ғанда қалай шыдарсын. «Көкшолағын» тындағанда қалай желпінбейсін», – дегенін оқыған едім. Ал қазір сол батыр ағаның сондағы сөзін, Кененге деген ой-пікірін өз аузынан естігенімді, өзіме бата бергенін мактанышпен еске аламын. Бұл 1981 жылдың жазы еді. Бауыржан ағаның жанұясымен көптен араласып жүретін құрбым Жанарқұл мен Алтынбектің тұңғыш қыздарының ұзату тойына бардық. Сонда төрде Бауыржан аға отыр екен. Біз тойға кешігінкіреп бардық та, тәменгі бос орынға отыра қалдық. Бір кезде асаба: «Арамызда асылдың сынығы Кенен атамыздың қызы Тәрткен отыр», – дегені сол еді, батыр аға зор дауыспен: «Қайда ол, қайды, Кенен ағамның қызы?» деп орнынан тұрғанда, зәрем кетті, касына қалай жетіп барғанымды білмей қалдым. «Қазір енді неге сөлем бермедін» деп сөгеді-ау деп те қысылдым.

Жоқ, аға керісінше, менің мандайымнан сүйіп, жолдасым-ның қолын алып, касына отырғызыды. Асаба тоқтап қалды.

– Өкенің әндерін түгел білесін бе? – деп сұрады Бауыржан аға.

– 50-60 әндерін тікелей өзінен үйрендім, аға, – дедім.

– Маған қазір Кенекемнің «Келінжан» деген әнін айтып бере аласың ба? – деп сұраулы көзben карады.

– Мен қолыма домбыраны алғанда, жалт етіп, асқан ризашылықпен қарағаны, орындаған әнімді беріле тындалап отырғаны көз алдынан кетпейді. Ән аяқталғанда аяулы адамын есіне түсіріп, көзіне жас алған батыр аға: «Менің қөnlімді босатып жібердің ғой, шырағым. Кенекемнің әндерін канша естіп жүрсем де қөnlімнен шықпаушы еді. Даусынның әйелге тән жінішкелігі болмаса, иірімдерін жақсы-ақ келтіреді екенсін, раҳмет! Бақытты бол! Шіркін, Кенен аға! Ол ән мен жырдың генералы еді ғой» дегені әлі есімде. Бауыржан ағаны соңғы рет көріп тұрғанымды ол кезде, әрине, сезгенім жок.

– Алайда, әкемнің атын ести сала, мені жылды қарсы алып, тілегін орындалап, батасын алғанымды мақтан етемін, ешқашан ұмытпаймын.



КЕНЕҢ МЕН МҰХТАР

1960 жылдың маусым айының әдемі бір күнінде есік алдына женел машина тоқтай қалды. Ол кезде мен тұрмыс құрганмын, мұғалімнің жазғы 48 күнгі демалысында балаларыммен бірге, әкемнің қасында болушы едім. Әкем мен анам Нәсиха, бәріміз далада әр түрлі шаруашылықтармен айналысып жүр едік. Машинадан маңдайы жарқырап, шашын сөл сипап Мұхтар ага түсіп келе жатыр. Қасында Валентина жеңгеміз бар. Сөл жынысып әкеме қарай бұрылды.

Мұхтар аға келді деп айғай салдым. Әкем балаша қуанып құшақтай алды.

— Япырмай, жыл құсындай қайдан келдін, шырағым, — деді.

— Кенеке, әр нәрсениң сәті бар ғой, талай-талай шақырсанызы да келе алмай жүруші едім, бүгін шақырмай-ақ келіп тұрмын, айып етпеніз, — деді Мұхтар аға.

— Шырағым-ай, о не дегенің, сенің келгенін бір мен емес, елге той емес пе, сенің жүрген жерінің бәрі құт емес пе, — деп, әкем жан-жағына қарап, қалбалактап қалды.

— Кенеке, сіз көп әуре болмаңыз, асығыспын. Ауылыңыздың тұсынан өтіп бара жатып, сәлем беріп кетейін деп бұрылдым. Қырғыздың Шолпанатасында менің саяжайым бар, соған барып біраз тынышып қайтсақ деп едік, — деді.

— Сені жолыңнан кім бөгесін, шырағым, бірақ жаманды-жақсылы мен де бір ағанмын ғой, бір марқаның басын жеп кетерсін, — деді.

Мұхтар аға жайғасып әкемнің арқасын ала құшақтап қасына отырды. Сол кезде колхоздың әр түрлі шаруашылығында қызмет ететін інілерім Көркемжан мен Бақытжан да келіп, ауыл басшылары, ел-жүрт жиналып, Мұхтар ағаға сәлем беріп, үйіміз у-шу болды да кетті. Куанышымызда шек жоқ, аякты қойып, «төбемізбен» қызмет еткеніміз өлі есімде. Эне-міне, дегенше, марқа да сойылды, дастархан да даяр болды. Сөзден сөз шықты. Мұхтар ағаның сұрауымен әкем әңгіме, ән өленді



бірінен соң бірін ағытты-ау дерсін. Мұхтар ағаның өзі уақыттың қалай өтіп кеткенін де білмей қалды. Сол күні қонды. Екі өнер адамы бірін-бірі қалтқысыз түсінісіп, еркін әнгімелесті. Таң атпай ел-жұрт қайта жиналды. Ауыл басшылары, азаматтары тік тұрып қызмет көрсетті. Куырдақпен шай ішілді. Аттанып тұрып Мұхтар аға: «Кенеке, сый-құрметінізге көп рахмет. Мен сізді енді түсіне бастағандаймын. Бұдан былай жиі-жіе байланыста болуға тырысайық. Тым болмаса қалаға келген кезінізде хабарласып тұрыныз», — деп жиналған жұртпен қоштасып жүріп кетті. Ауыл адамдары Мұхтарды қөргендеріне дән риза болып: «Кенеке, сізді берген құдайдан айна-лайық, сіз болмасаңыз бұл ауылға Мұхтар қайдан келсін», — десіп жатты. Мұхтар ағаны шығарып салған соң, жігіттер жиылмай қалған дастарханға қайта оралып, бәрі Мұхтар ағаның қымыз, шай ішкен кеселеріне таласып, бірі отырған орнына таласып, ұлы адамнан қалған дәм ғой деп бауырсақ, тәттілерден ырым қылып балаларына алып жатты.

Сол жылдың (1960 жыл) тамыз айының бас кезінде Мұхтар әкемді Алматыға шакыртты. Мұхтар аға, Ісмет Кенесбаев, Мұсілім Базарбаев, тағы басқа бір топ ғалымдар ортаға алып, Мәскеуде шығыстанушылардың бүкіл дүниежүзілік XXV конгресі болатынын, соған Қазақстан делегациясы құрамында Кененнің де баратынын айтты. Ондағы басты жұмысы бүкіл дүние жүзі ғалымдарының алдында қазақтың ән-өлеңдерін айтуғана емес, халықтың эпостық жырларымен таныстыру қажет екендігін түсіндірді.

— Көп тындалап, аз сөйлейтін Мұхтарым бір кезде: «Кенеке, осы «Қобыланды батыр» жырындағы Тайбурылдың шабысын сипаттаған жері бар ғой, соны білесіз бе? — деді. Үнемі орындалап жүрмесем де, бұл жырды білемін, — дедім. Қуанып кетті. Ақылдаса келе Тайбурылдың шабысын айтатын болып, даярлық жұмысына кірісіп те кеттік. Сәнді ұлттық киім тіктіріп, домбыра жасатып, менің алаңсызы тынығуыма, даярлануыма жағдай жасады. Құніне неше келіп, киімдерді кигізіп, орындастын әнжырымды тындалап, бәйгеге қосатын жүйріктей баптағандарын



қалай ұмытарсың. Мәскеуге де келдік. «Алуан-алуан жүйрік бар, өліне қарай шабатын» дегендей-ақ, сахнаға шығатын күн де келіп жетті. Менің алдында өнер көрсеткен қырғыздың манасшысы Саяқбайдың, өзбек шайыры «Алпамышты», түркпен бақшысы «Көрүғлыны», тағы да басқа елдердің өнерпаздарының көшілік алдындағы жүріс-тұрыстары, өздерін көрсете білулері маған қатты әсер етті, арқам қозып қызыға түстім. Мен бұлардан да асып түсуім керек деген үлкен талпыныс, намысым жан таптырмады. Сахнаға шығып, басымды иіп, үн шығарған кезде-ақ екі жауырынымның ортасы мен мандайымнан тер бүрк ете қалды. Денем ысып кетті. «Е... е... аруақ! Қолдай гөр мені, қалың елімнің, Мұхтардың сенімінен шығара көр...» деймін ішімнен. Тайбурылдың шабысын айтып біткенімде өн бойымды сел-сел тер басып кеткен, көзім түк көрмейді, шапалақтан құлақ тынады. Тек екі көзі айнадай жарқырап, керемет бір ризашылықпен маған қарап қол соғып тұрған Мұхтар көзге түскенде ғана ес жиғандай болдым деп еске алатын еді өкем.

«Конгресс сонынан Мұхтар маған арнап той жасады. Той дастарханының үстінде Мұхтар мені құшақтап тұрып «Кенеке, мен Сізді осыған дейін анық танымаған екенмін, тек өнші ғана ма деуші едім. Сіз күміс көмей өншілігініздің үстінеге өрі ғұлама жырау, әбжіл шешен, байтақ шежіре екенсіз. Халқымыздың аяулы өнерін шетжүртқа жеткізе білген таланттыңызға дән ризамын...» дегені бүгінгідей есімде. Төбем көкке жетіп, бойымды бір сезім билегендей болды. Домбырамды қолыма алып:

*Жігітісің Арқаның,
 Абай ақын дарқаның.
 Сырласып қалқам өзіңмен,
 Қөп құмардан тарқадым.
 Алыс шабар тұлпарым.
 Кырымнан келер сұңқарым.
 Бірге болып Мәскеуде
 Осы сапар байқадым.*



*Абайды жазып шыгардың,
Қарамай пәлен дегенге.
Қырандай қағып қанатты,
Ой жібердің тереңге.
Қазагымды таныттың,
Біле бермес әр елге
Азығы болып халықтың,
Абайың жүр жер-жерде.
Әлем саган бас иеді
Әуезұлы дегенде...*

— деп мен де риза көнілімді білдіре, 1960 жылы «Абай жолы» әпопеясы үшін Мемлекеттік сыйлық алғанда Мұхтарды құттықтап шығарған «Мұхтарға» деген өлеңімді орындан бердім.

Алайда, біздің таныстығымыз, шығармашылық байланысымыз бір-ақ жылдай болғаны қандай өкінішті. Кімнің кім екендігін терең түсіне де, тани да білетін арысынан тез айырылдым ғой деп асқан қимастықпен есіне алып: Қайран Мұхтар! — деп күрсініп, көзіне жас алып, өзін-өзі токтата алмай қалатын кездері жиі болып тұрушы еді.

2009 жылы әкем Кененнің 125 жылдық мерейтойы республика қөлемінде аталынып өтті. Осылан орай әкемнің жастау кезіндегі үні бар ма екен деген оймен біраз архивтерді араладым. Сол жолы Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының архивінен (ол кездегі институт директоры С.Қасқабасов бауырымның көмегімен) М.Әуезов дүниеден өткен кездегі әкемнің тебірене отырып орындаған «Қайран Мұхтар!» деген жоқтау өлеңін, Сүйінбай мен Тезек төренің айтысын, тағы да басқа туындыларын тауып көшіріп алдым. Бұларды «Қосылған қоңыр қазға ән мен үнім» атты альбом-диск шығарып, соған костым. Мұхтар ағаның туысы болып келетін Алқан деген кісіге көніл айта отырып, ұзак жырлапты. Қыскартып жариялад отырмын.



ҚАЙРАН МҰХТАР!

*Мезгілсіз кетті-ау ерте Мұхтар бауырым,
Атагы дүниеге шыққан бауырым.
Біреуі торт тіреудің сынғандай боп,
(Мұхтар, Сәбит, Габит, Габиден)
Көз жасын халық шулап, сыйқан бауырым.
Шіркін-ай Мұхтар деген артық еді,
Жүрісі тұрысы да тәртіп еді.
Абайды жазып, міне, жастайынан,
Көңілі қорғасындаи балқып еді.
Ленин, Сталиннің бәйгесін алтып,
Жер жузіне жайылған алтын еді.
Сол алтыннан айырылып қазақ халқы,
Әнеки, жер астында жатыр енді.
Шіркін-ай кеттің ерте Мұхтарым-ай,
Шың басына шынардай шыққаның-ай.
Шығыстың барлық тілін, тарихымен,
Халыққа талай айтып ұққанын-ай.
Былтыр Мәскеу барғанда, конкурста,
Мені де, құрметтеп, тұтқанын-ай.
Ал енді сол Мұхтардың орнын басқын,
Жас бала, талапкерлер бұтагым-ай.
Бір күн жолдас болғанга 40 күн сәлем,
Жатқан жерің, шіркін-ай, торқа болсын,
Асылдың Мұхтар сынды мұқамын-ай
Дейді, дейді, дейді-ау,
Бір күні ажсал жеиді-ау, — деп жоқтапты.*

Сөз соңында айтарым, әлем сүйген, елінің, халқының мактанышы болған Мұхтар Омарханұлы Әуезов Кенен өмірі мен шығармашылығынан да қомақты орын алғандығын айту еді.



САҒЫНЫП КҮТІП ЖҮРЕМ СӘБЕНІМДІ

*Сәбитпен достығымды кім білмейді,
Кейбіреу ашық айтпай күбірлейді.
Алты жыл ауырганда атсалысқан,
Жүректің ыстық қаны үзілмейді,*

— деп әкем Кенен Әзірбаевтың өзі жырлағандай-ақ, мен Сәбит Мұқанов ағаны жасымнан көріп өстім. Бәрі бүгінгідей есімде. Әкем 1952-1957 жылдар аралығында қатты ауырып жатып қалды. Ол кезде біз Отар станциясында тұратын едік. Тұрмысымыз да нашар. Соқпадан салынған қоржын бас тамда тұрамыз. Тамағымыздың негізі ет пен сұт. Әкемнің бұл науқасы анам Нәсиха мен әжеме және балалардың үлкені маған қатты батты. Әсіреле, 9-сыныпты бітіргеннен кейін жазғы демалыс мен үшін өте ауыр мезгіл болды. Осы жазда әкемнің науқастығы аз болғандай бірі екіде, екіншісі бес жастағы сінлілерім Ақтамақ пен Ақбілектің көздерін ак басып ауырып, анамның





олармен бірге ауруханаға жатуына тұра келді. Әжем оларға тамақ апара жатып, тоқтап тұрған пойыздың астынан өте бергенде басына вагонның үшкір темірі кіріп кетіп, ол кісі де ауруханаға түсті. Інім Қөркемжан ойнап жүріп құлап, қолын сындырды, жалғыз қалдым. Ағайын-туғандардың көмегімен тірлік етіп, жаз да өтті. Алматыда №12 мектепте окушы едім, бара алмай, үйді тастап кете алмай қиналдым.

Бір күні, күндіз әкемнің басын үқалап отыр едім, есіктің алдына женіл машина тоқтады. Ішінен орта бойлы, толықтау, басына тақия киген Сәбит аға түсті. Тани кеттім. Ол кезде С.Мұқановтың «Жұмбак жалау», «Адасқандар» деген шығармаларымен таныспын, «Ақ аю» поэмасын жатқа да білетін кезім. Әкеммен ұзак әңгімелесті, үй-жайымызды барлап, қораға дейін аралап, жағдайымыздың мәз емес екендігін түсінгендей болды.

— Кенеке, Жазушылар одағының да, Композиторлар одағының да мүшесісіз. Сізге барлығы көмектеседі. Босқа өлетін болыпсыз, қалаға алып кетемін, ауруханаға жатып біраз емдел, демалыс орындарына бару керек, тынығу керек, — деді Сәбит аға.

Әкем:

— Шырағым, Сәбит, көп рахмет! Мені орныман қозғамай-ақ қойындар. Қалаға жететін түрім жоқ, жүрегім қысылып, басым айналып тұрады. Сенен көптен-көп сұрайтыным, мына менің Төрткенім окуынан қалып барады. «Базарым-ай, Назарым-ай» деп жылап жүргенде көргенімді өзің жақсы білесін. Құніміз осыған қараған соң не дерсің енді. Мектептен шығарып жіберетін болды деп жылап бітті, — деді.

Сәбит аға маған қарап:

— Қайда оқитын едін Төрткен, — деп сұрады.
— Алматыдағы №12 қазақ орта мектебінің 10-сыныбында, — дедім де жылап, қашып кеттім.

Аға: «Жарайды бастықтарыңа айтармын», — деп жеңіл ғана шай-пай ішіп, қоштасып жүріп кетті. Бірнеше күннен кейін анам қыздарымен ауруханадан шығып келіп, мәре-сәре болып





жатқанымызда бір топ дәрігерлерімен Сәбит аға тағы келді. Дәрігерлер өкемді өбден қарап, жүйкесі шаршаган, бір нәрседен қатты қорыққан деп тапты. Неше түрлі дәрі беріп, тыныштық сақтауымызды талап етті. Тұрған жеріміздің ауа райының бұл кісіге жақпайтынын, тау сағасына барып демалуын, мүмкіндігінше коңыс аудару қажеттігін ескертті. Осы жолы Сәбит аға мені өзімен бірге алып кетті, мектебіме ертіп барып, интернатыма орналастырыды. Кетерінде Сәбит аға: – Төрткен, сабағынды жақсы оқы, еш нәрсе ойлама, бәрі жақсы болады. Мынау біздің үйдің телефоны, мынау жұмысымдікі, ұялмай хабарласып тұр, – деді.

Келісімен Сәбит аға Қонаевқа хат жазған.

**С.МУКАНОВ – Д.А.КУНАЕВУ
Председателю Совета Министров Казахской
ССР тов.КУНАЕВУ Д.А.**

Мы с Вами хорошо знаем, что одним из выдающихся представителей казахского народного творчества является наш современник Кенен Азербаев, который живет на станции Отар, Красногорского района, Джамбулской области. Недавно я посетил его дом и видел его крайне тяжелое положение: во-первых, он старый и больной, не годен к труду, во-вторых, у него в семье нет рабочего человека: мать старая, жена – больная, дети – маленькие (их четверо), в третьих, кроме 300 руб. пенсии нет никаких доходов, нет скота.

Таким образом, эта большая нетрудоспособная семья живет в полуголодном состоянии. Были разговоры о том, якобы Азербаев страдает психической болезнью. Это – сущая ерунда. Он находится в здоровом уме, но только тяжело болен: слабое сердце, сильный ревматизм ног. Необходимо помочь этому чудесному акыну и композитору нашего народа. Я предлагаю следующее: 1) Издать плану 1955 года однотомник его избранных песен и поэм в Казгослитиздате. 2) 1955 году издать однотомник нот с текстом сочиненных им песен, который подготовлен к печати композитором

ӨКЕ РУХЫНА ТАҒЗЫМ



Ерзаковичем по линии издательства Академии наук Казахской ССР. 3) Повысить ежемесячную пенсию до 600 рублей, на что имеет право как выдающийся представитель народного искусства. 4) Выделить ему квартиру в Алма-Ате на постоянное жительство. 5) Послать на курорт, на лечение, за счет государства. 6) Ему в этом, 1955 году исполняется 70 лет со дня рождения 50 лет творческой деятельности. Надо отметить этот юбилей и все вышеуказанное увязать с этим мероприятием. 7) Присвоить ему звание народного композитора, на что он имеет право как автор десятков мелодий, любимых народом, распространенных по всему Советскому Союзу. По всем этим вопросам необходимо принять специальное постановление Совета Министров Казахской ССР.

**Депутат Верховного Совета Казахской ССР
(С.МУКАНОВ).**

18 апреля, 1955 года. г.Алма-Ата. (ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.) деп жазыпты.

— Көп кешікпей Жазушылар одағынан 50 мың сом акша бөліп, әкеме Кордайдың қоңыр салқын жерінен үй салдырып, өзін ауруханаға жатқызып емдеңдіп, демалыс орындарына жибертіп, тікелей қамкорлығына алды. 1954 жылы әкемнің шағын өлеңдер жинағы, 1956 жылы «Әли батыр» дастаны баспадан шықты. Көнілі көтерілген әкем 1957 жылы құлан-таза жазылып, қайта сапқа тұрды. Міне, осында қамкорлықтан басталған Кенен мен Сәбиттің достық қарым-қатынастары көпке үлгі боларлықтай, өмірлерінің сонына дейін жалғасты. Бұл екі адамның шығармашылық достық қатынастары жайында көптеп айтуда болады.

Сәбит аға атқа құмар жан еді. Біздің үйге келген сайын әкем екеуі атпен серуенде қайтатын. Бірде көкпар тартуға да қатысты. Әкемнің: «Өзің етжеңдісің, жығылып мерт болып жүрерсің, қойши, бармашы», — дегеніне де қарамай, атқа қарғып мініп, көкпаршылардың артынан шаба жөнелді.

Бәріміз үйдің тәбесіне шығып қарап тұрдық. Бір уақытта ақтер, көк тер болып келді. Өте көнілді, жаны жай:

— Ой, бір армансыз-ақ сілкілестім-ая, Кенеке, ұмытпаппын көкпар тартқанды, — деп күле келіп, аттан тусты. Біз ол кісінің аман келгеніне қуандық. Біздің ауылдың жігіттері осы жолы көкпарға бүйірден келіп кіріскең адам атақты жазушы Сәбит Мұқанов екендігін кейіннен естіп, қонақ сыйласп көкпарды осы кісіге берменедіктерін өкінішпен еске алып жүрді.

1958 жылдың көктемінде әкемнің жана қонысына құтты болсын айта Сәбит аға келді. Қасында мойнына сурет басқыш аппарат (фотоаппарат) ілген бір адам бар. Ағаның келген құрметіне кой сойылып, нан пісіріліп, кешкі отырыска даярланаип жатырмыз. Ондайда анамның көрші-қоландары, абысын-ажындары қомекке келетін әдеті. Біреуі ішек-қарын тазалап жатыр, біреуі бас-сирақтарын үйітіп, бірі қуырдаққа ет турап, бірі бауырсық пісіріп дегендей шаруа басында жүр. Сәбит аға өлгі отбасындағы жүрген әйелдерге сәлем беріп, оларды шақырып алып, қатар-қатар тұрғызып, өзі ортасына тұрып өлгі жігіттің суретке түсіруін сұрады. «Қазан-ошақ басындағы әйелдермен суретке түскені несі ағаның» деп іштей жақтырмай тұрдым. Ол ойымды артынан ағаның өзіне де айтып тындым. Сәбит аға менің сөзіме құліп алды да: — Кенеке, мына қызыңыздың бай-қамайтыны жок па деп қалдым, өзі ойындағысын жеткізе де алады екен. Төрткен шырақ, бұл сурет әрі ескерткіш болсын, әрі шығармаларымдағы кейіпкерле-рімнің сырт бейнесін сипаттауыма мұндай суреттер көп қомек береді, — деді. Мен ойланып қалдым. Әуескөй суретшінің сондағы түсірген суретінің бірі менде көпке дейін сактаулы еді, 2016 жылы Сәбит ағаның мұражайына тапсырдым.

1960 жылдың жазында Сәбит ағаның туғанына 60 жыл толған тойы республика қолемінде аталынып өтті.

Сенің тойың менің ауылымнан басталуы керек. Қанша кісімен, кімдерді алып келесін, өз еркін, — деп әкем Сәбит ағаны торқалы тойымен құттықтап, қонаққа шақырды. Басында: «Әуре болмаңыз, Кенеке», — деп біраз қарсылас-



канымен, сонынан келісімін берді. Сәбит ағаның келісімін алған соң әкем той жабдығына кірісіп кетті. Өзінің жанашыр туыс-бауырларын ақылдасуға шақырып, қызмет көрсетілуін өтінді. Сондағы әкемнің ағайындас інісі, марқұм Әкенай Істыбайұлының еңбегі ерекше болды. Әкенай ол кезде әкемнің туған жері Рославль совхозында (каір Мәтібұлак ауылы) бас бухгалтері болып енбек ететін, жаны жомарт, үлкенге де кішіге де сыйлы, қамкор кісі еді.

— Япыр-ай, мына колхозда мейрамхана да, асхана да жоқ. Тойды қайда, қалай өткіземіз, деп қиналған әкеме Әкенай аға: «Кен аға, қам жеменіз. Той болатын құнді айтсаныз, сол құні бәрі даяр болады. Дәл осы өз үйініздің қасында, жеміс ағаштарының ортасында, ашық аспан астында дала ресторанның орнатамын», — деді. Бәріміз қуанып кеттік. Аға айтқанында түрді. Тойға бір күн қалғанда үйдің айналасы тазартылып, электр шамдары тартылып, біздің үйдің ауласы кішігірім қалашыққа айналды. Ас даярлайтын аспазшылардан бастап, бір мейрамхананың қызметкерлері түгел келіп, әрқайсысы өз міндеттерін ұқыптылықпен атқарды. Дастанханда бәрі болды. тойды әкем өзі басқарды. Сәбит аға да, келген қонақтар да дән риза болды. Дала рестораны бәріне ұнады. Сол құнгі ауа райы да Сәбит ағаның өзі сияқты, жайнап-жадырап түрді. Осы жолы әкем Сәбит інісіне күміс ер-тоқымымен Балақасқа деген тұлпар мінгізді. Өзі Құлақасқа деген атына мініп, екеуі суретке тұсті.

Сәбит аға мешкейлер жайлы әңгімені майын тамыза айтатын еді. Айта отырып, өзі де сау емес сияқты болып кететін. Айнала бірге отырған адамдарға, есіктен сығалап, тәртіп сақтап кіре алмай жүргендердін бәрін шақырып алып, өз қолымен ет асататын. Ет асатқанда бас бармағы тағдайыңа тиетін. Сәбит ағаша ет асатамыз деп, ол кісі жокта, бір-бірімізге ет асатып талай-талай құлағын шуылдатушы едік.

1958 жылы Сәбит аға қасына Кененді алып бүкіл Сарыарқаны аралатқаны, Қарағанды, Қарсақбай, Ақмола, Петропавл, өзінің туған елін, жерін көрсеткені, сондағы



көргендері Кененнің «Сарыарқаға саяхат» деген атпен жыр болып, төгіліп, ән болып өрілгенінің өзі бір бөлек әңгіме. 1967 жылдың жазында біздің үйге Сәбит аға келді. Әкемнен халық ақыны Есдөulet Қандеков деген кісінің ауыр науқас екендігін естіген жазушы «Ақтерек» совхозына (Алматы облысы, Жамбыл ауданы) бірден тартты.

— Біз де бірге барып кайталық, көнілін сұрап бармағалы біраз болды, — деп әкем мен анам да жиналды, мен де ілестім. Есдөulet ақын сөйлей алмайтын ауруға шалдығыпты. Тілі ісіп кеткен сияқты, күрмеуге келмейді еken. Әкем мен Сәбит аға алма-кезек бар жаңалықтарды айтып, құлдіріп, ақынның көнілін көтеруге тырысып жатыр. Сонда Есдөulet атамның қуанғаны, риза болғаны, оны сөзбен айта алмай қиналғаны, қайта-қайта көздері жасаурап беттеріне мейірлене қарай бергені бәрімізге де өсер етті. Аяулы атамыздың аянышты хәлі жүрегімізді ауыртты. Екі шай, бір ет жеп дегендей, біраз отырып Ақтеректен Алматыға қарай Сәбит аға, Ақтеректен Киров колхозына (қазір Кенен ауылы) қарай біз кеттік.

Жолда бәріміз де үнсіз, өз ойымызбен отыр едік, әкем көтерінкі дауыспен: «Шіркін, осы Сәбиттің адамгершілігіне дән ризамын, Есекеннің науқастығын ести сала сөлем беріп, көнілін аулағанын, ілтипатын қалай ұмытады адам. Бұған да амандық болса, көмек беруі сөзсіз. Сәбит халық ақындарының шынайы жақтаушысы, адал қамқоршысы, нағыз азамат. Егер Сәбит болмаса, бізді — халық ақындарын, әсіресе Жетісу ақындарын көп ешкім білмей-ақ кете баар ма еді», — дегені есімде қалыпты.

Ақын Кенен 80-ді алқымдағанда үлкен ұлы Көркемжанды әскерге алып, жастары келіп қалған ата-анамыз біраз қиналып қалды. Сәбит аға мен Мәрия женгеміз де көптен келмей кетті. Сонда әкемнің:

*...Арнайы шақырганым, келіп кетіңдер,
 Сыбага бұйырганың жеп кетіңдер.
 Көркемжсан армияга кетіп қалды,
 Бір ақыл Нәсихага деп кетіңдер.*



*Көжедей күбідегі ашып қалдық,
Насиқа екеуіміз де қашықтадық.
Көңілдің нұры өрге айдағанмен,
Кездіктей жсанымаган жасып қалдық,*

— деген хатын алғанда, екеуі дереке жетіп келіп, бірер күн бірге болып, қарттарға ақыл-кенес бергендері, көнілдерін көтеріп кеткендіктері де бүгінгідей көз алдымда. Әсіресе, әкемнің Сәбиттей аяулысымен мәнгілік қоштасқаны еске алудың өзі ауыр.

*Шыгарған жсанның бірі қазақ атын,
Жазушы, сөз зергері гажсан ақын.
Орының толмай түр гой бір өкініш,
Қош Сәбит, қош аяулы, азаматым!*

— деп қимастықпен жылаған кезінде де бірге қасында жүрген едім.

Әкем Кененнің арқасында мен халқымыздың біртуар перзенті Сәбит ағамен дәмдес болып, әңгімелерін, ақыл-кенестерін тындалап, назарына ілініп, камқорлығын көргенім үшін өзімді бақытты санаймын, мақтанышпен еске аламын.



АТАЛАР СӨЗІ – АҚЫЛДЫҢ КӨЗІ

Әкем Кенен (Әзірбаев) өзінің ұстаздары, замандас ақын-жазушылар, әнші-күйшілер жайлы айтқанда ағыла жөнелетін.

Бір отырыста: дүниеден Шөже деген ақын аталарың өткен. Екі көзі су қараңғы соқыр екен. Сол Шөже Арқадан шығып, сұрай-сұрай мына біздің Сұлутөрдегі Ұлы жүз Дулат елінде-гі Сырымбет деген атадан шыққан әйгілі Ноғайбай шешен-нің ауылына арнайы ат басын тірепті. Жұрт кезек-кезек сәлемдесіп, атақты Шөжеге қол беріп амандастып жатады. Кезек Ноғайбайға келгенде Шөже оның қолын жібермей тұрып:

*Кейбіреу тілге жүйрік, бақ тимеген,
Кейбіреудің багы зор үндеңген.
Қол бергеніңен таныдым, Ноғайбайжан,
Тізгіннен басқа ешбір дақ тимеген.
Көңілі жарық, Шөженің көзі соқыр,
Қазақ пенен қырғызы қөрейін деп,
Алатаяга Арқадан келіп отыр,*

— дегенде жұрт Шөженің сезімтал, әулиелігіне таңқалған екен дей келіп, домбырасын іргеге сүйей салып:

Әпкел бері жарғакты,

Тістің түбі зар қақты.., — деп Шөже болып насыбай шақшасын іздел, жан-жағын сипалағанда, аяулы ақын атамыздың мүшкіл халіне аяушылық етіп, көзіміз жыпылықтан, сәби жүрегіміз сыздаушы еді. Ең алғаш Шөженің Кемпірбай ақынмен дидарласуын да әкемнің орындауында бала кезімде тындаған едім.

Әкем ұлы Абай өлеңдерін, көптеген әндерін айтып отыратын. «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы», «Өзгеге көнілім тоярсың», «Сегіз аяқ» деген өлеңдерін домбырасын шертіп отырып айтқаны әлі құлағымнан кетпейді. Орыс халқының ұлы ақыны М.Лермонтовтың «Қаранғы түнде тау қалғып» деген өлеңін қазақша аударған Абай екендігін,



тіпті талантты жас жазушы Мұхтар Әуезовтің Абайды зерттеп жазып жүргенін де әкемнен естіп білгенмін. Кейіндері мектепке барып, осы адамдардың өмірі мен шығармалары жайында мұғаліміміз түсіндіргенде, көзім жайнап: «Е, әкемнің айтқандары осы кіслер екен ғой», – деп, көбірек біліп алуға, көбірек ұғып қалуға, оны әкеме тezірек жеткізуге асығатынмын.

Жамбыл аталарынның ұстазы Сүйінбай болса, Сүйінбайдың ұстазы Қабан деген ақын болған екен. Сол Қабан ақын өлең айттарда домбырасын қолына алғып, мұртын сылап, салалы ақсақалын желпіп-желпіп жібереді екен де, бар екпінімен:

*Пыссымылда ашар дегенде, пыссымылда ашар,
 Пыссымылдасыз айтқанның бәрі нашар,
 Бір-екі ауыз пыссымылда біздер айтсақ,
 Шайтан қашып, періште орын басар..,*

– деп бастай келіп, өлеңді қарша борататын көрінеді. Сонда тігулі түрған үй дүр етіп барып, анадай жерге баз қалпында қона қалғанын көргендер бұл періште, өлде өулие ме деп танқалады екен.

Ал біздің жақын атамыз Сарбас ақын жыр айтарында өз құлағын өзі бұрап-бұрап алады екен. Бейсенбай деген ақын болып-ты. Ол өлеңді жазуы жоқ құр ақ қағазға қарап тұрып, кәдімгі кітап оқып түрғандай төгетін көрінеді.

Қаратай өнірінен шыққан Итальмас деген ақын өлеңді екі қолын артына ұстап тұрып айтады екен. Өмір деген ақын өлеңді алақанына қарап тұрып айтады, дей келе, әкем осылардың бәрін құры айтып қоймай әрқайсының мінезд-құлқын, әдеттерін, қимылын бұлжытпай келтіретін еді. Өттен, ол кезде баламын, оның ұстіне техниканың да жоқ кезі түсіріп алатын, өте өкінішті. Менің әкем Кенен – тек ақын, әнші, сазгер ғана емес, нағыз актер (әртіс) екен ғой.

Бір күні әкем алба-дұлба болып киініп, көзін шақшитып, басын қақытып, аузын қисайтып жіберіп:



*Ah, дуана, дуана,
Дуанага жолама.
Дуана келеді айқайлап,
Шайтан қашар ойбайлап..,*

— деп, айналаның бәрін иіскеп, тінтіп, секіріп-секіріп алып тағы да:

*Құдайым бір, Құран шын нанбаймысын, Құлқатым,
Менің айтқан тілімді алмаймысын, Құлқатым,
Осы әдемі келбеттен кәпір болсаң, Құлқатым,
Жеті тамұқ отына жанбаймысын, Құлқатым?
Пайғамбар һақ, әулие сенбеймісің, Құлқатым,
Хор қызындаі түрің бар, қор бол жүрген, Құлқатым.
Кәпір болсаң тозаққа түспеймісің, Құлқатым..,*

— дегенде үрейіміз ұшып, қорқып, әжеміз бен апамызға тығыла бастадық. Әкем теріс қарап күліп жіберді де, өз келбетіне түсіп: «Құлқатым деген қызылбастардың кәпір патшасы болыпты, соны Әзіретөлі қырық нөкерімен дуана болып келіп, дінге кіргізіпті деген аңыз бар. Соны бала кезімде көп айтушы едім, әлі ұмытпаппын, мұны да білгендерің артық емес», — деген еді.

Әкем Әсчеттің (Найманбаев) әні деп «Әсчетті» Шашубайдың (Қошқарбаев) әні деп, «Ақ кайынды» аспандата шырқағанда, Нартайдың термесі деп төгіп-төгіп жібергендері дауыс ыр-ғақтары мен асқақ үні бүтінге дейін құлағымда сакталған. Шашубай аталарың орта бойлы, өткір көзді, қара мұртты кісі болған. Әнді аттың ұстінде, аяғын үзенгіге тіреп тұрып айтқанды ұнататын, шабыты келгенде басындағы қалпағы мандаійынан желкесіне, желкесінен мандаійына жылжып тұратын. Оның ат құлағында ойнайтынын көргендер «мынау адам ба, әлде сиқыр ма», — деп танқалатын.

Шашубай да бірнеше жылдай қазақ-қырғызды, бүкіл Жетісуды аралады. Әндерін үйреніп, дос болып кеттім.



Жамбыл мен екеуін қолтықтап жүретінмін, тіршілікте қатты сыйласқан өнерпазым еді, – деп еске алатын әкем.

Артына «Балқаш қыз хикаясын», «Бөлтірік шешен» дастанын көптеген тағылымы мол өлеңдер қалдырган Балтағұл Бигелдиев деген ақын інісімен жиі қарым-қатынаста болып, көбіне өлеңмен хат жазысып, бірінен-бірі ақыл-кенес сұрап тұратын.

*Көп болды, ага сізден хат алмадым,
Сондықтан тыныши тауып жаста алмадым.
Кенекем аман ба деп көп сұрайды,
Білемтін бүл жақтағы қатарларың*

– деп Балтағұл атам жазса, Кенен:

*Алматы Қазақстан астанасы,
Тәуір екен поэмаң бастамасы.
Ақын болып жүргендер бәрі сендей,
Өнерді бойга біткен тастамашы,*

– деп, өлеңді кейде жазып, кейде жазбай кететін інісіне ақыл айтып, дем беріп отыратын осындай өлең-хаттары көп еді.

Замандас ақындардың ішінде әкем ақын Үмбетәлі Кәрібаевты аса құрметтейтін. Үмбетәлі аталарының шын арқаланып, шабыттанғанда малdas құрып отырған қалпында, бірсесе ана жамбасына, бірсесе мына жамбасына сырғи аузысып, домбырасын безілдетіп өлеңді төккенде бүкіл денесінде қозғалысқа түспеген мүше қалмаушы еді, – дейтін де, енді әкем Үмбетәлі болып төрден есікке, есіктен төрге жамбасымен жорғалап жүріп өлеңдеткенде тан-тамаша қалатын едік. Сөйтіп, біз Үмбетәлі атаниң өзін көрудің сәті түспесе де, өлеңдерін айтып, дастандарын әкемнен естіп өстік.

1969 жылы жазда біздің үйге Әсімхан Қасбасаров ақын келді. Шай ішіп әнгімелесіп біраз отырды да, Әсімхан аға



қолына домбырасын алып Үмбетәлі ақынның қайтыс болғанын өлеңмен естіртті. Сонда «Қайран Үмбетім-ай, қазакта өлеңнің бір бұтағы кеміп қалған екен-ау», – деп, қолына домбырасын алып ұзак толғады. Жасынан бірге өскен сырлас досының өмір жолын, оның кенеттен сөз тапқыш алғыр касиеттерін айта келіп:

*Жорғаңды салдыруши ең талай топқа,
Түсуші ең айтыс десе жсанған отқа,
Топырақ саган барып сала алмадым,
Кездестің науқас болып халім жоқта,*

– деп жоқтағанын мен сол кезде-ақ жаттап алған едім. 1989 жылдың қыркүйек айында Үмбетәлі Көрібаевтың туғанына 100 жыл толған мерейтойына арнайы барып қатынасып, салтанатты жиылдың соңында көрсө-тілген халық өнерпаздарының концертінде әкемнің Үмбетәлігे арналған жоқтауын орындал беріп, көшіліктің алғысын алдым. Ол кезде Үмбетәлі атанды мұражайының директоры халқымыздың ақын қызы Надежда Лушникова еді. Тойда маған домбыра сыйлап, қолыма сағат такты. Барлығынан да абзалы – арттарына өлмес мұра қалдырған дос, замандас қос ақынның әруақтарын риза еткенім мен үшін ұмытылmas оқиға болды.

*Атандық көпшілікке егіз ақын,
Біздерде өлең толған теңіз ақын.
Бар-жосын халқымыздың жырламасақ,
Айқайлан құр бекерге неміз ақын,*

– деп өздері жырлағандай-ақ егіз ақынның бірі Кенен болса, екіншісі Есдөulet Кандеков еді. Бұл екі ақынның екеуі де Қордай өнірінде туып-өскен замандас, құрбылар. Олар жиі-жі бас қосып, өн шырқап, өңгіме айтып, өзілдесіп отыратын. Екеуі де 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде, сол көтеріліске аянбай атсалысып өрі сарбазы өрі үгітші ақындары



болған. Совет заманында да еліміздің өрбір ісіне, қол жеткен табыстарын өлеңдеріне косып, халықтың сүйікті ақындары болды. Ауыл, аудан, облыс, республика қолемінде өткізілген барлық іс, мәдени шараларында да екеуі катар жүрді. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы енбектері бір төбе. Қордайдан шықкан қос ақын атанғандары, халық берген есім еді.

Әкем Есдәulet құрбысымен катты қалжындастын. «Әкесі құрдастың баласы құрдас» демекші, бір қызық оқиға болды. Әкем айтты: «Бұғін біздің үйге Есдәulet аталарың бастаған бір топ ұлken кісілерді соғым басына шақырдым. Әңгіме, өлең тындастындар, тәртіпті болындар. Осы сендер Есдәulet аталарынды білесіндер фой. Байқадындар ма? Ол өлең айтқанда даусымен қоса, арты да гүжілдеп отырады деді. Жоқ әке, онысын естіген емеспіз, – деді Қөркемжан інім. Онда осы жолы өздерің тындандар, бірақ біліп қоймасын, ұят болады», – деді әкем. Кешінде Есдәulet атам қасында төрт кісі бар, үйге келді, сәлемдесіп жатыр. Бәрінің кигендері ауыр-ауыр тери тондар, бастьарында бөріктер, аяқтарында галошты пималар, кейбірінде хром етік. Галоштарын шешіп, бас киімдерін іліп, тондарын бел тұстарына жақындана отырған жерлеріне жастады. Олары іргеден соғатын сұықтан белдерін сактағандары болуы керек. Үлken дөңгелек столды айнала малдас құрып жайғасқан құрметті қонақтар апамның ыстық қүрен шайына қанған сайын әңгіме-дүкен қыза тұсті. Бір кезде Есдәulet атам домбырасын алып, салмақпен, баппен қоныр-жай даусына салып, өлең айта бастады. Есдәulet атамның өлең айтуын асыға құтіп жүрген інім Қөркемжан 4 жаста мен 6 жастамын, екеуміз біріміз он жақтан, біріміз сол жақтан қонақтардың арт жағынан енбектеп өтіп, төрде отырған Есдәulet атамның тонының астына лып беріп кіріп кеттік те, тындауға кірістік. Алайда, ештеңе естімеген соң мен қыз емеспін бе, ақырын шығып кеттім. Қөркемжан сол жерде үйықтап қалыпты. Үлкендер оны сыртқа шығар кезде ғана көріп, күлсіп жатты. Ертесіне Қөркем екеуміз әкеме: «Қайсы гүжілдегені, ештенеде естімедік қой», – дейміз жарыса. Әкем



жымысып құліп: «Ой, сендер үйықтап қалыпсындар ғой, ол анда-санда ғана гүжілдейді, келесі жолы үйықтамай тыңдандар», – десе, біз соған сеніп, енді қашан Есдәulet атам келер екен деп күтіп жүретін едік. Кейіндері оның маңызына түсініп, көпке дейін бұл қылышымызға құліп те, үялып та жүрдік. Қалай дегенде де Қордайдан шыққан кос ақынның бірі – Кенен әнді көтерінкі ашық дауыспен орындаса, екіншісі – Есдәulet атам баяу қоныр дауыспен гүжілденкіреп айтатыны рас еді.



КЕНЕННИҢ ҒАБИТТИ ҚОНАҚҚА ШАҚЫРУЫ

Бірде әкем Алматыда тұратын бір топ ақын-жазушы жайында өңгімелеген-ді. Алматыда Ғабит Мұсірепов деген жазушы ағаларың бар. Терен ойлы, аз сөзді аспайтын-саспайтын кісі. Сырын білмеген адамға менмен, кесірлі сияқты көрінеді. Біздің үйде көп ақын-жазушылар болды той, оны өздерің де көріп жүрсіндер, тек Ғабит көптен келмей жүрді. 1965 жылы әкем менен «Ғабитке» деген өлең жаздырып жіберді.

*Келдің бе, Москвадан кербез інім,
Кең пейіл, терең ойлы, бір сөзді інім.
Арнайы шақырганым, қонаққа кел,
Ойымда бол жүресің әр кездे інім...*

*Күтемін қонаққа кел жұбайыңмен,
Алдыңнан құшақ жая шығайын мен.
Келетін жаса көктемді қарсы алғандай,
Қарсы алып домбырамды бұрайын мен,*

— деп қонаққа шақырды.

Көп кешікпей Сәбит Мұқанов, Ғали Орманов, Ғабит Мұсірепов келіп, қонақ болып, арамыздан ерте кеткен аяулы Мұхтар Әуезовті:

*Тұлпардың бір аяғы сынгандаі бол,
Сұңқардың оң қанатын жұлғандаі бол,
Айрылдық арамыздан кетті Мұхтар
Ай маңдай, айна көзін жүргандай бол..,*

— деп, мұная еске алып, көп өңгіме еттік. Еркін отырып, өткен-кеткенді еске түсіріп, бір жасап қалдық. Ғабитті мына аналарың Нәсиха «Кербез қайным» дейтін. Ал енді менің өнжырларымды ерекше құрметтеп, әрдайым ниеттес болып



жүретін, аңқылдаған, ақ көніл, арманшыл Хамит Ерғалиев деген ақын ағаларынды «Көусар қайным» дейді. Тіліміз бөлек болса да жүрекпен түсінісетін Борис Ерзаковичті «Орыс қайным дейді». Өзі сері, жүрген жері ойын-күлкі, дауылпаз ұнді Тайыр Жароков деген ақын ағаларынды «Ерке қайным» дейді. Өзімде Тайырды жақсы көруші едім, дос болып талай-талай жерлерде ән шырқап, өлең оқып, егіз қозыдай жүріп едік. Сол Тайырдың мезгілсіз дүниеден өткені жаныма катты батқаны жасырын еместі.

*Кім ұмытар ақ пейіліңді аңқылдаған,
Кім ұмытар ақ жузіңді жарқылдаған.
Ән шырқап, шығармаңды оқыганда,
Дауысың ақ сұңқардай саңқылдаған.*

*Ел-жұртың ескіртпейді еңбегіңді,
Үрнақтар ұмыттайды үлгі, өрнегіңді,
Орнынан үш ұмтылып әрең тұрдым,
Газеттен бір-ақ көріп өлгеніңді...*

*Бәрі де оте шықты бұрылмасстан,
Ақ жанын көктемдегі тұнық аспан.
Халқыңың махаббаты жасай бермек,
Өзіңе ешқашан да суымасстан..,*

— деген ұзак жоқтау өлең шығарып, әрең басылған едім, — деп еске алушы еді әкем.

Мектепке барып хат танығаннан-ақ әкемнің атынан жан-жаққа хат-хабар жазушы да, араб әрпімен жазылған өлеңдерін орыс әрпіне көшіретін де мен едім. Өйткені, әкем тек арабша жазатын. Бірде әкем Тайыр Жароковқа хат жазғызды: «Сізді әкем қонаққа шақырады, сағындым келінді, балаларды ала келсін», — деді, аяқ жағына «айтқан әкем, жазған қызы Төрткен» дептін. Бір күні Тайыр аға қасында бірнеше кісі бар: «Әкесі шақырып, қызы жазса, қалай келмейміз», — деп



құліп, әкеме жабысып түрған мені қасына шақырып алып, көтеріп алды да бетімнен сүйді. Әкем: «сен оның хат жазғанын айтасың, менің қызымының орындауындағы өз өлеңінді естісеп», – деді. Тайыр аға: Кәне, Төрткен айтшы менің өлеңімді, – деп, мейірлене бетіме қарады. Мен тік тұра қалып әндете:

*Тауды бұзып, тасты жарып,
Тамишылаган аңы тер.
Ол қайратты, ол қажырлы,
Қайтпақ, қайсаρ жұмыскер,*

– деп шырқай жөнелдім. Сонда: «Кенеке Төрткеніңнен көп үміт күтуге болады еken, бақытты болсын!», – деп бата берген еді. Тайыр аға дүниеден өткенде әке-шешеме ілесіп мен де келдім, қаралы қоштасуда болып, топырақ алдық. Қырық құндігінде де, жылында да әкем екеуміз келіп қатысқан едік.

Сәуірбек Бақбергенов деген жазушы ағаларың бар. Біздің ауылға жиі келеді. Асылқұл ағаларыңмен (әкемнің шәкірті Асылқұл Бұрбеков) құрдас әрі дос болуы керек. Қайсысының мерген екенін білмедім, әйтеуір, ауылымыздың тауларын мекендеген арқарларды қырып бітіретін болды, – деп құліп отыратын. Сәуірбек аға бекер жүрмепті, жиі-жіі келіп жүріп, әкеммен жақын танысуға мүмкіндік алған. Қасында көп отырып, көп тындаған, халық арасынан деректер жинаған. Соның нәтижесінде ақынның балалық шақтағы аңы өмір зардабын суреттеген «Бозторғай» деген повесін жазды. Жазушы ағаның бұл шығармасы Кенен Әзірбаев туралы көркем сөзбен жазылған тұңғыш та, әзірше соңғы повесть екендігін атап өткен жөн. Өсе келе осы кісілердің бәрімен де дастарқандас болып, ақыл берер ағаларымыз, арқасүйер бауырларымыз сияқты болып кетті. Әкемнің 75, 80, 90, 100 жылдық тойларын өткізуде, бұл кісілердің бәрінің де көрсеткен қызметтерін, әкемнің шығармаларының жариялануына қамқорлық танытқандарын ілтипатпен еске аламын.



КЕНЕҢ МЕН НҮРФИСА

Республикамыздың музыка өнерін дамытуға зор үлес қосқан Нұргиса Тілендиев творчествосы сан қырлы. Оның шығармалары ұлттық нақышымен, халықтық сипатының қуаттылығымен музыка сүйер қауымга етене жасақын. Әрбір әнсүйер жасанның рухани азығына айналған Нұргиса Тілендиев менің әкем – ақын, әнші, сазгер Кенен Әзірбаевқа жиен болып келеді. Ол кісі атамды «көке» дейтін, көкелеп сәлем беріп, жиі келіп тұратын.

— Сенің бүкіл өн бойың — музыка. Оның үстіне солдарындылықты біліммен ұштастырдың. Тек соған ие болшы, шырағым, — деп атам Нұргисаға ақыл айтса, Нұргиса аға: «Сазгермін деп жүргендердің бәрінің де, менің де шығармаларымның ішінде Сіздің, Сіз сияқты халық өнерпаздарының музыкаларының сазы бар. Сіздің шығармаларыңыз нағыз халықтық», — деп бірін-бірі көтермелеп отыратын еді.

Нұргиса аға өзінің Кенен көкесімен тұнғыш калай кездескенін жырдай қып үнемі есіне алып отыратын.

— Сонау 1953 жылдың мамыр айында қазақтың белгілі киелі сазгері, аяулы ағам Бақытжан Байқадамов екеуіміз Кенен ауылын бетке алып арнайы жолға шықтық. Жолай Бақаңа (Б.Байқадамовқа) «Егер қария мені сұрастыра қалса, аты-жөнімді айтудан бұрын, әкемнің сарын-тәсілімен бір күй орындал берейін, таныр ма еken», — деп өтіндім. Солай келісім жасадық та, тұске таман Кенекенің үйіне келіп тұстік. Көкем сергек күйде еken. Біздерді, әсіреле, ескі танысы Бақаң ағаны бауырына қысып, мандайынан сүйіп, қуана қарсы алды. Жайғасып болған соң біз жол бойы «тон пішіп» келгеніміздей-ақ «Өзінді жақсы білемін, ал енді мына жігітті таныстыра отыр, Бақытжан», — деді.

— Бұл балаңыз менің шәкіртім еді, — деді де қойды Бақан.

— Жөн-жөн. Ал Бақытжан шырағым, өзің не бітіріп жатырсың, жаңа әндер бар ма?

Бақытжан аға таяуда шығарған әндері жайлы әңгімелеп, кейбірін орындалап та берді.





Кенекең де біраз жаңа әндерін айтып отырды. Мені шыдамсыздандырып отырған талай-талай радиодан естіп жүрген «Көкшолақ», «Бозторғай» әндерін өз аузынан есту еді. Бақана сыйырлап соны айттым.

— Кенеке, ілгерідегі «Көкшолақ» деген өнінізді айтыңызшы, сағынып қалдық. Мына баланың да сол әнді естігісі келіп, мені тұртқілеп отыр, — деді. Әлгінде ғана байсалды отырған Кенекең «Көкшолақты» салған сәттен-ақ «жанын жұлып жеген» әртіске айналды да кетті. Екі қозін тарс жұмып, алға қарай итініп алды да, ашы дауысын созып жөнеп берді. Содан әннің қайырмасына келгенде төрт аяқтап тұрып қалған қыршаңқы «Көкшолағын» бас қөзге қамшылағандай, құректей салалы алақанымен біресе домбыраның шанағын, біресе тізесін сабалап, әлекке түсті де кетті. Бейне көрпешенің үстінде емес, баяғы ашамай ер салған шолақ, құйрық қек дөненнің үстінде отырған сияқты. Қайырманың бебеу қаққан жолдарын төгіп-төгіп келіп «кедейлік» деп, түйіп тастайтын тұста «аһ» ұрады, қекірек теренінен арман ақтарылады. Делебем қозып, өзімді-өзім үстай алмай кеттім. Алақаным қышып, жүрегім өрекпіп, денем-дегі қан атаулы ыршып ойнап, құмарлық-құштарлық жүйкелерімді қытыктап, ертерек домбыра қолыма тисе екен деп дегбірім кетіп, тықыршып отырдым. Көкем өнін аяқтап, домбыраны іргеге сүйей бергенде, оны қағып алуды да сондықтан болса керек. Менің қөніл-қүйімді манадан бағып отырған сезімтал Бақытжан аға да «Ал ендігі кезек сенікі, аянбай тек өнерінді» дегендей, басын изеп қалды. Сол сол-ақ екен, әлгіндегі Кенекең бойындағы «жын» менің бойыма көшкендей күйге түстім. Өнерге шын берілген адам кейде өзін-өзі ұмытып та кетеді. Мен өз әкемнің «Акқу» күйін орындалп кеттім. Экем көрші қырғыз елінің шебер қобызшылары сияқты қолын сан-сакқа жүгіртіп, домбыраны шерткенде шыр көбелек айналдырып, бүкіл денесінде домбыраға жанаспайтын жер қалмайтын. Қыза-қыза келгенде он аяқтың башпайларымен домбыра ішектерін қағып, он қолының саусақтарын демалдырып алатын. Сол асыл әкеден жүкқан өнерді өзім аса риза



болып отырған Кенекемнің алдында аямай-ақ төксем керек.

Күйді аяқтап, тарс жұмған көзімді ашып, жан-жағыма қарасам – ғажап, көзіне жас алып, бетіме бажырайып қарап қалған Кенекемді, қокемді көрдім. Әлден уақытта есін жинағандай «Сен, сен Тілекемнің, Тілендінің баласы емеспісін, мына күйің Тілекем жарықтықты тірілтіп жібергендей болды ғой», – деп бассалып құшақтай алды. Менің қокірегімдегі әкеме деген сағыныш сазы қомейіме келіп кептеліп, көзімнен жас болып тамшылап кетті де, үнім шықпай қалды.

– Дұрыс таныдыңыз Кенеке, бұл Нұрғиса деген балаңыз, өзініз айтып отырған Тілендінің ұлы. Мәскеу консерваториясын бітірген. Қазір Құрманғазы атындағы оркестрді басқарып жүр. Халыққа белгілі бола бастаған жас сазгер, күйші, – деді Бақытжан аға. Мен «қөке» деп, Кенекенің қайта құшағына ендім.

– Жиенім менің, еркем менің, Тілендімнің жалғыз ұлы Мәскеуде оқып жатыр дегенді естіп едім. Қайран Тілекем-ай, күйдің дүлдүлі еді ғой. Байсеркенің бар өнері қонған күйші еді ол. Сен өлген жоқсың, Тілеке, сен тірісің енді, – деп әкем жайында, Байсерке туралы әңгіменің көбесін де ағытты-ай келіп, жарықтык.

Міне, осы құннен бастап Кенекем мені әкемдей еркелетті, «еркем менің, жиенім» деп басына қотерді. Ал мен қокемнің осы дүниеде алдынан қия басқан емеспін, қалтқысыз сүйдім, сыйлап өттім, – деп еске алатын еді Нұрғиса аға.

Кос өнер дүлдүлінің жарасымды сыйластықтары мені әрдайым тәнті етуші еді. 1963 жылдың жазы. Нұрғиса аға қасында тағы да Бақытжан Байқадамов бар, атама сәлем бере келіпті. Атам қайтамыз дегендеріне қарамай, жібермеді. Өншең өнер адамдарының әңгімелері жарасып, тамаша бір отырыс болды. Бақытжан аға бір сөзінде «Осы бәріміз Жамбыл атаның өнеріне сөзсіз бас иеміз ғой, дегенмен де, Сіз де барлық жағынан ол кісіден кем емессіз-ақ» деп қалды. Дегені сол еді, Нұрғиса ағаның қаны басына бір-ақ шықпасы бар ма. «Сіз неге Жамбылға тіл тигізесіз? Жамбылды түсіну үшін, шығарма-



ларын түсініп оқу керек...», — деп дауыс көтеріп, шатақ шығармақ болды. Атам Нұрғисаға үрсып, әрен басты. Бакытжан аға ыңғайсыздандып, атамнан қайта-қайта кешірім сұрап, мазасызданды да қалды. Сондағы атамның екеуіне «Шырактарым, біздің тубімізге жететін осы бөлініс. Жүзге, руға бөлінуді қоймасақ, ел болып казақ болып жетіспейміз. Басқаларға құлкі-мазақ болып, тоз-тозымыз шығып кетуіміз мүмкін. Тағы да бір сендерден сұрапым, ешуакытта мені Абай мен Жамбылдың алдына шығарып бағалаушы болмандар. Ол мен үшін құнә», — дегені бүгінгідей есімде.

Сол атамның ерке жиені Нұрғиса аға әкем өлгенде қасында халықтың сүйікті өншісі Нұрғали Нұсіпжанов бар, «көкешім» деп жоқтап, көпке дейін жылап, әрен басылды. Апама келіп «Женеше, маған көкемнен теберік бер. Жыртыс-пыртысыңың керегі жок, маған тек дамбалын бер», — деп қойсашы. «Ұят емес пе, жаңасы жок, ескісі сарғайып кеткен. Кішкене қоя тұршы, кісі аяғы басылсын, сонан соң тауып берейін», — деген анамның сөзіне құлақ аспай мазалай берді. Апам қаттаулы тұрған ескі киімдерінің ішінен ұзын ғып тігілген ак дамбалды Нұрғисаға алып бергені сол еді, аға қағып алып бетіне басып, иіскеп-иіскеп алды да, қойнына тығып алып жүріп кетті. Сонда Нұрғиса ағамның артынан қарап тұрған менің ойыма әкемнің «Нұрғисаның бойында өзгелерде кездесе бермейтін мінез бар. Ол арқалы адам. Егер ол момақан, сыпайы, салмақты болса, мүмкін, одан мұншалықты өнер шығар ма еді, шықпас па еді, кім білсін?», — дегені ойыма орала берді...

2005 жылы Нұрғиса ағаның туғанына 80 жыл толуына орай оның өсken жері Жамбыл ауданы болғанымен, туған жері Іле ауданындағы Шилікемер ауылына Н.Тілендиевтің есімі берілген еді. Тойға ағаның аяулы жары Дариға бастап Нұрғисаның көзін көрген біраз азаматтар қатысып, өздерінің жүрекжарды естелік, арнауларын айтып, көпшіліктің алғысын алған болатын.

Артына мол мұра қалдырған Нұрғиса ағаның әндері мен күйлерін жастар орындағанда қуаныштан, сағыныштан көнілің



толқып, көзінә жас келеді екен. Үйге келе ағаның 1972 жылды маған сыйлаған «Алатау» атты әндері мен романстар жинағын алғып, ондағы «Менің ардақты нағашым Кенекемнің қызы, менің карындасты Төрткенге, інім Балпық бабамның тұқымы Тасығанға» деп кол қойған қолтаңбасын оқып, кітапты қеудеме басып, ұзақ отырыппын.

Ал менің мына суретті жіберіп отырғаным, 2009 жылдың қараша айында Тараз қаласының драма театрында Кенен Әзірбаевтың 125 жылдық мерейтойына арналған республикалық ақындар айтысы өтті. Театрда ақын шығармашылығына арналған көрме үйімдестірылған екен. Сол көрмeden осы суретті көргенде қатты куандым, өйткені қаншама келіп жүріп, Нұраға Кенен көкесімен неге суретке түспеді екен деп өкінуші едім. Дерене сол жерде жүрген қызметкерлерден (аты-жөнін ұмытыпбын) жасатып беруін өтіндім. Қашан түскендері де жазылмаған. Меніңше, 1960-1965 жылдар аралығында түскен болулары керек. Қалай десек те, бір ғана суретте қазақ өнерінің қос жүйрігінің әке мен баладай жарасым тапқан ғибратын көруге болады. Көзден кетсе де көнілден кетпейтін қос тұлға жайлы қалай айтсақ та тауыса алмасымыз ақиқат. Бұл мақала Нұраған мен әкеме деген сағыныштан туған сезім.



ШЕРАФА ЖАЙЫНДА ҮЗІК СЫР

Әкем де, анам да халық жазушысы Шерхан Мұртазаны өте жақсы көруші еді. Әсіресе, анам Нәсиха Шерағаның «Ай мен Айша» деген кітабын жастығының астына тығып қойып, қасына келсөн болды бізге оқытып қоятын. Радиодан, теледидардан сөйлесе бар ынтасымен тындал: «Қос тіл жыландағана болады» деді ғой, жаңа ғана Шерхан балам. Не деген шыншыл еді өзі, айналайын, деп риза болып отыратын.

Анамның өмірінің соңғы жылдарында Ақбілек деген қызы Шерағанмен қол ұстасып, 96 жастағы анамыздың алдынан өтті.

— Қартайғанда құдай қосқан жарымнан, екі баламның анасынан айырылып қаламын-ау деп ойлаптын ба, апа! Бірак солай болды. Мына сіздің қызыңыз Ақбілекпен қосылып, «екі жарты бір бүтін» дегендей, өмір сүрмекшіміз. Сол үшін алдығызға келіп, келісіміңізді алсақ деп едік, — деді Шераға. Апам көпке дейін үндемей қалды.

Апа, үндемейсіз ғой, қызынызды маған қимай отырсыз ба? — деді Шерхан. Сонда апам: «Жоға, шырағым. Сендей жанға қызымының кездескеніне тоба! Саған бермей қызымыды кімге



бермекпін. Мен сені өте жақсы көремін. Кенен де сені үнемі аузынан тастамай: «Апырай, әлгі Шерхан деген жазушы балам Бауыржан (Момышұлы) ағасына сұсты өні де тік, тауып айтатын мінезі де айнымай тартқан екен» деп отырушы еді. Кенен сияқты сен де халықтың адамысын. Ақбілегім ерке өскен сүт кенжеміз еді. Сенің қадіріңе жетіп түсінер ме екен деп ойланып отырғаным ғой деп, батасын берді. Шераға алғыс айтып, үстіне шапан жауып, басына орамал салып, сый-күрмет көрсетті.

Алматының бір мейрамханасына бәріміздің басымызды қосып, Асанбай Аскаров, Мырзатай Жолдасбеков бастаған бір топ бауырларымызды шақырып кішігірім той жасады. Соң соң екеуі қол ұстасып Астанаға кетті. Ал біз әкеміз Кенен тіріліп келгендей қуанып, үнемі Шерағаңмен бірге болдық. Ортамызға алып, қуаныш, реніштің бәріне де атсалыстық.

Қайран апам, өмірден өткенше Ақбілегін ойлаумен болды. «Әлгі Ақбілек, әжептөүір жазушыға лайық әйел болып жүр ме екен? Оған айтындар, көсем де, шешен де, кеменгер де әйел болмай-ақ қойсын, тек Шерханды тындасын, соны сыйласын, азаматты жасытпасын», — дейтін еді.

Шерағаның өні катқылдау болғанымен, жүрегі ашық-жарқын, татардың, балғардың жырларын айтатын. Әдемі әзілдері, шымшыма, тапқыр сөзері қандай еді? Астанада тұратын інім Бақытжан мен жезде, балдыз болып әзілдесстіндеріміз бұл күнде сағынышқа айналды. Бір жолы Шераға, мен, Ақбілек, Ақтамақ төртеуміз Тараз қаласының қасындағы Тұрар Рысқұлов атындағы санаторияда демалдық. Үнемі оқшауланып, қыдырып жүреді. Қасынан бір иттің жап-жас күшігі қалмайды. Оған тамақ береді, онымен сойлеседі. Бір күні тұскі ас кезінде: «Қыздар, жегілерің келмеген тамақтарынды маған жинап беріңдер. Менің күшігім ашығып қалмасын», — деді. Келесі күні Шераға: «Менің күшігім сендерге көп-көп сәлем айтты», — деді. «Оны қалай білдіңіз?» дейміз. «Құйрығын олай-бұлай үш рет бұлғады ғой», — дегенде құлкіге баттық-ау.



Мен бір жолы Әбіш Кекілбаевқа (ол кезде Әбіш жауапты хатшы еді) хат жаздым. Хатыма еш жауап жок. Бір күні Шерағамен бас қосып отырғанбыз: «Жоғарыға жазған хаттар жетпейді, жетсе де орындалмайды» деген рас еken ғой, деп жайымды айттым. Ол кісі үндемей біраз отырды да: «Иә, бізде ондай жағдайлар болып тұрады. Хатыңның бір көшірмесін маған берші...», – деді. Өз қолымен Ә.Кекілбаевқа беріпті, көп кешікпей өтінішім орындалды. Оны естіген апам: «Әй, сендер 99 бітпей жатқан істерінді (проблемаларынды) Шерханға айтып, басын қатырмандар. Ол ешкімнен ешнөрсе алмайтын да, сұрамайтын да адам. Сондықтан да ешкімнен жасқанбай, қаймықпай тік айтады. Таза өмір сүріп келе жатқан нағыз азамат. Сендердің әкелерің Кенен де сондай еді, – деп қоятын.

Тағы бірде Шерага: «Төрткен мен сенің ара-тұра жазған-сызғандарынды оқып жүремін. Кенекем туралы жап-жақсы жазып жүрсін. Тек, неге Кенекемді ата дейсің? Ол кісі сенің әкен ғой», – деген еді. Содан бері мен «әкем» деп жазуға тырысатын болдым.

Әкеміздей көріп, пір тұтқан халқымыздың ардақты ұлы Шерхан Мұртаза аға да өмірден өтті. Иманды болып, пейіште нұры шалқысын! Өзі айтып та, жазып та кеткен «Бір кем дүниесі» көп, жұмбак жан еді ғой, жарықтык!



ЕЛБАСЫМЕН БІРГЕ ӨТКІЗГЕН МЕРЕКЕ

1992 жылғы наурыз мерекесі еш есімнен кетпейді. Ауданымыздың (Іле) сол кездегі әкімі Заманбек Батталқанов аға бір топ белсенділерді жиып алып, ауданымызга Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың келетінін айтты. Қай жерде, қалай қарсы алуымыз керек, кім сөйлейді бәрін-бәрін айтып, ретімен тапсырмалар берді.

Маған, сен Төрткен Кенекемнің бір әнін айтып қарсы аласын,— деді. Күн демей, түн демей даярланып жатырмыз. 22 наурыз күні ертеңмен Үйнтымақ ауылындағы жаңадан салынған мәдениет үйінің алдында Нұрсұлтанды көреміз деп күтіп жүрген халықта есеп жоқ. Айнала тігілген қазақ үйлер, көрмелер, гүлдер көздің жауын алады. Тура саfat 11.00-де қасында ұлттық киім киген бір қызы, тағы да екі адам төртеуі машинадан түсіп көпшілікке қарай бет алды. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жерлес ақынның Нұсіпбек Исахметов «Хош келдің Нұр аға» деп өлеңін оқыды. Одан соң кезек маған келді. Сіздің құрметіңізге халық ақыны, өнші, сазгер Кенен

Әзірбаевтың «Бұлбұлға» деген әнін орындаپ берейін деп, домбыраны қағып-қағып жіберіп шырқап ала кеткенім сол еді, ғажап, Нұр аға қасыма жақынырақ келіп, маған қосылып «Бұлбұл» әнін бірге шырқамасы бар ма? Ел-жұрт дән риза болып, шапалақтан құлак тұнды. Кенен ағаның қызымысыз дегендей сұраулы қозбен қарады да: «Мен сізді өнерпаздар арасынан көре алмай жүрмін ғой», – деді. «Аға, мен ұстазбын» деуге ғана шамам келді, ел дуылдап кетті. Келесі күні аудандық «Іле таңы» газетіне «Президентпен өткен наурыз мерекесі» деген қөлемді мақала жарияланды. Сондағы көріністерді түсірген суреттер де шығыпты. Бұл бір естен кеппес оқиға болды.

Нұрсұлтан Назарбаев Кенен шығармашылығын әрдайым бағалап, қамқорлығын көрсетіп келеді.

1994 жылы Кенен Әзірбаевтың туғанына 100 жыл толған мерей тойында Алматы Республика сарайында өткізілген салтанатты кеште ол кездे Казак КСР Министрлер Кенесінің председателі болып жүрген кезі еді: «Халық өмірінде Кенен Әзірбаев үн қоспаған, өзінің жарқын талантының шуағын төкпеген бірде-бір айтулы оқиға болған жоқ. Оның тамаша, өшпес туындылары бүгін де осы жауапты, құрметті істе сапта тұр» деп жоғары бағалағаны есімізде.

Жамбыл облысы, Қордай ауданына іссапармен келгенде Н.Назарбаев арнайы Кенен ауылына келіп, еңбекшілер мен ардагерлермен кездесіп, ақынның мұражайын аралап, риза болып, музейдің құрметті кітапшасына жазып кеткені: «Халқы-мыздың ұлы перзенттерінің бірі Кенен атамыз ел тарихында, халық есінде мәңгі сақталмақ. Аты аруаққа айналған Кенен атаның арманы ел бақыты, халықтың бірлігі, үрпақтың баянды болашағы болды. Осы аруақ бізді қолдасын. Егемендігіміз тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!» деп қол қойылғаны ақын мұражайында сактаулы. Осы жолғы Нұрсұлтанның келгені жайында бірер сөз. Біріншіден, бұл кісі келетінін айтпай, аяқ астынан келген. Бұл кездерде мұражайдың іргетасы қаланғаннан директоры болып келе жатқан ақынның төл баласы



Көркемжан Кененұлы хал үстінде ауыр науқас еді. Оны Нұрсұлтанға айтпай, білдіртпей Кененнің өз үйі емес, басқа бір үйге дастархан жасап сыйлаған көрінеді. Бас тартып, үстіне шапан жауыпты.

Көп әуре болмандар. Астан үлкен емеспін ғой, ауыз тиейін, өте асығыс едім. Ал мына шапандарың ине, жіптен жаңа шыққандай жап-жаңа екен. Мұны алмаймын, тек Кенен атанаң денесіне тиген өз шапаның берсендер риза болар едім, – дейді Нұрсұлтан. «Ұяла-ұяла көбірек киілген ескілеу бір шапаның беруге тура келді», – деп, сол кездесуде болған ауылдың кісілері Нұрсұлтанның кішіпейілдігін, адамгершілігін, халқымыздың салт-дәстүрін жақсы білетіндігін жырдай етіп айтып отырғандарын естідім. Ал мен болсам, сол жолы Көркемжанның науқастығын жасырмай-ақ айтып, Кененнің өз үйіне-ақ сыйлағанда, мүмкін ол кісі бауырымды емдеттін бе еді деп, сол күні үйде болмағаныма қатты өкіндім. Көп ұзамай-ақ Көркемжан небәрі 55 жасында өмірден өтті.



ҰМЫТЫЛМАС КЕЗДЕСУЛЕР

Жалпы, Жамбыл—Кенен ұрпақтарының жарасымды жалғастықтары, бір-біріне деген ынтақыластары ешуакытта өзгерген емес. Алғадай, Ізділеу, Тезекбай, Ақбала, Құнтай сынды Жамбыл атасының ұл-қыздарын жиі көріп жүргеніммен, көп есімде калмапты. Ал Қазақстанның халық ақыны Әлімқұл Жамбыловпен біраз үлкендігіне қарамастан Әлеке деп, бауырымыздай еркелеп, құшақтасып жүруші едік. Өзі де бір әдемі, ақжарқын, көnlі дархан, әңгімелі азамат еді. Қайда жүрсе де, қандай да бір мәдени, өнер іс-шараларға қатынасса да ұлттық киіммен жүретін. Аппақ сақалын сипап қойып, сәл жымып келе жатқанда Жамбыл атамының өзіндей болып, көзіме ыстық көрінуші еді. Кездескен сайын мені Төрткенжан келдің бе? Амансың ба? – деп, мандайымнан сүйіп, құшағына алатын.



– Неге мені Төрткен демей Төрткенжан дейсіз? – деймін.

– Сен білмеуші ме едің? Сенен кейін Нәсиха женгеміз ұл туады. Сонда Жәкең арнайы барып, бұл баланың атын Қөркемжан қоялық, ал ана Төрт кемпір бір шалды Төрткенжан делік. Сонда Кененжан, Төрткенжан, Қөркемжан болар еді, – депті. Соны естіген мен сені Төрткенжан дегім келіп тұрады дейтін. Тағы бір кездескенде: Жәкең Кенекемді өте жақсы көретін еді. Кенекең де жиі келетін. Сонда Жәкең: «Қордайдан Кененжан келді, онымен бірге ән мен өлең де келді», – деп құшақ жая қарсы алып, мал сойылып, дастархан жайылып, Кенекенің келуі дүбірлі думанға айналатын. Ол туралы сенің әкен де:



*Жәкенің ауылынан қол үзгем жсөк,
Жылына екі-үш барсам көңілге тоқ.
Күмбезі күмбірлеп тұр өзі құсан,
Кененжсан ән шырқашы дегендей бол..., – деген-ді.*

Тағы да бірде Ұлы Отан соғысында баласы Алғадайдың қаза болуы карт ақынның қабырғасын қайыстырып кетті ғой. Сонда Кенекем көніл айта келіп, тұсына жақынданқырап, қазақтың жолымен:

*Не қүшті бұл дүниеде адам қүшті,
Көрдіңіз бір гасырда талай істі.
Миуалы Ұлы Отанның дарагы едің,
Жел сөгіп бір бұтагың жерге түсті.*

*Жатқаның елге батты алып ата,
Атагың жер жүзіне мәлім ата.
Алгадай Отан үшін құрбан бопты,
Мен келдім басың көтер, көніл айта!..*

– дегенинде (бұл өлең ұзак қой) бүк түсіп, теріс қарап жатып қалған Жәкең Кенекемнің даусын танып, басын көтеріп, қымыз ішіп, жан-жағына қарап алып:

*Қорқыттаймын құдайым,
Қорлығыңа жылаймын.
Мен өлгенім жөн еді,
Ақ таяқса сүйеніп
Алгабай, сен жыласаң еб еді..,*

– деп баласын жоқтағанын көрген ағаңмын шырағым Төрткенжан, – деген еді.

Әлеке, мен ол кезде жаспын ғой, дегенмен де Сәбит Мұқановтың тұнде суыт келіп, әкемді өзінің көк Москвичімен алып кеткені есімде. Қайда барса да қасынан тастамайтын мені



жылағаным қарамай: «жас балаға ондай жеге баруға болмайды» деп тастап кеткен еді,— деймін мен де.

Әлекен әкемнің 75, 90, 100 жылдық тойларына қатынасып, құрметті қонағымыз болған. Әкем қайтыс болғанда да Тезекбай бастаған, ішінде Әлекен бар Жамбыл ата үрпактары «аталап» келіп, көніл айтқан. Кейіндері інім Көркемжан, жарым Тасыған дүниеден өткенде де үлкендігін көрсетіп, іздеп келіп көніл айтқанын қалай ұмытарсын.

Біз – Әлеке, мен, ақын қызымыз Надежда (Лушникова) үшеуміз 1970-1980 жылдары аудандық, облыстық, республикалық айтыстарға қатынасып жиі кездесіп жүрдік. Әлекен мен Надежда айтысқа қатысады, ал мен әкемнің әндерін орындастынын. Әр кездесуіміз той-думанға ұласатын.

Өмірінің соңғы жылдары Әлекенің бәйбішесі дүниеден өтіп кеткен сон, енді оған кемір іздейміз. Өзі де: «Кәне, маған кемпір тауып беріндер» деп қалжындаиды. Бірде Мұқағали Макатаевтың ауылы Қарасазға тойға бардық. Сол жердің біраз өйелдерін алып келіп Әлекенді көрсетеміз. Олар Әлекенің өзіл-қалжыны аралас өлендеріне шыдамай қашады. Біз оған мәз болып, келесісін әкелеміз. Сөйтіп жүріп картайып қалғанымызды да байқамаппыз. Сол күндер енді сағынышқа айналды. Қатарымыз сиреп барады.

Сүйінбай Аронұлы бабамыздың 200 жылдық мерейтойында таяғына сүйеніп, алысқа көз жіберіп отырған Әлекене жақындаі келіп, тойға құтты болсын айтып, сөлем бердім.

Төрткенжан, келдің бе? Ауырып әрен отырмын,— деген еді. Сол сәт Әлекенмен кездесуімнің соны екенін қайдан білейін. Иманды бол! Топырағың торқа, жатқан жерін жайлы болсын, менің көзкөрген асыл Әлекем, қимас бауырым!



ӘКЕМНІҢ ІНІЛЕРІ
ЕКЕЙБАЙ МЕН АСАНБАЙ ЖАЙЫНДА



Шолпанқұл ағаның өлеңінің ішінде:

*Сәлем де Үмбетәлі, Қашаганға,
Жазудан артық адам жасаган ба?
Бауыр мен балаларың аман келіп,
Думан-той болар ма екен босагаңда,*

— деген жолдардағы Қашаған ата менің әкеммен әрі туыс, әрі замандас болып келеді. Жиырмаға жаңа толған ұлы — Екейбайды майданға аттандырыған Қашаған ата соғыс жылдары колхоздың түйелерін бағып, бір сайда отыратын. Ал біз үшін



сол түйелердің бәрі Қашаған атамдікі. Әкем ол үйге жиі-жиі баратын, мен үнемі қасында жүретін едім. Шұбат ішіп, ет жеп, екі карт ұзак әңгімелесетін-ді. Бір күні соғыстан аман келген баласына Қашаған ата үлкен той жасады. Алыс-жақыннан тойға келмеген адам қалған жоқ. Той өткен соң, көп кешікпей-ақ Екейбай аға Мәскеуге окуға кетті. Жоғарғы партия мектебін үздік бітірген Екейбай Қашағанұлы алғаш Луговой, Шу аудандарында насиҳат және үгіт бөлімдерінің менгерушілігінен біртіндеп аудандық, одан соң облыстық партия комитетінің хатшылығына дейін көтерілді. Біраз жылдар Онтүстік Қазақстан өлкелік партия комитетінде енбек етті. Өмірінің соңғы 20 жылында Семей облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, одан соң облыстық атқару комитетінің төрағалығына сайланды.

Қысқасы, бар саналы өмірінде идеологиялық жұмыстардың қатарынан кеткен жоқ. Осының бәрінде де ол өзінің іскер басшы, шебер үйымдастырушы екенін таныта білді. Қайда, қандай жұмыста жүрсе де, Екейбай аға өзінің құтты мекенін, туып-өскен жерін, еркелеткен елін ешуақытта есінен шығарған емес. Кем дегенде жылына бір келіп, елді аралап көріп кететін. Келген сайын біздің үйге арнайы атбасын тіреп, атама сәлем беріп, еркелей келіп қауышып, «дауысынызды сағындым, ана әнінізді айтыңызшы, мына өлеңінізді айтыңызшы», — деп аунап-қунап қонақ болып кететін. 1987 жылдың қазан айында Кордай ауданының соғыс және енбек ардагерлері Кенен ауылы басқармасымен бірлесе отырып, белгілі жерлесіміз, туысымыз, Ұлы Отан соғысының ардагері, Мемлекеттік сыйлыктың лауреаты, экономика ғылымының кандидаты Екейбай Қашағанұлының туғанына 70 жыл толған құрметіне арналған «Өсиет» күтін атап өтті. Бұл күні ауылдастарымыз, ағаның туған-туыстары, жора-жолдастары осыдан бір-ақ жыл бұрын дүние салған аяулы ағамыздың өнегелі өмір жолын еске алды. Көніл түкпірінде, жүрек төрінде өшпестей із қалдырған Екейбай Қашағанұлын мәнгі есте қалдыру үшін Кенен ауылы орталығындағы қазақ орта мектебіне оның есімі берілді.



Халқымызда мынадай мақал бар ғой, «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын» деген, сол айтқандай-ақ Асанбай мен Екейбай ағалардың қамкорлығын, ол кісілердің өз әкелерінен гөрі менің әкем көп көрді. «Кенен аға, Кенекем» деп әкемді аса құрметтеуші еді, алдынан қия өтпей, айтқанын екі кетпей орындайтын. Үйде жатып алып Асанбай Аскаров ағаға: «Сәлем күтіп жатамын Асанбайдан, сенің маған тиеді қашан пайдан? – деп өлеңдете хат жазғызыса, сонау Семейдегі Екейбай ағаға: «Жамбыл облысынан ала-ала үят та болды өзі, менің машинам тозып бітті», – деп хат жолдатқаны есімде. Атамның 75, 80, 90, 100 жылдық тойларының ойдағыдан өтуіне атсалысып, ықпалын тигізген де Асанбай мен Екейбай ағалар. Той мерзіміне дейін бір емес, бірнеше рет келіп ауылды той өткізілетін аланға дейін аралап, көріп, ауыл қөшелерін электрлендіру, жолды асфальттату, ағаш отырғызып, арық-арықтан су жіберу сияқты қыруар істерді дер кезінде ауыл, аудан, облыс басшыларына айтып, қажет болса тиісті қаражатын да, көмегін де беретін. Атамның үй-жайын жөндеуден өткізу, денсаулығын бақылау, жағдай тудыру дегендер де Асанбай мен Екейбай ағалардың назарынан тыс қалмайтын. Кенен тұратын ауылдағы зәулім Мәдениет сарайының салынуына, жана казақ орта мектебінің ашилуына да, кейінде ақын мұражайының тұрғызылуына да бүл кісілердің ықпалы аз болған жок.

«Ауылына қарап азаматын таны» деген ғой халқымыз. Кенен ата тойында халық көп болады, әр республикадан, Одак көлемінен қонақтар келеді. Сонда мына ауылдың сұрқын не деп көрсетеміз? Осындей кездерді пайдаланып та қалу керек кой, – деп ел азаматтарына ой тастайтын, жол сілтейтін де осы кісілер еді.

Сонау бір жылдары Асанбай ағамыздың жаламен абақтыда отырғаны жанымызға қатты батты. Ол кезде әкем жоқ. Анамыз газетке ашына хат жолдады.

Асанбайдың жазықсыз жапа шегіп жатқанын естіп те, теледидардан көріп те қарт жүрегім қанжылап отыр. Оның



Кенес занынан санлаудай да сая таппай, тағдырының тәлекекке түсі жанымды шошытты. Бұл сұмдық қой.

Мен белгілі халық ақыны, өнші, композитор Кенен Әзірбаевтың 55 жыл отасқан жарымын, жасым казір 86-да. Біз Асанбайды жас кезінен білуші едік. Комсомол жұмысынан шынықкан білімді де парасатты, елім деп аянбай енбек еткен азамат еді.

— Біздің өнірден Тұrap Рыскұлов, Ораз Жандосовтан кейін алған бетінен қайтпайтын да алғыр, шешен де осы Асанбай, — деп ерекше бағалап отырушы еді Кенен.

Біз Асқаров пара алды дегенге еш сенбейміз, оның адал коммунист, оның әр ісі төл халқына, өз еліне арналғанына шұбеміз жок.

Мен — қарт ана, өзімнің үл-қыздарымның, 33 немеремнің, 23 шөберемнің, бес немеремнің атынан, бүкіл Кенен Әзірбаевтың әулеті атынан Асанбай Асқаровтың ақталуын талап етемін! Асқаровтың ісін, оның тағдырын басқа республиканың шешуіне қарсымын! Редакциядан осы талабымды Қырғызстан Жоғарғы сотына жеткізуін өтінемін, — деп жазған хаты «Ана талабы» деген атпен «Социалистік Қазақстан» газетінің 1991 жылғы 18 наурыздағы санында жарияланған-ды.

Асанбай ағаның тағдырына ара түскен миллиондаған адамдардың арасындағы біздің анамыз Нәсиханың да үнінің естілуі біз үшін зор мақтаныш.

Шүкіршілік, Асанбай аға актальп, арамызда жүріп, бірнеше кітаптарын еліне сыйлап, армансыз дүниеден өтті. Қимастықпен аяулы бауырымызды шығарып салдық.



«СЕН ӨЗІ СОЛ КЕНЕННІҢ БАЛАСЫ ЕМЕССІҢ БЕ?»

Біздің үйге қонақтар көп келетін. Ауылымызға кім келсе де, әкеме сәлем бермей кетпейтін. Кім келсе де әкем қой сойып, мол дастархан жайғызып құрметтейтін. Әсіресе, әнші, қүйшілер, әртістер келсе қуанышымызда шек болмайтын. Олардың музыка аспаптарын, киімдерін арқалап қатарларында жүргенімізге мәзбіз. Есімнен кетпейтін бір жәйт. Бір күні ауылымызға бір топ әртістер келді. Ол кезде колхозда қонақ үй, асхана дегендер жоқ. Бәрі біздің үйге түсті. Келгендерді орта бойлы толықша келген, беті секпіл-секпіл бір әйел басқарып жүр. Өзі сондай көнілді, қалжынбас кісі еken. Кешкісін «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасын қойып, онда Баян сұлудың рөлін ойнап, пьеса сонынан концерт қойып, онда «Балқадиша» әнін орындаған әртіс маған катты әсер етті. Сұлулығынан көз ала алмай қалдым. Аппақ, шашы ұзын, дауысы қандай. Әкемді мазалап: «Баян болып жүрген кім? Балқадишаны айткан кім?», – деп сұрай бердім. Әкем: «Бағанағы қымызды көп ішкен апаң ғой, өзі құлдіргі, қалжынбас кісі – Рахия Қойшыбаева деген», – деді.



— Иә, Рахия апай онша сұлу емес қой, мүмкін ол кісі емес шығар, — деймін. Сонда әкемнің: «Шын өнер адамы көп адамдардың алдына шығып өнер көрсеткенде арқаланып, тенденсі жоқ сұлу бол кетеді, шырағым. Мынау Рахия апаң шынайы, сағ алтындей өнер иесі», — дегені есімнен кетпейді әкемнің.

Тағы бірде жөтеліп, қызыум көтеріліп, ауырып қалдым. Сол күні сыныптас құрбым келіп, аудан орталығына Жұсіпбек Елебеков бастаған әртістер келгенін, кешке олардың концерті болатынын айтып кетті. Қайткенде де концертті көру үшін өзімді күшпен тұрғызып, жазылып кеткендей, үй тірлігіне араласып кеттім. Мұнымды көрген әкем, сұраулы қарады. «Тыс-с, ауырсаң апам концертке жібермей қояды» деп жалынышты көзben қарадым. Концертке баруын бардым-ау, бірақ ертеңіне ауруханаға түскенім ұят-ак болды. Сондағы деңемнің қызыу көтеріліп отырып, Жұсіпбек ағаның орындауындағы «Жас қазақ» өні, соның алдында ғана ойнап жүріп байқаусызда окка ұшқан өзімнен бір сынып төмен оқитын Кәріжан ағаның Болат деген ұлын көз алдымға келтіріп, ағылтегіл жылап, қасымда отырған әкемнің алдына құлап түсіппін.

Әкем өнші қыздар ішінде Роза Бағланована ерекше жақсы көретін.

— Япыр-ай, мұндай да өнші болар ма? Кіп-кішкентай болып сызылып сахнаға шығады. Өзі тым әдемі, сүйкімді-ак. Ал ән салғанда аузы әрен ашылатын сияқты. Көмейінен құйқылжыта құйылған үн құлағыннан кетпейді, құдды тамағында қонырау бардай сезінесін», — деп отыратын. Содан бері Роза Бағланованаң талай-талай кон-церттеріне барып, тыңдаған сайын әкемнің сондағы айтқаны есіме түсіп, танқалып отырамын.

Қазақ қыздарының алғашқы қарлығаштарының бірі — Құләш Байсейітова жайында әкем әңгімесін айтып тауыса алмайтын. Оның сан қырлы өнеріне қоса, табиғат жібектей мінез, үлкен адамгершілік, биязылық пен сұлулықты баса бергендейдін, тамсана әңгімеледен жалықпайтын. Құләш мезілсіз қайтыс болғанда «Құләшқа арнау» деген жоқтау өлеңінде:



*...Кара көз, қигаш қас,
Бұраң бел қолаң шаш
кең иық, кер миық,
Күләштай жсан тұмас.
Жаманат келгенде,
Шулады-ау, кәрі-жас.
Арманда жасас кеттің,
аруым қарында...*

— деп, өкінішке толы ұзақ жоқтауы шын талантты қалтқысыз түсінуінің айғағы еді. «Күләш сомдаған Жібек, Алтынша, Ақжұніс, Татьяна, тағы да басқа кейіпкерлер жүргіме ұялап, көңіліме қонғаны соншама, басқалардың сол бейнелерді ойнағандарын қанша көрсем де, менің көз алдыннан Күләштің сахнадағы көрінісі кетпей-ақ қойды», — деп отыруши еді әкем.

Дарынды композитор Мұқан Төлебаевты ерекше бағалап, еңбеккорлығына, талантына сүйсініп отыруши еді. Алматыға келген сайын «Біржан-Сара» операсына апарындаршы мені» деп тілек білдіретін. «Осы операны көре бергім, тыңдай бергім келеді. Мұқан өлі жас қой, амандық болса әлі талайды көрсетіп, халқын өнімен, өнерімен сусыннататына кәміл сенемін», — деп мақтан тұтатын еді.

М.Төлебаев дүниеден өткенде катты күйінді:

*Ән мен күйді боратқан,
Қайран менің Мұқаным!
Миуалы дарақтан,
Сынып түсті-ау бұтагым!
Өнеріңді егіт ең,
Еркесі едің көңілдің,
Алатаяудың көгінен
Ән болдың да, төгілдің.
Гүл өмірмен астасын,
Қанат қақты арманың
Өзің кеттің қоштасын,*



Құлағымда қалды үнің... — деп өлең шығарып, ағыла жылағанда, қасында болып, көзбен көрген перзенті мен едім.

1959 жылдың маусым айында әкемнің 75 жылдық мерейтойы республикалық деңгейде тойланды. Сол жолы өзі аса құрметтейтін інісі Қалибек арқылы:

*Жазамын Қуанышбаевқа қуаныш хат,
Алдыңда бел бол жүрген біз бір шал қарт.
Елубай, Серке менен Манарабегім,
Жұсібек, Құрманбектей ер-азамат.
Көп жылдар көрмегелі өтіп жатыр,
Келиңдер інілерім, бол саламат.
Мен ағаң жетепіс бесте Кенен деген,
Құлагым ән-күй десе елеңдеген.
Халқыма сансыз алғыс көппен бірге,
Тойламақ болып жатыр қошеметпен,
Шақырам барлығынды тетелестер,
Келиңдер жаздым сауын өлеңменен..,*

— деп, Е.Өмірзаков, С.Қожамқұлов, М.Ержанов, Ж.Елебеков, Қ.Жандарбеков сияқты бір топ өнерпаздарды тойына шақырған. «Аса бағалы інім Қалибекке» деген өлеңін жақында ғана архивтен тауып, өлеңдер жинағына енгіздік.

Өнерімен өзіне тарта туған Алтынбек Қоразбаев баласын әкем аса жақсы көруші еді. Әкемнің 90 жылдық тойында «Жұз жаса Кенен аға» деген ән шығарып, өлеңінде өзі жазып құттықтаған әні нотасымен «Қордай шамшырағы» атты аудандық газетте жарияланды. Біз оны әкеліп әкеме оқып беріп таныстырдық. Әкем риза болып, «мына баламның болашағы зор болады» деп батасын беріп «Алтынбекке» деген өлең шығарған еді:

*Алтынбек ата десен қуанамын,
Баладай күлише берген уанамын.
Атам деп еліктейтін шәкірт болсан,
«Өнерің ерге бассын», құп аламын.*



*Тілеуім өнерпаз бол асыл ұлым,
Мұрагер бол атаңың басып ізін.
Балқышты қоргасындаі көңілімді,
Алты ауыз аталаған әуен сөзің.*

*«Нұржасаар, — деген халық, талапты ерге»
Өнерді бастаған соң тастай көрме.
Табылmas еңбек етпей ән мен өлең,
Өзіңдей тілектеспін өрендерге,*

— деген еді. Бұдан басқа да Алтынбек әкемнің «Жетпіс бес», «Сексенге», «Ой, бұлбұл», «Домбыра», «Қайран жастық» сияқты әндерінің профессионалды түрғыда орындалуына атсалысты. «Бұғінгі күн ел-жүртқа кеңінен танымал Тараз триосының орындаудағы «Қекшолак» әнінің үш дауыста орындалып жүруі де Алтынбектің бастамасы екендігі аян. Әсіресе, әкем дүниеден өткенде ақын Ж.Сөтібековтің өлеңіне «Сағындым Кенен атамды» деген әні Алтынбектің Кенен атасына деген көңіл-күйінің, ой-арманының ерекше екендігін танытты. Ән халық арасына кеңінен тарап кетті. Осы ән туралы қызық бір оқиғаны айта кеткенді жөн санап отырмын. А남 Нәсиха: «Әлгі Алтынбек балам Кененді жоқтап ән шығарыпты дейді. Тойдың әлегімен жүріп, сол әнді жөндеп, бір ести де алмадым», — дей берді. Оны естіген жігіттер Алтынбекті үйге алып келіп, Алтынбек арнайы анама арнап «Сағындым Кенен атамды» әнін айтып берді. Үнсіз риза көнілмен тындал отырған анам ән аяқталғанда Алтын-бектің бетінен сүйіп тұрып: «Елу жыл бірге өмір сүрген мен де Кененді дәл сендей жоқтай алмадым, шырағым. Бақытты бол, Кенен атаның жолын берсін дей келе, осы Кененнің жүрмелеген жері жоқ қой, сен өзі сол Кененнің баласы емессің бе?», — дегенде, жүрт шу ете қалды. Алтынбектің өзі де күле берді. Содан бері Алтынбекті бірге туған бауырымдай құрметтеймін. Сөйткен Алтынбек те жетпістің желкесіне шықты. Кененнің төл балалары Алтекене құдайым Жамбыл, Кенен аталарының жасын, жолын берсін деп тілейміз! Біз бауырымыз Алтынбекті ардақ тұтамыз, Алтынбекпен мактанамыз!



ӘКЕМНІҢ СОҢҒЫ АМАНАТЫ

немесе Мырзатайга арналған өлеңі туралы

Әкем туралы, яғни халық ақыны, сазгер, өнші Кенен Әзірбаев жайында көп айтылып та, жазылып та жүр. Алайда, Кенен мұрасын зерттеуде, оның сан қырлы ақындық жолын жаркыратада көрсетуде Мырзатай Жолдасбековтің орны ерекше.

Жамбылдың ақындық ортасын ашу үшін Жетісү ақындарының өнерінен мәліметтер жинап жүргендігін айттып, атамды арнаіы іздеп келген сонау 1964 жылдардан бастап Кенен мен Мырзатай үнемі шығармашылық байланыста болды. Ол ақын еңбектерінің баспасөз беттерінде жариялануына қамқорлық жасады. 75, 80, 90, 100, 125 жылдық мерейтойларында да аянбай енбек етті. Атам туралы өзі де көп жазды. Үйге келгенде үнемі аз сөйлеп, көп тыңдайтын. Тыңдаушысы келіскең атам да небір жайларды ағытушы еді-ау!

Мырзатай атамды ғана емес, бәрімізді баурап алды. Оны атам баласындей, біз бауырымыздай сезінетін едік. Сондай шақтарда апам атама: «Бұл өнірде жүрмелеген жерін жок, Мырзатай сенің өз беліннен шыққан балаң болып жүрмесін» деп әзілдейтін.

Бірде Мырзатай менен: «Осы Кенекемнің күйтабаққа түсірілген даусы бар ма екен?» деп сұрады. «Ертеректе 2-3 әні жазылған бір күйтабағы бар еді, оның өзі де сынып қалыпты» дедім. Сонда ол өкініш білдіріп: «Кеш те болса міндетті түрде даусын жаздыру керек» деген еді. Көп кешіктірмей атамның қалаға келгенін пайдаланып, біз, Мырзатай, Тасыған – үшеуміз оны дереу опера және балет театрына алып келдік. Сол жерде түн ортасына дейін Кенен ақынның өз орындауында 20 шақты әнді жаздырық. Термоспен шай апарып, ауық-ауық құйып беріп отырғанымыз да есімде. Әр әнді жазған соң қалай болды екен деп тыңдаймыз. Басында бәрі жақсы сияқтанды. Бірақ күйтабақ ойнаған сәтте бір нәрсе тық-тық етеді. «Бұл не?» деп бәріміздің басымыз катты. Жазып отырған жігітте тіпті жан қалмады. Себебі, барлық жағдайы жасалған



тып-тыныш бөлме, қосымша дыбыс жазылатын ешнәрсе жоқ дегендей... Сөйтсек, атам өнді айта отырып, ырғаққа ілесіп бір аяғымен жерді теуіп отырған екен. Біз жан-жағынан «Ататай, аяғыңызды қозгамай отырып айтыңыз» деп шу-шу етеміз. Үйреніп кеткен өдет қойсын ба? Әннің әсерінен ескертуімізді әлсін-әлсін ұмытып кете береді. Тіпті, сол кезде аяғын ұстап отырмак та болдық. Қонбейтін.

Шаршап, шөлдеген тұста тамағын жібітіп отырып: «Кенеке» десе, айта беріппін, айта беріппін. Ешкім жазып алмапты. Жас күнімде даусым тік шырқау, биік еді, жеткізем деген жеріме жеткізуши едім. Әсіресе, Жалайыр Сұндетбай болыстың жиынында Кененді көреміз, әнін тындеймый деген ел-жұрт алты, сегіз, он екі қанатты казак үйлерге сыймай, ақыры мені төбеге шығарып айтқызған еді. Кайран сондағы үнім-ай! Енді, міне, кәрі түйедей бақылдаған даусым қалғанда әуреге түсіп жүргенім. Даусымның қуаты барда жазылмай қалғаны өкінішті-ақ» деп, өткен құндерін сағынышпен еске алатын.

«Колда барда алтынның қадірі жоқ» деген осы да» деп ара-арасында сөйлеп те қояды. Әйтеуір, іс қылып, әрен дегендегі біраз өн жазылды. Қазір ел қолында жүрген, сыртында ақ сақалы желбіреген суреті бар, көркем безендірлген құтабақтағы үні атамның сол күні жазып алғанған, сексендегі дауысы екендігін біреу білсе, біреу білмейді.

Атам қартайған шағында біреудің айтқанына оңайшылық-пен көнбейтін, тек Мырзатайды тыңдайтын, соның ғана айтқанына иланатын еді. Бұл туралы атамның өзі: «Жамбыл мені қасынан тастамайтын. «Мен Кененнің үнінен басқаны үқпаймын» деуші еді жарықтық. Сол айтқандай, мен де осы Мырзатайдан басқаны тыңдамай барамын. Өйткені, оның ойы терең, пікірі нақты, сөздері қоспасы жоқ саф алтындай таза, түсінікті» деп мақтап отыратын.

Бір күні Алматыдан бір топ теледидар қызметкерлері арнайы келіп, атамды киноға түсірмек болды. Әкемнің 90 жылдық тойына орай кезекті бір хабар даярлау қажет болса керек. Атам: «Ешқандай киноларына да, теледидарларына да түсуге шамам жоқ, баяғыдан бері қайда жүрсіндер?» деп қатты ашуланды. Біз болсақ, сонша жерден әуре болып келгенде үят болды-ау деп жатырмыз. Ақыры келген қонақтардың күр қол қайтуына тура келді. Біз оларға: «Енді Мырзатай Жолдас-бековті алып келініздер» дедік. Бір айдан кейін олар Мырзатайды өздерімен бірге ала келді. Оны көрген соң атам: «Шырактарым-ай, картайғанда кай түрімді көрсетейін деп едіндер? Қазір менде не сән бар, не өн бар? Босқа әуре болдындар ғой» деп ертеректе дұрыстап түсіріп алмағандарына өкпе-назын айта отырып, келісім берген-ді. Басы қалтылдан, қол-аяғы дірілдеп, жан-жағынан түсірілген жарыққа көзі, ыстыққа жүрегі шыдамай, қатты қиналса да, төзді. Сол жолы да барды бағалай білмейтініміздің куәсі болдық. Әрі ұялып, әрі атама жанымыз ашыды. Мырзатай бұдан былай атамды қинамайтындаи болды ғой деймін, қатты қысылды.

Алайда, Жамбыл бабамыздың 125 жылдығы тойланар кезде Мырзатай, Тасыған, Бақытжан, Манан аға – төртеуі қайткенде



де атамды осы тойға алып келуіміз керек деп Алматыдан Қордайға жолға шықты. Амандық-саулық сұрасып, біраз демалған соң Мырзатай:

— Кенеке, естіп жатқан боларсыз, арғы күні Алматыда Жәкенің тойы болады, соған шақырып келіп отырмыз. Бүгін салқын түсे жүріміз керек, ертең тынығып, арғы күні жиынға катысамыз. Сізді алып кел деп мені жіберді, — деді.

Атам үндемей сәл отырды да: «Тойларың құтты болсын! Алматыдағылар мені баяғыдай, айтсақ болды, дереу шауып келеді дейді-ау, ө? Бүгінде қарға адым жер басу мұн, жолға жүргегім шыдамас, бара алмаймын, шырактарым!» деді. Бұл жолы тойға шақырушыларға анам Нәсиха қемектесіп жіберді: «Немене, жолда өліп қаламын деп қорқып отырсын ба? Өлсен, «атам-ай!» деп жылап, балаларың алып келеді. Жәкенің тойына бармағаның ұят емес пе? Балалардың сағын сындырмай жолға дайындал» деді.

«Сол жолы Кенекем Ленин атындағы сарайда той президиумының алдыңғы қатарында Д.А.Қонаевтың касында отырды. Артында екінші қатарда «атқосшысы» — мен отырдым. Бұл жолы да Кенен атам жай келген жок, ұстазының тойына әйгілі «Жамбыл жырын» тарту етті» деп еске алады Мырзатай.

1961 жылдың жазында атам ҚазМУ-ге келеді. Оны естіген университет ректоры, ұстаздар келіп сәлем берген еken. Ішінде Мырзатай да бар. Әкем қолына домбырасын алып: «60-тан асқанда ұлды болып, 80-ге жақындағанда оны оқуға әкелген мен сияқты қазақтың карттары көп пе?» деп әзілдей келе, нағашысының қолында өскен, соларға бала болып кеткен Қабылтаев Бақытжан деген ұлын табыстаған еді. Оны университет ректоры Мырзатайға тапсырып тұрып: «Кенеке, қам жеменіз, тілегіңіз орындалады» деп құрмет, қошеметпен шығарып салған. Кейін сол Бақытжан әдебиеттен емтихан тапсырғанда жап-жақсы жауап берсе де, канагаттанарлық деген баға алады. Мен де сол күні жүргегім бір нәрсені сезгендей жанымды қоярға жер таппай, мазам кетіп, «Бақытжан не болды еken?» деп, университетке келдім. Ішіне кіре алмай жалтақтап түр едім, інім құп-қу болып шығып келе жатыр еken.

— Не болды, Бақытжан? — деп құшақтай алдым.

— Құрысын, оқымаймын. Үш деген бағамен адам университетке түсуші ме еді? Сондай жақсы жауап бердім. Билеттегі сұраптар да женіл болды. Білмеймін, емтихан алып отырған ұстаздар — екі әйел, бір ер адам сыбырласып-сыбырласып, үш койды да жіберді, — деп ашууланып жүріп кетті.

Іле-шала мен амалын тауып, ішке кірдім. Не істерімді білмей, емтихан жүріп жатқан 11-аудиторияның есігін аштым да, қайта жаба салғаным сол еді, ішінен бір кісі шықты да (оның Құсайын деген ұстаз екенін кейін білдім), «Сіз бе есік ашқан? Емтихан жүріп жатыр, болмайды ғой» деді.

— Мен Кенен Әзірбаевтың қызы едім. Сізben бір минутқа сөйлесуге бола ма? — дедім.

Ол ойланып біраз тұрды да:

— Мениң соңымнан ерініз, — деді.

Не керек, институттың ең астынғы қабатына түстік. Мен Кененнің баласы Бақытжанның үш алғанын айта бергенімде:

— Қойыңыз, өз қолыммен Кененбаевқа бес қойдым, — деп болмады. Мен оның Кененбаев емес, Қабылтаев Бақытжан екенін айтқанда ғана қателескенін біліп:

— Емтихан біткенше кетпеніз, — деді де, жүгіріп кетті.

Сырттай қарап отырдым, Құсайыннан маза кетті. Бір кіреді, бір шығады. Емтихан біткен соң мені шакырып алып:

— Сізге көп раҳмет! Сіз айтпасаңыз, келмесеніз, осылай болып кететін еді. Бұл өзі бір күлкілі іс болды. Ырым Кененбаев деген баламен шатастырыпсыз. Абырой болғанда, Мырзатай да, басқалары да осында екен. Үлгердім, бауырыңыз тынышталсын, келесі сабакқа даярлансын, — деді.

Мен алғыс айтып, шығып кеттім. Кейін Й.Кененбаев та, Б.Қабылтаев та оқуға түсті. Екеуі де жақсы оқыды. Екеуі де бұл күнде танымал журналистер, жазушылар, достар. Осы кезде басымыз қосылса болды, өткендегі осы әңгімені еске алып күлеміз.

1974 жылы атамның 90 жылдық тойы өтті. Осы тойдан кейін-ақ әкем жиі-жій ауырып, нашарлай берді. Сол жылдары



Мырзатай қызмет бабымен Талдықорғанға ауысып, біраз уақыт келмей кетті. Күте-күте сағынған науқас атам мына өлеңді маған жаздырып, қолына тапсыруымды аманат етті.

МЫРЗАТАЙҒА

*Сагынып сәлем жаздым Мырзатайға,
Жігітсің сөзге шешен, тілің майды.
Қормалы, қоргаушы бол ақындарға,
Маган да көп еңбек қыпти тиіді пайдан.
Өз жузін көрсеткендей, өз келбетін
Жігітсің алтын сөзді, асыл айна.
«Тұтпейді түбі бірге» деген халық,
Таныттың өнерімді көп жамайға.
Отырмын нардай шөгіп бір орында,
Тағдыр мен кәрілікке бар ма айла?!
Тілектес аман-есен жүргеніңе
Отырган Кенен атаң терең ойда.*

Бұл өлеңді 1976 жылдың наурыз айында жаздырткан. Мен оны Мырзатайға жеткізгенше сол жылдың 12 сөуір күні атам қайтыс болды. Мырзатай да көппен бірге «аталап» келіп, орны толmas қазаны бірге бөлісті.

Әкем өліп, есенгіреп жүріп, әлгі «Мырзатайға» деген атамның өлеңін қайда койғанымды білмей, көп іздедім. Таба алмай әлек болдым. Сөйтсем, жолдасым Тасыған: «Мырзатайға өзім беремін» деп қалтасына салып алыпты да, берудің ынғайын таптаған ба білмедім, кейін өзіме қайтарды. «Әкемнің соңғы аманаты еді, бұл не қылғаның?» деп оған біраз ренжіп те жүрдім. Ақыры не керек, Мырзатай докторлығын қорғаған тойында өнімен орындал, өзіне тапсырдым. Ол сонда «Баяғыдан бері неге бермей жүрсің?» деп көзіне жас алып тұрып, раҳмет айтқаны өлі есімде. Бұл өлеңді біраз әншілерге де үйреткенмін. Бұл күнде олар «Мырзатайға» деген Кененнің өнін сахнада орындал та жүр. Тындал отырып, әкемнің соңғы



аманатын кеш те болса, Мырзатайдың өз қолына тапсырғаныма, сол өлеңді Кененнің толық жинағына енгізгеніме қуанып, өзіме риза боламын. Өйткені, бұл әкемнің маған тапсырған соңғы аманаты еди.

Әкемнің тірі кезіндегі шығармашылық байланыстары әлі де Кенен үрпактарымен жарасымды жалғасып келеді. Атамның қолынан ет асап, дәмдес-тұздас болып, талай-талай құндер мен тұндерді бірге өткізіп, атасының қажымаған, жасымаған, шөкпеген, кетілмеген асылдығына, сергектігіне ғашық болған, қарлықпаған күміс көмейіне тәнті болған Мырзатай жай ғана тыңдаپ, таңданып жүрмепті, ақынның аузынан шыққаның бәрін жазып алыпты, ұғып алыпты, жинап-теріп, ұқыпты сақтапты. Енді, міне, соларды «Атамыз былай деген», «Кенекем айтқан» деп жазып та, айтып та, оның артында қалған тамаша мұрасын өшпестей етіп халыққа ұсынып жүр. Тірлігінде атасының ақ батасын алған М.Жолдасбеков К.Әзірбаев туралы «Асыл арналар», «Токсан толғау» атты деректі ғұмырнамалық кітаптарын да шығарды. Жекелеген мақалалары қаншама?! Біз, К.Әзірбаевтар әулеті, оның үрпактары, Мырзатайға дән ризамыз. Оны біз бірге туған бауырымыздай санаймыз, сыйлаймыз, құрметтейміз, мактанамыз. Әлі де халық игілігі үшін аянбай қызмет етіп, қажымай-талмай, шаршамай-шалдықпай, карттыққа берілмей, ортамызда жайнап жүре беруін Алла ұзағынан нәсіп етуін тілейміз.

III БӨЛІМ

ТӘРБИЕ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ





ӘКЕМ КЕНЕҢ ӨТЕ БАЛАЖАН ЕДІ

Үлттық дәстүрімізді баланың қанына сініріп, санасына енгізе тәрбиелеу ең алдымен ата-ананың аялы алақаны мен мейірінен басталады емес пе? Яғни бесік жыры, аныз әнгімелер, ертегілер айтып, жақсы сөз, әсем ән, тәтті күйлерімізді тыңдатып, баланың туған жерінен бастап айналадағылардың баршасымен таныстырып, жер аттары мен әсем табиғаттың сырынан мағлұматтар беру жасөспірім бүлдіршіндердің құндақта жатқан кезінен басталуы керек-ак. Баланың әр нәрсені нақты ажырата білуіне, ой-өрістерінің дұрыс қалыптасуына үлкендердің жауапкершілікпен қараулары керек. жас бала ғой, бәрібір түсінбейді деп женіл қарауға әсте де болмайды.

Осы орайда Бауыржан Момышұлының: «Бесік жырына балқып, ертегіге елтіп, нан қадірін ұғып өспеген баланың көкірегі көр болмақ», – деген ұлағатты сөзін еріксіз еске аласын.

Біраз ата-аналар тәрбиесінің ең мықтысы – қаталдық деп есептейді. «Баланы жастан, әйелді бастан» дегенді сактайды. Баласымен әнгімелесспейді, оның жан-дүниесінде не болып жатқанымен санаспайды, оны білгісі де келмейді. Өйткені, ол шаршап тұр, уақыты жоқ. Іс қылыш қорқытып, ұрып, ұрып, зекіп, әйтеуір, баласын алдында құрдай жорғалатып қойса болды. Мұндай әрекет тәрбиенің ең бір дөрекісі. Негұрлым баланың қас-қабағына қарап, аялап, ақылдасып, сырласып, сенен еш нәрсені жасырмайтындаі сеніміне енсен, соғұрлым ол да айналаңнан шықпайтын, қуанғанда да, қысылғанда да қасыннан табылатын болып өседі. Ата-ана мен бала арасындағы қатынас шынайы қалыптасқан шаңырақ – бақытты.

Уақыттың аздығын, жағдайдың жоқтығын сылтауратып, бала тәрбиесінің негізі отбасы екендігін мойындағылары келмейтін ата-аналарды көргенде мен өз ата-анамның (Кенен мен Нәсиха) оқымаса да тоқығандары көп, көкіректері ояу, көздері ашық жандар болғандықтарын мактанашибен еске аламын. Әкем де, шешем де балажанды еді. Балаға зарығып



жеткендіктен бе, өйтеуір, дауыс көтеріп ұрып, ұрып көрген жок, еркін де ерке өстік. Әр баласын ардақтап, баға беріп, құрметтеп, қошеметтеп тәрбиеледі. Бір менің өзіме арнап төрт өлең шығарыпты. Дүниеге келгенім, оқығаным, тұрмыс құрғаным, бәрі-бәрі жыр болыпты.

Көркемжан мен Бақытжан,

Екі өркеші түйенін,

Екі емшегі биенін.., – деп екі ұлын ардақтаса, «Келін келді дегенде қуанғаным, қуанғаннан орныманнан тұра алмадым», – деп, қуанышы, қуаты Көркемжанның үйленген тойында шығарған «Келінжан» әні халық арасына кеңінен тараپ кетті. Қос шырағынан айырылған зарлы шағындағы «Базарым-ай, Назарым-ай» әнінің орны бір басқа. Біздерге арнаған бесік жырлары қаншама?!

Өсіресе, әкемнің ерінбей-жалақпай бізben ойнайтыны қызық еді. Алаканымызды жайдырып қойып:

*Бір дегенім – білеу,
Екі дегенім – егей,
Үш дегенім – ұскі,
Төрт дегенім – төсек,
Бес дегенім – бесік,
Алты дегенім – асық,
Жеті дегенім – желке,
Сегіз дегенім – серке,
Тогыз дегенім – торқа,
Он дегенім – оймақ,
Он бір – қара жұмбақ,*

– деп бар саусақтарымызды санап шығамыз. Немесе:

*Қуыр-қуыр, қуырмаш,
Тауықтарға тары шаш.
Бас бармақ, балалы үрек,
Ортан терек, шылдыр шүмек,*



Кішкентай бөбек.

Сен қойга бар,

Сен жылқы бақ,

— деп барлық саусақтарымызға ат қойып, әрқайсысына тапсырма береміз. Одан әкемнің көрсетуімен екі қолымызды айқастырып жіберіп, біреуімен құлағымызды, біреуімен мұрнымызды ұстаймыз. Енді оны жиі-жіңі жылдам-жылдам қайталауымыз керек. құлактың орнына басты, мұрынның орнына көзді ұстап, қыран-топан құлқінің астында қаламыз. Тілді мұрынға, шынтақты ауызға жеткіземіз деп талай қызықтарға батып, мәз болушы едік. Кешке жақын қалай шам жағылады, солай атам бізге саусақтар арқылы үйдің қабырғасынан жан-жануарлардың бейнесін жасап та, жасатып та үрететін. Кейде жұмбақ ойнаймыз.

Маң-маң басқан, маң басқан,

Шудаларын шаң басқан. Ол не? — дейді атам. Ойланып қаламыз. «Немене, Қашаған аталарыңың үйінде не көп, білмейсіндер ме? Қунде көріп жүрсіндер ғой», — дейді. «Иә, енді білдік, ол түье, түье» деп шуылдаймыз.

Кішкентай гана мияды,

Аспан мен жер сияды. Ол не? — дейді атам. Ананы бір айтып, мынаны бір айтып жатып, әйтеуір «Көз» дейміз. Кім жұмбақты көп шешсе, сол атамың қойнына жату бақытына ие болады. Ұйықтар алдында әкем бізге міндетті түрде ертегі-әңгімелер айтатын.

Сендер сияқты кішкентай кезімде менің үш досым болды. Оның бірі — ак лағым. Ауылымызда бір той болып, сонда өңкей өзім қатарлы жас балаларды жарыстырды. Сонда мен бірінші келіп, бәйгеге тігілген осы лақты маған берді. Өз қолымнан жем, шөп, су ішкізіп асырадым. Мойнын созып, екі құлағын қайшылап, шөпті бырт-бырт шайнап қасымда жүреді. Құлағына қызыл шашақ, мойнына тұмар байлап қойдым. Лағыма серік болсын деп ак күшік пен ала мысық асырап алдым. Төртеуміздің жұбымыз жазылмайды. Ақ мысығым



үйиқтағанда пыр-пыр етіп қойнымызда жатады, күшігім қозін қысып, құлағын салбыратып аяқ жағымда жатады. Қозы бағуға барғанда күшігім таяғымды тастап кетсем таяғымды, бас киімімді кимей кетсем бас киімімді, белдігімді алмай кетсем белдігімді тістеп алып, артымнан қалмайды. Бір күні ауыл сыртындағы өзеннің сұзы тасып, ақ лағым судан өте алмай жүгіріп жүр екен. Ол өзеннің ар жағында, мен бер жағында, екеуміз бір-бірімізге жете алмаймыз. Мен жінішкелеу жер ізделеп, қалай жүрсем, ол да солай қарай жүгіреді. Өзі «іммаа-ау, імм-аа-ау», – деп маңырап жылап жүр. Мен де жылап жүрмін. Сөйтіп жүрсек, аузына менің таяғымды тістеп алып, ақ күшігім жүгіріп келеді. Қуанып кеттім. Әзер дегенде өзеннің бір жінішкелеу жерін жауып, таяқты судың ішіне тіредім де ар жағына секірдім. Лағымды мойныма отырғызып қайтадан сол әдіспен өзеннің бер жағына секірдім. Үшеуміз мәре-сәре болып лақты бір иығыма, күшікті бір иығыма отырғызып алып үйге келе жатсам, біздің қуанышты кейпімізді сезген ақ мысығым жүгіріп келіп мойныма бір-ақ шықты. Менің сол достарым керемет ақылды еді. Ақ лағым үрғашы болатын, өсе берді. Тұқымдары да аппақ болды. Тас-тасқа ақ қайындай қаптап жайылып жүрген ақ ешкілерге ілесіп ақ итім де (ақ күшік ол кезде өскен) кете беретін еді», – деп өзінің алыста қалған қайталанбас балалық шағын сағынышпен бізге әңгімелейтін еді әкем. Ол кезде бізге әкемнің бүл айтқандары ертегідей өсер ететін. Қөзіміз жыптылықтап, атамның: «іммә-ә, әммә-ә, іммә-ә», – деп жүгіріп жүрген лағымен қоса жылай жаздал, ақ күшігінің қылығына сүйсініп, достардың қауышқандарына қуанып, көніліміз орнына түсетін. Енді біз өзіміздің кішкене ғана ауылымыздағы жүйрік аттар мен алғыр тазыларды санауға кірісеміз. Олардың ең басына болса да, болмаса да өзіміздің үйіміздегі Шұбар атымыз бен Ақжолтай деген итімізді бірінші деп санаймыз. Онан соң басқалары хатталады. Сөйтіп жатып үйиқтап кететін күндер-ай! Өсе келе асық ойнайтын болдық. Ол кезде қой сойылады, әрқайсымыздың дорба-дорба асығымыз болатын. Әкем неше түрлі бояумен бояп беретін. Қатар-



қатар асықтарды тізіп қойып, кезекпен атамыз. Әкем бәріміздің асығымызды сыпырып алады. Ұтылып, айырылып қалған асықтарымызды қайтарып алу үшін атам құсап дәл тигізудің амалын таппай әлекпіз. Асықтан «Хан» деген ойын ойнаймыз. Топ-тобымен асықтарды үйіргенде, кімнің асықтарының ішінде алшы тұрған асықтар көп болса, сол хан болады. Ләңгі ойнағанымыз қандай қызық еді. Алдымен ләңгіні қалай жасайтынын үйретті. Кәдімгі бес тыиінның ортасын тесіп, ол жерге ешкінің бір топ қылын өткізеді де, сол жерге қорғасын құяды. Екі аяқпен кезек-кезек теуіп ойнаймыз. Ләңгіні жерге түсірмей көп сан алса, сол женеді. Женелгеннің басынан қуып жүріп, мәтек аламыз. Әдемі, жылтыр, бірынғай қой тастарды жиып әкеліп «Қақпатас» деген ойын ойнаймыз. Бірін жоғары лақтырып, ол келгенше екіншісін жерден іліп үлгеруіміз керек. Бұл ойындар бізді жылдамдыққа, ептілікке үйрететін. Сол сияқты «Соқыр теке», «Тығылмак», «Ақсүйек», «Ақ терек, көк терек», тағы да басқа көптеген ойындардың бәрінде де әкем өзінің егделігіне қаамастан бізбен бірге ойнай беретін. Бала кезінде өзінің қамысты сырнай, қалақты домбыра қылып ойнағандарын, сондағы нелер бір қызықты істерін бізге ерінбей-жалақпай айтып беретін.

Біздің бала кезімізде кино, театрларымыз да, клубымыз да ата-анамыздың қасы, дастарқанының басы еді. Әкеміз көбіне ел аралап кетеді. Ал үйде болғаны біз үшін мереке сияқты. Үлкен дөңгелек үстел үстінде жана ғана пісірілген қызыл бауырсақтар, таба нандар, шелпектер жайылып жатады. Құрт, май, ірімшік, кілегей, қатық, жент – бәрі де анамыздың қолынан шыққан тағамдар – бірнеше жерден қойылады. Үстелдің айналасына көрпешелер төсөлінеді, жастықтар тасталынады. Айнала тап-таза, әкем отырады. Әкемнен соң әжем, аға-әпке, тағы да басқа үлкендер отырады. Солардан соң ғана балалар орналасады. Божылдаған самаурынның қасында апам. Самаурынға сексеуілдің шоғын салып дуасы шығып тұрмаса, әкем шай ішкен ғұрлы болмаушы еді. «Шәйнектің астына да қанылтырмен шоқ тартып жиі-жіі демдеп отырсан, құйған



шәйің бастан-аяқ бірынғай болады», – дейтін еді апам. Шай қүюдың да неше түрлі болатындығын – «күрен шай», «құлак-касқа шай», «қызыл шай» деген аттары бар екендігін де әке-шешемізден естітінбіз. Асқа ең алдымен үлкендер қол салу-лары керек, соナン соң ғана балалар кіріседі. Әрі наннан үл-кен ешнәрсе жок, ең алдымен наннан жеу керек деп отыратын әжем. Әкем қашан әңгіме айтар екен деп күтіп отырамыз. Әкем тамактанып, шайға қанып алған соң, домбырасын қолына алып әңгімеге кірісетін еді. Осындай дастарқандар басында мен әкемнің аузынан «Манастың» кейбір тарауларын, «Көрүғұлы Сұлтанды», «Қызы Жібек», «Қозы Қөрпеш – аян сұлуды», «Ләйлі-Мәжнұн», «Ертөстік», «Қобыланды», «Алпамыс», тағы да басқа ертегі-әңгіме, қиссаларды жатқа айтқандарын естіп естім.

Әкеммен жолға шыққанда уақыт есептеп жұру мүмкін емес еді. Қайда барсақ та жол-жөнекей жан-жағындағының бәрімен таныстырып отыратын.

Анау бір сұлу қыздай керіліп жатқан жер – «Сұлутөр» жайлауы. «Сұлутөр» – сенбесен оны барып көр», – деген сөз содан қалған. Бұл жерді атақты Ноғайбай бабаларыңың ауылы жайлапты. Сонау Алатауға жалғасып жатқан жер – «Қызылсоқ» жотасы, Сүйінбай ақынның ауылы. Ел оны «Қызылсоқ – Сүйінбайдай ақын жок», – дейді екен. Мына жатқан тау сағасындағы «Ақтасты», «Арпатектүр», «Ақтерек» деген елді-мекендер атақты ақын Есдөulet Қандековтың ауылы, – дейтін.

– Біздің жер сайға бай. Мына жатқан Шұбар байтал сайы, ал мынау – Құрысай, анау жаткан – Жамантай сайы, одан ары – Бүгілі бұлақ сайы, онан соң – Ешкілі сай басталады. Бұл сайлардың бәрі де шөбі шүйгін, сұы бал, қыста қыстай, жазда жайлау, малға аса жайлы жерлер, – дейтін еді әкем.

Ұзынағаш тұсына келгенде әкем Жамбыл мұражайына соқпай, құран оқымай, ары қарай жүрмейтін. «Бабам менің, қайран Жәкем, топырағың торқа болсын, сен өлген жоқсын, өйткені халқың сені ардақтап отыр», – деп қабірінің басына бас иіп ұзак отыратын. Ал Алматыға бара жатқанда да, қайтып



келе жатқанда да Райымбек бабамыздың басына арнайы тоқтап, тағым етпей өтпейтін. Ол жайында атам: «Райымбек деген аталарың осы жерде жатыр. Өзі батыр, өзі өулие, көріпкел адам болыпты. Жаугершіліктеке көп жүрген, елім деп еніреп өткен жан екен. Бір жорықта қатты жаракаттанып жатып қалыпты. Сонда әйелі пендешлікке салынып, батырға реніш білдіреді. «Не басымда жөнді үйім жок, керек десен қазан-ошағым да жок, жаугершіліктен басқада ісің жок, енді өліп кетсөң қайтемін», — дейді. Оған Райымбек: «Менің өлімімнің өзі де саған бір үй-жай болар», — деп, ол ел азаматтарын шақырып: «Осыдан мен өліп кетсем, сүйегімді ак түйеге артып қоя беріндер де, өздерің тау сағасын жағалап ілесіп отырындар, түйе қай жерге шөксе, сол жерге мені жерлендер», — депті. Ел солай істепті. Сонда түйе тұра осы жерге келіп шөгіпті. Жігіттер жабылып ақым қазып жатқанда сол жерден келіскен бір ағаш үй, ыдыс-аяғымен шығыпты: «Мынау сіздің мұлқініз», — деп ол заттарды Райымбектің әйеліне беріпті. Мәйітті ақымға түсіріп бетін жауыпты, үстіне үйілген топырақ кішігірім таудай болыпты. Ол кездерде бұл аймақ мидай дала екен. Райымбекті жерлеген сон-ақ қабірдің айналасына ағаштар шыға бастапты. Ол ағаштардың басында жылтылдап шам жанып тұрады-мыс. Бірте-бірте бұл жер басына іс түскендер сыйынатын өулиелі, әруакты жер болып кетіпті. Райымбектің өулиелігі мен батырлығы туралы халық арасында әңгіме көп. Кейіннен бұл аймаққа ел қоныстана бастады. Әсіресе, кенес өкіметі орнап, бұл жер республика орталығы болғаннан бастап Райымбек қабірінің айналасына зәулім үйлер салынып, су құбырлары тартылып, электрлendіріліп дегендей, абыр-сабыр болып кетеді. Көрдіндер ме? Қабірі жол бойында жатыр. Тіпті, құрылышылар қабірдің үстінен де үй салып жібермек болып немесе жол бойынан алып тастамақ болып неше түрлі айла жасайды. Сонда күрек салса, күрек ұшып кеткен, трактормен қазбақ болса, трактор аударылған. Ақыры аруакты мазаламай тыныш қойыпты. Неге дейсіндер ғой? Өйткені, Райымбектің өулие, аруакты адам болғаны рас. «Аруакты жерден ат үркеді» деген



сөз содан қалған», – дейтін еді. Сол бала шағымызда естіген, ертегі әңгімелер қазір Райымбек көшесімен келе жатқанда үнемі есіме түсіп, бабамың аруағына сыйынып та, жасампаздығына таңқалып та өтемін.

Сендер Қордай деген кім, Қордай асуы дейміз, ауданымыздың да аты Қордай, осыны білесіндер ме? – деді бір күні атам. Әр нәрсенің басын бір шатып, жетістіріп жауап берे алмадық. Сонда әкем: «Қордай деген дулат руынан шыққан батыр. Арғы атасынан-ақ жалғыз атты кедей болыпты. Сол аймақта ең бірінші тоған-тоспа салып, арық қазып, жер жыртқан, ел жайлaura көшкенде жалғыз қалып, арпа-бидай, қауын-қарбыз еккен, жаңалыққа жаны құмар кісі болыпты. Екі қолы тоқпактай, басы бақырдай, құлағы тебінгідей, мұрны құс тұмсықты, көздері тостағандай өткір, екі иығына екі кісі мінгендей, ұзын бойлы болған деседі. Құлгенде қарқылдан, сөйлесе гүжілдеп, жанның бәрін жақыныңдай көрген, ақ көніл, қолы да, жолы да ашық жомарт адам екен. Сол Қордай бір күні ағаштың қоленкесінде ұйықтап жатқанда бір қара шұбар жылан ирелендеп келіп төсіне шығады. Мұны сезген Қордай «қозғалсам шағады, қозғалмай шыдалп жата берсем мүмкін өтіп кетер» деп ойлап жата береді. Ыстық күнде салқын ін ізделп келе жатқан жылан батырдың аузына басын сұға бергенде, батыр оның басын желкесінен қыршып алып, түкіріп тастайды да, атып тұрып кетеді. Қордайдың сабырлылығы мен шыдамдылығына халық таңқалады. Қордай жайында халық арасында аныз-әңгімелер өте көп. Сендер жүрген жерлеріндегі жер аттарын, онда қандай оқиғалар болып өткендігін, сол өнірде өмір сүрген, артына өшпес із калдырған адамдардың аты-жөндерін ұғып қалуға тырысуларын керек. Мұндай жерлерден өткенде міндетті түрде тоқтап, аруактарына бас иіп, тағзым етіп өтуді ұмытпандар. Мұны халқына, еліңе көрсеткен ізет деп түсінгендерің жөн», – деуші еді әкем.

Бірде атам бізді арнайы өзі туып-өскен Мәтібұлаққа ертіп келді. Ондағы әкесінің қыстауын көрсетті. Осы жерде жалаң аяқ, жалаң бас қой сонында жылап жүріп өткізген күндерін



еске алып өнгіме шерпті. Бізге әкеміздің сондағы тасқа қашап салған атқа, қойға, ешкіге ұқсайтын бірер суреттерінің өлі де тұрғандығы қатты әсер етті. Сондағы жинаған тастарын көрсетіп күліп алды. Енді Мәтібұлақ сайын жағалай жүріп отырып, төбешік басындағы зираттарға келдік. Бұл жерде әкем бәрімізді отырғызып, қыз-келіндерге орамал салғыздырып, асықпай ұзак құран оқыды. Содан соң біраз ойланып тұрды да: «Бұл жерде Қаскараудың Ораз деген руынан шыққан атақты Кебекбай деген бабаларың жатыр. Мына тұрған бәріміз де осы кісінің ұрпактарымыз. Дәл осы жерде Кебекеннен басқа менің әкем Әзіrbай, анам Ұлдар, бірінші әйелім Ұлпілдек, қызымы Зұлухия, ұлдарым Базар мен Назар жатыр. Кебекен дүниеден қайтқанда мен жас едім. Дегенмен де, жас кезінде көргенің есінде жақсы қалады екен. Келбетті келген, кең жауырынды, көз жанары өткір, кірпіктері ұзын, қара көздерінің ағы сәл қызығылттанып тұратын, шорбуынды, салқын мінезді, сабырлы кісі еді. Өзі қайратты, өзі ақылды, тапқыр, жомарт, кара қылды қақ жарған әділетті, кедей-кепшік нашарлардың сөзін сөйлеп болысқан шешен әрі өулиелігі де зор болған. Кебекбай айтыпты деген сөз ел арасында көп.

Мен осы өнірден шыққан белгілі адамдарды білуге тырыстым, оларды үлгі тұттым. Сендерді әдейі алып келіп көрсетіп тұрмын, біліп жүріндер. «Әр елдің де Абайы бар-ау, бірақ оны шығарар Мұхтары жоқ қой» демекші, халқымыздың мұндай адамдарын білуді перзенттік парызым деп түсіну керек, деген еді әкем.

Бірде әкем биыл біз ағайын-туғандар жиылып, Мәтібұлақта жатқан ата-бабаларымыздың аруақтарына үлкен ас бердік, ескерткіш орнаттық, 25 қой сойылды, оншакты үй тігілді. Халық көп болды. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген ғой, көптен ойлап жүрген бір ісім сөтті аяқталып, иығымнан бір жүқ түскендей болып жүрмін. Бұл істің дәл биылғы жылы іске асуына себепкер Кебекбайдың түсімнен шықпай қойғаны болды. Айналасы бір айдың ішінде түсіме екі рет кірді. Үлғи ақ киіммен, ақ атпен келеді. Алғашқысында үн-тұнсіз ұзак



карап тұрды да, жоқ болып кетті. Екіншісінде: «Кенен-ау, мен мұлде жалаңаш қалдым ғой», – деді. Орнынан атып тұрдым, сол күннен бастап мазам болмады. Бейнесі көз алдынан, үні құлағымнан кетпей қойды. Жақын ағайын-туған, замандастарыма айтып көріп едім, көнекөз қариялар: «Кебекеннің басында төрт құлақ етіп тастан тұрғызылған қорған бар болатын. Кеңес өкіметі орнаған соң бұл аймаққа темір жол тартылды, Отар станциясынан үлкен астық төгетін үй (заготзерно) салынып, одан кейін әскери қалашық орнап, құрылысшылар бейіт басындағы тастарды тасып алып кетті. Кебекеннің тас қорғанын алғанымен басына үйлген топырактың өзі таудай болып жатушы еді, қазір ол да тым аласарып, жайылып кетіпті. Ол жерде, Кенен, өзін білесін, сенің ата-анан, жарын, балаларың да жатыр ғой. Эй, бұл әруақты қойсанышы, тапқан екен ғой сені. Біздің өнірде Кебекеннің әруағы қолдан жүрген абырайлы да атақты өзіңсін ғой», – десті. Сонымен, ақылдастып-акылдастып келіп осындаі бір шаруа бітірдік. Төрткен, демалысынның басын ата-бабалар басына барып сөлем беруден басталық», – деді атам. Келесі күні бір мен ғана емес, ас берілгенде бара алмай қалған бірсыныра адамдар ілесіп, екі мәшине болып бардық. Мәшинені жол бойында қадырып, жаяу келдік. Құран оқытып, топырақ алып, ескерткішті көріп, төуеп еттік. Ескерткіш Кебекбай бабамыздың денесі жатқан жеріне Қордайдың қызыл гранит тасынан орнатылған. Ескерткіш айналасы қалған кабірлерді камтитындаі, ауқымы кең алынып 15 шар.м. темір қорғанмен қоршалған. Айналасына ағаштар отырғызылған. Ескерткіштің биіктігі 5 метр, ұшар басына айдың суреті тасқа ойылып салынған.

Сол күннен бастап бұл қорғанның басы біздің де жиі баратын жерімізге айналды. Сол ауырыңқырап, жайым болмай жүрген кездерімде Кебекбай мен Әзіrbай аталарымның басына барып, Құран оқытып қайтсам женілдеп қалатындаймын.

Өкенмен бірге жүріп, туған өлкенің табиғатын аралау қандай қызық десенізші. Өкем әр өсімдіктің атын атап көрсетіп, оның пайдалы-пайдасыз жақтарын түсіндіретін.

— Мынау изен деген шөп, мынау жусан, бетеге, сасыр, жауқазын, жаужұмыр, қырықбуын, түйекарын, шырмауық, жантак, теріскен, тобылғы, т.б. Бұлардың барлығы да төрт түлік малдың құмартса жайтіндегі. Мына бір шөптегер жайында ел арасында «Құйреуік, бұйырған, оны жеген қойыныз, көтере алмас құйрығын» деген сөз бар. Енді мынау – ермен, шағыр деген өсімдіктері малдың «жерік асы» дейді. Малды анадай жерден кел-кел деп шақырып тұратында мына бір шөптің аты – ши, үлпілдеп тұрған мына бір шөпті – құрап дейді», – дейтін.

Ал сарымсак, татыран, жуа дегендегер біздің жақтың таулытасты аймақтарында көп шығады. Оларды жинап алып келіп атам бәріміз айранға турап жайтінбіз. Бірде өзен бойын жағалап келе жатқан атам бір топ шөпті жұлып алды да, мұрнына тақап: «Карандаршы, ісі қандай тамаша, тынысынды ашады. Мұның аты – жалбыз. «Ерменді жерде ер өлмейді, жалбызды жерде жан өлмейді» деген сөз ермен мен жалбыздың емдік қасиеттерінің де зор екендігінің айғағы», – деді. Содан бері жалбыз көрсем болды, еріксіз өкемді еске алып, жұлып алып иіске журу маған да өдекте айналды.

Мына бір шөпті қөкемарал, ал мынаны – иманжапырақ дейді. Қөкемаралды қайнатып ішсе, іш ауруына бірден-бір ем, иманжапырақты жарапанған жерге таңып, байлап қойса тез жазылады, – дейтін өкем. Адамның өмірі неге қайталанбас болды екен? Сол күндерді есіме алсам, кейде ішім күйіп кетеді. Сонда атам көрсеткен өсімдіктерден альбом жасап, астына жаза берсем ғой деп өкінемін. Енді қазір сол өсімдіктердің бірен-сараны болмаса, танымайтын да шығармын. Өсірепе, өкемнің бұлбұл құс болып сайрағанын, жылқышы құс болып шырылдағанын, тастан-тасқа секірген қекек болғанын, тырналардың қоштасу әндерін, түрлі торғайлардың үндерін мейлінше дәл келтіретіндігін, сөзбен айтып қалай жеткізерсін?

Сатып алдық базардан Қекшолақты,

Құйрығы жоқ, жалы жоқ шоп-шолақты, – деп жырга қосқан әйгілі Қекшолақ атынан бастап атам 80-нің бесеуіне келгенше ат үстінен түскен жоқ. Кейде атпен қона-қона Алматыға да



барып келетін. Ат баптағанды жаны сүйетін. Ауыздығымен алысып тұрған небір жарап аттардың өзін атам тез-ақ көндіктіретін. Ұрып-соғып күш көрсетпейтін, керісінше жалынан сипап, бетінен сүйіп, құшактап, көздерін сұртіп, өзенге апарып жуындырып, тарақпен бүкіл денесін тарактап, балаша күтетін.

Әкемнің аттары да өзі сияқты ерекше жаратылғандай көрінетін маған. Әсіреле, мені атамның Шұбар атының сезімталдығы танқалдыратын. Музыка сазын жаны сүйетін. Бір көрініс есімнен кетпейді. Біз тұрған жер – Отар станциясының күні аса ыстық желді болып келеді де, оның есесіне тұні рахат-ақ. Сондықтан да болар, кешті асыға күтетінбіз. Кешкі салқын түскеннен есіктің алдын су сеуіп сыптырып, алаша, киіз, көрпе төсеп, кешкі тамакты қобіне далада ішеміз. Ауа райы жақсы болса, қатар-қатар төсек салып, сол жерге үйіктаймыз. Кешкі ас алдында, біз дастархан жасағанша, атам домбырамен неше түрлі әндер, қүйлер тартып отырады. Музыка сазы шыққаннан анадай жерде мама ағашта байлаулы тұрған Шұбар ат құлағын қайшылап, басын көтерінкіреп, сүйсіне тыңдайтын. Музыка аяқталғанда тағы да тартышы дегендей, атама қарайтын. Шұбар ат жүйріктігімен қоса аса сұлу, тәкаппар еді. Терісі қөгілдір түсті, өн бойы кішкене-кішкене ак таңбалармен көмкерілген, аяқтары тіп-тік, ұзын, мойны құрықтай, бойы биік. Сонысымен де көп жылқылардың ішінде ерекшеленіп тұратын. Атам кейде Шұбар атының үстінде домбырамен өн салғанда екеуі бірінебірі ұқсас көрініп, балалық ет жүргім елжіреуші еді. Көнілді қүй тартса Шұбар ат билейтін де. Ол қүйін атам «Шұбар аттың трапатасы» дейтін. Шұбар атты елдің бәрі жақсы көретін. Тым болмаса үстіне бір шығуға құмар-ақ. Тілінің жоқтығы болмаса, адамнан да ақылды еді. Сол Шұбар ат аяқ астынан екі көзінен соқыр болып қалды. Алғашқыда соқырлығын сезгеніміз жоқ. Азын-аулақ кібіртіктең жүргенімен аса сыр бермеді. Бір күні ауылда ұлken той болып, көкпар тартылды. Ағайын қарындасының қүйеуі Машқұрбек аға қайта-қайта Шұбар атты сұрап қоймаған соң, әкем көнілжықпастықпен әрен берді, «соңғы кездері өзі кібіртіктейтінді шығарды, ауырып жүрген



сияқты, абайла, шырағым», – деді. Осы жолы оңбай құлап, аттың бір аяғы сынды. Үйге келгенде Шұбар аттың көзінен парлаған жасты көріп, бәріміз де жыладық. Өзі әкемнің кеудесіне басын сүйеп қояды. Әкем оны құшақтап, айналып, сүйіп, сөйлесіп жүр. Әкем қаратудай-ақ қаратты. Аяғы жазылғанымен, екі көзі бірдей көрмей қалған Шұбар ат күннен-күнге жіңішкере берді. Атам: «Не істейміз, енді босқа өлетін болды ғой жануар. Бүйтіп жанын қинағанша біраз құн байлап соғымға соялық», – десе, бәріміз ойбай салып: «Ататай, Шұбар атты соймашы, бәрібір біз оның етін жемейміз», – деп жылаймыз. Ақыры, әрі туысымыз, әрі көршіміз Сәтімбай аға сатып алып, байлап, соғымға соймақ болды. Шұбар атты сойған құн біз үшін ен ауыр құн болды. атам көруге дәті шыдамай, бір жаққа кетіп қалды. Мен сабактан келсем, барлығы Сәтімбай ағаның үйіне соғым сойысуға кетіпті. Шұбар атты соятының білемін, жүгіріп бардым. Бекер-ақ барған екенмін. Атты байлап, союға даярлап, жыға бастағанда оның қоштасқандай болып, мойнын созып біздің үй жаққа қайта-қайта қарағаны, екі көзінен ақырын ғана жылжып ақкан жасы маған ол әкемді іздел жатқандай өсер етті. Бұл жағдай менің сәби жүргегімді қатты қысып жіберді ме білмеймін: «Соймандаршы, ағатайлар, Шұбар атты! Сойдырмаймын!» – деп айқайлап жылап, үлкендердің қолына жабысканымда, «Мынау қайдан келіп қалып еді, құдай-ай, шошынып қалды-ау», – деген апамның даусы құлағыма келгенін білемін. Осыдан соң мен біраз құн ауырып, сабакка бара алмай қалдым. Маған ие бола алмай қалғаны үшін апам әкемнен сөгіс естіп, біздің үй іші біраз өбігерлікке тұсті. Жасөспірім балаларға көрсетіп мал союдың дұрыс емес екендігін мен сол кезден-ақ түсіндім. Осы құнге шейін мен мал сойғанда қарап тұра алмаймын.

Әкем таңтертенмен шәйға қанып алады да, атына мініп ақысыз-пұлсыз жұмысқа кетеді. Жұмысы сол, бір құн қырман басына барады, екінші құн қырықтықшыларға, одан соң шөпшілерді, жайлаудағы малшыларды аралайды. Ондағылармен кездесіп, өңгімелеседі, ән айтып көнілдерін көтереді,



еңбектерін мадақтайды, жалқаулардың жат қылықтарын өшкөрелейді. Мектепке барып мұғалімдердің көмегімен көркемөнерпаздардың концертін үйымдастырады. Сондағы:

*Қарабаева Рысжан,
Шаршамайды жұмыстан.
Рысжан келсе қара жер,
Төңкөріліп ығысқан.*

*Сауранбаев Илияс,
Шопаны елдің көрнекті.
Қорасынан алты ай қыс,
Бір қой шығын берменді.*

*Діністамова Ұлтайға,
Көз салышы бір қиырдан.
Бес жұз літр сүт сауган,
Әрбір сауын сиырдан.*

*Жиырма шал қатар тұрып салды шалғы,
Жолдасбай, Әшірбектер бермейді алды.
Жұрынбай сексендегі үшінші қарт,
«Басып озып кетем» деп айғай салды.*

Немесе:

*Бірінші жсалқау Жансая,
Жата береді жсантая.
Екінші жсалқау Әйнекжан,
Отыра кетеді талтая.
Үшінші алқау Мәмила,
Үйықтап жсатыр шалқая.*

*Қайырмасы:
Ұмтыл жсалқау, алга бас!*



Ұмтыл жалқау, үйқынды аш! – деп хор айтқанымыз өлі есімнен кетпейді. Кешке әкем үйге қайтады. Көшенің басынан келе жатқанын көрген ауыл балалары алдынан аталап жүгіріп шығады. Бір-екеуін алдына, бір-екеуін артына мінгестіріп алған әкем, оларға құрт, ірімшік, мәмпәси (конфет) таратады. Алдымен басқа балаларға, сонан соң ғана өз балаларына береді. Оған біз еш өкпелемейміз. Әкем үйге жақындағанда үйдегілердің бәрі далаға шығады. Сәлемдесіп, оны аттан түсіріп, бірі атын байлауға әкетеді, біріміз шекпенін шешіп ілеміз, біріміз қолына су құйып, сұртінетін орамал ала жүгіреміз, енді біріміз отыратын жерін тазалап, астына көрпе салып, жастық жастап дегендей, күрмет көрсетеміз. Анам болса әкемнің сүйікті шайын баптап әлек. Әкемнің үйге аманесен келгені біз үшін үлкен қуаныш еді, әрі қай жерімізден мін табар еken деп қорқып та жүреміз. Қора-жайды аралап шығады да, бәрімізді шақырып алады, дұрыс болса мақтап, дұрыс болмаса «аула сыптылмапты, итке тамак бермеген көрінесіндер, тауықтарға жем шашылмапты, су құйылмапты, сонда не істеп жүргенсіндер, түге!» дегенінің өзі бізге жеткілікті еді. Әкемнен мақтау есту біз үшін үлкен мәртебе, сөгіс есту ұттың ұтты еді. Ал сабаққа себепсіз бармау, жаман оқу, үлкенді тындармау, кішіні ренжіту дегендер өлімнен де жаман сияқты еді. Қазір ше? Қазір неге әкеден бала именбейді? Әке өзінше, бала өзінше тірлік етеді. Неге жұмыстан шаршап келген ата-анасының баласы алдынан шығып ілтипат көрсетпейді? Неге әкесі баласын ертіп жүріп, әр нәрсеге баулымайды? Айналып әкесінің қасынан шықпайтын баланы, ананы үйретіп алайын, мынаны біліп алайын деп анасының қасынан шықпайтын, ата-анасының қас-қабағына қарайтын қыздарды сирек кездестіретін болдық. Сұрап көп!

Ұлы Отан соғысы жылдары біздің ауламызға шешендер, қарашибайлар, балғарлар қантап кетті. Балаларымен тез достасып кеттік. Әкем үйге үлкендерін шакырып келсе, біз балаларын ертіп келеміз. Олар бізге сары, домалақ жемістер береді. Кейін білдік, олар апельсин, мандарин екен. Қалай аршып, қалай



жейтінің көрсетеді. Біз оларға нан береміз. Әкем грузиннің өні «Суликоны» домбырамен орындағанда, олар, өсіреке үлкендері ағыл-тегіл жылайтын еді. Мен шешеннің өзім қатарлы бір қызымен көп ойнайтынын. Тез тіл табысып кеттік. Мен оған қазақша өлең үйретемін. Сол қыз үйді-үйді аралап:

*Ей, қыздар-ай!
Қатарымсың, тәңімсің
Ендігісін айттаймын
Ішің білсін, алу-ай!*

— деп нан сұрайтын. Даусы жініше, өзі сондай сүйкімді, әлі есімнен кетпейді. Сол қыз да және басқа да көп балалар ауыр тұрмысты қотере алмай, әрі жерсінбей де ауырып өлгенде қатты жыладым, қөпке дейін іздел, жоқтап жүрдім. Солардың ішінде тірі қалған бірен-сарапдары тұрмыс құрып, ұлды-қызды болып біздің жақта қалып қойды.

Біздің бала кезімізде үлкендерге қызмет ету, олардан алғыс есту, батасын алу үлкен бір ғанибет еді. Оның өзі «батамен ел қөгерер, жауынмен жер қөгерер» деген дәстүрді сақтай тәрбиеленгенімізден болар. Бірде Сәбит Мұқанов аға мен Мәрия апай екеуі түнгі пойыздан түсіп, біздің үйге келді. А纳мыз: «Қонақ келді тұрындар, Сәбен мен Мәрия келді» деп үйықтап жатқан біздерді оята бастады. Мәрия апай: «Айналайын Нәсиха, балаларды оятпаши. Өзімізде кеш келдік кой», — деп бәйек болды. оны тыңдал жатқан біз жоқ, орнымыздан атып-атып тұрып, еркелей келе сәлем беріп жатырмыз. Біріміз су тасып, ағаш жарып, біріміз самаурынға от салып, біріміз айранған қамыр илеп шелпек пісіріп, анам қазанға сыбаға салып, от жағып, айналасы бірер сафатта дастархан да жайылып, қызу өңгіме басталды да кетті. Таңға үйықтамай анамызben бірге жүгіріп жүрміз. Мәрия апай бәрін байқап отырған екен: «Біздің қаланың балаларын бұл уақытта қонақ келген екен деп үйқыдан тұрғыза алмайсын. Нәсиха, балаларың тәрбиелі екен, бақытты болсын!» — деп алғыс айтып, аналық



ақ батасын берді. Сонда әкем: «Қонақ келгенде үйықтап жатқан бала ешкімді сыйлап та ондырмайды, өзі де сыйлы бола алмайды» – дегені естен кетпейді.

Ауылымыздың ардактыларының бірі – Сәрсебай атам мен Биқа апамды еш ұмыта алмаймын. Әкемнің бұл кісілердің өмірі туралы жазған «Сәрсекем» деген ұзак толғауы да бар. Сәрсебай атам кезінде ел билеген шешен, білімді, әділетті кісі екен. Сол Сәрсебай атам әкемнің жақын ағасы болып келеді. Жалғыз ұлы соғыстан қайтпай, Сәрсебай мен Биқа қүте-қүте сағыныштан сарғайған кейуаналар болып қалған еді. Қандай қыын жағдай болса да оларды бағып-қақсан, қолұшын беріп, кас-қабактарына қараған ел-жұрт, ағайын-туғандар болды. Әсіресе, менің әке-шешем бұл кісілерді ай сайын, апта сайын үйге алып келіп, өзі қатарлы қарияларды, жора-жолдастарды бірге шақырып, отырыстар жасайтын. Көnlдерін қөтеріп бір жасап қалатын. Келген сайын шомылдыру, тырнақтарын алып жас баладай күту біздің міндеттіміз. Сонда шүйкедей ғана сүйкімді Биқа апам бізге риза болып, батасын беріп, нелер бір бастиранан өткен әңгімелерін айтып, бірде күлдірсе, бірде жылататын еді. «Қазір мені мандаіына күн тимеген, аузымен құс ұстаған сұлу еді деп кім айтады, шырактарым. Құдай сендерге біздің көргендерімізді көрсетпесін. Бақытты болындар, арман-тілектеріне жетіндер» деп батасын беріп, арманда кеткен жалғыз ұлы мен жас келінің қылықтарын есіне алып, енірегендеге етегі толушы еді, жарықтық. Бика апам нәзік жанды әйел емес пе, шалынан бұрын кетті. Ал Сәрсебай атам қалған ұзак өмірінде кәрлік пен жалғыздықтың азабын тартты-ақ. Алайда, «ел іші – алтын кеніш» деген ғой, артында сенері жоқтығын ескеріп, өлсе көнілі тыныш кетсін деген оймен әкем бастаған ауыл ақсақалдары, ағайын-туыстары, ел-жұрт Сәрсебай атамның тірі кезінде-ақ асын беріп, ажал жеткен күні жерлейтін жеріне дейін белгілеп, қорғанын тұрғызып қойды. Тірі кісіге ас беру дегенді сонда бірінші көрдім, су тасып қолғабыс тигізгендердің ішінде мен де жүрдім.



ИШАМ-АЙ!

Байқалмақтан тараған төрт қыз, екі ұл — барлығы алты баланың ең кішісі — Мысбала (анам Нәсиханың анасы) біздің әжеміз. Біз әжемізді «Иша» дейтінбіз. «Иша» деген сөз орыстың «Няня» дегені сияқты болуы керек. Екі қызының (Зейлда мен Нәсиха) ортасындағы жалғыз ұлы Қыдырбек Ұлы Отан соғысының құрбаны болды. Қыдырбектен бала қалмаған. Жалғызынан айырылып арманда қалған әжем, жылай-жылай біздің үйге көшіп келді. Ендігі жерде қызы Нәсиха мен күйеу баласы Кененнің кешеуілдетіп болса да көрген балалары — біздердің камқоршымыз болды.



Мен анамнан гөрі тәрбиені осы әжемнен алдым десем қателеспеймін. Нан илеу, кір жуу, айран үйиту, үй жинау дегендердің бәрін де әжем үйрететін. «Үйренгенің өзіне жақсы, істегенің бізге жақсы», «Өнерді үйрен, үйрен де жирен» деген мақалдарды жиі айтатын. «Тамақ ішкен соң ас қайырмай тұрып кету өбестік, дастарханды жинамай, ыдыс-аяқтарды жумай, нанды қалай болса солай тастау, нанды басып жүре беру кесірліктің белгісі. Оның тубі жамандыққа соктыруы мүмкін. Үлкен кісі келгенде орнынан тұрып қарсы ал, үлкенге сәлем бермей өте шығу, оларға ізеттілік көрсету көргенсіздіктің белгісі», — деп құлағымызға құйып отыратын еді жарықтық. Менің болашағымды көп ойлайтын. Тұрмысқа шыққан соң төрт айдан кейін үйге келдім. Әжем бетіме карай береді. Ақыры шыдамады білем: «Шырағым, өте «шолжак, ерке едін, кандай келіп болып жүрсін?», — деді.

Ой, Иша, қорықпаңыз, жақсы келін болатын түрім бар. Қошқарды – қой ата, тышқанды – қос аяқ, жіпті – бау, кепсерді – бауырсақ алғыш деймін. Өйткені, олар аталарымыздың аты екен деп соғып жатырмын.

Е, қарағым-ай, жетістіріп жүр екенсін. Алдымен аталарынды атап алып, содан соң қойған атыңын жолы болсын. Дегенмен де, ниетіне риза болып отырмын. Оған ештенен кетпейді, ізет кой, – деді.

Әжем өте кішіпейіл, әдепті кісі болатын. Біреудің басына түскен қайғы-қасіретке жан-тәнімен ортақтасатын. Жалпы, мені бұрынғы кісілердің сыйластықтары таңқалдыратын. Әжемнің абысыны Шағатай деген кісінің де жалғызы Қапасбек те соғыста қаза болды. Шағатай әжем де бір аяулы жан еді. Әжеме күнде келіп көрген түстерін айтып, оны өзі жоритын. «Мысбала, құдай қаласа екі шырағымыз да (Қыдырбек пен Қапасбек) аман-есен келеді екен. Тұнде түсімде екі шамшырақ қатар жаңып тұрды» деп өздерін-өздері жұбатып мәз болатын. Кейде сұлгі орамалды ала салып бір жағын өзі, бір жағын Ишама ұстатаңып, шынтағымен өлшеп-өлшеп «Міне, міне, Мысбала сүйінші, көп кешікпей балалар келіп қалар» – деп балаша екеуі қуанатын. Айтқанының бірі де орындалмай, тоса-тоса шаршаған Шағатай әжем кейде қиялданып, қатты налып: «Мен бұл шұнақ Құдайдың несін алдым, жалғызынан айыратындаі. Ен болмаса сен құсатып мен сорлыға бір қыз да бермеді» деп, құдайдың басынан аяғына дейін түк қоймай қарғайды да, сұлқ жатып ауырып қалатын. Сонда менің әжем жайнамазды жайып жіберіп, құбылаға қарап отыра қалады да, абысыны Шағатай үшін Құдайға жалынып: «Кен Құдай, кешір оны! Қайтсін, жаны күйгендіктен айтады да. Аямадың ғой сорлыны. Кешір оны, кешір!» деп жалбарынып-жалынып намаз оқиды. Не деген көніл, не деген татулық десенізші!

Әжемді халық: «Он саусағы – он кісі, қара басы – бір кісі» дейтін. Дейтіндей-ақ еді. «Бармағынан бал тамған» деп халық осындаі кісілерді айтқан болар. Алаша, сырмақ, текемет сияқты үй жиһаздарымен қоса, шебер тігінші болатын. Әкем



тек өжем тіккен киімдерді ғана үнатып киетін. Әкемнің үстіндегі «жайлауындағаның» дейтіндей небір тұрлі-тұрлі шапандар, шекпендер, ішіктер, тондар, бөріктер, тымақтар – бәрі-бәрі өжемнің шебер қолынан шыққан дүниелер. Бұл бүйымдардың кейбірі қазір де ақын мұражайында сақтаулы.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қыншылықтан халықты аман алғып шыққандар майданда жанқиярлықпен қан кешіп жүрген ерлер, бауырларымыз болса, тылда менің өжем мен анам сияқты әйелдер болғандығы тарихтан белгілі. Соғыс жылдарында әр отбасына бір жауынгерге киім-кешек даярлау тапсырылған. Менің өжем мен анам бір емес 5 солдатқа пима жасап, арасына жұн тартып тіккен 5 күпәйке, 5 пар қолғап тоқып, 5 сым, 5 құлақшын, бір-бір дорба темекі, сахардан жасалған сабындарды бір емес бірнеше қайтара майданға жөнелткендерін мақтанышпен еске аламын. Сол еңбеккорлығының арқасында өжем өле-өлгенше жүгіріп жүрді. Алжымады, көзі де жақсы көрді, құлағы да жақсы естіді. Өзінің ұзак өмір сүргеніне таңқалып кейде: «Мына шұнақ Құдай мені шынымен де ұмытып кетті ғой деймін. Масқара болғанда мен бейбак Қененнің артында қалмасам етті» десе, біз мәз болып қулетін едік. Жок, өжемнің тілегі орындалды, әкемнен үш жыл бұрын қайтыс болды. Аяулы өжемізді жоқтап бәріміз де жыладық. Алайда, 90 жастағы өкемнің 93 жастағы өжемді – Ишамды жоқтауы ерекше болды. Көз жасы бетін жуған өкем қоныр дауыспен:

*Ұлдар шешем орнына ана болган, Ишам-ай,
 Балаларга бас ие пана болган, Ишам-ай!
 Өтірік пен өсекті қаламаган, Ишам-ай,
 Агайынга ала көз қарамаган, Ишам-ай!
 Бармагынан бал тамған шебер едің, Ишам-ай,
 Инісінен айырылған, агалардан, Ишам-ай.
 Қайзыменен жүрегін жаралаган, Ишам-ай,
 Бір ауылдан бір өзі дара қалган, Ишам-ай!*

– деп жүртты таңқалдырған еді.



ПЕЙІЛІННЕҢ АЙНАЛАЙЫН АПАТАЙ!

Менің анам Нәсиха халық ақыны Кенен Әзірбаевтың 55 жыл отасқан сүйікті жары. 98 жасында дүниеден өткен.

Аналарың тегін жердің қызы емес. Ол атақты жолбарыс батырдың тұқымы. Жолбарыс тарихта белгілі қазақ-қалмақ соғысында ерекше көзге түскен, бүік Ораз еліне үран болған адам, — дейтін еді.

*Күн түседі құлғенде маңдайынан,
Бал тамады сойлесе таңдайынан.
Ұлар ең ұлы тауды мекендереген
Таңдан таптым қыздардың талайынан,*

— деп әкеміз әнге де, өлеңге де қосқан анамыз жайында айтып тауыса алмайтындеймын.

Мені ерекше ойландырып танқалдыратын бір жәй, анам Нәсиханың кісілердің аттарын тік айтпай әрқайсысының мінез-құлқына, жүріс-тұрысына қарай ат қойғанға шебер. Ауылымыздың үлкендері Құстүтін атамды «Тұтін Жәкем», Қисық атамды «Қыңыр Жәкем», қалжынбас, қу тілді Шұнғыл атамды «Шайқы Жәкем», Сати-Боти деген аталарамызды «Үлкен ата», «Кіші ата», Кебекбай бабамызды «Қауыз ата» дейтін. Шешемізге еліктең «Тұтін ата», «Қыңыр ата» десек, елдер күлетін еді. Кейіннен өзім тұрмыс құрып бөтен елге келгенше шешем құсап мен де үлкенін үлкендей, кішісін кішідей сыйлауға тырыстым. Қыйеуімнің қарындасын «Ақылдас» деп, інілерін «Төрежан», «Мырза жігіт» деп ат қойып, шамамның келгенінше дұрыс келін болуға, өскен ұяма, әке-шешеме ұят келтірмеу жағын ойладым. «Әке көрген — оқ жонар, шеше көрген — тон пішер» деген халқымыздың дана сөзі осындаидан шықса керек. Мен келін болып түскен жер кішкене ғана станция екен. Тұратын халықтың дені қазактар. Жеті жылдық казақ мектебіне мұғалім болып орналастым, төртінші кластиң класс жетекшісімін. Ел-жүрттың назары менде, яғни жаңа



тұсken жас келінде. Жолдасым Тасыған Алматының тау-кен институтының студенті, оқуда. Атам, енем, ержетіп қалған қайным, бойжетіп қалған қайынсінілім бар. Өзім ерке өскенмін, ештенені білмеймін, білгім де келмейді деп белден басып жүре беруіме болатын еді ғой. Олай істеуге болмайды. Әкем:

*Аты бар әжептәуір әкең – Кенен,
Абырой өзіңе де әкем деген.
Халқыңа қалаулы бол, елге елеулі,
Тілегім менің, қалқам, Төрткен сенен..,*

— деп жібермеп пе еді... Оның үстіне жолдасымның: Төрткен, байқашы. Елден ерте кеттім, тумаса да туғандай әке-шешем бар. Осы жердегілердің бәрі де Жалайыр деген ел болады, оның ішінде Балғалы, Андас, Оракты деген рулар, әкемді, шешемді білетіндер, көргендер осылар, туып-өскен жерім де осы жер. «Мына жетім желпілдетіп кімді алып келген дегізбе», — деген еді. Бәрінен де қын тиғені, 4-класс окушыларының ата-аналарымен жиналыс өткізу болды. «Ойбай, келін шақырыпты» дейді деп біреуінің баласы, біреуінің немересі бар класқа ата-



аналар жинала бастады. Қатты толқыдым, басыма орамал байлап, жылы амандасып класқа кірдім. Жиналысты бастар алдында: «Мен сіздерге мұғалім келін болып кездестім, төртіп-сіз еken деменіздер, білмейді еken деп тағы да ойламаныздар, салтымыз бойынша мен мына кластағы оқушылардың не әкесінің, не өздерінің аттарын атауыма болмайды ғой. Сонда қайтсек еken, барлығына ат қойсам ба еken?» – деп күлдім. Риза болғандары сонша, кейбірі көзіне жас алды, «Шырағым, бақытты бол, білгеніңе, ізетіңе рахмет, балалардың аттарын атап сөйлей бер», – деді біреуі. Бәрі бір ауыздан оны қоштады. Сөйтіп, мен балалардың ата-аналарымен тіл табыстым. Өзім де жол тапқаныма қатты қуандым. Олар да: «Құдайға қараған, көргені бар, иманжүзді келін еken» деп риза болып кетті.

Бірінші май мерекесі келді. Мұғалімдер бастаған бір топ концертке даярландық. «Әлгі біздің мұғалім келін өлең айтады еken» деп ауыл-аймағымен, тайлы-таяғымен дегендей, әсіресе үлкендер клубка сыймай кетті. Тағы да қатты толқыдым, басыма орамалымды байлап, қолыма домбырамды алып, иліп сахнаға шыққанда, бәрі ду қол шапалақтады. Атамның «Бозторғай, «Базарым-ай, Назарым-ай», «Сайра тілім» деген әндерін орындағым. Қол соғып жібермеген сон, әсіресе үлкен кісілерге жағатын, олардың жан-дуниелеріне әсер ететіндей әкемнің «Қайран жастық», «Ерлі-зайып» деген әндерін шырқадым. Халық сондай риза болды. Осы кезде сахнаға сол кездегі ауылымыздың партия үйымының хатшысы, Жетісү өніріне белгілі атақты Жалайыр Балпық бидің тұқымы Нұсіпбекұлы Ләzzат деген кісі шығып:

Құрметті көвшілік, «Базарым-ай, Назарым-ай» өлеңін тыңдаپ, бұл баланың орнының Кенен құдаларының үшін бөлек екендігін түсінген шығарсыздар. Өзі мұғалім, әрі атасының әндерін халық арасына таратып жүрген әнші, оның үстіне Таясған баламыздың да келешегі зор, оқыған жігіт. Төрткен жақында доп (волейбол) ойнауға да шықпай қойды. Ұят қой, келінмін ғой, шалбармен қалай жүремін дейді. Осы баланы келініміз емес, қызымыз десек қайтеді», – деді. Бәрі



шүйлдап, орамалыңды алып таста, ауылында қалай жүрсөн, мұнда да солай жүр, шырағым, — деп жатыр. Сөйтіп, мен орамалсыз жүретін ерке келін болып шыға келдім. Сондағы жақсы келін деген атым өлі келе жатыр. Бұлардың бәрін тәптіштеп айтып жатқандарым өзімді көрсетіп қалайын дегенім емес, өз басынан өткенді жазудың өзі де сабак сиякты. Қыз баланың жақсы, жаман болуы анасына көп байланысты. «Әкесіне қарап ұлын ал, шешесіне қарап қызын ал» деп халқымыз бекер айтпаған ғой. Мысалы, менің анам Нәсиха, еш уақытта менің сөзімді бір сөйлем көрген жоқ, әрі үйретуден жалықкан емес.

Бір күні апам үйге қонаққа келді. Есіктен кіргеннен ренжіп келді. Қолында менің кіреберіске тәсеген аяқ сұртетінім бар: «О заманда, бұ заман, ер адамның жағалы киімін аяқ сұртуге табалдырыққа тәсеген сені көрдім. Сұмдық қой бұл. Ер адамды сыйламау деген осыдан-ақ белгілі, ұяттағы», — деп тұтығып кетіпті. Кірерге жер таппадым. «Байқамай қалыптың, апа, кешіріңіз», — деп ыстық-ыстық шәй құйып, ашуын өрен бастым-уа, әйтеуір. 1962 жылы қүйеуімлі Мәскеуге екі жылға оқуға жіберді. Енді мен оқуым керек деп қарсы болдым. Тасыған әкем мен шешеме хат жазып жіберген көрінеді. Анам келіп: «Азаматыңның аяғына оралғы болған деген не тағы? Кімнің қүйеуін өкіметтің өзі оқуға жіберіп жатыр? Өлемін деп жүрсің бе?! — деп ұрсып-ұрсып, Тасығанды оқуға аттандырып, өзімді екі баламмен көшіріп алып кетті.

Бір демалысымызда бала жастан бірге өскен Кеңесбек, Болат деген жолдастарымыз әйелдерімен әрі сәлем беріп, әрі тынығып қайтуға әкемнің үйіне келдік. Жора-жолдастармен, дос-жарандармен қауышып екі-үш күн серуенде қайттық. Бірде ерлер далага шығып кетті де, өншең жас келіншектер — Рима, Нұрбүбі, мен апаммен бірге шәй ішіп отырдық. Сонда апам: «Үшеуіңнің де қүйеулерің жақсы кездескен екен, өң десен өңдері, сөз десен сөздері, білім десен білімдері бар келіскең жігіттер. Жақсы ұстандар, не болса содан қысып, елжүрт, қатар-құрбы, дос-дүшпандарыңың алдында жасытпаң-



дар. Осы күнгі келіндер ерлерінің айтқанын емес, өздерінің айтқандарын істетеді еken», – деді. Біз бір-бірімізге қарап күліп алдық. «Көнілдеріңе келмесін, шіркін, нелер бір кеменгер де кербез әйелдер бұрынырақта өткен ғой, – деді апам әңгімесін жалғастырысы келіп. – Біздің аймақта өзінің асқан ақылдылығымен ел құрметіне бөлентген әйелдердің бірі Ұлы жұз Дулат еліндегі Сырымбет деген атадан шыққан Ноғайбай шешеннің наксүйері Әсел деген апамыз болыпты. Өзі Байсейіт деген батырдың жалғыз қызы еken. Тілі де майда, бармағынан бал тамған өнерпаз болған деседі. Ноғайбайдың ақылына ақыл, бақытына бақ қосқан, ел деген ерге лайық, мандайына біткен жүлдізы болыпты. Ноғайбайды жұрт қалай сыйласа Әседі де солай құрмет тұтқан. Екеуі көзben түсініспі, іштей сезініспі бір-біріне ғашық болып қосылыпты. Балалы-шағалы болып бақытты өмір сүріпті. Ол кездегі атақты-ауқатты ерлер бір емес бірнеше әйел алғатын кез ғой. Алайда, Ноғайбайдың Әседен басқаға көзі түспей-ак жүріпті. Бір күні Верный қаласында үш жұздің байлары мен бектерінің бастары қосылған үлкен бір жиын болыпты. Сол жолы дастархан жайып, қымыз құйып қызмет етіп жүрген Ақмай деген алтын асықтай жас келіншекке Ноғайбайдың көзі түсіп, көнілі қатты кетеді. Екі көзі танадай жайнап келіншек те Ноғайбайдан көз алмапты. Сөйлесе келе Ақмай: «Ерім дүниеден ерте кетті, ендігі арманым көнілдестік емес, өзің сияқты ердің адап жары болу», – деп ашық айтыпты. Ноғайбай бас тарта алмайды. Жорға мінгізіп, торқа кигізіп бар сән-салтанатымен Ақмайды елге алып келе жатады. Өзінің әйел алып келе жатқандығын Әсеге алдын-ала хабарлайды. Әсел бұл тосын оқиғаға қатты налып қалғанымен, тез өзін-өзі тежеп, сыр бермей бөлек арнайы үй тіктіріп, той жабдығына кірісіп кетеді. Ноғайбайлар ауылға жақындағанда ақбоз атына мініп Әседің өзі алдарынан шығады. Келінге алтын-күмістен шашу шашады. Ақмай аттан түсіп келіп Әсеге сәлем береді. Әсем Ақмайдың мандайынан сүйіп: «Сенде еш жазық жок, шырағым, жолың құтты болсын», – деп екеуін өздеріне арналып тігілген үйіне кіргізіп, тойын



жасайды, ризашылықпен ақ батасын береді. Ақмай да Әсел сияқты ақылды, сұлу, акқұба, айнакөз қызы екен. Әселдің көнілі толады, ердің әйелі осындай-ақ болар деп бағалайды. Ақмай арғынның қызы екен, ол да өзінің Ноғайбайдай ерге жар болуға лайықты екендігін талай-талай қылықтарымен көрсетіп, елге жағыпты, үш қыз, бір ұл туыпты. Оны біздің жакта осы дүниеге дейін «Арғын апа» дейді. Ақмай Әселдің келініндей болып, екеуінің татулығына, ынтымақтығына бүкіл ел танқалған екен. Ал Ноғайбай болса:

*Әйелің жақсы болса жолың да ашық,
Ешкімнен қор болмайсың сөзден сасып.
Болады алыс та дос, жақын да дос,
Жүресің арасында алашаң басыт..,*

— деп Кенен жырлағандай-ақ, Әсел мен Ақмайдың ортасында шалқып жүріпті. Осындаи әйелдердің соны біз болармыз деп ойлаймын, — деп сөл ойланып қалды да, — казір сұлу қыз-келіндерді де сирек кездестіреміз. Бұрынды бүрмелі ұзын көйлек, камзол, кимешек дегендер мойнымызды жауып, аяқ-қолымыздың анау-мынау кемшіліктерін көрсетпейді екен ғой. Үзіліп сөйлеп, сызылып жүруші еді. Мұның өзі де адамды сұлу көрсетеді емес пе?» — деп қойды.

— Айтқандарыныздың бәрі дұрыс қой, апа, атам екеуініз ешуақытта ұрыскан жоқсыздар ма? — деді Рима қулана құліп.

Өмірде бәрі де болады ғой, бірақ мен Төрткеннің әкесінің ешқашан да көптің алдында беделін түсіріп көргенім жоқ. Қандай бір жағдай болса да білдірмей жіберуге тырысатын едім, — деді.

— Апатай, осы әңгімелерініздің бір-екеуін айтып берінізші, — дейміз.

Апам сөл қасын керіп жымиып алды да: «Кенен дүниенің көзіне қарамайтын, көнілі кеткенге төгіп-шашып жүре беретін адам. Дос-жарандарына, ауылдастарына, ағайындарына астындағы жалғыз атын түсіп беруге даяр. Елден ала білетін,



бере де білетін. 1931 жылдың аяғы еді. Ашаршылық бастала бастаған кез. Қолымызда жалғыз ғана бұзаулы сиыр бар. Бір күні «Кененнің үйі осы ма?» деп бейтаныс бір келіншек келді. Өзі сондай сұлу, мұндай сымбатты адамды сүймеудің өзі мүмкін емес,— деп бір қойды. Жән сұрасып таныстық, аты Толқын екен. Ол үйге кіріп, шешініп, жайғасып қона тынын айтты. Кенен үйде жоқ еді. Сыр бермей барымызды алдына тартып, қонақ қылып сыйладық. Кешкі тамактың үстінде: «Толқын замандас жақсы көрген қонақтың бұйымтайын ерте сұрайды» деуші еді. Кененді неге іздеп келдіңіз» — дедім. Ол сөл ойланып отырды да: «Шырағым, Нәсиха, Кенендей азаматтың жары қандай екен деп келгелі бері сынап отырмын. Қабағың ашық, жаның жарқын ақынға лайықты жан екенсін, ракмет, риза болып отырмын өзіңе,— деп мені мақтаңқырап қойды да: — Анада бір Кенен келіп сұтсіз шәй ішіп отырғанымызды көріп «сиырын жоқ па еді, егер жоқ болса сиыр тауып беремін, кел»,— деген еді. Бұйымтайым сол сиыр»,— дегені. Мәселенің мән-жәйін түсіне қойдым. Япыр-ай, сұтқатық қылып отырған жалғыз сиырымды берсем тарылып қаламыз-ау, бермей жіберсем Кененнің сағы сынады, риза болып кетсін дедім де, Толқын замандасыма бұзаулы сиырымды жетектетіп, көйлек кигізіп, сәлем-сауқат беріп шығарып салдым. «Үйбай-ау, қыдырып келген бір қатынға жалғыз сиырды беріп» деп мені сөкпеген абысын-ажын қалған жоқ. Келесі күні Кенен келді. Амандық-саулық сұрасқан соң: «Сен кімге сиыр беремін деп едін»,— дедім. Қозі жарқ ете қалды, өзі орнынан ұшып кете жаздады, сасқалактап күліп, бетіме қарай береді, «не, біреу сиыр сұрап келді ме?» дей берді. Болған жайды естіген соң, аталарың қатты риза болды. Содан мен жаман болып қалғаным жоқ, құдайға шүкір, ішкенім артымда, ішпегенім алдымда, Кененнің арқасында шалқып отырмын емес пе?» — деп әңгімесін аяқтады.

Сөйтіп, соншама ақылын айтып отырған апама: «Түү, апа-ай, мен өлсем де сиырымды бермес едім»,— дегені Нұрбұбінің. Оған сықылықтап біраз күліп алдық. «Ойбу, мен сендерге бағанадан бері не айтып отырмын, «ә» деп апам да күліп жатыр. Апам осындағы әңгімелерді көп айтатын. «Тұрмыска шықтың



ба? Ойлан. Келген ортаңа, айналана қара, соған қарай бейімделуге тырыс.

Өз үйіндегі еркелігінді онда көрсетпе. Біздің көп қызыдымыз тұрмысқа шыққанда осы жағын ескермейді. Үйімде қалай жүрсем, мұнда да солай жүремін, айтқанымды істетемін дейді. Қолынан келсе, қүйеуінен әйел, өзінен ерек шығарғышы келеді. Алғаным мені сүйе ме? Сүйеді. Онда неге менің дегенім болмасқа деп әбектейді. Сүйіспеншілікті, сыйластықты тек қүйеуінен ғана талап етеді. Мұндай «сыңаржақты» маҳаббаттың түбі неге әкеліп соғарын ойладап басын қатырып жатпайды. Сөйтіп журіп, өзі жарсыз, баласы әкесіз қалып, айналасына қайғы-қасірет, реніш тудырып жатқандар қаншама? Басқа елге келін болып келген есті қыз өзінің ісімен, қылығымен айналасына куаныш, ризашылық әкеледі, қосылған жарының қөңілін мақтаныш сезіміне бөлейді, жолдасының сеніміне кіреді, ел сүйіспеншілігіне бөленеді», – дейтін.

Кейінде өзім тұрмыс құрып өмірдің ашысы мен тұщысын басымнан өткерген шағымда анамның осы айтқандарының бәрі де мені алға жетеледі, акылымға ақыл косты десем еш қателеспеймін. Қыз баланың әке-шешесінен, өскен ұясынан алған тәлім-тәрбиесі дұрыс болса, қаншама ерке болсан да, үлкендердің айтқан ақыл-кенестері қысылғанда құлағына сыбырлап тұрғандай әсер етеді еken, өз-өзінен қомекке келеді еken. Қысқасы, намысы мен үяты бар жастар қайткенде де отбасы бақытын сактай біледі, соған тырысады.

Ұят демекші, қашан екені есімде қалмапты, теледидар арқылы жазушы ағамыз Сафуан Шәймерденов катынасқан бір әдеби хабар берілген-ді. Сонда Сафуан аға «ұят-ау, ұяттағы» деген сөздер тілімізден де, ойымыздан да шығып бара жатыр, осы сөздің өзінде қаншама тәрбиелік мән бар» дегенін тыңдалап отырып ойфа қалдым. Шындығында да, біздің әке-шешеміз, жалпы сол кездегі үлкендер «ұят» деген сөзді жиі қолданатын. Сәл нәрседен қателессек: «Апырмай-ә, оларың ұят-ақ болған еken, деру барып кешірім сұрандар, пәленшешін баласы дөрекі еken деген сөз ұят емес пе?!» деген сияқты тілектер, талаптар көп болушы еді. Бұрын өзімізден сәл үлкендерді «сіз» десек, енді туған әке-шешемізді «сен» дейміз де, мұнымызды



ұялмaston, жақындықтың, өзіне санағандықтың белгісі деген басқа ұлттың әдет-ғұрпына үйір-акпзыз. Үлкенге орын беру, үлкеннің алдын кесіп өте шықпау, үлкенге сөлем беру деген инабаттылық, ізеттілік сияқты халқымыздың нелер бір әдемі дәстүрлерінен біршама айырылып бара жатқандаймыз. Әсіресе, орысша оқып тәрбиленген кейбір отбасылар тек казакпзыз дегені болмаса, қазакқа тәндігі жоқтың қасы. Өз халқының мәдениетін, әдебиетін, тарихын, тілін, дінін білуге тырыспайды, дәстүр-салтын сақтауға арланады. Бұларға дүниеге бала келгенде шілдехана жасау, нәрестенің атын қою, қырқынан шығару, шашын алу, бесікке салу, тұсауын кесу дегендердің бәрі де жат, ескіліктің қалдығы сияқты қорінеді. Оны істеген адамдар мәдениеттен артта қалған, қаранғы, топас деуден тайынбайтындар да болған. Тіліміздің мәртебесін алғанымызда да, қазақ тілі қофамын құрып қайткенде де өз тілімізді дамытудың жолдарын ізdep талпынған шақтарымызда да, «әй, осыларыңнан не шыға қояр дейсіндер деп сенімсіздік білдіріп, «әліптің артын баққандар» да осылар болды. Жер-жерлерде қазақ балаларын қазақ мектептеріне, қазақша балабашаларға тарту кезінде де балаларын қазақ мектебіне бергілері келмей, сенімсіздікпен қынжылғандардың дені осылар болды. Шын ниеттерімен қуанып бірі балаларын, бірі немерелерін қолынан жетектеп алып келіп қазақ кластарына оқуға бергендер, бұл тірлігімізге ризашылықтарын сездіріп жатқандардың дені – жұмысшы, шаруа адамдары, әсіресе, ашаршылықты, жоқшылықты, соғысты қөрген енбек ардагерлері болды. Жалпы, шаныракта аталары, әжелері, қөнекөз кариялары бар үйдің балаларының тәртібі де, мінез-құлқы да ерекшеленіп тұрады. Олар үлкендерге сый-құрметпен, ізет-ілтипатпен қарайды, тілалғыш, иманжұзді болып келеді. Анам: «Е, шырактарым-ай, біз Кенен екеуміз бұл өмірде не қөрмедік. Әйтеуір бәріне де шыдан бағып, осы халге жеттік қой. Сендер аман болындар!» – деп батасын беріп, тілегін күнде айтып отырушы еді. Анам жайында қанша айтсам да түгесілмес. Ұақыт өткен сайын сағынамын, іздеймін. Әр ісің айналаңа нұр шашып тұратын



асыл бейнен, көпшілдігін, қайырымдылығын, қанағатшыл кең пейілің бәрі-бәрі есімде, апатаіым.

Осылайша, бізді өке-шешеміз, айналымызыдағы үлкендер, өскен алтын ұямыз, жасымыздан сөзді құрметтеуге, ұлттық дәстүріміздің не бір қырлары мен сырларына баулып, халық өнерінің тамаша қазыналарымен таныстырып, еліміз бен жеріміздің қайталанбас тұлғалары мен тылсым табиғатын ойымызға, бойымызға сініре тәрбиелеп, жан-дұниеміздің жара-сымды қалыптасуына барынша тырысып-ақ бақты. Біздердің болашағымызға әсте де женіл қараган емес-ті. Осындай орта-дан шыққан біздер, яғни Кененнің артында қалған төл балалары үшін өмір сұрудің қаншалықты қын болғандығын айтудың өзі ыңғайсыз. Жақсы да болды, жаман да болды, аяғымызды шалыс басып қателескен күндеріміз қаншама? Сезімталдық пен қарапайымдылыққа тәрбиеленген біздер сөл нәрседен өсіп, сөл нәрседен төмендеп жүргеніміз. Тамаққа емес, көнілге семіруіміз мүмкін.

Өсіресе, совет заманында жолымыз болмай, сағымыз сынған күндер көп болды.

Мұндай қасиеттердің пайдасынан гөрі біздер үшін зияндылығы басымдау болды. Өйткені, тәрбие бірдей емес кой. Тұрмыс құрсақ та, атқарған қызметімізге байланысты жүрген ортамызда да «өзіне тигенді аяма» дегенді ұстанып тәрбиелен-гендермен бетпе-бет келгенде, бірде женғенімізben, көбіне жеңіліп қалып жүрдік. Тіпті, өз ана тілін жөнді білмейтіндердің бізді орыс тілін нашар білгеніміз үшін жерден алып, жерге салғандығының өзі не тұрады?! Сондай-ақ, 30 жылға жуық халық ағарту саласында енбек етіп, өз мамандығым қазақ тілі мен әдебиетінен қарадомалақ казақ балаларына екі-ақ жыл сабак беруге мүмкіндігімнің болғандығын айтсаныш... Керісінше, өзімнің аяулы ана тілімді орыс балаларына жалы-нып оқытып, олар оқымаій, оқығысы келмей қорланған күндер мен жылдарды қайтерсін? Сенің ана тілінді сүйетінің, елінді, жерінді, салт-сананды, дәстүрінді құрметтегенің ешкімге керек болмай, орыс тілін нашар білгендігімнен, өмірден артта қалған



топас, надан, мәдениетсіз атанаңп, жұмыс таба алмай сенделген кездер ше? Тауымыз шағыла-шағыла қарапайымдылығымыз – енжарлыққа, ынжықтыққа соқтырса, сезімталдығымыз кейбірімізді ауруға ұрындырған кездердің болғандығын несіне жасырамыз. Қысылғанда «бізді неге басқалардай зорлықшыл, өркөкірек, иненің көзінен өтетіндегі өте пысық, жағымпаз қылып өсірмегенсіздер? Тіпті, өмірге бейім емес екенбіз ғой», – деп, жазықсыздан-жазықсыз өскен ұымызға, ата-анамызыға кінә арта сөйлеген күндеріміз де болған-ды. «Қойғылай берсе құдай да өледі» демекші, әйтеуір бойымыздағы намысшылдығымыз, арлылығымыз оянып, өмірге тез бейімделіп дегендей, тік айтарымызды айтпай бүгіп қалып, еш нәрсеге көп араласпай, көрсек те көрмеген болып, кулықты да, кеменгерлікті де жапжақсы менгеріп алдық, «сен тимесен мен тимен», «турасын айтқан, туғанына да жақпайдыға» көшіп алдық. Ал орыс тілін сөйлеудің шебері болып алғанымыз сонша, осы күні немерелерім мен шөберелеріме қазақша сөйлендер деп талап ете отырып, өзім де байқамай орысшалап кететін жағдайдамын.

Енді міне, алдымыз 80-ді алқымдап, сонымыз 50-ден асқанда (Кененнің өз балалары), еліміз төүелсіздігін алып, тарихымыздағы актандак жылдар айқындалып, өлгеніміз тіріліп, өшкениміз жанып дегендей, ана тіліміз бен салт-санға, түрлі дәстүріміз қайта жаңғырып, бір жақсы заман келе жатқандай. Қуанышымызда шек жок.

Қуанбай қайтейін. 1964 жыл еді. Мөскеуден окуын аяқтаған отағасым Тасығанды Алматыға қызметке бекітіп, ана тілінде тілдері шыға бастаған екі баламды балабақшаға орналастырыдым. Әрине, орыс тіліндегі балабақшаға, өйткені ол жылдары астананың өзінде де қазақ балабақшасы жоқ болатын. Бір күні балаларымның орысша білмейтіндіктерін бетіме басып, тәрбиеші: «Сіз балаларыңыздың болашағын ойланыз, қор болады ғой», – деген-ди. «Сонда өз елінде, өз жерінде неге кор болуға тиісті менің балаларым», – дей алмадым-ау. Ал енді қазір қайтсем де оларға қазақша білдіртемін деп өлекпін. Жержерлерде қазақ мектептері мен балабақшаларының көптеп ашила бастауы қоңілге шырақ, дәтке қуат бола бастады. Ұзағынан болғай дейміз зор үмітпен.



Жоғары сынып оқушыларын кім болам, қандай мамандықты таңдасам екен деген сұрақ қатты толғантады. Ол занды да. Қофамға пайдалы азamat болу үшін мамандығынды дұрыстап таңдай білудің, қолынан не келеді, неге бейімсің, соны мұқият ойластырудың маңызы зор. Бұл орайда да балаға дұрыс бағыт беру, ен алдымен, ата-ана көзқарасынан басталуы керек. Ұл-қызының болашағына жауапкершілікпен қарайтын әр әкеше сәбінің жаны нені қалайтынын, неге бейім екендігін жастайынан-ақ сезеді. Әкемнің:

*Ат болатын құлышы,
Желі басынан танисың.
Адам болар ұлыңды,
Жолдасынан танисың.
Батыр болар балаңды,
Тұлғасынан танисың.
Ырысты болар балаңды,
Мал баққаннан танисың.
Кедей болар балаңды,
Көп жатқаннан танисың.
Ұры болар балаңды,
Тұн қатқаннан танисың.
Шешен болар балаңды,
Тіл қатқаннан танисың.
Епті болар балаңды,
Ым қаққаннан танисың.
Сараң болар балаңды,
Зар қаққаннан танисың.
Шаруа болар балаңды,
Шөп шапқаннан танисың.
Етікши болар балаңды,
Шот шапқаннан танисың.
Қыздың қандай боларын,
Анасынан танисың.
Қасың менен досыңды,*



*Қарасынан танисың,
Шебер болар қызыңды,
Бармагынан танисың.
Асыл менен жасықта,
Салмагынан танисың,*

— деген, «Қалай танисың» атты толғауы ата-аналарға арналғандай. «Әке – балаға сыншы» деп бекер айтпаған ғой халқымыз. Әкем әр баласының болашағын да болжап отыратын.

— Менің Төрткенімнің әдебиетке, өнерге жаны жақын. Түсінігі мол, халыққа қалаулы, елге елеулі, жан-жақты болады. Әттең, ұл болып тумады. Бақытжаным өзім сияқты аса сезімтал, сері мінезді, өнерлі, тілді, бірақ шыдамсыздау. Ақтамағым тепсе темір үзетіндей қарулы, өр мінезді. Ақбілегім сүт кенжеміз ғой, өте нәзік жанды, биязы, бәрін іштей ойлайтын, салмақты, аздап жанаярлау болады. Ал Көркемжаным қонтері, қайыспас шыдамды, түбінде бәрімізді бағатын да, барлығына сүйеу болатын да, кара орман иесі де осы болар, — деп отыруышы еді. Солай болды да.

Сарыағаш емделу орнында демалып жүргенмін. Бір кісі Кененнің қызы екендігімді естіген болуы керек, мені әнгімеге тартты. Көпті көрген, көп нәрседен хабардар кісі екендігі көрініп тұрды. Сол кісі бір сөзінде маған: «Кенекемнен көп дүние қалған шығар, бақуатты тұратын шығарсың?» деп, қулана сұрап қойды. Мен де қулана құліп: «Қалай болғанда да түбі кедейдің баласы – кедей, байдың баласы – бай болып қалады-ау деймін, аға. Шүкіршілік, жаман емеспіз. Кененнің балаларының бәрі де орта шаруамыз. Әкеміз бізге көп дүниеден гөрі, өзінің қанағатшылдығын, көпшілдігін, сабырлылығын тастап кеткен сияқты», — дедім. Сонда әлгі кісі сәл ойланып қалды да: «Дұрыс айтасың, шырағым, жәй әншнейін өзілдегенім әрі сынап сұрағаным еді. Әрине, әкеден қалған дүние қаншаға жетер дейсін. Сенің байлығың әкеннің әні, өлеңі, өнері. Соған біршама ие болып қалғанға ұқсайсың, соны дамыта бер», — деп арқамнан қағып, ризашылығын білдірді.

IV БӨЛІМ

АМАНАТ САҒАН ӘН-МҰРАМ





*Домбырамды сыйлаймын,
Аяулы қызым Төрткенге.
Ән-жырымды орындаپ,
Әке жолын күткенге.
Ерінбей айтып береді,
Келген менен кеткенге.
Құмар бол өстің жасыңдан,
Көңке қызмет еткенге.
Болса да бөлек тұрагың.
Жанымды үққан құрагым.
Ризамын мен саган,
Өзгеше туган шырагым.
Мақам сазын өзгертпе,
Еліктеп-еріп басқага.
Аманат саган ән-мұрам,
Домбыраңды тастама.*

Кенен, 1974 жыл.



ӘКЕМНІҢ ЕҢ АЛҒАШҚЫ ХАТШЫСЫ Да, НАСИХАТШЫСЫ Да МЕН БОЛДЫМ

Алладан бала сұрап «Базарым-ай, Назарым-ай» деп зарлан жүргенде 1936 жылы мен дүниеге келіппін. Менен кейінгі екі ұлы мен екі қызы да олмен тірі қалыпты. Сондықтан да мені басымнан құс үшірмай, бетімнен қақпай, аялап өсірген екен. Оның үстіне әкем бұрын ел-елді аралап, айлап үй көрмей кетеді екен. «Төрткен сен осы үйге береке, ырыс алып келдің. Үйге тұрмайтын әкең енді үйден шықпайтын болды», – деп апам құліп отыратын.

Жасымнан әкемнің қасынан қалмаушы едім. Бойжете келе, әкем мені өзіне сүйеніш санап, барлық жазғандарын, әндерін қалай, қашан шығарғанын, олардың шығу тарихын айтып құлағыма құя беретін. Әкемнің 3-4 ай молдадан оқығаны болмаса, басқадай оқуы жоқ кісі. Тек арабша жазатын. Мектепке барып хат тани бастағаннан (3-4 кластардан) әкем оқып отырады, мен жазып, қағазға түсіре бастадым. Кейіндері әкемнің кітаптары шыққанда менің жазғандарым көп іске асты.

Газет-журналдарға өлеңдерін жіберіп тұрамын. Әкемнің айтуымен Сәбит Мұқанов, Тайыр Жароков сияқты кісілерге хат жазамын. Кейіндері Алматының №12 мектебінде оқып, әкемнің Алматыдағы жұмыстарының көбін бітіретінмін. Жазушылар мен Композиторлар одағына барып жарналарын төлеймін. Осы жайында жас кезімдегі бір қызықты оқиға есіме түсіп отыр. Жазушы бауырымыз Қалмұқан Исабай аға жаңадан жоғары оқу орнын бітіріп, «Лениншіл жас» газетінің хаттар бөліміне жұмысқа тұрыпты. Келген хаттарды реттеп отырып, оқушы жас баланың тор көз дәптердің бір бетіне жазылған өленді оқиды. Аяғына Кенен Әзірбаев делинген. Оны оқушыға балап: «Өлеңің тәп-тәуір, болашақта жақсы ақын болатын түрің бар. Алайда, саған көп оқу керек, білімінді жетілдіруден жалықпа» деп хат жазып редакторға көрсеткенде, редактор (атын ұмытыптын): «Е, сен халық ақыны Кенен Әзірбаевқа ақыл айтыпсың ғой. Сен өзі Кененді білмейді екенсің ғой...»



дегенде ұялғаным-ай. Жастығымды ескеріп, орнымда қалдым, әйтеуір», – деп Калмұқан ағаның өзі теледидардың бір хабарында айтқанды естіп отырып: «Оны жазған мен едім, аға» деп айта алмай мен де үтттан жерге кіріп кете жаздадым.

Домбыра тартып, ән салуды да еліктеп әкемнен өз бетімше үйрендім. Радио, теледидардан, сахнадан әке әндерін орындаپ, насиҳаттап жүріп зейнеткер болғанымды да сезбей қалыпты. Енді не істесем екен деп жүргенде Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрада және цирк колледжінің директоры, танымал әнші Ержан Қосбармақов кездесіп қалып: «Төрткен апай, біздің колледжде Жетісу ән дәстүрі деген бөлім жаңадан ашылды. Жетісу әндерінің алтын казығы Кенен ата әндерінен сабак беретін адам жок. Мен сізді көптен іздеп жүрмін», – деді. 1999-2009 жылдарға дейін сол жерде әке әндерінен сабак бердім. Шәкірттерге әкемнің ешкім білмейтін, әлі ешкім орындаған 70-тей әндерін үйретіп, дұрыс айтылмай жүрген әндерін жөндettім. Алайда, оқытқан шәкірттерімнің (дәстүрлі әндерге жол тарылып, эстрадаға жол берілгендей) көбі абдырап, жұмыс таба алмай жүргендерін көргенде, ойға қалдық. Неменеге бұларды оқытып жатырмыз дегендей ойлар жанымызды жегідей жетін еді. Ал Кенен әндері мұлдем орындалмайтын. 2000 жылдың қантар айында белгілі сазгер Жоламан Тұрсынбаев пен өзім кызмет етіп жүрген колледждің директоры Ержан Қосбармақовтың ақыл-кеңесімен, сол кездері Мемлекет хатшысы, жазушы Әбіш Кекілбаев мырзаға, әкем К.Әзірбаевтың музикалық шығармаларының жәй-күйі туралы айта келіп, байқаулар өткізу керек екенін, тағы да басқа ұсыныстарымды айтып хат жаздым. Айы онынан туып, хатым өнерді бағалай билетін жандардың қолына тиген болуы керек, көп кешікпей Тараз қаласында К.Әзірбаев шығармашылығына арналған «Шырқа, дауысым!» атты республикалық байқау өткізілетіні туралы хабар келді. Содан бері (2001, 2003, 2005, 2007, 2009, 2011, 2016, 2019 жылдар) үздіксіз өткізіліп келеді. Ары қарай да бұл байқау өткізіле беретініне сенімдіміз. Өтілген байқаулардың бәріне де қатынасып, ой-пікірлерімді айтып та,



жазып та келемін. Бүгінгі күнде жер-жерлерде Кенен әндерін орындаушылар саны артып келеді. Олардың дені өнер саласында еңбек етіп жүрген жастар. Кезінде менен сабак алған шәкірттерім Шолпан Даржанова, Тілеулес Құрманғалиев, Ерболат Шалдыбеков, Жазғұл Даңылбаева, Ардак Балажанова, т.б. белгілі әншілер, Жетісу әндерінен оның ішінде Кенен әндерінен сабак беруде. Олар менімен өлі де хабарласып тұрады. Сондай-ақ, «Шырқа, дауысым!» байқауына қатысып, Кенен Әзірбаевтың әндерін асқақтата орындал женіске жеткен: Шолпан Даржанова, Жазғұл Даңылбаева, Ерболат Шалдыбеков, Тілеулес Құрманғалиев, Ақан Әбдуәлиев, Ләззат Жанаманова, Данияр Сқақов, Ардак Балажанова, Зергұл Абдуллаева, Берік Омаров, Дәуренбек Әркенов, Манабек Қадыров, Оңал Азаматова, Сәүле Желдібаева, «Тараз триосы», «Үміткүл Медеуова, Арай Аскат, Ерлан Ибаділдаев, Рауан Әбілбаев, Оразалы Жаңабаев, Ахат Кенжебаев, Бейбіт Мұсаев, Гүлзия Алшынова, Саят Нұртазин, тағы да басқа жас өнерпаздардың есімдерін мактандыспен айтамын.

Байқау сайын сапа да артып келеді. Мысалы, алғашқы байқауларда үміткерлер тек «Бозторғай», «Көкшолақ», «Қайран жастық», «Базар-Назар», «Ойжайлау» сияқты бес-алты әндердің айналасынан аспаушы еді. Бірте-бірте «Шырқа, дауысым!», «Жас екпін», «Көпшілік, тында әнімді», «Қайран ел, қайда?», «Жаңа зан», «Сынаптай сырғақ дүние», «Бал құйылды даладан», «Мөртай сұлу», «Әнім калсын», «Сүйген жарға», «Күләшқа» секілді көптеген бұрындары шырқала бермейтін, елге белгісіз, тіпті, автордың да өз орындауында жазылмай қалған әндерімен толығуда. Бұл, бір жағынан, менің Ж.Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжінің халық бөлімінде Кенен әндерінен сабак берген енбегімнің жемісі деп те айта аламын.

Байқаудың қазылар алқасында елімізге белгілі өнер қайраткерлері, сазгер Жоламан Тұрсынбаев, Алтынбек Қоразбаев, әншілер Қайрат Байбосынов, Қажыбек Бекбосынов, Бекболат Тілеухан, Сәүле Жанпейісова, Ержан Қосбармақов,



халық әртісі Есмұхан Обаев, қаламгер Елен Әлімжан, күйшісазгер Әбдімомын Желдібаев секілді азаматтар болып, атсалысты. Ұзақ жылдар бойы облыстық сол кездегі Мәдениет басқармасын басқарған «Шырқа, дауысым!» байқауының бес мәрте өтуіне өзі бас-көз болып, ұйымдастыруши ретіндеги айрықша тер төккен Әлібек Әмзеұлын ерекше атап өткен жөн. Әлібекке ризашылығымыз шексіз.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, байқаулардың өтуіне мұрындық болған сол кездегі облыс әкімдеріне де алғыс білдіремін. Серік Үмбетов, Бөрібай Жексембин байқауға келіп, жас өнерпаздарға Кененнің кім екенін айтып, оларға ақ жол тілеп, гала-концертке қатысып, сый-құрметтерін өз қолымен тапсырып, женімпазды автокөлікке отырғызып, байқау соңын үлкен думанға айналдыруши еді.

Соңғы жылдары әкемнің шығармаларын, өсіресе, ертеректе жазылмай айтылмай кеткен дауыстарын тауып (архивтерден, т.б.) көшіріп алып, «Қосылған қоныр қазға ән мен үнім» деген атпен альбом-дискі шығарып, өнерсүйер қауымының біразына тараттым.

Астанада тұратын інім Бақытжан Кененұлы екеуміз әкемнің фортепьяномен айтуға бейімдеп жазған бүкіл әндерінің нотасын домбыраға бейімдеп жаздырып, оны да «Қосылған қоныр қазға ән мен үнім» деген атпен әндер жинағын жариялаттым. Енді әкемнің жыр, терме, толғауларын, дастандарын орындаушылардың дауыстарын жинап (олар барышылық) альбом-диск шығармақшымын. Ғұмырымның соңына дейін әке аманатын актауға тырысып жүрген перзентімін.



КЕНЕННІҢ КЕМЕР БЕЛДІГІ

Әкемнің соңғы 25 жыл түрған Киров колхозы қазір Кенен ауылы деп аталынады. Сол ауылда Кенен Әзірбаев атындағы әдеби-мемориалдық мұражайы бар. Сол мұражайда ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты төрт мынға жуық жәдігерлер сақталған. Солардың ішінде келушілердің көзіне оттай басылатыны – бозбала Кененнің қырғыз манабы Шабданың асында сыйға алған кемер белдігі.

Әкемнің тебірене есіне алып әңгімелейтін өнінің бірі «Көпшілік көрсін әнімді» деген туындысы осы кемер белдікке байланысты еді. Бұл жайында әкем: «Жасым 16-17-лердің арасындағы кезім. Бір күні қой жайып жүрген жеріме бір кісі атпен келе жатты. Алғашында әкем екен деген қалдым да, сонынан әкем емес екеніне көзім анық жеткен соң қалшиып қарап тұрдым. Жүрегім өз-өзінен атша тулап, өзіме ие бола алмай қалдым. Әлгі кісі жақындал келгенде қалбалактап жүгіріп барып сәлем беріп, қолын алдым. Өзі сүйкімді, өні жылы кісі екен. Әлгі кісі сәлемімді алып тұрып: «Бозторғай», «Көкшолақ» деген әндерді шығарған қойшы бала – Кенен деген сенсің бе? – деді.



— Иә, ағатай, Кенен деген мен едім, — дедім.

— Онда бүгіннен бастап қойды тастайсын. Әкең Әзіrbаймен келісіп, сенің осы жерде екенінді сол кісіден біліп келдім. Мен Еркебай деген ағаң боламын. Осы аймақтың болысымын, — деді. Сенерімді де, сенбесімді де білмей: «Ағатай-ай, шынымен-ақ кой жаудан құтыламын ба?» дей беріппін. Қойши әйтеуір, Еркебай мені атына мінгестіріп алды да кетті.

— Шырағым, жолың болсын. Ағаңның тілін ал, мені көп ойлама, — деп бұрындары алыстап ешқайда шықпаған сорлы басым, жалтақтап қарай берген маған әкем ақыл айтып жатыр.

Еркебай үйіне алып келіп, моншаға түсіріп (бұрын мұндан монша көрмеген басым буына шашалып, өліп қала жаздағаным өзінше бір әңгіме), үстіме таза киім кигізіп, тамаққа тойдырып, астыма ат мінгізіп біраз баулыды. Ұзын бойлы, жінішке сұлу жігіт болып шыға келдім. Бір күні ол мені қасына шақырып алып: «Өлеңінді жүптай бер. Жақында қырғыздың Шабдан Жанбайұлы деген атақты манабының асы болады. Оған қырғыз-қазактың белгілі әнші-күйші, ақын-жыршы, жыраулары келеді. Мен де сені сол аста өнер бәйгесіне қосамын. Қазақтың әйгілі ақыны Жамбыл келеді», — деді.

Айтқанындақ-ақ, бірнеше күннен соң Еркебай мені сүліктей бір жорғаға мінгізіп, торқа кигізіп, қолыма жаңа домбыра ұстасып асқа алып келді. Ас әлденеше күнге созылды. Ығы-жығы адам, біреу-біреуді біліп болмайды. Соғылған малда есеп жоқ. Палуан құрес, атжарыс дейме-ау, әйтеуір өнердің түрлі-түрлісін көрдім. Бір күні кезек бізге келді. Ақын-жыршылар бірінен соң бірі «Қоки хан ата» деп Шабданның атын аспандатып жатыр. Кезек маған да келді. Домбырамды басымнан асыра көтеріп, құлағымды ұстазым Сарыбасша бұрап-бұрап алып, бар даусыммен әруақ шақыра айқайлап алып, енді өлеңімді айтайын десем, аузыма сөз түспей тұрып-ақ қалғаным. Сел-сел болып қара терге түсіп, ұяттан өліп барамын. «Ештене емес, қайта шырқа, даусың жақсы екен» деген сөздер құлағымда жетіп жатыр. Бар күшімді жинап алып, тағы да айқайлап едім, онымнан да түк шықпады.

— Ер кезегі үшке дейін, шырағым, қайта шырқа. Жас қой әлі, тағы да айтсын, — деп жатыр көпшілік. «Иә, Құдай,



абырой бер. Соншама салмақтап Еркебай мені қой жайып жүрген жерімнен алып келгенде масқара қылма, Алла!» деп ішімнен Жолбарыс, Кебекбай, Сарыбастың әруақтарына сыйынып алып, үшінші қайтара айқайлағанда аузыма мына өлең тұсті:

*Мен өзім Дулат деген елден келдім,
Көл Қона, Қордай деген жерден келдім.
Жас бала, жаңа талап мен бір қойышы,
Тугалы мұндай жиын көрмен едім.*

*Кебекбай, Жолбарыс, Ногайбай,
Ақын болмақ оңай ма-ай.*

*Мен өзі інісі едім Сарыбастың,
Он жаста ел тойына араластым.
Өлерде мені Сарыбас шақырып ап,
Тапсырган аманат деп домбырасын.*

Көпшілік көрсін өнімді... – деп шырқап ала жөнелдім. Қызынғаным сонша, тоқтамай қойыптын. Шіркін сондағы даусым-ай. Айтылған жерде қалды ғой талайы. Мына қазіргі айтып жүргенім сондағының тамтығы ғана ғой шырактарым. Содан өнді орындан шықтым, сілтідей тынған ел, қол соғып көпке дейін жібермей риза болды. Кейбірі: «Айналайын-ай, қысылып қалған екен ғой, бұдан әлі керемет ақын, өнші шығады», – десіп жатыр.

Жастығымды ескеріп, ак жол тілеп маған да кемер белдік сыйға тартты. Осыдан бастап Еркебай мені біржола қой жаюдан құтқарып қырсығымды кесті, таза өншілік, ақындық жолға тұстім. Асқан үніммен, тартымды өлеңіммен біргіндеп атым қырғыз-қазақ арасына таныла бастадым. Жолымды ашып, қырсығымды кетірген Еркебай мен кемер белдікті ерекше көремін. Үнемі тастамай, беліме байлап жүремін. Өзі тозайын деп қалды», – деп бізге көрсетуші еді. Әкемнің сондағы сыйға алған кемер белдігі қазір ақынның мұражайында сактаулы.



РЕВОЛЮЦИЯ САРБАЗЫ

Тарихта белгілі орны бар, артына өшпес мол мұра қалдырыған Кенен Әзірбаевты халық ақын, сазгер, әнші ретінде білгенімен, оның 1916 жылғы үлт-азаттық көтерілісінде қолына қару алып, соғысқанын, сол көтерілістің белсенді сарбазы, сенімді үгітші ақыны болғандығын тарих, әдебиет, өнер саласындағылар болмаса, жалпы көпшілік білмейтін де сыңайлы.

1916 жылғы үлт-азаттық көтерілісі зор оқиға, елеулі кезен...

Мұның соңы азаттық үшін қурескен халықтар қозғалысына айналғаны тарихтан белгілі.

Патша өкіметінің 1916 жылғы 25 маусымда /июнь/ 19 бен 31 жас аралығындағы ел азаматтарының майданға шақырылатыны туралы жарлығы, онсыз да жергілікті бай-манаптардан корлық-зорлық қоріп жүрген қалың елдін ашу-ызасын тудыра бастайды. Әсіресе, майданға кімдерді аттандыру туралы тізімде «кедейлердің елудегі шалдары жігіт болып, байлардың отыздағы жігіттері шал болып шыға келгенін» көргенде, халықтың ашу-ызасы шегіне жетіп, наразылық халық көтерілісіне ұласты.

Бұл қозғалыс Кенен ақынның туып-өскен жері Жамбыл облысының Қордай өнірін де шарпыған-ды. Осы өнірдегі халық көтерілісін басқарған Әли Нұрғожаұлы, Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы көтерілісті басқарған Бекболат Әшекеевтің қоластына келіп қосылуға әрекеттеген-ді. Мұны естіп, қоріп жүрген, сол кездері «Ри, қойым», «Бозторғай», «Көкшолақ» деген әндерімен елге танымал бола бастаған жас Кенен Әли Нұрғожаұлының жасағына қосылып, қолына қару алып, оның сенімді сарбазы, үгітші ақыны болды. Ол өзінің өткір өлендерімен ел рухын көтеріп, ауызбіршілікке шакырды.

*Бір күні сүм патшадан келді Жарлық,
Шұылдан қыргыз, қазақ тұрды қарғып.
— Баланы әлділеген бермейміз! — деп,
Қалың ел, кәрі-жасы тұрды зар қып.
Естідік Алматыда Сәтті алды деп,*



*Кошмамбет, Асқар, Дәуекес қатталды деп,
Бекболат қалың қолмен ту көтеріп,
Қаскелен, Шамалғанга аттанды деп.
Сатай мен Нақыш бастап Шапырашты,
«Қарасайлап» Ұзынагашқа от қойды*

— деп... жырлаған ақынның «Аттанындар!» деген өлеңі осы оқиғаға байланысты, елді бірлікке, жаугершілікке үндеген өлеңі еді. Істы елінен 500-ден астам жігіттерімен, Үрғайты, Қордай елінен 500 қолмен Қанат батыр, Байбосын, Еселбай, Қырғызбай бастаған жігіттер ағылып келіп Әлидің жасағына қосылғанын жырлайды.

«Қордайдан шыққан қос ақын» атанған Есдәulet Қандеков екеуінің Қопа, Самсы, Қалған көл, Ақтерек, Отар, Үрғайты, Мәтібұлақ жерлерінде патшаның жазалаушы отрядтарымен тікелей айқасып, бірде ұсталып, бірде женіліп, бірде қашып құтылып жүргендерін әкем жырдай қып айтып отырғандарын талай-талай естуші едім жас кезімде. Әсіресе, Қөлқамыс қонысында болған соғыста найза, сойыл, қылыш, баканмен қаруланған құмырсқадай қаптаған қалың елді патшаның солдаттары пушкамен атқылап, зенбірек, пулеметтен оқ жаудырып қырғанын, Әлидің көп сарбаздарының қолға түскенін, оның ішінен қырық шақты жігіттерді талға байладап қойып атқандарын қамыға отырып еске алатын. Осы бір жағдайды ақын:

*Халықты қырды аяусыз жауыз патша,
Бұл сөзім жалған емес алақашпа.
Аттырды таңып қойып дар агашиқа,
Қырық шақты кедейди Қөлқамыста,*

— деп жырлады ақын.

Халық құніреніп, «Боздағым » деп аңыраған аналардың дауысы тәбе шашымызды шымырлатты. Жауыздар алпыс шақты жігіттерді Верный қаласына айдал /қазіргі Алматы/ өкетті, ішінде Байбосын батыр да кетті. Кейінректе оны дарға



асыпты деп естідік. Әли батыр бір топ жігіттер, ішінде Кенен де бар қалқалап жүріп тауға қашырған. Патшаның қарулы әс-керінен жеңілгенімізбен, тау-тасқа тығызып жүріп, патшаның жазалаушы отрядтарынан кегімізді аламыз деп талпындық. Алайда, патша өкіметі қотеріліс басшыларын, қотеріліске қатынасып қашып жүргендерді атып-асып жазалауға бұйрық береді. Патшаның жендеттері мен солдаттары ойларына келгендерін істеп, кез-келген үйді тонап, кез-келген атты мініп, қотеріліске қатынасқан сарбаздардың ауылдарын түгелдей өртеп, мал-мұліктерін тәркілейді. Әли батыр да қолға түседі, Кенен де қырғыз жеріне өтіп кетіп, сондағы Мәсімхан бастаған достарын панарап өмір сүреді. Елін-жерін сағынып шығарған «Бұлбұлға» деген әнінде:

*Ей, бұлбұл!
Сен де бұлбұл, мен де бұлбұл,
Каңзыртқан екеумізді патша құрғыр.
Сагынып ел-жүртымды жүрген шақта,
Бұлбұлжан, ұшып кетпей сайра да тұр.
Алатая, аңсадым-ау, асқар белін,
Кордайдың сагындым-ау қоңыр желін...*

— деген Кененнің әйгілі ән-өлеңі осы жылдардың туындысы. 1916 жылғы қотеріліс туралы Кенен ақын:

*Сол кезде отыз екіде еді жасым,
Патшаның күш-қуаты болды басым.
«Қайран ел», «Аттан» деген ән шығарып,
Тербеттім зарлы үніммен таудың тасын,*

— деп жырлаған.

Бұрындары «Ри, қойым», «Кекшолак», «Бозторғай» әндерімен кедейлікті, жоқшылықты айтып зарлаған ақынның сана-сезімінің оянуына, он мен солын тануына 1916 жылғы қотерілістің зор ықпал еткендігі сөзсіз. Соңдықтан да Кенен 1916 жылғы оқиғаның ізін



сүйтпай өзі қатынасып қуә болған, көзімен көрген-білгендерін есіне түсіріп «Аттан!», «Қайран елім қайда», «Бұлбұлға» ән-өлеңдерімен қоса «Әли батыр», «Қырғызбай» атты дастандарын жазды. «Бұл туындылары ақынның шығармашылығын жаңа сатыға көтерген. 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісі тақырыбына жазылған құнды енбектер» деп бағалаған белгілі қоғам қайраткері, ғалым Мырзатай Жолдасбеков.

Менің бір таңқалғаным: «Кенекең 1916 жылғы көтеріліс туралы жазған енбектерінде болған оқиғаларды да, адам аттары мен олардың сандарын да, айқас болған жерлерді де атаған. Кейін бұл мәліметтерді архив материалдарымен салыстырғанымда барлығы дәлме-дәл болып шықты» деп, еске алған тарих ғылыминың кандидаты, доцент, көп жылдар Қордай ауданының басшылық жұмыстарында енбек еткен азамат Әbdіқадыр Жүргенов мырза өзінің «Ұмытылmas кездесулер» деген Кенен туралы естелігінде.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі Октябрь революциясымен жалғасқаны тарихта белгілі. Енді Кенен совет үкіметінің мәнін, мақсатын өзінің «Он сегізінші жыл», «Октябрь», «Шанқетпе», «Шырқа, дауысым», «Балдай бол», «Кохоз өні» деген ән-өлеңдерімен ғана жеткізіп қоймай, кедейлерге жер беру, Қосшы одағын құру, колхоздастыру, бай-кулактардан тазарту сияқты жұмыстарға белсene атсалысты. Көп кешікпей (1921 жылы) өзі туып-өскен Қордай аймағының революция комитетінің председателі (ревком) болып тағайындалды. Кенен ревком болып жүргенде Азамат соғысының жүріп жатқан кезі екен. Жаңадан үйимдасқан Қызыл Армияны азық-түлік пен киім-кешек, қару-жарақпен қамтамасыз ету, оларға көлік даярлау істеріне де белсene атсалысқан. Бұл жылдары ақын Ораз Жандосов, Жұбаныш Бәрібаев, Масанчи сияқты совет-партия қызметкерлерімен қоян-қолтық араласып, олардан тапсырмалар алып отырган. «Оразжан», «Жұбанышқа» деген ән-өлеңдерін сол тұстары шығарған. Сол уақыттарда болған қызықты бір оқиға еске түсіп отыр:

Кененің жалынды үгітші, елге ықпалды ақындық қабілетін ескере келіп, қасына өлкелік ревком Иван Шпагельскиді және бірер милиция қызметкерлерін қосып Іле, Топар өзенін бойлап Бақанас, Балқаш маңындағы ауылдардан 300 түйе көлік жинап



келуді тапсырады. Осы жолы сол өнірдің белгілі ақыны Үсты елінің келіні Ләтипа мен Кенен айтысып қалады. Ол кезде ревком деген сөзді көпшілік ел жөнді түсінбей Кенен болыс болып сайланды дейді екен. Айтыстың бір жерінде Ләтипа:

*Сен болсаң кім сескенер Кенен болыс,
Жасынан жарымаган кедей болыс.
Мақтайсың өзіңді-өзің көтермелеп,
Жұрсең де уш жұз түие сұрап помыш.
Бүкіл мынау қазақтан серік таптай,
Касыңа ертіп алыстың «сары орыс»,*

— деген екен. Дәл осындай тағы бір тарих. Алматы тас жолының бойындағы Ақсай өзенінің жағасында бір ауылда тұратын Бөдене және Шәйнек деген женгелерін іздең келіп, мен сендерді елге Кордайға көшірейін деп келдім деген Кененге женгелері былай деп жауап қайтарыпты:

*Орының құтты болсын болыс қайным,
Кигенің шинель, шапкі орыс қайным.
Кедейден өкімет бол шыққаныңда,
Жақсы екен нашарларга болысқаның.
Сүмдық-ай, болады екен ақын болыс,
Күрүп қалсын тағы болты қатын болыс.
Болысқа өлең айтқан жараспайды,
Әнің мен өленіңді сатқың болыс.
Шіреніп арақ ішіп, шылым шегіп,
Шынтақтап ақ жастықта жасатқың болыс ,*

— деген екен.

Сейтіп, революция комитетінің председателі (ревкомы) болған Кененді бұрынғының болысына балаған айтыстарды жырдай қылыш айтып, күнді-күнге, түнді-түнге қосып: «Шіркін, небір ақын әйелдер арманда өтті ғой», — деп еске алып отырғанын тындалап өскен перзентімін ғой.



КӨПТІН КӨҢІЛІН КӨП АШҚАН БҮЛБҮЛ ЕДІ

*Біле ме түсінбеген әннің парқын,
Ән үні естіледі оған салқын.
Жүрсем де сабау қамышы салт атты бол,
Таралған ел ішінде әнім қалсын,*

— деп армандаған Кенен артына мол мұра қалдырған ақын. Ол қыруар өлең, жыр, терме, айтыс, дастандармен қоса, онға жуық күй, жұзден аса ән шығарған сазгер. Өлеңін де, әнін де өзі шығарып, оны домбырамен өзі сүйемелдеп, өзі орындауы әкем Кенен сияқты туматаланттарға ғана тән дүние. Табиғи шығармашылықпен қоса шебер домбырашылық, асқан дауыс, шабытты орындаушылық қабілеттерді баса бергеніне шүкіршілік дерсін. Болмаса, бірі өлеңін, бірі әнін шығарып, үшінші бірі орындарап, екі-үш адамның жан сезімімен ой-өрісі бір жерден шыға қоюы деген сирек кездесетін жағдай фой. Оның үстіне азын-аулақ қана молдадан ескіше оқып, өзінің құймақұлақ зеректігінің арқасында хат танығаны болмаса, ешқандай музыкалық та, басқадай да оқуы жоқ кісі. Алайда, жұзден астам әндерін нотаға түсірмей-ақ есінде сактағандығы, оған қоса қаншама халық әндерін, халық сазгерлерінің туындыларын біріне-бірін шатастырмай орындаітындығына таңқалмасқа болмайды. Әкем: «Кейбіреулер алдымен өлеңін шығарамын, онан соң әні шығады немесе керісінше, алдымен әні, онан соң өлеңі туындаиды дейтін көрінеді. Оны қайдам, өзім әнсіз өлең, өлеңсіз ән шығара алмаймын, екеуі де бір кезде, бір уақытта өзіме қатты әсер еткен бір оқиғаға байланысты шығады. Тіпті, поэмаларым мен дастандарымның бәрін де ыңылдан әнге қосып отырып жазамын», — деп отыратын. Шындығында да ол кісінің өлеңсіз ән, әнсіз өлең айтқан кезін біз де естіген де, көрген де емеспіз. Тырнақалды әні «Ри, қойым», «Бозторғай», «Көкшолақтан» бастап ең соңғы «Қалады- ауына» дейін әні мен өлеңі қатар туындаған. Атам ән мен өлең шығарғанда тыныштықты қалайтын, табиғатты тамашалап атпен жүргенді үнататын.



— Маған самолеттің даусынан шыбынның ызыңына шейінгі дыбыстардың бәрі де ән тудырады,— деп отыруши еді. Әкем ойына оралған өуенде дереу домбыраға түсіретін. Сондықтан да ол кішкентай ақ домбырасын қайда барса да тастамайтын, даусы күмбірлеген домбырасымен бірге шығатын. Бұл жайында:

*Домбыра қайда барсам тастамаймын,
Ән менен өлең сенсіз бастамаймын.
Екі ішек, он бір перне, бір тиекпен,
Сайрасам қызыл тілім аспандаймын,*

— деген ғой ақын өзінің «Домбыра» атты өлеңінде. Әкем әр әннің өзіндік шығу тарихынан хабардар етіп алғып, соナン соң шырқап ала жөнелетін. Ол бір ғана «Көкшолағының» тарихын өңгімелей отырып айтқанда қонақтарымызға екі шәй, бір еттің уақыты да жетпей, тыңдаудан жалықпай отыра беретіндіктерінің талай-талай күөгері болып едім. Сонда: «Сендер мына менің «Көкшолақ» деген әнімнің бас-аяғы сол өздерің күнде естіп жүрген екі-ақ ауыз өлеңмен бітеді деп жүрсіндер ме? Ж-о-о-қ, ол жатқан тарих. Әншейін кез-келген уақытта орындауға ылайықтап ән ғана қылып қойғаным ғой. Болмаса, бұл әннің болмысы басқашалау, қаласандар айтып берейін»,— деп біраз ойланып қалатын да, бір тұңжырап, бір күліп алғып бастап кетуші еді.

— Әкем Әзіrbай өзінің бірнеше жылғы тапқан-таянғанын жинап жүріп, бары да, нары да мына мені қуантпақшы болып, Токпақ қаласының (Қырғызстан) базарынан бір күні ат сатып әкеледі. Атты қөргенде мен:

— «Ата-ау, мынаның құйрығы да, жалы да жоқ нағыз көкшолақтың өзі ғой», — деп күлдім. Сол күннен бастап бұл аттың аты Көкшолақ атанип кетті. Келесі күні-ақ мен оны қойға мініп шыға келдім. Көкшолағыма мінгендеп-ақ көнілім кәдімгідей көтеріліп, шабыттанып өз атыма өзім өлең шығарып:



*Сатып алдық базардан Көкшолақты,
Құйрығы жоқ, жалы жоқ шоп-шолақты.
Өзі сәүрік, көктемде байтал қуып,
Бір жасынан азынап құдай атты.
Әкем бойдақ, мен бойдақ, ат та бойдақ,
Қайда барып бағамыз үш бойдақты,*

— деп өзім де құліп, өзгені де құлдіріп жүрдім. Бірде:

*Айғырлармен таласып жауыр болды,
Бағу мұны әкеме ауыр болды.
Күндіз қойга мен мініп мал бағамын,
Аяқ ілу табылып тәуір болды,*

— деп шүкіршілік етемін. Сөйтіп жүргенде, қатар жатқан көрші елдің Бибол деген байы бес болыс ел шақырып үлкен той жасады. Қой сонында жүрген мен сән-салтанатымен жорға мініп, торқа киіп, тойға бара жатқан бір топ жігіттер мен қыз-келіншектерді көріп делебем қозып, қызғанып та, қызығып та аласұрдым. Шіркін-ай, менде осы тойға барсам, қыз-келіншектермен айтыссам, менің олардан қай жерім кем деп қиялданып, қойымды кімге тастап кетерімді білмей басым қатты. Ақыры ойланып-ойланып өзім сиякты жетім, қойшы досым Аянбайға келіп:

*Ay, Аянбай, Аянбай!
Басыңды көтер құрдасжсан.
Таяқты жонып ойланбай,
Бір жыл туган тол едің,
Қасыңа келдім аялдай.
Ішімдегі шерімді,
Айтайын деп баяндаї.
Бар азығым берейін,
Бір күн қойым жайғанға-ай,
Босатып қойдан жіберши,*



*Той тарауга таянбай,
Осы тойдан құр қалсам,
Енді маган той қайды-ай?
Айналайын Аянбай,*

— деп, әй жалындым-ау дейсің. Ол да бір тырысып қалған сорлы еді, әбден мені мазақтап:

*Әй құрдаас, тойга барап сәнің бар ма?
Кыздармен айтысатын әнің бар ма?
Желігін Қекшолақпен көтеріліп,
Мұнан басқа қолыңда малың бар ма?
Баратын тойга күіп киім бар ма?
Үстіңде байгүс жетім үйің бар ма?
Кызбенен ерегесер күйің бар ма?
Кеуденәді өрге айдайсың сорлы кедей,
Бойыңда адам елер сыйың бар ма?
Той дегенде сорлым-ау жының бар ма?
Мазамды ала бердің, бара қойышы,
Түсінер көңіліңді құрбың барда,*

— деп келісімін бергені сол еken, қойныма тығып жүрген күлшемді, карынға құйып алған сузынымды Аянбайға беріп, еркіндік алған басым Қекшолағыммен тепең қағып әрең дегенде әлгі топты қуып жеттім-ау. Карап тұрмай, келген бетте қыз-келіншектерге тиісе келдім. Тосын шыққан аңы дауысқа тойшылар жалт қаасты.

— Ей, мынауың кім еді өзі? Даусының аңысын-ай,— деді біреуі.

— Қатардағы Бесжалаңаяқ деген елден бір әнші бала шықты, кедейлігі болмаса өнерлі-ак деп жүруші еді ел. Бұл неде болса сол бала болғаны. Жауап қайтарындар,— деді бірі. Сонда қыздардың ішінен Шәлипа деген байдың қызы жауап қайтарып, екеуміз айтыса кеттік. Шәлипа менің басымдағы шоқпұт-шоқпұт бөркімнен бастап жыртық тоныма шейін



өлеңіне қосып, бетін шымшып, ернін шығарып итімді шығарды. Қап, мынаның корлығын-ай деп оған өлердей ыза болып келе жатқанымда, әсіресе, Шәлипа мінген жорғаға жете алмай қала берген Көкшолағым одан әрі ызамды келтірді. Сонда да:

*Жылдам жүрші, Көкшолақ,
Шапшаң жүрші Көкшолақ,
Олай жүрші Көкшолақ,
Былай жүрші Көкшолақ..,*

— деп, астымдағы атымды басқа-көзге қарамай сабалап, Шәлипаның жорғасынан бір қалыспай қойдым. Әннің бұл құлқілі уытты қайырмасы келе жатқан жұртты таң-тамаша қалдырыды. Елді үйріп әкетті. Сондағы айтысым мынау.

*Мен:
Мінгенім астымдагы қызыл шолақ,
Қыз байқұс әкесіне аз күн қонақ.
Әй, қыздар, кедейсінбей өлеңінді айт,
Тұсыңа келіп қалдым құдашалап.*

*Қайырмасы:
Жылдам жүрші, Көкшолақ,
Шапшаң жүрші, Көкшолақ,
Арам қатқыр, Көкшолақ,
Жамаңдатқыр, Көкшолақ.
Қыздар мінген байталды,
Жанай жүрші, Көкшолақ,
Мені құртқан, Көкшолақ...— деймін.*

*Шәлипа:
Бағып жүрген ешкіңнің бәрі жағал,
Әріптесім сен болсаң әдіре қал.
Әдіре қал дегенде арсаңдамай,
Жел жағымды мұңсітпей әрі жоғал.*



Мен:

*Қызы едің сен бір байдың өттей жүрген,
Жиырма беске келгенше кеттей жүрген.
Алдыңғы Байпақпенен тамыр болып,
Мәнсүрбек соры қайнап жеттей жүрген,*

— деп өнімнің қайырмасына келгенде, ел қыран-топан құлетін.

Шәлипа:

*Рас, бізге бозбала болады ашық,
Ғашық жәйін біле ме қойышы пасық.
Аспандагы жүлдізга қолың созбай,
Жел жағымнан аулақ жүр теке сасып.*

Мен:

*Сен сияқты ол да адам қойышы деген,
Жорға мініп келесің тойышы деген.
Көрмегендей мақтанба Шәрәпия,
Қыздың жсолы болады қойшыменен,— деп қалыстаймын.*

Шәлипа:

*Сенің атың, ей, Кенен, Жалаңаяқ,
Кұртқан екен құдайым аямай-ақ.
Әкең байгұс ұстап жүр қазан-аяқ,
Койыңды жөндең бақсаңышы сандалмай-ақ.*

Мен:

*Сенің атың Шәлипа Байбалақты,
Жиырма беске келгенше қайды бақты.
Төсіңдегі томпайған қос анарды,
Мақтанба, талай қойышы аймалапты,*

— дегенімде, ыза болған Шәлипа онбай қателесті. Ол былай деді:

*Өйт-бүйтпесем, ей қойышы, өйт-бүйтпесем,
Қоңыр тонды шешіп an отқа үйтпесем.*



*Жапалақша жарбаңдал қалмай қойдың,
Итаяққа ас құйып «көйт-көйт» десем,*

— деді. Сол сол-ақ екен, мен жұлып алғандай:

*Шәлипа, сен олай деп кесірленбе,
Жүйрік аттай самгаймын көслегендे.
Адамды итке теңеп шақыратын,
Шешең ит қын өзіңді өсірген бе?
Мен өзім Алатаудың ителгісі,
Койшының қызға жақсы икемдісі.
Кедейсің деп кемітпе байдың қызы,
Құрбыңың келіп отыр суйкенгісі,*

— деп алып, тағы да өннің қайырмасына келгенде, қыздың шешесі ме, өлде женгесі ме, білмедім, бір ақ жаулықты әйел келіп: «Болды. Анана тіл тигізген соң ары қарай айтысудың қажеті жок, женілдің», — деп айтысты тоқтатты. Қыз женілгенін мойындал, маған «тоғыз» берді. Неше күннен бергі жаныма маза бермеген көнілім орнына түсті. Айтарымды айтып, бір нәрсені тындырғандай сандалып қойыма қайта келдім. Сөйтіп, «Көкшолақ» өннің жеке-жеке шумақтары әкем атты сатып әкелген күннен бастап айтылып жүргенімен оның тамаша қайырмасы осы айтыс үстінде туды. Кейінде Шәлипа менің ағайында бір бауырыммен тұрмыс құрып, женғем болды. Кездескен жерде маған: «Әй, өнші бала, сен сол кезде-ақ болайын деп түр екенсің фой, мен сорлы оны сезбедім, болмаса саған-ақ тиетін едім деп әзілдейтін еді», — деп аяқтады әңгімесін.

Әкем тындаушысы келіссе неше күн, неше түн әңгіме айтып, өн шырқаса да шаршадым демейтін, қайта шабыттанып, арқаланып, нұрланып кететін. Қай-қайдағы, жай-жайдағы ойына түсіп, әңгімeden әңгіме тудыра беретін. Сондай бір отырыста атам өзінің атақты өні «Бозторғайды» алдымен мәнерін келтіре, беріле:



*Бозторгай шырылдайсың жерге түспей,
Мен журмін кешке дейін тамақ ішпей.
Ат қылып ақ таяқты қолга алып,
Сандалып қой артында азар кешке.*

*Кайырмасы:
Бозторгай!
Шырылдайсың, шіркін-ай,
Кұтылар күн бар ма екен,
Кой жаюдан бір күн-ай,*

— деп шырқады-ай дейсің. Дәл бүгінгідей құлағымда. Отырғандар тым-тырыс, тағы да айта түссе екен деп ынтық. Атам сөл ойланыңқырап қалды да: «Ойпырмай, мен бұл өнді шығарғанда небәрі он үште-ақ екенмін! Қойларымды жайып қойып, шалқамнан түсіп, аспанға қарап ойланып жатып, көзім ілініп кетіпті. «Не жаздым мен құдайға? Мен де анадан туып едім ғой. Жылы төсекке жатпайтындей, тоғып тамақ ішпейтіндей не қылдым мен тәнірге?» деп айқайладап жатып, өз даусымнан өзім шошып ояңдым. Көзімді ашып, басымды көтеріп, жанжағыма қарасам, қойларым сөл ұзаңқырап барады екен. «Әй, қойши соны, қуып жетемін ғой, жата тұрайыншы» деп жаңағы оқиғаны есіме алып, тағы да біраз жаттым. Бұл жолы үйкітағаным жок, жүрегім біртүрлі болып қысылыңқырап, жылағым келіп, айқайлағым келіп бір нәрсе жетіспей тұрғандай күй кештім. Дәл осы кезде түп-тура тас төбемде биіктеке қадалып тұрған бозторғайды көрдім. Шырылдаған сұлу үні естіліп тұрды. Орнынан атып тұрып бозторғайға үн қостым.

Мені халыққа алғаш танытқан «өнші бала» атандырып, өнерге алып келген бұл өннің орны мен үшін ерекше. «Бозторғай» өні бір менің ғана емес, сол кездегі ертеден қара кешке дейін мал соңында жүретін, күндіз-түні бір тыным жоқ барлық кедейлердің азаттықты аңсаған үні, не килемін, не ішемін деп ойламай өзім қатарлы бай балаларының өмірін көріп қапаланған жан сырым ғой бұл өн, — деген-ді өкем.



Әкем өнді дастархан басында еркін өңгімелесіп отырып айтқанды ұнататын. Біздің үйге қонақтар көбіне әкемнің осындай өңгімелерін тындау үшін келетін. Өзін қонаққа көп шақыратын. Қайда жүрсе де әкемнің отырған жері сауыкдуман, береке еді. Тындаушыларын бір күлдіріп, бір жылатып отыратын. Әкем қай үйде отыр десе, ұлkenі де, кішісі де сол үйге жиналатын. Сондағы елдің көбіне-көп сұрайтыны «Базарым-ай, Назарым-ай» өні еді. Әкем бұл әнін бар болмысымен айтқанда бір түнгі отырысын түк емес-тін.

*Зарланасың ақ, ешкі лагыңа,
Емшегіңді емізген шырагыңа.
Кел екеуміз қосылып бір жылалық,
Жетер ме екен құдайдың құлагына.*

*Ешкі қандай, ой дүние-ай лақ, қандай,
Лақ ойнап тезекті құлатқандай.
Бірте-бірте баламды ала бердің,
Жаратқан-ай, не жаздым зарлатқандай?*

*Жолымен Мәтібұлақ ел көшеді,
Жалаң қабат шапаннан жел отеді.
Баласы ер жігіттің өле берсе,
Шырагы жсанып тұрган сонда ошеді.*

*Бала деген шіркін-ай жалдай екен,
Тәттілігі шекер мен балдай екен.
Арып-ашып алыстан келгеніңде,
Мойыныңа асылып алдайды екен.*

*Ат шалдыраФар жолаушы жол астына,
Ел тұрмайды бұзықтың қол астында.
Талып қалып мен жоқта көмді ме деп,
Алты бардым балалар моласына.*



*Кенейін мен ойнайтын сақаң қалды,
Киетүгын ілулі шапан қалды.
Бәсіре мінетүгын атың қалды,
Үй ішінде сұңқылдан апаң қалды.
Қыр басында атаңың отырганы.*

*Көштің көркі болмайды түйесі жоқ,
Таппай айтқан сөз жаман жүйесі жоқ.
Көптің көңілін көп ашиқан бұлбұлы едім,
Домбырамың қала ма иесі жоқ??!*

— дей келе, өр шумактан соң:

*Базарым-ай, Назарым-ай,
От басында құл шашарым, қарагым-ай.
Жалған дүние-ай, салдың қүйге-ай,
Омырауымнан үзіліп түсті-ау екі-ай түйме-ай.*

*Базарым-ай, Назарым-ай,
Ку «шешектен» болды-ау сенің ажсалың-ай.
Базарым-ай, Назарым-ай,
Сен өлгелі қашты-ау менің ажарым-ай,
Ой, дүние-ай!*

— деген қайырмаларымен аныратқанда тындағандар осы оқиға дәл сол кезде, сол минутта болып жатқандай сезініп, өздерінің кайда отырғандарын да, канша отырғандарын да ұмытып кететін шақтары болушы еді. Сондағы атамның: «Екі сағатқа жуық зарладым-ау деймін, әйтеуір, шерім тарқағанша жоқтаппын Базарым мен Назарымды. Бір жақсысы, осыдан соң көп женілдеп ара-тұра ғана есіме алатын болдым. Қайтадан өлеңімді айтып, домбырамды тартып, ел аралап қатарға қосылып кеттім. Біраз уақыт өткен соң сондағы төбе басындағы Базар мен Назарды жоқтаған өлеңімді жазыш қояйыншы десем, көні ойыма түссесі. Мына айтып отырғаным сондағының бір үзіндісі ғана», — деген еді.



Мен не көрмеді дейсің. Жеті жасқа толар-толмас кезімде анам Ұлдар қайтыс болды. Әкем екеуміз қалдық... деп, өз өмірінен айта келіп, «Шешем өлген жылы» деген әнін орындағанда жыламаған адам қалмаушы еді.

*Ұлдар анам, амал не, өлген жылы,
Агайындар арулан көмген жылы
Жеті жаста жалтақтан көзтүрткі бол,
Аналан қалып еді жалғыз ұлы.*

*Ол кезде әкем менің алпыс жаста,
Байгүстың баласы жоқ менен басқа.
Бага алмай, мен жетімді анам өлген,
Жыласа көзі толган қанды жасқа.*

*Сұрасаң сирыйды айт деп халқым менен,
Кәсібім жеті жастан ән мен өлең
Болыпты әкем де ақын, шешем де әнші
Солардың көрмегенін көріп келем.*

*Анам-ай,
Жердің жүзін шарласам,
Сіздей жанды табам ба-ай!
Қызығымды көре алмай,
Ерте кеттің, Анам-ай!*

— деп шырқауышы еді.

Әкем айналасындағылар қатты мұнайтып кеткенін сезген кезде, дереу әнгіменің арнасын басқа жаққа бұрып, күлдіріп алатын. Мұндай кезде көбіне өзінің халық арасына көп тараған «Тоғыз келін» деген өзіл ән-өлеңін айтып, жұрттың қөнілін көтеріп, жадыратып тастайтын. Бұл әнін бастамас бұрын, айналасына қарап жас балаларды — біздерді үйықтандар деп қыуп жіберетін. Бірақ мен үйықтамайтынын, елдің көзіне түспей лып беріп шымылдық құрылған төсектің үстіне шығып



тындал жататынмын. Ертеніне кейбір шумактардың мазмұнына аса түсінбесем де, жатқа айтып жүргенімді әкем естіп, «аузынды ашып отыра бермей, балалардың қайда жүргенін байқап койсан қайтеді» деп апама ұрсатын. Сонда «Тоғыз келіннің» әңгімесін атам былай деп айтушы еді.

— Мен жалпы жас кезімде сұлу қыз-келіншектерді көргенде жанып кететін едім. Оларды өзімнен басқа ешкімге қимайтынмын. Осы күнге дейін өзім жақсы көретін әйелдердін саны, мына Нәсиханы қоспағанда, тоғыздан кеміп көрген жок. Бірақ та, солардың кейбірін Шолпанқұл сияқты кулар бұзып кететін. Тоғызының да өздеріне сай аттары бар, оларды өлеңіме қосып былай деуші едім,— деп алып, қолына домбырасыш ұстап «Тоғыз келінді» шырқайтын:

*Көремін өзім жақсы тогыз келін,
Тогызга толтырам деп көп ізdedім.
Тогызга толтырганда кейбіреуін,
Бұзып кетіп бозбалалар зар иледім.*

*Шарт қойдым талай-талай келіндерге,
Шақырса келін кел деп ерінем бе?
Табаны таймай тұрап болса келін,
Жүргеге келіп-кетіп өзір мен де.*

*Кайнар көз, қара торы, ақшыл келін,
Біледі айтқызбай-ақ жақсы келін.
Кұмардан құрт ішкендей бір шыгар ем,
Арқамды бір күн қасып жатсай келін.*

*Женге мен балдыздардан келін қызық,
Күрен әйел құйып берсе көзін сүзіп.
Жалғанда одан қызық ләzzат бар ма?
Қасында отыра алман денем қызып.*

Кайырмасы:



*Шырқа даусым, шырқа даусым,
Тілден нүр, көмейден жыр жаусын, жаусын.
Шырқа даусым, шырқа даусым,
Әуеден мөшек-мөшек келін жаусын.
Сүйген сәулем, сүйген сәулем,
Көре алмай-ақ жузіңді өтті-ау дәурен.*

Отыргандардың кейбірі қыран-топан құліп жатады, кейбірі шыдай алмай қашып кетеді, әйтеуір, құлкі, құлкі, құлкі. Сонда атам: «Сендер ары қарай тындандар, мұның қызығы енді болады. Сөйтіп шырқап жүргенімде, уақыт шіркін тез өтеді екен, 60-ынды алқымдап қалыптын. Атым шығыш, елге танымал болған шағым. Бір күні бірталай адамдармен әнгімелікен құрып, қонақта отыр едім, бір кемпір кіріп келіп, бас салып амандастып жатыр! Әзілдеп: «Немене, танымай тұрсың ба? Ә-ә, қартайған екенсің шынымен-ақ» деп жанымды шығарып барады. Байқап қарасам, әлгі кемпірім баязы тоғыз келіннің бірі екен. Енді қайттім, қайткенде де сыр бермеу керек кой, сүйеулі тұрған домбырамды қолыма ала салып, әлгі кемпір-келініме былай дедім:

*Кененді шал деп құдер үзбе келін,
Әлі де жастығымды іздемедім.
Шабады көрі тарлан шаршы топта,
Әуре боп құнан, дөнен іздемегін.*

*Май, палау келін берсе қаймақпенен,
Қаңтарда бура ойнайды тайлақпенен.
Жайдары, жәйді білер болса келін,
Жақсы әйел ер адамга қайрақ деген.*

*Келінжсан, кен деген сөз Кенен деген,
Агаشتың ең мықтысы емен деген.
Елуге сыр бермедім сыр сұрасан,
Алпыста да болмайды жузім төмен.*



Осылай шырқап ала жөнелгенде: «Ой, тұқымың өссін Кенен, сен өлі де пәле екенсің ғой» – деп кемпір-келінім тұра қашпасы бар ма», – деп аяқтайтын еді әңгімесін. Жиылғандар көнілдері көтеріліп: «Ай, айналайын Кенен, құдай қосегенді көгертсін! Жетісіп қалдық кой,— десіп тарқайтын еді. Осылайша әкем Ләтипа мен Бопина мен, Бөдене, Шәйнек деген женгелерімен өзіл қағыстырып тағы да басқа шығармаларын жеріне жеткізе айтып, ел алғысы мен құрметіне бөленген құндері көп болды. Мен сондағы адамдардың әңгімені тындаі білетіндеріне таңқаламын. Кейбір отырыстарда тек әкем ғана сөйлейтін, ән айтатын. Сонда жиналғандар бір жалықпайды: «Кенеке, Мәскеудегі адасқанынызды айтыңызшы, анау әкеніздің қызын бергісі келмеген құдасына айтқанын айтыңызшы, Балуан Шолақтың әндерін, әсіресе, «Сүрша қызын» айтыңызшы» деген тілектерді көп естуші едік.

Әкем де:

*Ән шырқап Алатауды арындаадым,
 Ағындаға тастан аққан сарындаадым.
 Халқыма ән-өлеңім ұнаган соң,
 Талмадым, шаршамадым, жаңылмадым,*

– деп өзі айтқандай, ел нені қаласа да соны айтып беретін. Шаршамайтын, жалықпайтын, нағыз халықтың ортасынан шықкан әр қырлы өнер иесі еді.



КЕНЕН КҮЙШІ ДЕ ЕДІ

Әкем мен бір әңгімелесіп отырғанда:

— «Осы мен бірнеше күй шығарған едім. Оларды Ерзакович пен аты Аскан ба еді әйтеуір ұмыттым, бір әйел бала екеуі магнитофонға жазып алып кетіп еді», — деді.

Осыдан кейін көп кешікпей Б.Ерзаковичтің үйіне барып әкемнен естігенімді айттым. Ол кісі мені жылы қарсы ала отырып бірнеше күйлерді, әндерді жазып алғандарын — оның бірі Құрманғазы атындағы өнер институтының қызметкері Аскан Серікбаевының творчестволық лабораториясында сактаулы екенін білдірді.

Аскан апаймен кездестім. Ол кісі магнитофон лентасына жазылып алынған бірнеше күйлер мен әндерді тындағып өзінің Кененнің музикалық шығармаларын жинап, зерттеп жүргендігін әңгімеледі. Осындай қамкорлықтары үшін ол кісілерге алғыс айта отырып, әкемнің табылған алты күйінің (жалпы он бір күйі бар дейді) кейбір ерекшеліктеріне, шығу тарихына тоқталсам деген ойым бар.

Өнердің әр қыры бір өзінен табылатын әкем әнші, сазгерғана емес, сонымен қоса шебер күйші де болатын. Әкесіне еліктеп домбыра тартуды ерте менгерген ол Байсеркенің «Қош тоқтатқанын» Баубектің «Шертпесін» Майлықожаның «Майдасын» және сол кездердегі белгілі әнші, күйшілердің әндері мен күйлерін орындаі жүріп бертін келе өз жанынан бірнеше күйлер шығарған. Оның жоғарыдағы кісілер жазып алған «Құлак күйі», «Қызыл әскерге», «Сарыбарпы», «Алып қара құс», «Жаудан қашқан өгіз», «Ботаң қалды Қарқарау» — деп аталағының күйлерінің қайсыбірін алсаныз да өзіндік шығу тарихы бар, мелодияға бай музикалық жағынан терен күнды туындылар.

Осылардың ішінде домбыра сазына ертерек ден койған шығармасы — «Құлак күйі». Ақын бала кезінде-ақ қолына домбыра алса болды осы бір музика орала береді, оны тартса ойы ширап шабыттана қалады екен. Өзінің айтуынша, белгілі



«Бозторғай», «Көкшолак», «Ри, қойым» сияқты тырнакалды әндерін орындар алдында осы музыканы ұзак уақыт тартып отырады да, бір кездерде шырқап ала жөнелетін көрінеді. Кейіннен осы музыканы сәл өндеп «Құлак қүйі» – деп атаған.

«Алып қара құс», «Сарыбарпы» күйлерін әкем жасында әкесінен естіген ертегілер желісімен шығарған. Бұл ертегілер туралы ақынның «Ер төстік», «Сарыбарпы» – деген дастандары да бар. «Алып қара құс» күйінде адам мен құс арасындағы достық қатынас суреттелінген. Қүй сарынында құс канатының сусылы, құстың жылағанын бейнелеген – жанбырдың жауысы, құннін бұлттануы, қуаныш сезімі құннің жарқырай ашылып кетуі бейнеленеді. Ал «Сарыбарпы» күйінде жұдырықтай құска жасамак болған жыланның жауыздығы одан құтылуға күші жоқ дәрменсіз құстың жанұшыра зарлаған даусы құдіретті музыка күшімен шебер суреттелінген.

Ал «Ботан қалды, Карқарау», «Жаудан қашқан өгіз» деген күйлерде автор елге, жерге деген ыстық махаббатын жырлауға арнаған. Алғашқы күйде заман теңсіздігінің күрбаны болған қыздың елі, жерімен қоштасқан зары, жалғыз қызынан еріксіз айырылған әкесінің өшпес өкініші берілген. «Жаудан қашқан өгіз» күйінде жаугершілік кезінде бөтен елдің малына қосылып кеткен өгіз өз ауылына жерді иіскең жүріп тауып келгенін күй арқылы суреттеп, мал екеш малдың да туған жерге деген ыстық ықыласын бейнелеген.

Бұл аталынған күйлер әкемнің көргені мен білгені өлең ән мен ғана емес, домбыра тілімен де түйіндеғенін білдірсе керек. Әкемнің «Құлак қүйін» өндеп, белгілі күйші Ербол Үсенбаев радиотеледидардан орындалған жүр. Сондай-ақ, Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясында құралған Қазақ ұлттық аспаптар оркестрінің орындауында да кеңінен танымал. Ал әкемнің «Сарыбарпы», «Қызыл өскер» күйлері дирижер, музықант Алдаберген Мырзабековтың өндеуімен Құрманғазы оркестрінің орындауында радионың «Алтын корында» сақтаулы.



ӘКЕМНІҢ ӘНДЕРІН ӘЛПЕШТЕП КЕЛЕМІН

Әкемнің жүзден аса әндерінің көбін, анығын айтсам 60-қа жуығын өз аузынан үйреніп қалған перзентімін. Сондықтан да болар, әкем маған сенім артып: «Сонау жетімдік пен жокшылықтың зардабын тартып жүрген шактан бастап, одан 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, Қазан революциясы, ашаршылық, репрессия, 1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысы, бейбітшілік өмірге, қысқасы, мен үн қоспаған бірде-бір оқиға болмапты десем, еш қателеспеймін, шырағым Төрткен. Өлендерім, дастандарым, поэмаларым біршама жарияланды. Қалғаны, өсіресе, арабша жазғандарым құндердің құнінде халыққа жетер деген сенімдемін. Ал енді әндерімнің «Бозторғай», «Көкшолақ», «Базарым-ай, Назарым-ай» сияқты бірнешеуі ғана болмаса, көбін өлі ел естіген де жоқ. Нота білмеген соң бәрі тек есімде сақтаулы. Кім білсін, олай-бұлай болып кетсем, ең болмаса сен біліп қалсын деп жатқаным фой»,— деп, бір жана ән шығарса алдымен маған үйретуші еді. Мен де әкемнің ән сарыны құлағыма сіңгені соншама, тез қағып алатынын, дереу домбыраға салып өзіне қайта айтып бергенде, жаны жай тауып, ризашылығын білдіруші еді. Мен де әкем сияқты нота білмеймін, музыкалық білім алуға еш мүмкіндігім болмады, тек үйренгендерімді есіме сақтадым, кейбірін магнитофонға жазып қойып жүрдім.

1965 жылы астанамыз Алматыға отбасым көшіп келіп, қатты қуандым. Жиі-жі радио, теледидарға шығып, әкемнің әндерінің халық арасына таралуына өжептәуір атсалыстым. «Келінжан» деген әнін орындаپ, ол ән тындаушылардың ойынан шығып, көпшіліктің сұраулары бойынша бұл әнді теледидар арқылы үйретуге де тұра келді. Өзім де халыққа танымал болып келе жатқанымда 1973 жылы 37 жасқа карақан шағымда «зоб» деген ауруға шалдығып, басқа жерім емес, тұптура тамағымнан пышаққа түстім. Енді біраз уақыт ән айтпақ түгілі қатты сөйлеуге де болмайтын болды. Бұл жағдай әкеме де ауыр тиді. Өзім де іштей: «Япыр-ай, әке аманатын арқалап



осылай жүре берем бе?» дегендей ойда қалдым. Біраз төуір болған соң атамның ақылымен өнердің жанашыры Б.Ерзаковичке барып «Кенен атаның әндерінің өлі көбі белгісіз болып келе жатқандығын, оларды билетін тек мен екендігімді айтып, сол әндерді нотаға түсіруге көмек беруін өтіндім. Ол кісі менің тілегімді ілтипатпен қабыл алды. Аскан Серікбаева деген консерваторияның мұғалімімен таныстырып, сол кісіге мен билетін әндердің барлығын да нотаға түсіруін сұрады. Сонымен қүніне 2-3 әннен мен ынылдан айтып отырамын, Аскан апай нотаға түсіреді. Осы жолы сапасы төмен болса да атамның өзінің орындаудында бірнеше қүйлері жазылған магнитофон лентасы сақталынған еді, Аскан апай бұларды да нотаға түсірді. Осылардың бәрін ертеректе Б.Ерзакович жазып алғып өндеп жариялатқан әндерін қосып 1976 жылы «Жалын» баспасы арқылы «Бозторғай» деген атпен әндер жинағы жарияланды. Бұрындары кітап шығарып көрмеген мен үшін бұл жұмыс маған онайлыққа түсken жок. Талай-талай ағалардың есігін ашып, жағдайды айтып, ананы бір, мынаны бір сұрап жүріп, шығарылған бұл әндер жинағының сапасы төмен, әндер өнделмеген, тек мен қалай айттым, Аскан апай қалай жазды, сол қалпында енгізілді, былайша айтқанда әке әндерінің түпнұсқасы ғана еді, өзі тым аз данамен шықты. Өз басым осыған да қуандым, әйтеуір әкемнің әндерінің түпнұсқасы шықты ғой, ендігісін тағы да көре жатармыз деп біраз тыншыдым. 1984 жылы әкемнің туғанына 100 жыл толған мерейтойына орай халқымыздың талантты сазгер қызы Балнұр Қыдырбекованың құрастыруымен, көптеген республика сазгерлерінің көмегімен әкемнің барлық әндері өнделіп «Шырқа, дауысым» деген атпен жеке әндерінің жинағы шықты. Бұл жағдай менің төбемді көкке жеткізді. Әке аманаты – әкемнің ән мұрасы халыққа жетті. Осыдан бастап халық арасында әкемнің «Көкшолақ», «Бозторғай», «Базар-Назар» әндері ғана емес, «Келінжан», «Күләшқа», «Жайнайды, тыңым, жайнайды», «Ел қуанышы», «Бастау» және тағы да басқа әндері айтылатын болды.



Алайда, өлі күнге шейін кейбір ансамбль мүшелерінің не-
месе белгілі әншілеріміздің де орындауында бұл кісінің әндері,
әсіресе, ән-өлендері туындыгердің өз жазғанынан әлдекайда
ауытқып өзгеше бір мағынаға ойысып жүргені қынжылтады.
Мерзімді баспасөз беттерінде халық әндері мен халық сазгер-
лері шығармаларының өрекел бүрмаланатындықтары,
шатастырылып жататындықтары, біреудің бас киімін біреуге
кігізу сияқтылардың кездесіп тұратындықтары туралы
жазылып та, айтылып та жүр. Соның өзінде де осы бір аурудан
біздер онайлықпен арылар емеспіз. Тіпті, иелері белгісіз халық
әндері мен өлендерін былай қойғанда, кеше ғана арамызда
жүрген, 90-ның ушеуіне келіп дүние салған, көзі тірісінде үнін
куйтабаққа жаздырған, өлендері мен әндерінің біршамасын
жариялаткан Кененнің еңбектеріне жасалынып жүрген қия-
ннтар қаншама? Белгілі халық ақындарының шығармаларына
осылай қарай берсек, белгісіз болып келе жатқанымызда
мұлдем жоғалтып алуымыз мүмкін ғой. Мысалы, әкемнің
«Ойжайлау» деген өні халық арасына кеңінен тараپ кеткендігі
соншама, бұл әнді білмейтін адам жок. Бірақ осы өннің өлеңі
мұлдем басқаша айтылады. Алғаш бұл әнді халық өні десті,
тиісті жерлерге айтып жүріп, әйтеуір, Кенендікі екендігі
анықталды. Ал, өлеңі қобіне былай деп айтылады:

*Мен өзім әрі ақын, әрі батыр,
Кайда отыр ақын қыздар бермен шақыр,
Ыскырып айдаңарадай ақын келсе,
Мұдірмей қызыл тілім сайра да отыр.*

*Бір менен екі де бар үшкे дейін,
Көтерші ақ тاماқты иіскелейін.
Мен сені өмірлікке жар етейін,
Үйқыны қояр болсаң түске дейін.*

*Алатая біздің ауыл ашасында,
Белгісі жүйрік аттың шашасында.*



*Менімен хат алысып, хат берісін,
Бір күні уәделесіп қашасың ба?*

Қайырмасы:

*Ақ бүрлен, қызыл бүрлен, бүрлен, бүрлен,
Бүрленді арапайды жолын білген.
Камишыны екі бұктем қолга ұстап,
Қызығы бұл дүниенің ойнап-күлгөн,
Ойжайлау-ай.*

Міне, осының ішінде «Ақ бүрлен, қызыл бүрлен...» деген қайырмасы мен әннің «Ойжайлау» деген атынан басқасы түптүгел Кенендікі емес. Ол кісі бұл ән-әлеңінде ешқандай да қызды өзіне жар етуге үгіттемеген. Дұрысы, әкемнің туып-өсken жері Қордай аймағында «Ойжайлау» деген белгілі жайлау бар. Сол жерді әкем ерекше жақсы көрген. Ол жерге әкем жиі-жіе барып тұрған. Ол кісінің келгенін білсе болды сағынып күтіп жүрген ел-жүрт, үлкен демей, кіші демей жиылып, ән салдырып, әңгіме-дүкен құрысып, бір жасап қалады еken. «Керегенің көзінен қол жалғасқан», естен кетпес жастық шағының нелер бір кезендері де осы жермен байланысты өткен. Мен әкемнің: осы «Ойжайлау», «Қызыл қайнар», «Жайсан» сияқты таулы, табиғаты ерекше жерге барғанда көнілім көтеріліп кетеді, шаршамаймын, күр атқа мінгендей демалып қайтамын», – деп отырғанын талай естігемнін. Осы жерлерді кейінде біздерге де көрсеткен-ді. Міне, бұл өлең-ән ақынның елге, жерге, жастық шаққа деген махаббатынан туындаған шығарма. Енді соны тындаійық:

*1. Ойжайлау, шобің шүйгін, сұың дәрі,
Болады халқыменен ақын сәні.
Берейін ортаңызда әнгс шырқап,
Жиылып отырғанды жас пен кәрі.*

*2. Ойжайлау, қойның қыстау, басың жайлай
Жарасар ақ үй тігіп, бие байлау.*



*Жиылып мұнша елім отырганда,
Ақынга жасаспай ма бұлбұл сарай.*

*Қайырмасы:
Ақ шәйнек, сары самаурын тұрса қайнап,
Отырса қыз-бозбала күлт-ойнап.
Кінген қызгалдақтай қыз-келіндер,
Сапырса сары қымызың құлан ойнақ.
Қанша жыл қара ағаштай қақиганша,
Жас шақты өткізелік гүлдей жайнап.*

*3. Ойжайлау, ата қоныс көп Дулатқа,
Ат пен тон жасасады азаматқа.
Айтисыш қыз-бозбала қырындасып,
Серуендең жүрген жерім жастық шақта.*

*Қайырмасы:
Ақ бүрлен, қызыл бүрлен, бүрлен, бүрлен
Бүрленді аралайды жолын білген.
Камишины екі бүктеп қолга ұстап,
Қызығы бұл дүниенің ойнап-кулген.*

Шіркін, осы әнді орындалған жүрген тамаша әншілеріміз атамның «Ойжайлауын» ақынның өз өлеңімен орындаста, әннің күні артпаса кемімес еді ғой. Бізде бір жаман әдет бар. Әр туындының өзінің табиғатына, оны әнімен өлеңінің астасып жатуына көнілді аздау бөлеміз немесе әннің өлеңіне құлақ аспаймыз. Әйтеуір, ойнақыландырып қалай да жүртты өзімізге қаратуымыз керек. Осы орайда атамның:

*Кейбіреу әңгімені көп айтады,
Және де құрт-малтасын езе айтады.
Аузыма ел қарасын деп айтады,
Біреуді біреуменен шатастырып,*



Япырмау, білмеген соң неге айтады? – деген өлеңі ойыма еріксіз орала береді. Жасыратыны жоқ, ән-өлеңдерінің бұрманып айтылуына редактор бауырларымыздың да қосар үлесі аз емес. Бір кездерде әкемнің «Қайран жастық» деген өлеңіндегі:

Бұлбұл ұштың көзімнен қайран жастық,

Асық ойнап, алысып тайраңдастық, – дегеніндегі ақынның «қайран, жастығым көзімнен бұлбұлдай болып тез өте шыққаны-ай» деген ойын, «Бір-бір ұштың көзімнен қайран жастық» деп өзгертуен. Сондай-ақ, осы өлеңнің:

Жақсы көріп алғанды бергін келмес,

Беталбатты ерігіп жүргін келмес... – дегеніндегі «Беталбатты» сөзінің мағынасына түсінбеді ме еken, кім білсін, бұл жолды түгел өзгертіп «Беті жылтыр адамға сенгің келмес» деп өзгертуен. Оны марқұм әнші Манап Балқашевтің орындауда радиодан атамның өзі естіп, қатты қапаланған-ды. Осы әннің:

Балаң тілді алмаса беттен алып,

Келін тілді алмаса кердең қағыш,

Кемпірің де соларға қосылып an,

Женілерсің амалсыз жалғыз қалып, – дегенін:

Балам тілді алмайды беттен алып,

Келінім тілді алмайды кердең қағып, – деп орындағанда, ақынның төл балалары мен келіндері – біздер жерге кіріп кете жаздадық. Ақын бұл арада тек өз басындағы жағдайды айтып отырған жоқ кой. Жалпы, мысал ретінде «балан тілді алмаса, келінің сөзді жүре тындаса, карттардың халі қалай болмақ?» деген мағынада жырлағандығы екінің бірі, егіздің сынарына түсінікті емес пе? Болмаса, құдайға шүкір, үл да, қыз да, бәріміз де әкеміздің бетіне тік келіп көргеніміз жоқ.

Терме жанрын жандандырып теледидар, радио арқылы жер-жердердегі термеші, жыршыларды шақырып насиҳаттау басталған 1980 жылдардың басында атыраулық бір жас



келіншек (аты-жөні есімде қалмапты) атамның «Кейбіреу» деген термесін келістіре орындал болып, «бұл тыңдап отырғандарыныз Майлықожаның термесі» дегенде, риза көнілмен тыңдап отырған мен орныман үшіп кете жаздадым. Келесі күні атамның таңдамалыларындағы өлеңді көрсетіп, теледидардың «Терме» бөліміне бардым. Сол сол-ақ екен, Кененнің термесінсіз де терме деген жетеді дегендей, мұлдем орындалмай қойды.

Әкемнің әйгілі «Базарым-ай, Назарым-ай» деген әнінің де кейбір жерлері дұрыс айттылмайды.

*Зарланасың ақ ешкі лагыңа,
Ешиегіңен емізген шырағыңа.
Кел екеуміз қосылып бір жылайық,
Жетер ме екен құдайдың құлагына,*

— деп басталатын ең алғашқы шумақтан бастап-ақ, орындаушылар «зарланасың» дегенді «маңырайсың», «шырағыңа» дегенді «шұнағыңа» дейді. Әрине, ешкінің маңырайтыны да, оның лағын кейде «шұнағым» дейтініміз де рас. Алайда, атам бұл арада екі баласынан айырылған адам мен малдың көнілкүйін салыстырып отыр емес пе? Мұндай жағдайда ешкінің емес, кісінің атынан айтып отырған акынның өзінікі дұрыс кой. Осы әннің:

*Көштің көркі болмайды түйесі жоқ,
Таптай айтқан сөз жасаман жүйесі жоқ.
Көптің көңілін көп ашқан бұлбұл едім,
Домбырамның қала ма иесі жоқ?» — дегенін:*

Базарым мен Назарым өлгеннен соң, Домбырамның қалыпты иесі жоқ,— деп бұзып айтады. Базарман Назар өлгенде әкем небәрі 40 жастың ар жақ, бер жағында екен. Сол кезде-ақ ол өмірден баз кешіп, енді бәрі бітті, домбырам иесіз қалды деп толық тұжырымға келе қоймаған



болар. Керісінше, қайта-қайта балалары өле беріп, тұрактамай жүрген сон, шынымен-ақ домбырамды қолына алар иесі жок болып қалар ма еken деген дүдемал, екішты ойда түр емес пе? Дәл солай-ақ, ақынның өзі айтқандай-ақ айтуға болмай ма? Бертін келе қыздарын былай қойғанда, екі ұлы – Көркемжан мен Бақытжан өкеміздің домбырасын да тартып, әндерін де айтатын болғанда, екішты ойдан өкеміз толық арылып, өзінің «Домбыра» деген өлеңінде:

*Ән айтсам үнің бірге үнімменен,
Сойлесем тілің бірге тілімменен.
Олгенде бірге қой деп айттар едім,
Ұлым бар тартатүгын қызымменен,*

— дегені біз үшін өкеміз өзінің бір кездегі айтқандарын хак-тағала құдайдан қайтып алғанында сезіледі. Сондай-ақ:

Шығарып сап өзінді қайтпас жолға,

Қалыпты ғой мәңгіге өнінді алып, Кенекем!— деп ақын Жақсылық Сәтібеков пен сазгер Алтынбек Қоразбаев айтқандай («Сағындым Кенен атамды» өні) ел арасында жүрген өнерлі ізбасарлары қаншама? Қазіргі ел арасында жиі айтылатын:

*Еркем, еркем, еркем-ай,
Еркелеткен еркем-ай,
Еркелеткен еркемді,
Еркелетсем екен-ай,*

— деген өннің иесі де Кенен. Тек өлеңі өзгертіліп, халық өні болып кеткен. Өнінің негізі дұрыс сақталынған. Бұл ән атамның туып-өскен жеріндегі «Қызыл қайнар» жайлауына арналып шығарған туындысы. Ән сөзі тәмендегідей:

*Ұзын су мен Ырсу, Қызыл қайнар,
Қыз-бозбала жиылып күліп-ойнар.*



*Алма, өрігі албырап, ғұлі жайнап,
Саясында сандугаш бұлбұл сайрап.*

Қайырмасы:

*Қызыл қайнар, шөл, қайың,
Су агады сай-сайын.
Сен сағынсаң ай сайын,
Мен сағынам күн сайын.*

*Сұлу қыздай керілген Сұлутөрім,
Ән шырқатып, айтысып жүрген жерім.
Керегенің көзінен қол жалгасып,
Шәй орамал ұсынған кербездерім.*

Тағы бір айта кететін жай — әкемнің «Бұлбұлға» деген әні. Бұл ән:

Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл,

Қаңғыртқан екеумізді патша құргып,— деп басталады. Кейде «Қаңғыртқан екеумізді тұрмыс құрғып» делініп те айтылады. Мұның екеуі де дұрыс. Олай дейтініміз, атам жаны қысылған екі оқиғада да қырғыз жеріне барып панаған. Оның бірі – 1916 жылғы оқиға. Осы көтерілісте ол талай айқас, шайқастарға қатынасқан. Алайда, бұл көтерілістің женіліс тапқандығы тарихтан белгілі. Қолға тұспеуге тырысқан Кенен де бір топ жолдастарымен қырғыздағы достарының арасына барып тасалынып аман қалған. Сонда әкем бірнеше жылдай жасырынып жүріп, 1918 жылғы Қазан революциясының женісімен бірге елге оралған. Бұл ән сазгердің қашып жүрген кезінде елін сағынып, жерін аңсап, сондағы мұның бұлбұлға шағып айтқаны. Екіншісі – 1932 жылғы әйгілі ашаршылық нәубеті. Бұл жолы да әкем өзінің сүйікті қырғыз бауырларының арасына келіп панағап, жан сақтаған. Туған ел, өскен жерін сағынып жүрген қамқөніл ақын ойына осыдан 15-16 жыл бұрын шығарған «Бұлбұлға» әні орала берген-ді. Ән сазын біраз өзгертип, өлең шумақтарын біршама қосып шырқаған бұл ән



халық арасына кеңінен таралған. Осы екі тарихи оқиғаға да тұра келетін «Бұлбұлға» әнінің толық түрі төмендегідей:

*Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл,
Каңғыртқан екеумізді патша құргыр (немесе тұрмыс құрғыр)
Айрылып ел мен жерден жүрген шақта,
Жұбатып ертеді-кеш сайра да тұр.*

Кайырмасы:

*Алатая аңсадым-ау самал лебін,
Кордайдың көкседім-ау қоңыр желін.*

*Ер жігіт ең алдымен ел сағынар,
Онаң соң туып-өскен жер сағынар.
Туган ел, өскен жерім орның болек,
Болмаса қырғыздан да (немесе әр жерден-ақ) сыйласар ер табылар.*

Кайырмасы:

*Алатая аңсадым-ау самал лебін,
Туган жер көкседім-ау қоңыр желін.*

*Копаның топырагы көлпілдеген,
Шилері құрагымен желкілдеген.
Күшокы, Құлжабасы Мәтібұлақ
Көз жасым сені ойласам мөлтілдеген.*

Кайырмасы:

*Кіндіктас, сұлу Қордай, Нулы Қордай,
Атагың талай жерден ірі Қордай.
Босқан ел қайтып келіп туган жерге,
Аман-сая қауышатын заман барма-ай.*

Кайырмасы:

*Ер жігіт тіршілікте нені көрмес,
Ер болса қасіретке бойын бермес.*



«Ел кегі жауга кептес деген бар гой,
Дегенге кек қайттайды, көңіл сенбес.

Осылардың бәрін айтып атамның әндерін орындаушыларды сынап-мінеп, айтатын болсаң дәл Кененнің өзіндегі орында деп талап қоюдан аулакпын. Олай деп талап етудің өзі үлкен қателік. Ол қайталау болар еді. Тек, айтайын дегенім, қадірменді әншілеріміз халық алдына шығып, белгілі бір өзінің діттеген әнін орындар алдында даярлық сатысынан өтетіні сөзсіз ғой. Сонда орындауын деп жүрген әнінің авторы кім екендігін анықтап алып, оның жарияланған еңбектері болса іздестіріп тауып алып, әннің өлеңдеріне көңіл бөліп, құйтабағы болса оны да тыңдап, нотасы болса оған да көз жүгіртіп, ән-өлеңнің шығу тарихынан да хабадар болып біраз еңбектенулері керек емес пе? Сонда әншінің орындауынан шынайылықты, өз ісіне деген жауапкершілікті, еңбеккорлықты сезінер едік. Өлеңін біреуден жазып алып, әнін шала-пұла салып алып, домбыраны онды-солды безілдетіп, дауысқа басып ағызып өткенге мәз бола беруге бола ма? Талғамы мол өнерсүйер қауым бәрін де сезеді, бәрін де ой елегінен өткізіп, тани біледі. «Әу» дегеннің бәрі бірдей халықтың сүйікті әншісі бола бермейтіндігі де сондықтан. Әрине, даусың да, орындау шеберлігін де дәл сол туындыгердің өзіндегі болуы мүмкін де емес. Алайда, әннің түпнұсқасын сактауға, сөзін дәл жеткізуғе тырысу үлкен парасаттылық, ата-баба, үрім-бұтак алдындағы парыз екендігін үмітпағанымыз дұрыс.

Осындағы бір ара-тұра кездесіп қалатын әттеген-айларға қарамастан Кенен туындылары халық арасына кеңінен тара-лып кеткен. Оның әндерін ел сүйіп тыңдайды, тыңдаушыларға қатты әсер етеді. Атамның әндерін көсіпқой әншілерімізден бастап сан мындаған көркемөнерпаздар мүшелеріне дейін сүйіп орындаиды. Ол кісінің халыққа мәлім «Бозторғай», «Көкшолак», «Ел қуанышы», «Жайнады, тыңым, жайнады», «Қалай танисың», «Құләшқа» және тағы да басқа туындыла-рын орындауда тамаша шеберліктерімен ел құрметіне ие болып



жүрген әншілер қатарында Қайрат Байбосынов, Ержан Қосбармақов, марқұм Жәнібек Кәрменов, Нұрғали Нұсіпжанов, Алтынбек Қоразбаев, Аяз Бетпаев, Қарлығаш Қожағазина, жас әнші Шолпан Даржановаларды ерекше атап өткен жөн. Сондай-ақ, «Ойжайлау», «Базар-Назар», «Сайра тілім» деген әндерін алғаш орындаған, олардың халық арасына тез тарауына бірден-бір себепкер болған талантты әншілеріміз ерлі-зайыпты Нұрипа мен Әскербек Еңкебаевтарды ілтипатпен атаймын.

Ежелден сөз қадірін, ән құдіретін тани білген, жоғары бағалаған дана халқымыз «ән – өмір айнасы, ән – көнермейтін мұра» деп дәл тауып айтқан. Әкемнің артында қалдырып кеткен мол ән-мұрасы уақыт өткен сайын қайта жаңғырып, жаңарып, жарқырай түсетініне күмән жоқ. Өйткені, ол халық арасында да көп айтылып, ел көнілінен мәнгілік орын алған. Сондықтан да олар өуелеп, шырқала бермек.



«АЛАТАУ АЛАБЫНДА» ДЕГЕН ӘНІ
ТУРАЛЫ ҮЗІК СЫР

Әкем Кенен 1953-1958 жылдар аралығында ауыр науқастанып, үйден шықпай жатып қалды. Ешкімді көргісі келмейді. Келгендермен жөнді сойлеспейді. Тек әйелі Нәсиха анымызбен фана тілдеседі. Ара-тұра мені шақыратын. Басын, денесін уқалаймын, газет-журналдардан әңгімелер оқып беремін. Дүниеде не болып жатқанын сұрағанда, мен Сталиннің қайтыс болғанын, Гагариннің ғарышқа үшқанын, тағы да басқаларды білгенімше айтып беремін. Әйтеуір, қайткенде де қасында ұзағырақ болуға тырысатын едім. Осылай құндер, айлар, жылдар өтіп жатты.

1957 жылдық бір күнінде (наурыз айы еді) әкем мені шақырып алды: «Мына бір өлеңімді жазып алшы», – деді.

*Алатай алабында туып өстім,
Қайнардың тастан аққан сүйн іштім.
Байқамай балалықпен тәтті өмірді,
Балапан, көбелекті қуып өстім.*

*Қайырмасы:
Халқыңа қадірлі бол қартайғанда,
Кім әкеліп береді жсантайғанда.
Жалайыр Сүндетбайдың жиынында,
Киратқам алты ақ, үйді ән салғанда.
Үзік пен туырлықтан сау тамтық жоқ,
Аралап Алатауды ән салғанда.*

*Жасымнан ақыны едім Жетісудың,
Жаисмнан тыным таптай өнер құдым.
Елімнің ардақтаған ортасында,
Халқымның ата-дәстүр салтын құдым.*

Қайырмасы:

Қолына домбырасын өкеліп беріп едім, шертіп отырып сыйырлап айтып әнін де үйретті.

Әке, Жалайыр Сұндетбай деген кім? Неге, қалай алты үйді киratтыңыз? Қызық екен, айтыңызы, – деп сөзге тарттым.

Сонда әкем: «Сұндетбай деген кісі Жалайырдан шыққан Смайыл дегеннің баласы. Сұндетбай жасынан зерек, алғыры, өткір, орыс тілін жетік білген кісі екен. Патша өкіметі жер-жерлерде билік жүргізіп, өзіне көмек беретін адамдарды болыстыққа сайлау керектігін ұсынғанда, көп дауыспен Іле-Балқаш елінің тұнғыш болысы болып осы Сұндетбай сайланады. Өте әділетті, қайырым, мынау бай, мынау кедей деп бөлмеген адамгершілігі зор Сұндетбай болыс ел сүйіспеншілігіне ие болып екі жақтың да (патша өкіметі мен өз елі) тілін тауып ұзак жылдар еңбек еткен екен. Оның өз еліне, жеріне деген қайырымды істері ел ішінде сақталғаны сонша, Кеңес өкіметі орнаған соң да 1923 жылы елі-жұртты оны ұмытпай еске алып, ат шаптырып ас берген. Сол асқа үш жүздің ығайлары мен сығайлары түгел қатынасқан. Ол кезде мен де Кордай елінің ревкомымын. Асқа ірі қоғам қайраткері Ораз Жандосовтың шақыруымен:

*Баласы Әзіrbайдың атым Кенен,
Өзіме бірдей біткен ән мен өлең.
Жасымнан Кенен болып атым шықты,
Болған жсоқ қатарымнан жузім төмен.
Асы бар Сұндетбайдың дегеннен соң,
Әдейі Алматыдан ізден кеп ем,*

— деп мен де жеттім. Ақшанқан алты сегіз, он екі қанат қазақ үйлер, ат жарыс, күрес, айтыс сынды түрлі ойындардың бәрі-бәрі бүтінгідей есімде.

Сол жолы естен кетпестей бір оқиға болды. Ораз Жандосовтың тапсырмасымен ақын, әншілер үй-үйге бөлініп өнерімізді көрсетіп, елге қызмет етудеміз. Ол кезде «дегенбай» кезім, жаспын, көріктімін, еңселімін, үнім зор. Бір үйге



кіргізді. Кененді көреміз, әнін естіміз деген ел үйге сыймай шу шығарды. Келесі бір ұлken үйге кіргізді. Ел үйдің үзігін киып, туырлығын тіліп онда да шу шықты. Сөйтеп-сөйтеп алты үйге кіргізді. Сол кезде бір жас әйел кіріп келіп, есімі Шынар екен, Ораз Жандосовқа: «Әйел теңдік алғаны рас болса, Кененді анау Құмтөбенің басына шығарыныз. Мына еркектер Кененді қоршап алып жол бермейді. Бізде Кененнің өзін көріп, әнін естігіміз келеді», – деді. Қыскасы, не керек, Ораз мені әлгі Шынар айтқан төбенің басына шығарып ән салғызыды. «Бозторғай», «Көкшолақ», «Тік шырқау», «Ойжайлау», «А, қыздар», тағы да басқа әндерімді бірінен соң бірін шырқап, елжүрттан, қыз-келіншектерден естіген алғысымда шек болмады. Шіркін, сондағы даусым-ай. Ешқандай дауыс ұлғайтқышсыз-ақ (микрофон) жеткізетін жеріме еркін жеткізуші едім», – деп жастық шағын сағынышпен есіне алған науқас қарт терең құрсініп алып, жатып қалған еді.

Бүгінде Кененнің «Алатау алабында» деген әнін белгілі әншілерімізben (Ержан Қосбармақов, Шолпан Даржанова, т.б.) катар, студент жас әнерпаздарымыз да түрлі ән байқауларында, концерттерде осы әнді орындал жатады. Сол әншілер «Сұндетбай деген кім екен? Кенен атамыз алты ак үйді қашан, неге киратты екен?» деп ойланған ма екен, біле ме екен деген ойлардың мазалайтыны рас.

Кенен әндерінің жанашыры, насиҳаттаушы перзенті ретінде, ақынның «Алатау алабында» атты әнін орындаушы әнерпаздарымыз осыны біле жүрсе екен деген оймен айтылған жүрекжарды сөзім еді.



ӘКЕМНІҢ ДЕМІ – ҚУАТЫМ МЕНИҢ

1974 жылдың маусым айында әкемнің туғанына 90 жыл толған мерейтойы берісі республика, арысы одақ қөлеміндеген кеңінен аталып өтілетін болды. Той мерзімі жақындаған сайын облыс, аудан басшылары, той өткізу үшін құрылған комиссия мүшелері біздің ауылға жиі-жиі келіп, ақынның үйіне жөндеу жұмыстарын жүргіздіртіп, денсаулығының дұрысталуына қатты көніл бөле бастады. Атам ол кезде қимылдың аздығынан ба, қайдам, қатты толып кеткен-ді. Басы қалтылдап, қол-аяғы дірілдеп, жас баладай күн кешетін еді. Дәрігерлер келіп қарап, тойға дейін бұл кісіні қалайда жүргізуіміз керек, әншейін қимылдамай жанаяр болып қалған, болмаса жағдайы жаман емес, жүргегі мықты, тамырларының соғысы жас кісідей, қан қысымы да дұрыс деп тапты. Сол сол-ак екен, қуат-қүш беретін дәрі-дәрмектер ішкізіп, қуатты тағамдар беріп, дене шынықтыру жасатып, әлек болдық та кеттік. Бір күні бас дәрігердің тапсырмасымен бір топ қыз-келіншектер келіп, кезек-кезек атама массаж жасамақ болды. Ол кісі алғаш ренжіп, шешінбей қойғанымен, келе-кеle үйреніп алып, демалыс күндері келмей қалса, денесі құрыстанып, іздейтінді шығарды. Кейде: «Бұл шіркіндер бұрын қайда қалған, ә, қолдарының жұмсағы-ай, өздері сүп-сүйкімді екен», – деп қулана күліп қоятын. Қыздар екі ай бойы массажды үзбей жасап, ақыры әкемді аяғынан тік тұрғызып, жүре алатындағы жағдайға келтірді. Той күні мереке аланына өзі жүріп барып, барлығын өз көзімен көріп, көнілі көтеріліп қайтты. Той өткен соң қыздар келмей қалды, массаж тоқтады. Еті үйреніп қалған әкем: «Әлгі қыздарым мені ұмытты-ау деймін, ә», – деп іздеп, біз үкаласақ: «Ойбай ауыртып жібердіңдер ғой, қолдарың қандай қатты еді», – деп жақтырмай, біраз әуреге түсті. Ақынның жерлестері тойға келушілерді тік тұрып карсы алды. 200-ге жуық үй тігіліп, ат бәйге, қыз қуу, балуандар қүресі, ақындар айтысы, әнші-күйші, бишілердің концерттері, әйтеуір, бар қызық сонда болды. Осы жолы әкемнің омырауына Ленин



ордені тағылды, сол кездегі КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың атама хаты оқылды. КСРО Жазушылар одағының бірінші хатшысы Георгий Марковтың, Қыргызстанның академик жазушысы Шыңғыс Айтматовтың, ақын інісі Әбділда Тәжібаевтың, тағы да басқа енбек адамдарының жүректен шыққан құттықтауларын тыңдаған, ел-жұртының өзіне деген үлкен ілтипат, сый-құрметін көрген атам, шабыттанып-шаттанып өлең-жырдың тиегін ағытты. «Тоқсандағы толғай», «100 жасқа», «Құмтөбе», «Жана жыл», «Ескерткішім», тағы да басқа көптеген туындылары сол жылдардың жемісі. Ал енді халқына арналған алғыс өлеңдерінің өзі бір төбе.

*Талай жыл заман мені еркелетті,
Ер де етті, ел бастайтын серке де етті.
Тоқсанның торғынына оранғанда,
Димашжан, сениң жазған хатың жетті.*

*Қордайда бір той өтті дүрілдеген,
Қайтадан атка мінді бүгін Кенен.
Бәрі де сениң арқан, Димаш шырақ,
Айналым дидарыңдан күлімдеген.*

*Конды гой бақыт құсы басыма кеп,
Әзірмін ән салуга қасыңа кеп.
Мен саган тоқсанымды бердім, ұлым,*

Ел үшін Жамбылдың да жасына жет,— деген 80 жолдық ұзак толғауын ең алғаш жазып алып, өндеп, жариялатқан ақын Тұманбай Молдағалиев екендігін айта кеткен жән. Бұл өлең 1984 жылы атамның туғанына 100 жыл толған тойы қарсанында шығарылған екі томдық таңдамалыларының бірінші томына енгізілген. Сондай-ақ, облыс, аудан басшыларына арнап:

*Бектұрғанов Хасенім,
Көрнекті көзге әсемім.*



*Аз сөйлейтін шешенім,
Тоқсан жылдық тойымды,
Өзің бас бол басқардың.
Он бір аудан халқынан,
Сан жетпес шашу шашқыздың.
Екі жұз үй тіккізіп,
Қонақты абзal күткіздің
Сәлімкерей ініммен,
Ғайнекендей қызыммен,
Еңбек еттің шынымен,*

— деп ризашылық алғысымды айтқан әкемнің әкемнің бүл өлеңдері кезінде аудандық, облыстық газет беттерінде жарияланған-ды.

Осы өлеңдегі «Ғайнекендей қызыммен» деген Ғайнекен, осы күнгі Фалымдар үйінің директоры Ғ.Бибатырова.

Ғайнекен ол кезде Жамбыл облыстық партия комитетінің хатшысы, идеология бөлімін басқаратын.

Бір күні Ғайнекен біздің ауылға келіп, әкеме сәлем беріп, өзінің Кенен ата тойының комиссия төрайымы екендігін айтты. Әкем алдында тұрған жап-жас қызына қарап: «Япыр-ай, бүкіл Жамбыл облысында менің тойымды басқаратын бір ер-азamat табылмады ма еken», — деп, ойланып қалды.

— Атам мені жас кой деп сенімсіздік танытып тұрған сияқты. Әлі-ак көресіз, тойыңызды жақсылап өткіземіз, қолдан келгеннің бәрін жасаймыз, — деді Ғайнекен. Той шындығында жақсы өтті. Той сонында облыс азаматтары келіп атама сәлем беріп, қалай өткені жайлы сөз болды. Ішінде Ғайнекен де бар. Атам оны қасына шақырып алып: «Шырағым, жас қой деп аздал сенімсіздік білдіргенім үшін айып етпе. Беталысың жақсы еken, бақытты бол, ризамын өзіне.., — деп, Ғайнекеннің мойнына алтын алқа тағып, батасын берді, бетінен сүйіп, екеуі суретке түсті. Арада көп жылдар өтті. 2003 жылдың мамыр айында Ғайнекен Бибатырова Кенен Әзірбаевтің туғанына 120 жыл толу қарсаңына орай «Сағындым Кенен атамды» деген тақырыпта кеш өткізді. Кешті жазушы, сыншы бауырымыз,



марқұм Әшірбек Сығай жүргізіп отырды. Ғалымдар үйінің залы лық толды. Эстрада данғырынан шаршаған қауым, домбырамен орындалған Кенен әндерін тыңдап, естеліктер айтып, бір желпініп қалды. Кешке атанаң балалары, немере-шөберелері шақырылған. Ата үрпақтары атынан сахнаға мен шығып, жалпы көвшілікке, Әшірбекке, аға әндерін орындаған әншілерге алғыс айттым. Файнекенге: «Бұрын да Кенен ағаң үшін аяnbай еңбек еткен едің, міне бүгін де республика көлемінде алғаш боп Кенен Әзірбаев шығармашылығына арнап кеш үйымдастырып, аруағына бас иіп жатырсын. Азаматқа бергісіз адал еңбеккорлығың көпке үлгі, баршамыз макттан етеміз. Бабалар аруағы қолдай берсін, ұзак өмір сүрініз, – дей келе мойнына күміс алқа тағып құрмет көрсеттік.

Әкемнің 90 жылдық тойынан кейін халық арасында «Кененге сол жолы мәшине, түйе, көп жылқыны былай қойғанда, келген кілемдерді жайса, саған өтірік, маған шын, түп-тура Қордайдан Алматыға жетеді-ау деймін», – деген лақап әңгімелер көп болды. Десе, дегендей-ақ еді. Сыйлық деген, құрмет деген сондай-ақ болар. Алайда, әкемнің дүниеконыздығы жоқ еді. Қалай келсе, солай кететін, он қолымен алып, сол қолымен тарататын жомарт, сырдың суы сирағынан келмейдінің дәл өзі. Бұл жөнінен әкем екеуміз анда-санда шекісп тे қалатын едік.

– Әке, сіздің атыңызға келген сый-тартуларды той өткенше мына бір бөлмеге коя берелік, есігіне құлып салалық. Сіздің алғашқы қамқоршының Еркебай сыйлаған кішкентай ақ домбыраныздан бастап, осы күнге дейінгі дүние-мұлкініздің бәрі сақталуы тиіс. Кейін мұражайыңызға тапсырамыз. Сәбит Мұқанов ағаның мұражайын барып көріп едім, баяғы біз үйіне барып жүргендегі тұрған заттарының бәрі қаз-қалпында тұр. Қозіңе оттай басылады екен. Мәриям апай (С.Мұқановтың әйелі) қандай білімді адам, соның баршасын мұқият сақтай білген, – деп едім, «Ұлыстың ұлы күні есікке құлып салған не сүмдик», – деп әкем мені қағып таstadtы. Мен өкпелеп қалдым, қалай болғанда да іні-сіңлілеріме: «Келген заттарға ие



болындар, 75 жылдық тойындағыдай кесе-аяқ, пышак-қасық, шанышқыларға дейін теберік болып қолдан-қолға өтіп кетпесін», — деп ескерттім. Алайда, әкем тойда өзіне келген заттарды қалай таратудың жолын ойластырып та қойыпты. Той өтіп, біраз тыныққан соң, әкем бәрімізді шақырып алды.

— Менің осы Киров колхозына көшіп келгенім құтты болды. Ауруымнан жазылып, қатарға қосылдым. 75,80,90 жылдық тойларым өтіп жатыр. Той-тойға ұласып, қуаныш қуанышқа жалғасуда. «Тас түсken жеріне ауыр» дегендей, осы жердің адамдары көрі демей, жас демей, тұтініне қонақ алып, тік тұрып атқарды. Ел қызық көріп тойлап жүргенде, бұлар үйлерінен шығуға мүршалары жоқ. Осылар болмаса не істер едік? Мен тек осы колхоздың тұрғындарына арнап жол-жоралғысымен той жасап, алғысымды айтуым керек, өйтпейінше мен тыныш үйықтай алатын емеспін,— деді.

— Мұныңыз өте дұрыс, ата. Олай істемесеніз, сіз Кенен боласыз ба? Тек жол-жоралғының қалай болар екен? — деймін.

— Міне, міне, дәл осылай дейтінінді біліп едім. Сен өзін дүниеге біртабан жақындаусын-ау деймін. Шырағым-ау, ана ішінде жазуы бар том-том кітаптар (құттықтау папкілер), орден, грамоталар, тағы да басқа толып жатқан заттар жетпей ме мұражайына? Мен өзір өлмеймін, жүзге келуім керек, — деп, аяғын өзілге сүйей күлді де: — Ал тойға даярланындар, мен қазір колхоз басшыларына барып ақылдасып, күнін белгілейміз, — деді де жүріп кетті.

Біздің колхоздың түні қандай тамаша. Маса, шыбын дегенің болмайды. Ауасы тұнық, ай сүттей аппак. Жаздың осындай бір түнінде ауылдастардан ешкімді қалдырмай түгел шақырып, той жасадық. Атамызды ортаға алып, ән шырқап, би билеп, өзіл-қалжынымыз жарасып, таңға тамашаладық. Әкем түнімен өрқайсысының қасына барып, айналып-үйіріліп, ішіндер-жендер деп, шаршағанын сезбей балаша қуанды. Тойды өзі сөз алып бастап берді. Алғашында біраз толқынқырап, көзіне жас іркіліп, тығылып қалғандай болды. «Бұл кісіге не болды», — деп сескеніп қалдық. Бірақ өзінің ерік-күшін тез жинап алды да, қолына домбырасын ұстады. Жиналғандар сілтідей тынды.



— Бәрі жақсы болды, шырактарым, тойды абыроймен атқардындар, өздеріне ризамын, көп рақмет. Өкініштісі-ақ, осы тойды ойдағыдай өткізбеске не шара деп, жар құлағы жастыққа тимей шапқылап жүрген бәріміздің аяулымыз Шәйкे бауырымыздың (Ш.Алқамбаев аудандық кеңестің төрағасы, өзі журналист-тілші, тойды үйымдастыру комиссиясының мүшесі) тойға да жетпей мезгілсіз арамыздан аттанып кеткендігі жанымды қатты құлазытып кетті, — деді де, домбырасын қағып-қағып жіберіп:

*Жарқын жузді жайлары,
Еңбегі елге пайдалы.
Ұмтыл ауыл агасы,
Жыртылғандай жағасы.
Тау мен тасты жаңғыртып,
Жоқтады елдің кәрі-жасы.
Кишипейіл халықшыл,
Сөзге шешен, тарихшыл.
90 жылдық тойымда,
Аянбай еңбек етер ең,
Жүгіріп қонақ күтер ең.
Жетпей кеттің ойыңа.
Үйде жастып төгілді,
Ыстық жасым қойныма.
Тойдан бір-ақ күн бұрын...
Жердің тустің қойнына.
Иманды бол Шәйкем-ай!
Тасқа тиіп қирады-ау,
Алишы менен тәйкем-ай.
Торқа болсын топырағын...
Тағдыр солай, қайтем-ай...*

— деп жоқтау-өлең айтты. Тойға жиналғандар атамның бүл адамгершілігіне разы болып, көздеріне жас алып, біраз үнсіз қалды. Той сонында тағы да домбырасын қолына алып:



*Атақты Қирған колхозы 500 түтін,
Берекелі, пейілді елім-жұртый.
Төрт түлік қоғам малы ызып жатқан,
Астық, шөп түрлі табыс жайнап мулкің,
Үйымышыл, еңбексүйгіш жігер-құтый.
90-га толғанымда той бол еді,
500 үй қонақ алды үш күн, үш түн.
Шақырган, шақырмаган қаптап кетін,
Сыр бермей күтіп алды бүкіл халқым.
Баршаңа алғыс айттып, бата берем,
Өркениң өссін үл-қызы, үрпақ-үрқым.
Ешкім жосқ менен үлкен осы ауылда,
Бәрі кетті дүниеден қатар-құрбым.
Отырган белгісімін ескі жұрттың,*

— деп аталақ батасын беріп, үлкендерге шапан жауып, жастауларына бөрік, такия кигізіп, балаларға домбыра, кітап сыйлап, думандатып таратты.

Енді біраз күннен кейін өзінің бүкіл туыстарын, құда-жегжат бауырларын, үл-қыздары мен келін, қүеулерін түгел жинап, мал сойып, той жасап берді. Ойнадық, күлдік, армансыз-ақ ішім-жедік. Бізге де батасым беріп, алғысын айтты. «Көзім тірі тұрғанда, әрі ескертіш болсын», — деп бәрімізге тойдан төберік берді.

— Достың жолы ауыр да жауапты болады. Адамнан бір, құдайдан бір сұрап жылап жүргенде көрген Көркемжанның жұптары жазылмай келе жаткан доссының, қарағым. Өкең марқұм да алдынан өтпеген аяулы бір жан еді. Жақсыдан қалған тұяқсың ғой, мынаны сен мінгенің жөн болар, риза бол, шырағым, — деп, Көркеммің досы Сабырқұлға өзіне сыйға келген ақ түйені жетектетті.

— Түсінген кісіге барлық қүеу балалардың ішінде сенің жолың ерекше, өйткені біз тәрбиелеп өсіргенімізben, шындығына келгенде дағыстан халқының ұлы ақыны Сүлеймен Стальскийдің тұқымы Хамсиятқа (біздің қойған атымыз Айша)



сен ие болып отырсын. Сенің ана құдай берген балаларыңың бойында дағыстан халқының қаны бар, – деп, Айшаның күйеуі Нәмет жездеме арғымак ат мінгізді. Қалғанымыз да құр қалмадық. Қыздарына бір-бір кілем, күйеулерге бағалы сағат, шапан, келіндерге орамал, көйлек, жиеншар, немерес-шөберелеріне дейін ешкімді қалдырмай бөрік, такия кигізді. Екі ұлына еншісін бөліп, анықтап берді: «Осы тұрған үй-жайым, азды-көпті жиған-тергендерім, мәшинем – Көркемжандікі. Ол менен кейінгі осы қара орман иесі. Ал Алматыдағы үй-жайыма ие – Бақытжан», – деп ашық айтты. Анадай жерде іштей толқып, состиып тұрған мені атам шақырып алып, өзгеше бір сарынмен:

*Домбырамды сыйлаймын,
Аяулы қызыым Торткенге.
Ән-жырыңды орындан,
Әке жолын күткенге.
Ерінбей айтып береді,
Келген менен кеткенге.
Құмар боп өстің жасынан,
Қоңке қызмет еткенге.
Болса да болек тұрагың,
Жанымды үққан құрагым.
Ризамын мен саган,
Өзгеше туган шырагым.
Мақам-сазын өзгертпе,
Еліктеп-еріп басқага.
Аманат саган ән-мұрам,
Домбырамды тастама!*

– деп, соңғы «Домбырамды тастама!» дегенді үш рет қайталап, бетімнен сүйіп, 90 жас деген жазуы бар домбыраны үлкен бір кілеммен маған берді. Имене барып домбыраны бассалып, атамды құшақтағанда, «қайтсін-ай» деп көвшілік көзіне жас алды. Жымия күліп қасымда тұрған күйеуім Тасығанға арнап:



*Ардақты балам Тасыған,
Бақ кетпесін басыңнан.
Ұл-қыздарың үрпагың,
Еркелеп өссін қасыңнан.
Тәрбиелеп, жөн сілтеп,
Балаларга бас болдың.
Түсініп жасын жағдайын,
Төрткенге адап дос болдың.
Жаңа қала Қапшагай,
Құтты болсын қонысың.
Жарылқасын бір құдай,
Тілегіңді тілеп жататын,
Мен бір атаң осылай.
Балалық тұзыңды ақтадың,
Еңбекқор, адап, жасың жай.
Мінезің маган тартқанын,
Балаларды біліп түр,
Қалай тіршілік етіп жатқанын,*

— деп мандайынан сүйіп, қолына алтын сағат тақты.

Бұл күн әкемнің ауылдастары, туыс-бауырлары, ұл-қыздары, үрім-бұтактарымен дидарласуының соны болар деп, әрине, ол кезде ешкім де ойлаған жоқ-ты.

— 92 жас жасап, өмірдің бар қызық-шыжығын көрсем де, өмір қандай ыстық еді. Шіркін, жарық дүние-ай, домбырамды әперіндерші, — деді өлерінің алдында біраз бұрын. Домбырасын қолына алған соңғы күні екендігін қайдан білейік. Жаңа шығарма туардағы әдеттіміз бойынша, бәріміз үндемей шығып кеттік. Терезеден әлсін-әлсін қарап жүрдім. Қолы жазуға да, тартуға да келмеді де домбыраны қеудесіне қысып, шалқасынан жатып ұзақ ойға кетті. Бірер мезгілден кейін апам маған: «Сені әкен шақырып жатыр», — деді. Жүгіріп бардым. Әкем маган қағаз-қаламды нұсқап: «Мен «Қалады-ау» деген өлең



шығардым, жазып алшы, бұл бәлкім, менің соңғы туындым болар», – деді. «Қойыңызшы, ата, қайдағыны айтпай», – дегенмен, жүргегім бір нәрсөні сезгендей жылап жібердім. Жылап отырып өлеңді жазып алдым. Елмен, жермен, ағайынтуғанмен, ұлы Отанмен, үш жүзбен қоштасқан бұл өлеңді толық каз-калпында жариялауды дұрыс деп отырмын.

ҚАЛАДЫ-АУ

*Қайран елім, туган жерім,
Ажал жестсе қалады-ау!
Қара жерге, қатты көрге,
Халқым шулап салады-ау.
Жалғыз жейде ениім тимек,
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Есіл тәнім, салтанат-сәнім,
Жер астында қалады-ау!
Жарым, балам, ага-іні,
Ағайындар қалады-ау!
Ақ домбырам жолдас болған,
Қағаз-қалам қалады-ау!
Қимас достар, тең құрдастар,
Кәрі-жастар қалады-ау!
Жалғыздығың, жарлылығың, шықпас үнің,
Нақ сол жерде болады-ау.
Қала-дала, сай мен сала,
Жүрген жерлер қалады-ау!
Тау мен тастар, тартқан көкпар,
Әріптестер қалады-ау!
Сыңғыр қаққан, сырын айтқан,
Құміс бұлак қалады-ау!
Ән шырқатқан, сұлан жатқан,
Тал мен құрақ қалады-ау!
Бірге жүрген, ойнап-құлген,
Құлімкөздер қалады-ау!*



*Көп үлттүү ұлы Отаным,
Одақтастар қалады-ау!
Кыргыз-Казак, Абақ-Тарақ,
Ардақты елім қалады-ау!
Аргын, Найман, Қоңырат, Қыпшак,
Керей, Уақ қалады-ау!
Әлім, Адай, Жагалбайлы,
Жан-жсақты елім қалады-ау!
Алтынеги Жаппас, Тама Табын,
Саңлақты елім қалады-ау!*

*Албан, Суан бірге туган,
Қалың Дулат қалады-ау!
Шапырашты, Ысты, Ошақты,
Сарғысінім қалады-ау!
Ботпай-Шымыр, Сиқым-Жаныс,
Бауырластар қалады-ау!*

*Жарлықамыс, Қасқарауым,
Ораз-Бұқар қалады-ау!
Солтанкелді, Бөкен бауырым,
Сатый-Ботый қалады-ау!
Казы салып, сыбага алып, есіне алып,
Қай туысым, қай бауырым барады-ау!*

— Ата, мұның өні бар ма? — дедім.

— Өні тілімнің ұшында түр ғой, балам, бірақ домбыраға тарта алмай отырмын, — деді де, бар қүшін жинап, ыңылданап бірнеше рет қайталады. Мен дереке домбыраға түсіріп, тарта бастадым.

— Е-е-е, дәл осылай, — деп, риза болды. Мен есімде жақсы қалатындей бірнеше рет қайталап тартып, қосылып айттым.

— Ал енді бар даусынмен айтшы, — деді атам, өзі де ынтыға тындағысы келіп. Менің даусымды естіп, үйдегілер де жиналыш қалды. Барлығы да жылап тұрды. Соңғы өні «Қалады-ауды»



атамның өзі де естіп қалсын дегендей-ақ, мейлінше беріле орындаған көрінемін. Ән аяқталысымен өзім де қатты босап, әрек басылдым. Атам сөл көтеріліңкіреп отырды да мені қасына шақырды. Сонан соң сөл құлімденкіреп: «Үнің де, сезімталдығын да, тіпті мына алақандарындағы сызықтарға дейін маған тартқан екен-аяу, ә, өзі», – деп, екі қолымнан қос қолдап ұстап тұрып, қайта-қайта алақанымнан кезек-кезек сүйіп, көпке дейін жібермей қойғанын қалай ұмытарсың?! Алақандарымда соңғы демінің табы мәнгі қалғандай сезінемін. Содан күш-қуат алып жүргендеймін.

– Ал енді, қалқам, мұны менің жылымды берген күні осы ауылда қанша үй қонақ алса, сол үйлердің бәріне кіріп, әкемнің соңғы қоштасу әні еді деп орындал бер, – деді.

– Олай деменізші, әке. Сіз әлі жүзге келуіңіз керек. Алайды, шын аттанып кетсөніз, тілегінізді бұлжытпай орындайтыныма сеніңіз, – дедім. Дегенмен, бұдан соң да атам біраз күн жатты.

Өле-өлгенше сөзінен де, есінен де танған жок. Келгендермен қоштасып жатты, жанары да таймады, құлағы да жақсы естіді. Тіпті, тамақты жақсы ішіп, ажарланып, көнілі көтерінкі сезімде құліп, әңгіме айтып, бізді қуантып та тастады. Тәуір болдыға санаған әрі демалыс мерзімім аяқталуға айналған мен атамның келісімімен екі-үш күнге үйге кеттім. Біз ол кезде Қапшағай қаласында тұратынбыз. Пәтер алып көшіп келгенімізге жарты жылдың айналасы ғана болған, әлі ешкімді білмейтін де едік. Мен кеткен күннің ертесінде 1976 жылдың 12 сәуірінде атам қайтыс болыпты. Қатты өкіндім, коштаса алмай арманда қалдым. Жолға шығуға даярланып жатқанымда, сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Батталқанов Заманбек аға бастаған бір топ аудан азаматтары келіп көніл айтып, ақыл-кенес берді.

– Төрткен, Тасыған, болған іске болаттай берік бол деген! Кенекем сендердің әкелерің болғанымен, халықтың адамы. Біз екеуінді ғана жіберіп қарап отыра алмаймыз. Бұл біздің елдігімізге сын. Біраз аялдай тұрындар. Кешіктірмей



аттандырамыз. Атаның топырағы торқа, иманы жолдас болсын, — деді Заманбек аға. Бірер сағаттан соң ақсақалға арналған дастарқан деп жылқы, ұн, қант, күріш, тағы да басқа қажеттілердің бәрін беріп, ақшалай көмек үйымдастырып, аудан басшыларының атынан Бәрменбеков Аманкелдіні басшы етіп бір топ жігіттер, Тасығанның жұмыс орнынан бір топ азаматтар, өзім қызмет ететін аудандық оқу бөлімінен бөлім менгерушісі Нұрпейіс Қасымов бастаған көптеген мектеп басшылары, мұғалімдер, қысқасы, мәшине-мәшине болып жолға шықтық. «Аталап» келіп жоқтадық. Топырақ алып, гүл шоқтарын қойдық. Қаралы жыында Іле ауданы елжүрттының атынан жерлес ақыннымыз, Қазакстан Жазушылар одағының мүшесі Нұсіпбек Исакыметов қоштасу өлеңін оқыды. Тасыған екеуміздің мәртебеміз өсіп, төбеміз көккө жеткендей сезіндік.

Еліңе елеулі, халқына қалаулы болындар, — деуші еді өкем үнемі. Соның бір өтеуі осы болар деп, жана қонысымызың Қапшағай жігіттерінің бұл ісіне риза болып қалдық. Іле ауданы азаматтарының үйымшылдығына жұрт таңқалысты. Алматыдан Қапшағайға көшкенде, астанадан кетсем далада қалатында болып жылағанымның бекершілік болғандығын түсініп, іштей ұялып та жүрдім. Нағыз жігерлі де білімді, адамгершілікті азаматтардың дені ауылда екендігіне көзім жеткендей болды. Бұл жақтың адамдарын жақсы көріп кеткенім сонша, кейіннен күйеуім Тасыған қызмет жөнімен қайтадан астанаға ауысып, пәтер бергенде де Алматыға көшпей, осы ауданда қалып қойдық. Әкем бірде:

*Жақсы болса бастығың,
Бақытыңың барын содан біл.
Саяз болса бастығың,*

Бақытыңың жосығын содан біл, — деп термелей келіп, — Осы ел басқарған адам кім болса да, қандай мамандықты игерсе де, әдебиет пен мәдениеттен хабардар болмаса, оның рухани жандүниесі саяз болады да, құр айқай мен жоспарды артығымен орындаудан аспай қалады. Ондай басшы көптің көңілінен



шығады деп айта алмаймын, — деген еді. Сол айтқандай-ак, ауданымызда бір кездерде Батталқанов Заманбек (партия үйымының бірінші хатшысы), Баянов Нұрдәulet (хатшы), марқұм ағаларымыз Құлымбаев Шолпанқұл (аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары), Есболатов Тасубай (аудандық халықтық бақылау комитетінің бастығы) және басқалар басқарған (1970-1985 ж.ж.) жылдардағы жалпы халықтың енбекке деген, өмірге деген құштарлығын, неге болса да жауапкершіліктерінің өлдекайда жоғары болғандығын бұл күнде ешкім де жоққа шығара алмайтыны анық. Өйткені, бұл кісілер халық шаруашылығы мен мәдени-ағарту жұмыстарын қатар алыш жүретін. Ең бастысы, көппен бірге болатын, үлкен адамгершілік қасиеттерімен елге жақын еді. Ауданының әр адамының мұн-мұқтажына ерекше қоңіл бөлетін.

Біреудің отбасы қуанышқа бөленіп, той болса да, кісіңі өліп қаралы болса да соның басы-қасынан осы ағаларымызды көретін едік. Еңбегін бағалап, тиісті жәрдем беріп, ел азаматтарын үйымдастырып, бағыттап, тәрбиелейтін. Сол жылдардағы біздің аудан азаматтарының татулық-бірлігіне, сый-құрметтеріне көпшілік таңқалып, риза болып алғыстарын жаудырады.

Әкемнің соңғы қоштасу рәсімі колхоздың мәдениет сарайында күндізгі сағат 11.00 мен 13.00-ге дейінгі аралықта өтті. Халық ығы-жығы. Қектемнің алғашқы кезі ғой (12-15 қекек айы) қыстың ызғары әлі кете қоймаған шақ. Табытты көтеріп үйден шығарған кезден бастап соққан жел марқұмның жамбасы жерге тиғенге дейін бес сағат бойы толастамады. Аныраған жел мен азалы музыка еңсемізді түсіріп жіберді. Ақынның 90 жылдық тойында ауылдың кіреберістегі он жақ қанатына ағаштар отырғызылып, ол коршалып, болашак демалыс аланының (парк) орны басталған-ды. Атамың денесін сол демалыс аланының дәл ортасына жерледі. Қаралы жиында көп адамдар сөйледі, қоштасу өлендері оқылды. Сондағы Әбділда (Тәжібаев) ағамыздың: «Кенекемді біз тұрмак табиғат та қимай жатыр емес пе? Қарандаршы, өзінің әнжырына арқау болған Қордайының қоңыр желі де қатаңдау соғып тұрғанын»,— дегені есімде анық қалып қойыпты.

Қанша қимағанымызбен де табиғат өз дегенін жасамай коймайды ғой, атамның денесі жер қойнауына енді, жүзі жабылып, үстіне топырақ таудай болып мол үйілді, уақытша белгі койылды. Өзінің алуан қырлы өнерімен ерекшеленген қазак мәдениетінің көрнекті қайраткері, халық ақыны және композитор әрі өншісі Кенен атаммен ел-жұрты бүкіл халық мәңгілік қоштасты. Аңыраған жел де басылды. Артынша-ақ күн жайма-шуақ ашылып, елдің кайғылы көңлін көтеріп сала берді.

— Кенекемде арман жоқ. Бұл кісінікі — той. Құдайға шүкір, 93 жыл өмір сүру кез-келгеннің пешенесіне жазыла бермейді,— десіп, атама арналған соңғы дәмнен ауыз тиіп, теберік алыш, жақсы тілектер айтылды.

1981 жылы ақынның жерленген жеріне әкемнің мұсіні тұрғызылып, әдеби-мемориалды музей-үйі салтанатпен ашылды. Өмірінің соңғы 20 жылында тұрған үйіне мемориалдық тақта орнатылды.

1984 жылы туғанына 100 жыл толған торқалы тойы республика көлемінде аталынып өтіп, үлкен талант иесі құрметпен еске алынды. Маусым айының 16-18 күндері Алматыдағы М.О.Әуезов атындағы қазақ драма театрының үйінде республикалық ақындар айтысы өткізіліп, 19 облыстың ақын, өнші, күйші, жыршы, бишілері өнер сайысына түсті. Осы айдың 26-күні Алматыдағы Республика сарайында ақын тойына арналған салтанатты кеш болды.

Бұдан соң Кенен атанды торқалы тойының жалғасы атақты Қордай асуының етегінде орналасқан ақынның өзі тұрған Киров колхозында жалғасты. Тойға келген қонақтар тау қойнауындағы өсем киіз үйлерге жайғасты. Жұздерінде қуаныш нұры ойнаған тойдағы жұрттың қолдарында атамның жуырдаған жарияланған тандамалыларының екі томдығы, «Шырқа, дауысым» атты өлеңдер жинағы, «Песни горы и степей» деген аптен шыққан өлеңдерінің аудармасы, күйтабақтары, суреттері, төсбелгілер. Атанды ақындар жырына, өншілер өніне, күйшілер күйіне қосты, дүлдүл жүйріктер жарысқа



түсті, бишілер өнерлерін төкті, қысқасы, мәдени шаралардың түр-түрі көрсетілді. Ақын қызы Күләш Ахметова:

*Домбыраның келтіріп не бұрауын,
Иімін ең анатын омырауын.
Қагылып тұр халықтың жүргегінде,
Қалып кеткен Қордайда қоңырауын,*

— деп басталатын тамаша өлеңін арнады. Шәкірттері Асылқұл Бұрбаев:

*Сусындан өскен едік бұлагыңнан,
Дауысың кетпей қойды құлагымнан.
Елің сенің ардақтан есіміңді,
Басына қойды ескерткіш мрамордан.*

*Көктем келіп жайғанды жапырагын,
Өзіңді еске алып отырамын.
Кордайдың қыраны едің, жатырмысын,
Төсеніп туган жердің топырагын,*

— деп жырласа, Аяз Бетбаев:

*Ақ басты Алатаудай тұлғасы да,
Ақ иық қонып отыр шың басына.
Ардағер ақын-әнші құдіреті,
Кенекем толды бүгін бір гасырга.
Еске алып Кенен ата аруағын,
Бас қосты өңшең жақсы рәсімге-ай.
Осындаи дүбірлі күн ұлы тойда,
Шын ақын ақтарылмай шыдасын ба-ай.
Жиналым Қазақстан саңлақтары,
Той-думан өлең-жырга ұласуда.
Кенекем отыргандаи ортамызда,
Көз тастап артта қалған мұрасына.*



*Өлімнің құрығынан құтылған ба
Аңыз боп ел аузыңда Қорқыт қашқан.
Мезгілің жеткен кездे демің бітіп,
Бір сәтке кете бардың тоқтамастан.
Кара жер алған кезде қойына,
Зиратқа тас мүсіндер қойылуда.
Ертеде еңіреп откен Базар-Назар,
Еркелеп асылды ма мойыныңа?!
Сен тірі болсаң жұзге келер едің,
Туган ел саган арнап той қылуда.
Кенеке, торқалы той құтты болсын,
Ән-жырың бар әлемге жайылууд,*

— деген ұзак жоқтау-толғауын арнады. Өлеңін Жақсылық Сәтібеков, әнін Алтынбек Қоразбаев шығарған:

*Мынау сениң үрпағың, қалың ҳалық,
Тірлігіңде түсінген жасыңды анық.
Шыгарып сап өзіңді қайтпас жолга,
Калыпты гой мәңгігө әніңді алып, Кенеке!*

*Желбіреген ақ құміс сақалыңды сағындым,
Жайлайындаі даланың шапаныңды сағындым.
Шырылдаса бозторгай сен екен деп қаламын,
Ақ сақалдыabyзды Кенекем деп қаламын!*

— деп шырқалатын «Сағындым Кенен атамды» туындысының шынайылығы халықты қатты тебірентті. Ақынның 90-100 жылдық тойларында сол кезде Орталық комитеттің қызметкери болған белгілі жазушы Марал Ысқақбаев бауырымыздың енбекі ерекше болғандығын атап откенді жөн санаймын.

Мәңгі есте қалдыру үшін оның есімі Жамбыл облысы, Красногор совхоз-техникумына, Отар станциясының қазақ орта мектебіне, Жамбыл қаласындағы жаңа кинотеатрга, Алматы көшелерінің біріне берілді. Ұмтыл ауылдық кенесі



Кенен ауылы болып аталды. Алматы мемлекеттік консерваториясы мен Шымкент педагогикалық мәдениет институтының студенттеріне Кенен Әзірбаев атындағы стипендия тағайындалды.

Бір кезде отырғызылған кішкентай-кішкентай ағаш көшеттері көркейіп өсіп, зәулім баққа айналған жасыл желең ортасындағы ақын мұражайының бүтінгі ажары тіпті келісті. Шығыс үлгісімен салынып, ішкі жағы үлттық өрнектермен нақышталған, шебер өшекейленген енселі терезелер ерекше сөн береді. Үш залдан тұратын мұражай-үйінің біріншісінде жұмыс бөлмесі, екіншісінде қонақ бөлмесі орналасқан. Ортадағы ұлкен залда ақынның бүкіл өмір жолын баяндайтын көрмеліктер (экспонат) сыр шертеді. Мұражай-үйінің дәл алдында оның бейіті тұр. Бейіт үсті қызыл гранит таспен көмкеріліп, оған ақынның аты-жөні, туған, өлген мерзімдері ойылып жазылған.

2003 жылы Жамбыл облысының әкімі Серік Үмбетов мырза облыс бюджетінен арнайы қаражат бөліп, ақын мұражайын күрделі жөндеуден өткіздіртті, ақынның зәулім биік ескеркіш мұсінін орнатты. Осы жылдың маусым айында Серік Үмбетов бастаған облыс, аудан басшылары Кенен ауылына арнайы келіп, той үстінде ескерткіш салтанатпен ашылып, құттықтау лебіздер айттылды.

Мұражай кіреберісінде орнатылған терең ойдағы Кенен атасың бұл ескерткіш-мұсіні, ғасырға жуық ғұмырында асқақ әніне бөлеп, сұлу жырымен тербереген байтак еліне, ұлан-ғайыр жеріне кимастықпен көз тастап, тағы да бір ән-жыыр тудырарай ой үстінде тұрғандай.

2009 жылы 125 жылдығына орай Алматының «Кенен Әзірбаев көшесінің бойында ақынның ескерткіші бой көтерді. Мәдениет министрінің қолдауымен 4 томдық еңбектері және сурет альбомы жарияланды. Астана қаласынан Кенен атына көше берілді.

2016 жылы тарихи төрт түлға – Өтеген, Кебекбай, Ноғайбай, Кенен рухтарына арнап төрт жолдың торабы Кордай жерінде сөүллетті монумент орнатылды.



2018 жылы Тараз қаласының облыстық филармониясына Кенен Әзірбаев есімі берілді. Осы жылы Т.Қ.Жүргенов атындағы өнер академиясының Дәстүрлі музикалық өнер кафедрасының аға оқытушысы Шолпан Даржанова «Кенен Әзіrbайұлы өн мектебінің өзіндіқ көркем тілі мен үйрету әдістемесі» деген тақырыпта диссертация қорғап, К.Әзіrбаевтың музикалық шығармаларынан тұнғыш рет өнертандуғының магистры дәрежесіне ие болды.

Осы жылы Өнер академиясында тұнғыш рет Кенен Әзіrбаевтың өндер мен күйлеріне арналған «Жас екпін» атты республикалық жас өнерпаздар байқауы өтті.

2001 жылдан бері екі жылда бір рет Тараз қаласында Кененнің музикалық шығармашылығына арналған «Шырқа, дауысым» атты республикалық байқау үздіксіз өтіліп келеді. Бұл байқаулардың жалғасы бола бермек.

2017 жылы Кенен Әзіrбаев шығармаларының бестомдық толық жинағы ақынның ұлы Бақытжанның құрыстыруымен «Келешек» баспасынан жарияланып шықты.

Осының бәрі халық ақыны, өнші, сазгер Кенен Әзіrбаевтың ендігі өмірі – өнерінде екендігінің айғағы. Сол өнердің халықпен бірге коян-қолтық өмір сүріп келе жатқанына да ғасырға жуықтап қалды (92 жыл).

Халық жүргегіне жақын өнер ғана, осылайша келешекке қарай қанат қағып, ұзак ғұмыр кеше бермек.

У БӨЛІМ

*БОЛМАСАН
ДА ҮКСАП БАҚ*





«Болмасаң да ұқсап бақ» дегендей, тума талант дарынды әкенің өнегелі тірлігі, бауырында өскен маған қатты әсер еткендігі сонша, кейде ақын, кейде өнші, кейде күйші, кейде биши, жазушы болғым келіп, қөніл құсым шартарараСқа самған, қиялыммен әлемді шарлап кететін күндерім көп болушы еді.

Алайда, әкем құсап кез-келген жерде суырып салып, өлең шығармағаныммен, қолыма қалам алып ойлансан, біршама жазып шығаратын кездерім болып тұрады. Бірақ өте сирек жазамын, кәсіп етпедім. Екі ауыз өлең шығармайтын қазақ жок кой, осы да өлең болып па деп, өзімді-өзім тежеп тастадым-аудаймін. Солардың біразын осы еңбегіме енгізуді жөн көрдім.

1948 жыл. 6-сыныпта оқимын. Жана жылды қарсы аламыз деп, даярланып жатырымыз. Бұл кезде жана жылға арналған әндер мен өлеңдер жоқтың қасы. Сонда, түнімен ойланып төмендегі өлеңді жазып, ұяла-ұяла жолдас қызыма көрсеттім

ЖАҢА ЖЫЛ

*Ортамызда ғул шогындаі жайнаған,
Түрлі-түсі көзді тартар елкамыз.
Жаңа жылды зор табыспен, ұлы іспен,
Қарсы алуда халқымыз.
Халықпен бір біз де үлес қосамыз,
Жаңа жылды жақсы оқумен тосамыз.
Біз Советтің ұл-қыздары,
Куанамыз, шаттық әнге басамыз.*

Дос қызым бұл өлеңді оқушыларға көрсетіп, мұғалімге айтып өбден әуре етті. Мен жылап қалдым.

Жылама, Төрткен. Сен өссе келе, мүмкін атан сияқты ақын боларсың. Одан да бұған ән тауып, жана жылда орындалық, – деді мұғалімім. Мен басымды партадан жұлып алып: «Төтей, оның әні де бар», – деп, айтып бердім. Қысқасы, жана жылда елканы айналып жүріп, бәріміз осы әнді айттық. Кейіннен бүкіл мектеп оқушылары да жаңа жылда осы әнді айтатын болды. Мен кәдімгідей көтеріліп қалдым.



Енді қайтып өлең шығарсам екен деп жүргенде, Хамит деген баланы мұғалім тәтей жиналысқа салып, қатты сөкті. Мен сонда мына өленді жазып мұғалімге бергенім сол екен, ол кісі өленді қабырға газетіне жазып іліп қойды.

КЛАСТА ҚАЛЫП ҚОЯРСЫҢ

*Алтынышы класс оқиды,
Хамит деген пионер.
Білімді қалаі тоқиды?
Көресің одан «көп өнер».*

*Өнерлері дөрекі,
Тартқаны оның темекі.
Сабакқа келмейді тыңдамайды,
Алганы не? – Тек еki.*

*Санасы өскен баласың,
Білімсіз қайда баrasың?
Ескертү: ойлан, даярлан,
Класта қалып қоярсың!*

Ұзақ уақыт ілулі түрған бұл өлең мені ақын атандырды.

Ал Хамиттің ертелі-кеш андығаны мен болым, қалайда онаша қалсам жақсылап тұрып менен өшін алмақ. Оның бұл ойы іске аспады. Өйткені, әкем мені күнде сабак соңынан атпен келіп алып кететін.

Ол кезде жетіжүлдіқтан соң не қалаға, не аудан орталығына барып, оқуымызды жалғастыратын едік. Менің арманым Алматыдан оқу. Сондай бір күнде мына өленді жазыппын.

ӘНДІ СҮЙЕМ ЖАНЫМДАЙ

*Көңілге әсер бергендей,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Болса деп қазір отырмын,
Алматыда біздің үй.*



*Сонда емес пе шебер тіл,
Жаздағы әсем жұпар гүл.
Teatr, кино, сауық кеш
Жазған іште ойым бұл.*

Арман болған Алматыға да келіп, сол жылдардағы жалғыз да атақты №12 казак орта мектебінде оқыдым. Үйді сағынамын, үзбей хат жазамын. Әкем келіп тұрады. Бірде үйге өлеңмен хат жаздым.

ҮЙГЕ СӘЛЕМ

*Үй ішім жүрсіздер ме сау-саламат,
Әке, ана, туыстарым, көп жамагат.
Білдіріп тілектестік астанадан,
Мен қызың сәлем жазған сіздерге арнап.*

*Жүрсіз бе есен-аман, әжетайым,
Шауып жүр ме қасында Бақытжаның.
Жақсы оқыт, көңіл бөліп балаңызға,
Талантты, еңбекті ақтар ол ұланың.*

*Ақтамақ, Ақбілектей сіңділерім,
Шарқ ұрып Отардың кең көшелерін.
Анда-санда есіне ала ма екен?
Оқушы үзіл жақтагы тәтелерін.*

*Белгілі маман болып шыққым келеді,
Халқыма адал қызмет еткім келеді.
Сенімін ата-ананың ақтау үшін,
Мақсатқа алға қойған жеткім келеді.*

Өсе келе туған күн кештеріне, би кештеріне баратын болдық. Сонда көп достардың қылықтары ұнамай қалса тік



айтамын. Оным біреулерге ұнайды, біреулерге ұнамайды, онда мені ісім жоқ. Кейде өлең де шығарамын. «Түсініксіз достарға», «Құбылма міnez құрбым-ай», «Кейбіреу», т.б. өлеңдер сондай кездерде туындаған еді.

КЕЙБІРЕУ

Тымырайып, тым мұңайып,
Отырғанда данадай.
Көрсөн ішін, қуыс пішін,
Анлау-санлау даладай.

Сүйкімді бол, сүйменді бол,
Бірге жүрген жолдасқа.
Түсінісер досың болса,
Оның жөні бір басқа.

ТҮСІНІКСІЗ ДОСТАРҒА

Бір топ жастар бір жүреміз,
Жамандыққа қимастай.
Мұның бәрі жалған екен,
Кеттік бір күн сыйласпай.

Алғашқы кез К... деген,
Аяулы бір жан еді.
Тым сүйікті, жігітке тән,
Мінездері бар еді.

Түрі-түсі, өзіл-ойны,
Тұрады оған жарасып,
Кесірінен бірақ соның,
Кеттік бір күн тарасып.

Екі қызға бірдей сөз сап,
Сүйетінін жолдапты.



Оны білген кей жігіттер,
Кой демепті, қолдапты.

Басқа қыздар оны біліп,
Екі қызға сездірдік.
Арсыз жігіт аласталаып,
Арамыздан бездірдік.

Татуастық тағы бір күн,
Өкпемізді айтысып.
Білмей жүрмін енді қашан
Кетеді деп «жай түсіп».

Бір қалыпты жүрсе достар,
Татулыққа не жетсін?
Түсініксіз маған бұл жайт,
Несі жақсы еgestің?!

ҚҰБЫЛМА МІНЕЗ ҚҰРБЫМ-АЙ

Құбылма міnez құрбым-ай,
Әр кезде-ақ байқап жүрмін-ай.
Танқалып кейде қаламын,
Шыдамай кейде күлдім-ай.

Көшеде көрсөн күле кеп,
Мақтау сөзді іле кеп.
Амандасып, қарбанып,
Әр нәрсені айтып, «пәлі» деп...
Биге барсаң жүгіріп,
Еріксіз тізе бүгіліп,
Бишісін өзін, қатқансын,
Біз үшін сен мақтансын.



Қазақ қызы ішінен,
Симпатиясы ауылдың
Деген атақ таққансын.
Көп сөздері ол жанның
Шыға береді тізіліп...

Аузы айтып түрғанмен
Көзі күліп тұрады.
Білдірмеуге іш сырын
Сұрын билеп, бұғады.

Ішім біліп, сыртымнан
Мен де қоштап қоямын.
Осылайша құрбымның
Мақтауына тоямын.
Орны келсе сөзіммен,
Іремей-ақ соямын.

Қателігін айтқаным,
Көнілінен қайтқанын.
Кемшілігін тұзету,
Қорлағанын, майканын.

Ертесіне ол құрбым,
Токырайып қалады.
Жанына жақын кеп кетсен,
Окырайып қалады.
Билеп жүріп әдейі,
Жығылсын деп шалады.
Мақтауы мен жақтауы,
Ұмытылып қалады.
Симпатичный бір қызды
Құшағына алады.
Лезгинкаға салады.



Жақтырмаған қыздарды,
Орнынан зорлап қозгайды.
Шықпағанын қасарып,
Клубтан күа жаздайды.
Бір күні сау, бір күн мас,
Әдеті ала жаздайғы.
Талқылап, кәне көр, достар,
Құрбымның мінезі қандай-ды?!
Баласысың біреудін,
Әлпештеген жасынан.
Анаң жалғыз жүр әне,
Мәпелеп баққан басынан.

Еңбек ет, оқы, көпті көр.
Үлкендерден текті көр.
Еңбекпен жүрсөң сұлусын,
Қатарың айтқан шекті көр.

Ойланшы өзің басынмен,
Тату бол тек досынмен.
Сыртынан дат, көзге шат,
Қүрессеңші қасынмен.

Ол кезде қыздар тұрмысқа ерте шығатын. Менімен жетіжүлдүқ мектепті бітіргендердің дені тұрмыс құрып кетті, ауылға келгенде кілен ер балалармен бірге жүремін, солармен доспын. Ер бала құсап тым еркін өскендікі ме, олармен тез тіл табысып кетемін, бәрі мені қорғап-коршап жүреді. Біртіндеп олар да Отан алдындағы әскери борыштарын өтеуге кете бастады. Ең жақын досым да, өзімді кішкентайымнан жақсы қөрген, бала маҳаббатым да бәрі-бәрі әскерге кетті. Олармен хат арқылы хабарласып тұрамын. Өлең жазамын. Сол жылдары төмендегі өлеңдер туды.



ЖАРҚЫН ДОС

Көз алдында елестеп жарқын бейнен,
Суретіне қараймын соңғы берген.
Халың қалай? Неге хат жазбайсың сен?
Ұмыттың ба досынды елде жүрген?

Сен кеткелі серуенге екі бардым,
Екеуінде сені ойлап ойға қалдым.
Би алаңы көрінді көңілсіздеу,
Жан көрінбей көзіме аландадым.

Ұмытпаймын еш кезде достығынды,
Сен кеткелі қойдым да «мастығымды!»
Қорыққандықтан клубқа сирек барам,
Дүшпаным көп, жоям ба деп «жастығымды».

ӨКПЕ

Жұлып алдым хатты А... қолынан,
Келген еken міндет (әскер) жолынан.
Оқып шығып, ары-бері қарасам,
Бір моряктың суреті бар салынған.

Қарай қалсам маған таныс дос еken,
Ішкі сезім, ой-ниетің кас еken.
Бәріне айтқан сәлем сөзің маған жок,
Тілекtesпін деген сөзің бос еken.

Болмай қалса арамызда махабbat,
Көріспестей бола ма еken тіпті жат,
Бәрін атап, сәлем маған жолдамай,
Хатынменен еттің, құрбым, көніл мат.



«Ұмыт» деген сөзім есте қалған ба,
Ұмытшактық бойды билеп алған ба?
Сәлем деуге шамаң келмей қалыпты,
Сол бір «ұмыт» көнілге кір салған ба?

Халың қалай? Бұрынғыдай жүрмісін?
Көніл қалай? Көктемдегі нұрмұсын?
Қол жетпейтін ұсынғанда көктегі,
Арасында достарыңның күнбісін?

Қабыл алсаң сәлемімді беремін,
Дос көнілін тұсінер деп сенемін.
Өкпемді айтып ойда-жоқта хат жаздым,
Аяқталсын осыменен сәлемім.

Бір күні бала махаббатымнан хат келді. – Мені жетім деп менсінбеді ме деп ойлап едім, тұрмысқа шығайын деп жүрген көрінесің. Ол жігітті мен жақсы білемін. Ол тұл жетім, қайта менің өкем бар еді ғой. Бұл қалай болды өзі? Әлі де ойлан, болмаса қайтейін, бақытты бол! Мен тілекtesпін! – депті. «Әлі есімде» деген өлең шығарып, бала махаббатыммен қоштастым.

ӘЛІ ЕСІМДЕ

Жолдаған сәлемді алып ойда-жоқта,
«Ұмыту киын екен», – депсің хатта.
Сүю, күю дегенің осы екен деп,
Ойлаппыз кездестік деп, ұлken баққа.

Айлы тұн, ашық аспан, кен далада,
Жас бала болсақтағы ой қала ма?
Тік қарап тілдесе алмай үялатын,
Кездерді ұмытқаным жөн бола ма?



Балалық махаббатқа көшкен кезде,
Суыды-ау су сепкендей өте лездे.
Кім себеп? Не себеп? – мен түсінбедім,
Айыпты еkenбіз тек мен де, сен де.

Қайырмасы:

Балалық шак, бал дәурен,
Ұмытылмасын білемін.
Есіме алсам сол кезді,
Сағынып, сыздар жүрегім.

Қалада мектепте оқып жүрген кезден жұстанныс (менен бір сынып жоғары оқыды, №18 қазақ орта мектебінің түлегі) Тасыған Шенсізбайұлы Байділденов мені институттың (ҚазПИ) I курсында оқып жүргенде іздел келіп, қамқорлық жасап жүрді. Оның өзі де Тау-кен институттының (қазіргі Политех) студенті еді. Бірте-бірте көнілін де сезірді. Ол кезде: «Мен сені сүйемін, сен болмасаң өлемін...» – деген сияқты сезідер айтылмайтын. Қазір ойлап тұрсам, нағыз «көзбен танып, жүрекпен сезінетін» кездер бұрындары ғана болғандай. Мен Тасығанның әр жазған хатына өлеңмен жауап беретін едім. Солардың төмөндегі үшеуін ғана ұсынамын.

АРМАН ЕТКЕМ МЕН СЕҢІ

Айып етпе, асыл жарым,
Ашық айтсам сен мені.
Жас кезімнен қиялымда
Арман еткем мен сені...

Жүрегінді ұсындың сен,
Қостым мен де жүрекке,
Алдымызда мақсат, арман
Бір жетелік тілекке.



Көтеріле көкжиектен,
Сөулелі алтын таң атсын.
Қуан, жарым, қуаналық,
Киялымыз болды шын.

Еш күдіксіз ердім саған,
Ал көнілді шарықтат.
Көрсін әлем, болсын өмір,
Тоты құстай қалықтат.

СӘЛЕМ

Алыста қарай берем Алатауға,
Жайқалған етегінде бақша-бауға.
Сүйгенім, сүйіктім бар астанада,
Соны ойлап, жас жүрегім қалдың ойға.

Сен менің жүректегі жырым болдың,
Жарқырап көзге түсер нұрым болдың.
Тамаша, көп достардың ортасында,
Мақтаныш етіп айтар сырым болдың.

Даусың саңқылдаған желмен келер,
Мен жарың асыл сөзді саған терер.
Енбекте үлгі болғын, оқуда озат,
Тілегім осы өлеңмен Сізге берер.

САПАР ЖОЛДА САН ҚИЯЛ

Зырқырап келед машина,
Ұзын, алыс, кен жолда.
Үстінде мен де шаттандым,
Болған соң ба, жар жанды.



Карсы алдында биік тау,
Төбелері көк тиер.
Көз жүгіртіп сол тауға,
Отыр екен жан сүйер.

Жел де сокты самалдай,
Ой-қиялға камалдай.
«Қызық бір тұрмыс құрсам» деп,
Келемін үнсіз армандай.

Жерде тұрсам көк майса,
Бұлбұл сайрап саяда.
Сылдыр қаға су акса,
Өкпе, реніш, сұық сөз,
Арамызда болмаса.

Келсе жарым жұмыстан,
Құшак жайып мен тұрсам.
Бір бөлмеде күй төгіп,
Радио сен тұрсан.—

Деп киялға кетіппін.
Ауылға да жетіппін.
Жас жүрегі арманышыл,
Сонда бір тамаша етіппін.

1957 жылдың тамыз айында Тасыған екеуміз той жасатып, ата- аналарымыздың батасын алып қосылдық. Бұрындары тұрмысқа шыққан қыз бала үйінен аттанарда «Сыңсу» айтатын еді. Мен де сол жолмен атамның бір әніне салып «Қоштасу» өлеңімді айттым.

Көпшілік, домбырамды алсам қалай,
Қоштасу өлеңімді салсам қалай.



Барамын Жоламанның жеріне мен,
Жалайыр аты елінің көңілім қалай.

Төрт жылсыз келдім міне 25-ке,
Білмеймін қалған өмір ерте-кеш пе?
Жастық шақ әрі қызық, әрі қыска.
Үқсайды бейне көрген тұнгі түске.

Ел-жүртый, туған-туыс, ата-ана,
Кетті деп басқа жаққа кінә қойма.
Қаншама ұл болам деп жүрсем-дағы,
Болмадым, жаратқанға амал бар ма?

Он жаста қолыма мен домбыра алдым,
Жолын куып атамның әнге салдым.
«Болмасан да ұқсап бак» дегендей-ақ,
Халқымның әнші, ерке қызы атандым.

Қоштасар сол еліммен келді кезен,
Болса да қыын маған көнем, төзем.
Сүйгенім бар ол жакта көніл кеткен,
Жаралдым жат жүрттыққа, қайтып безем.

Ата-анам, әже, сіңлі, бауырларым,
Ағалар, женгелермен қауымдарын.
Хош болғын көрісетін кез болғанша,
Сая болсын бала-шаға, шаруа, малын.

Үй ішім алтын бесік аялаған,
Келгенше 21-ге саялаған.
Барамын алысқан қол, айтқан сертпен,
Жер емес өз жүрегім қаламаған.

Осылай деп, екеуміз қол ұстасып атамның алдына барып,
бата сұрадық. Атам онда науқас еді. Өзі әбден торыққан. Әрен



басын көтеріп, екеуміздің қолымыздан, мандайымыздан сүйіп: «Құдай алдыңнан жарылқасын, шырағым, мен саған ризамын! Мен үшін біраз жүріп те қалдың, болмаса сенің қатарларың баяғыда кетіп те қалды. Қарағым Тасыған балам, Төрткенімнің әнін айтқызып, домбырасын тартқызып жүр. Бауырлары жас, жиі келіп тұрындар, қамкор болындар...», – деп, қолына домбырасын алып «Төрткенім-ай» деген әнін қысқаша, әрең айтып, коштасты. Жыламаған ел қалмады. Мен орнымнан тұра алмай қалдым, үйден әрең аттандым. Көп кешіктірмей, атам сондағы «Төрткенім-ай» өлеңін толықтырып, хатка түсіріп жіберіпті.

СӘЛЕМ

Бақ берсін барған жерде,
Төрткенім-ай,
Өзінді ансан жүріп өпкенім-ай.
Көрі өжен, ауру атан, ақсақ апан,
Япырым-ай, қын тиді кеткенін-ай.

Аттандың той жасатып екі жерге
Коштасып, бата алып қалың елден.
Кемшілік бүл жақтан да көрмен едін,
Аққудай барып қонғын шалқар көлге.

Тәтелеп сіnlілерің інімнен,
Ән салсан, айнымаушы ед үнің менен.
Өзінді ұл балаға балаушы едім,
Аттанбақ болдың үйден шыныңменен.

Аман жүр, қайда жүрсөн, қанаттарым,
Қоңқылдал сені іздең, алактадым.
Кеп жатыр сен жоқта да сәлем беріп,
Көп екен достарың мен жолдастарың.



Аты бар өжептөүір, өкең Кенен,
Абырой өзіне де өкем деген.
Халқына қалаулы бол, елге елеулі,
Тілегім менің қалқам, Төрткен, сенен.

Сәлем де күдағи мен құдаларға,
Сағынған сәлем айтпай тұра ала ма?
Екі-үш жыл тәрбиелеп, үйретіндер,
Аулына барды біздің ерке бала.

Біз емес бұрынғыдай малға сатқан,
Жібермей сүйгеніне зар жылатқан.
Тасыған екеуіне тілекtesпіz,
Калада оқып жүріп өзің тапқан.

Бір туған Бақтиярдан Абак—Тарас,
Алатау—Жетісуда жатыр тарап,
Жақсы ел деп Жалайырды ел мақтайды,
Сауықкой, меймандос деп, қырғыз-казақ.

Қайырмасы:

Балалар, бақытты бол!
Төрткенім, бақытты бол!

— ... деген (қысқартып отырмын) өкемнің сәлемін алған соң,
мен де өлеңмен жауап жаздым.

ӘКЕ

Аман ба? Әже, ата, бауырларым,
Апам мен туған-туыс қауымдарын.
Баршаңыз жүрсіздер ме, шүкірлік қып,
Аман ба азды-көпті шаруа малын.



Хат алдық өлеңменен бізге арналған,
Әкемнен артымдағы елде қалған.
Артымнан талай келіп-кетер едін,
Қойды фой науқас қылып сізді жалған.

Ақылың орындалады, ардақты ата,
Шын тілеп Төрткеніңе бердің бата.
Жаманат келтірмеймін атағына,
Ес кірді, намысым бар, болмас қата.

Құтты боп жазылының жаңа қоныс,
Апам кеп, бұл жақпенен болды таныс.
«Кісіге өзі жақсы бір орын бар»
Ойлаймың бола қоймас күнделік қалыс.

Енем мен жәкем отыр сәлем жолдап,
Өлеңді сіздің жазған қоштап-қолдап.
Құлағымда үніңіз бен әр сөзіңіз,
Түсіндік мағынасын жіктеп-талдап.

Жана ел, жана жұртқа түстім келіп,
Айтысқан ант пен сертке берік сеніп.
Тілегім бақыт, абырой, денсаулық тек,
Келіндік өмірге де жүрмін көніп.

Домбыра бұрынғыдай тартып жүрмін,
Тамаша болған жерде өскен гүлмін.
Халықтың сұрауымен, тілегімен,
Үйреткен әндерінді айтып жүрмін.

Науқасың қабырғама батады тек,
Табылар күн бар ма екен сірә да сеп.
Ойламай еш нәрсені, жаным әке,
Жазылышы сүйген халқың қуансын көп.



Сәлем бізден құрметті аға Рахымбайға,
Қонысы құтты болсын жаңа жайда.
Ержетіп, Төкентайы келін алып,
Жеткіzsін амандықпен үлкен тойға.

Арада көп жылдар өтті. Ұлды, қызды болдық. Тасыған институтын бітіріп, Мәскеуге оқуға кетті. Оны бітіріп, тағы да оқымақ болды.

Әнші болу арманымның ауылы алысталп барады. Жарыма арнап әрі наз, әрі шындық «Қарсылық» деген өлең жазыптын.

ҚАРСЫЛЫҚ

Тұнғыш рет қарсы шықтым жарыма,
Айтқан ойы жақпай менің жанымға.
Маған бақыт көрінбейді, көнілсіз,
Сарғаюмен өткен күндер сағына.

Дейтін емес келешекке жолым тар,
Кейін емес ешкімнен-ак білім бар.
Түсінер кез болды емес пе мені де?
Өнер, талап, мақсат, арман менде де бар.

Жүрек костық өмір бірге менімен,
Тілеуші едім бір жүргіз деп теніммен.
Қара су мен қара нанды бөліп жеп,
Болсам деуші ем мәнгі бірге сенімен.

Демеймін мен өз басымды кеммін деп,
Дейтінім сол сеніменен теңмін деп.
Оку-білім әр адамға керек-ак,
Шіркін арман менdedағы деймін көп.

1984 жылы Әзірбаев Кененнің 100 жылдық мерейтойы ауыл, аудан, облыс, республика қолемінде аталып өткендігі тарихтан



мәлім. Әкеміз тірі кезінде той сонында ел-жұртқа, партияға алғысын айтып жатушы еді. Бұл жолғы салмақ маған түсті, ақын ұрпақтары атынан алғыс айтып, оны әкемнің «Сайра тілім» деген өнімен орыннадым.

АЛҒЫС

Деуші еді мені әкем Төрткенім-ай,
Өзінді аңсап жүріп өпкенім-ай,
Куанышты құндердің әсерінен,
Байқамаппын ақын бол кеткенімді-ай.

Берілді енбегіне әділ баға,
Бөлөнді өн мен жырға қала, дала.
Партия өнерлінің бағын жаққан,
Мың жаса қамқоршымыз Димаш аға.

Әнге бөлеп әкеміз елін сүйген,
Жеткенінше қуаты қызыл тілдін.
Жиналған осы тойға қөпшілікке,
Атынан ұрпағының басымды идім.

1990 жылы Тасығанның досы, туысым, бауырым, ауылдасым, замандасым Қайтбек Жылқыбеков деген азамат мезгілсіз дүниеден өтті. Тұнғыш рет жоқтау шығардым.

ҚАЙТБЕКТІ ЖОҚТАУ

Елу үш жас ер Қака, қырын келді,
Мезгілінен сүм ажал бұрын келді.
Қадір білер, көз көрген қайран бауырым,
Мекен қылып қалдың ба қара жерді?!

Бауырым-ай!
Қалай қиям қара жердің баурына-ай.



Талықсыды паналап балаларын,
 Қақашым деп зарлауда алған жарын.
 Ара түсер ажалға амал таппай,
 Сенделуде дос-жаран, бауырларын.
 Бауырым-ай!
 Қандай күні айрылып біз қалдық-ай,
 Қызы келді деп, басымды бағалаған.
 Тасығанмен дос болып аялаған,
 Жаны жайсан, ер мінез қайран бауырым,
 Қызығың алда еді ғой көре алмаған.
 Досым-ай!
 Қош бол менің қимас көніл-қошым-ай.
 Берерінді әлі де бере алмаған,
 Жемісінді әлі де тере алмаған.
 Балаларың артында аман болып,
 Солар көрсін қызықты сен көре алмаған.
 Бауырым-ай!
 Иманды бол, қатты батты қайғың-ай.

1992 жылы жазда «Тұрксіб» санаторийінде демалып жатқа-
 нымда Венера деген жас келіншек келіп: «Төрткен апа, киелі
 жерден шыққан екенсіз, жалғыз тал қызымың бүгін туған
 күні еді, мына бір кітапқа қолтаңба жазып беріңізші», – деді.

ВЕНЕРА

Жолдас болдық біраз күн дәм-тұз айдалап,
 Демалдық Тұрксібте жата-жайлап.
 Сымбатты, парасатты жан екенсін,
 Жүре бер дәл осылай гүл-гүл жайнап.

Атап өттік туған күнін қызынның,
 Бір жапырақ жүрек қаны-тұзынның.
 Ойдан шықса аялаған Анарың,
 Керегі не?
 Жігерсіз, ынжық ұлынның,

– деп апан Төрткен Кененқызы.



1992 жылдың 15-16 ақпанында Өзбекстанда тұратын қазақтарға арналған «Замандас» телебағдарламасының 25 жылдығы аталаپ өтті.

Осыған орай Ташкент қаласының Мәдениет сарайында қазақ, өзбек ақындарының айтысы, әнші, күйші, жыршылардың концертіне ұласкан үлкен той өтті. Осы тойға Өзбекстан теледидары «Замандас» бағдарламасының сол кездегі бас директоры Сүлеймен Бұхарбаевтың арнайы шакыруымен менде қатынасқан едім. Кештің беташарын айту, яғни той бастау жолы маған берілді. Оны кейінде теледидардан бірнеше қайта көрсетті. Ел риза болып, ұзак қол соқты. Шапан жауып, гүл шоқтарын сыйлады. Өлеңді атамның «Бастау» деген әніне салып орындаадым.

ТОЙБАСТАР

Екі елді 25 жыл жалғастырған,
Қазақты қазақпенен табыстырған.
Көп ұлтты Өзбекстан шаһарында,
Бойына әр казақтың жарық қүйған.

Құт болсын «Замандастың» шыққан тауы,
Нұр қүйсын төүелсіздік шамшырағы.
Осы жақта туып-өскен бауырларды,
Колдасын ата-баба аруағы.

Біз келдік Алматыдан, киелі елден,
Қызынмың ән мен жырды сүйе білген.
Асылдың сынығы деп елім менін,
Әрқашан той бастаудың жолын берген.

Әкемнің домбырасын ала келдім,
Әнім мен сөнімменен тойға келдім.
Жиылған осы тойда баршаңызға,
Иіліп, тізе бүгіп сәлем бердім.



Басыма бір қуаныш немесе реніш боларда әкем түсіме кіретін өдег болды. 1996 жылдың 5 желтоқсанында танға жуық әкем түсіме кіріп, үнсіз ұзак қарап тұрды да, шығып кетті. Ашулы ма, ренішті ме, түсінбедім.

Орнынан қарғып тұрып, ас үйге барып, шелпек пісіріп, құран оқыдым. Шелпек пісіріп жүріп, әкем неге үндемей кетті, маған ренжіп жүр ме екен деп те ойладым. Осы кісі неге маған ренжиді осы? Әр баласының тірлігі мендей-ақ болсыншы деп іштей қапаланып та қалдым. Отыра қалып «Әкеммен сырласу» деген өлең жаздым.

ӘКЕММЕН СЫРЛАСУ

Мені, әке, деуші едің Төрткенім-ай,
Аңсап жүріп өзінді өпкенім-ай.
Тоғыз ұлға бермеймін десен-дағы
Жат жұрттық бол жылатып кеткенім-ай.

Сонда-дағы келемін өзіне ұқсап,
Көп жайды кеткен едің айтып, нұскап.
Жолым ауыр болса да тынбай келем,
Өзің мен Тасығанның туын ұстап.

Ұқсаттым ба, білмеймін, ұқсатпадым,
«Кененнің әнші қызы» деп атандым.
Тынданып ән-жырынды қайда жүрсем,
Жастан алғыс, үлкеннен кеп бата алдым.
Асылдың сынығы деп құрметтейді,
Сыйлайды елі-жұрттым, туған халқым.

Осылайша талай күн, жылдар етті,
Қызың міне 60-қа да келіп жетті,
Әжелеп немерелер жібермеп ед,
Қүйеу балаң өкпелеп қашып кетті.
Ол аз болса қалжындал болса-дағы,



Тоқал алсам қалай деп қорлығы өтті.
 Бұл дүние қалай-қалай дөнгелейді,
 Соны ойлап өр көнілім жасып кетті.
 Үндемей қарап тұрып кеткенінше,
 Қызына ақыл-кенес айтсаң нетті?!

— деп, аяғын өзілге айналдырып, сол күні үйге қонбаған жарым
 Тасығанның жастығының үстіне қойдым. Ол көріп оқып, көпке
 дейін күліп жүрді.

Әкем түсіме бекер кірмеген еken. «Мықты бол, шырағым,
 алдында ауыр құндер келе жатыр», — дегені еken ғой, көп
 кешікпей 1997 жылдың 1 мамыры — мереке күні, 40 жыл бірге
 өмір сүрген аяулы жарым Тасығанымнан айрылып, анырап
 қалдым, жыладым, жоқтадым. Қоштасқым келмейді! Амал не?!

ТАСЫҒАНДЫ ЖОҚТАУ

Азамат едің атпалы,
 Алашқа жеткен мактауы,
 Бір басы жүзге татитын
 Тұлғасы турға «Қап» тауы.
 Гүл өмір кімді әкеліп,
 Сұм өлім кімді таппады!?
 Өмірдің бар ма токтауы?
 Өлімнің бар ма актауы?
 Ендігі елге ескерткіш
 Артында қалған жоқтауы.

Бастайын сөзді бастайын,
 Әуелі арғы тегінен,
 Жетису деген жерінен,
 Шалқыған шалқар көлінен,
 Жайылып жатқан жан-жаққа
 Он екі баулы тармақта
 Жалайыр деген елінен.



Жалайырдың Андасы,
Ішінде оның Қарақұс,
Кешегі өткен Тасыған
Осындай елдің жалғасы.

Алатаудай асылым,
Аппақ күндей ашығым,
Асу бермес биғім,
Шешу бермес түйінім,
Арманым боп аңсаған
Тандап алған ғашығым.
Бір сен үшін жиналып,
Бір сен үшін шашылдым.
Қуанып жүріп ортанда,
Сыланып жүріп арқанда,
Аққан судай тасыдым,
Зар болып қалды-ау осы күн.

Тасыған десе Тасыған,
Не көрмей өсті жасынан:
Әкеден ерте жетім қап,
Мойымай бір де осыған,
Жері жоқ ешбір жасыған.
Оқуға үздік ұмтылып,
Келешекке ынтығып,
Қатарына қосылған.
Ағайынға бала боп,
Даладайын дара боп,
Өсірген әке-шешесін
Көрілік жасқа жеткенше,
Жұмылып көзі кеткенше,
Шығармай бағып қасынан.
Арулап қойып қолымен,
Ата-баба жолымен,
Аруағына бас үрған,
Осындай еді-ау, Тасыған.



Таза еді-ау мөлдір судай бір,
 Жамандық жанға қумай бір,
 Мактансауышы еді мансапқа,
 Болса да орны дындаі бір,
 Көрінер еді шындаі бір.
 Жататын еді атқарып,
 Қызметін тынбай бір,
 Ісіне берік болаттай,
 Ештеме де жолатпай,
 Өмірден өтті-ау қылдай кір.

Жанашыры еді өнердің,
 Бағасын берер шебердің,
 Батасын алып бақ қонған,
 Алдында әкем Кененнің:
 «Домбырасын Төрткеннің
 Тастаттаймын деп едің».
 Айнымай сол сертінен,
 Айырмай мені еркіннен,
 Ән салып әлі келемін.
 Ер едің, Тәкем, ер едің!

Халқынның тындалап зар-мұнын,
 Иыққа салып бар жүгін,
 Бәріне сепкің келетін,
 Төгілген сәуле, таң нұрын.
 Әйгілі еді-ау әйгілі,
 Мінезіңнің жайлышы,
 Өзің де сөзді төгуші ең,
 Көтеріп жүре беруші ең,
 Қазақтың қара қалжынын.
 Даладай шалқар кең едің,
 Асуда-асу бел едің
 Айта берсем неше күн,
 Тауысармын ба барлығын.



Артында қалған төрт балан,
 Төрт өзен болған төрт тарам,
 Аққанын жаңа арнамен
 Көріп бір разы болған ен.
 Қызығын толық көрсетпей,
 Өмірінді кең өлшетпей,
 Алып кеткен ортадан,
 Дүние неткен жалған ен.
 Тұла бойын тұнғышын,
 Алғаш көрген жыл құсын,
 Туа сала Баянды,
 Жаңа тұскен саяңды,
 Болсын деп осы ұл-қызын,
 Шал-кемпірдің қойнына,
 Салып беріп қолыңмен
 Жарқыраттын жұлдызын.

Ашылып жолы ағынан,
 Айы туып онынан,
 Розаң келді дүниеге
 Баяныңын соңынан.
 Болатың мен Алмасың
 Екі ұлың – өмір жалғасын,
 Жасамай кеткен жасынды,
 Осы екеуі жалғасын.
 Төртеуінің ұрпағын,
 Аруағың сениң қолдасын!
 Әuletің мен еліне,
 Бақыт, байлық орнасын!

Бұл күнде тәубе қылып, шүкіршілік етіп отырамын. Тұрып жатқан ауданымның «Құрметті азаматымын», ұл-қыздарымның ардақты анасы, немерелер, жиен, жиеншарлардың аяулы әжесі болды.



2002 жылдың ақпан айында өмірге ең кіші немерем – ұл бала Айдарым келді. Қазакта ұл баланың жөні басқа той. Менің де Айдарым – дара. Өйткені, ол Тасығанымның өuletтінің жалғасы. Айдар туғандағы шілдехана тойында, шакыруға былай деп жаздым:

Қалайша, қалай ғана шаттанбаймын,
Айдарым келді өмірге ақмандайлым.
Немеренің қызығы ерекше екен,
Фарышқа самғап бара жатқандаймын.

Бүгін бізде ұлken той, кел, көрініз,
Сіздерге ашық, ак дастарқан, төріміз.
Құда, жекжат, туыс, бауыр, ағайын...
Бірін қалмай шақырамын, келініз!

– деп, Айдардың әжесі Төрткен Кененқызы деппін.

2005 жылы жалғыз інім Бақытжан 60 жасқа тольп, Астанада той жасап, ағайын-туыс, достарын жинап атап өтті. Ұлken інім Көркемжан 55 жасында дүниемен қоштасқан еді. Ол туралы «Жан бауырым» деген әңгімем осы кітапта бар. Ендігі әкеміздін көзі де, өзі де осы Бақытжан. Оған арнап бір өлең шығармасам болмас дегендегі өлеңім.

БАҚЫТЖАННЫҢ 60 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ТАРТУ

Болады қыдыр жолдас өрлегенге,
Тойыңа жеттім бауырым Сен дегенде.
Беріпті Кенекене тәнірім бізді,
Мойнына бүршаш салып, шөлдегенде.

Жүрсем де Алатауда жанынданымын,
Тараған алпыс екі тамырданымын.



Сонында әкеміздің қалған түяқ,
Тәтеннің ақ тілегін қабылдағын.

Бұл күнде арманның да жоқ тұрағы,
Күйдіріп көкірегінде шоқ тұрады.
Бір іскеп маңдайынан кету үшін,
Келгім-ақ жиі-жій кеп тұрады.

Ат жалын тартып мінген күніңнен-ақ,
Екі етпей өже сөзін дүрілдедің.
Әкенді – жездे, анаңды – әпке қылып,
Біздерді тындармадың, көзге ілмедің,
Бәрібір түсерінді қалыбына,
Ол кезде мен сезгеннін, сен білмедің.

Бұл күнде бір басында барлығы бар,
Өзіндік сән-салтанат, салдығың бар.
Үлкенге ізет, ал енді құрдастармен,
Аттай алтын табылмас қалжының бар.

Өнерің бар, әнің бар, жырың да бар,
Өр міnezің, қылығың, сырың да бар.
Қыр гүліндегі қыздарың, ұлдарың бар,
Күлімдеген, кенпейіл сүйгенің бар.
Көп жігіттер әйелден сорлап жүрсе,

Жар сүюден бауырымның салымы бар.
Тен келер саған жан жоқ бұл әлемде,
Бауырым-ау түсे көрме сен төменге.
Қиналдым талай-талай өмірімде,
Жүзіңе түспесе екен деп көленкे.

Көңілімнен шыққан сайын тірліктерін,
Женілдеп келе жатыр менің жүгім.



Менің көшім сендерменен қыр асады,
Алдында өзің жұрсөн асыл інім.
Таласып тас емшекті еміскенім,
Алысып тай-кұлындай тебіскенім.

Алпыс жас – ата жасың құтты болсын,
Кеңейсін жылдан-жылға өрістерін.
Әкене де бак-дәулет қонған екен,
Алпыстан асқаннан соң, әр істері.

Екеуміз түрлі-түрлі жолға шыға,
Бауырым-ау келіп қаппыз жол басына.
Алланың нұры жаусын Арқа елінде,
Кененнің өзің тіккен Ордасына.

Мен келдім шашуымды шашайын деп,
Өзінді көкіргіме басайын деп.
Үлкендік жолымменен той бастадым,
Мәртебе мәртебене қосайын деп.

2005 жыл, шілде айы.

Тұла бойым тұңғышым Баянды жетім өскен Тасыған күй-
еуім өзін өсірген кемпір-шалға бергізген еді. Ол кісілер дүние
салды. Баянның өзі де 60-тан асып кетті. Мен 80-нен асып
барамын. Алайда, біз тату-тәтті өмір сүрдік. «Атаң мен апаң
кетті ғой, енді маған қызы болсаншы» деп өзілдесіп жүреміз.

СЫРЛАСУ

Төрткен:

Не ойладың, Баянжан, біле алдың ба?
Кінәлі адам мінеки түр алдында



Өкенді – аға, ананды – тәте дейсін,
Мұның мәнін, шырағым, үға алдың ба?

Баян:

Алғашқы кез түсінбей аландадым,
Шакырсан да касына бара алмадым.
Жиі-жі оқонақ бол келген кезде,
Жақтырмадым Сіздерді қаламадым.
Балаларың Болат пен Розаменен
Ойнайық деп соларды жағаладым.
Атам менен апамды ардақ тұтып,
Ешкімге де теңемей бағаладым.

Төрткен:

Жақсы адамдар еді ғой жарықтықтар,
Жетім қалған өкенді бағып-қаққан.
Келін больп мен келіп түскен күннен,
«Бір перзентке зармыз» деп, мұның шаққан.
Сен келгенде дүниеге атам, енем,
Бауырына алып, еміреніп, мауқын басқан.
Ардақтады, өсірді, аялады,
Бір басынды он үлға бағалады.
Дәнекер боп сен жүрдің ортамызда,
Тасыған мен Төрткен деп саялады.

Баян:

Бірте-бірте түсіндім мұның бәрін,
Туған-туыс көп екен бауырларым.
Қарт атам мен апамды қолда бағып.
Еркін жүріп, ерке өстім, тарылмадым.
Түсіндім мен жанынның тазалығын,
Салт-дәстүрін сақтадың қазағымның.
Калай Баян мұнымды кешірер деп,
Отыруши ең жанынды мазалап мұн.



Төрткен:

«Неге бүйттің?»— деп мені сөкпедің де,
Теріс қарап өкпелеп кетпедің де.
Жан-дұниемді түсінген, күнде айтамын,
«Ақылыңнан айналдым» деп бүгінде.

Баян:

Әрқашанда мен, тәте, қасындамын,
Еш нәрсеге ренжіп, жасымағын.
Жол көрсетіп біздерге жүре берші,
Ұл-қызын, ұрпағыңның жағып бағын.

Бірге:

Салт-дәстүрін халқымның бағалалық,
Озығы мен тозығын саралалық.
Ұлкендердің қолында өскен бала,
Тілін біліп, ұлтжанды болары анық.
Ұлкендердің тәлімін алған бала,
Елін сүйіп, ұлтжанды болары анық,

— деп өлең шығарып, оны атақты сазгер Илия Жакановтың «Не ойладын?» деген әнімен орындал жүрміз.



КЕНЕКЕННІҢ КИЕЛІ ДОМБЫРАСЫ Ықылас атындағы мұражайға табыс етілді

Кеше Ықылас атындағы респубикалық музыкалық халық аспаптар мұражайында халық композиторы – жыр кеніші Кенен Әзірбаевтың 125 жылдық мерейтойына байланысты «Сагындым Кенен атамды» атты саз кеші болып өтті.

Бұл кеште Кенен Әзірбаевтың өндері шырқалды. Және Кенекеннің қызы Төрткен апай халық аспаптар мұражайына өкеснің ұзақ жылдар ұстаған домбырасын салтанатпен табыс етті.

Осы орайда Төрткен Кененқызы бізben өнгімесінде: Бұдан оншақты жыл бұрын Қазақ теледидарында Ықылас атындағы респубикалық музыкалық халық аспаптар мұражайынан түсірілген арнайы хабарды берді. Ол хабарда «Мынау – Жамбылдың домбырасы! Мынау – Кененнің домбырасы!» деп шағын домбыраны көрсетті. Әлгі домбыраның мұражайға қалай келгенін, оны кімнің тапсырғанын білмеймін. Бірақ ол



домбыра менің әкемнің домбырасына ұқсамайды. Бәлкім, балаларының үйіндегі немерелері тартып жүрген домбыраның бірін өлдекімдер мұражайға тапсыруы өбден мүмкін ғой. Осыдан кейін маған «Неге әкемнің қолының тері сіңген домбырасын мұражайға тапсырмаска?» деген ой келді.

Міне, осы ойымды жүзеге асырудын сәті бүгін келіп отыр. Ал жалпы, Кенен Әзірбаевтың ұрпақтарының ішіндегі ересектері, Астанадағы Бақытжан және мен әкеміздің музикалық мұраларын нотаға түсіріп, жинақ етіп шығарып, халық арасына кеңінен насихаттау мақсатында еңбек етіп келеміз. Әзім туралы айтып өтсем, менің мамандығым – тіл әдебиеті пәннің мұғалімі. Біраз жылдан бері зейнеткерлікке шығып, Іле аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы болып қызмет атқарып келемін, – деді.

Кенен Әзірбаевтың домбырасын республикалық музикалық халық аспаптар мұражайына қызы Төрткеннің тапсыру рәсіміне Алматы қалалық Мәденет басқармасы бастығының орынбасары Самат Келгінбаев, мұражай директоры Хасен Қожа-Ахмет, каладағы түрлі өнер ордалары мен жалпы өнерсүйер қауым қатысты.

Отеш ӨТЕУЛПҰЛЫ.

МАЗМҰНЫ

I бөлім

Әкемді айтсам ақтарыламын	7
---------------------------------	---

Мың өліп, мың тірілген әкем Кенен	8
Партия мүшелігінен шығарылып, ревкомдықтан босатылған Кенен	14
Кенен неге «халық жауы» атанды?	25
Жан бауырым	31

II бөлім

Тұған елдің тұғырлы тұлғалары	43
-------------------------------------	----

Қамқоршым еді Еркебай	44
Қайран Шөкем!	49
«Сұрша қызы» әнінің авторы	
Балуан Шолақ екеніне күмән жоқ деп есептеймін	59
Жамбыл мен Кенен	63
Жамбылдың зер шапаны	72
Ахмет Жұбанов сыйлаған домбыра	76
Бұл қазақ сендей ұлды армандаған	81
Кенен мен Бауыржан	87
Кенен мен Мұхтар	90
Сағынып күтіп жүрем Сәбенімді	95
Аталар сөзі – ақылдың көзі	104
Кененнің Габитті қонаққа шакыруы	111
Кенен мен Нұрғиса	114
Шераға жайында үзік сыр	120
Елбасымен бірге өткізген мереке	123
Ұмытылмас кездесулер	126
Әкемнің ігілері Асанбай мен Екейбай жайында	129
Сен өзі сол Кененнің баласы емессін бе?	133
Әкемнің соңғы аманаты немесе	
Мырзатайға арналған өлең	138

III бөлім

Тәрбие отбасынан басталады 145

Экем өте балажанды еді	146
Ишам-ай!	163
Пейіліңнен айналайын апataй	166

IV бөлім

«Аманат саган – ән мұрам» 179

Экемнің алғашқы хатшысы да, насихатшысы да мен болдым	181
Кененнің кемер белдігі	185
«Революция сарбазы»	188
«Қөптің қөnlін көп ашқан бұлбұл еді»	193
Кенен күйші де еді	207
Экемнің әндерін әлпештеп келемін	209
«Алатая алабында» деген әні туралы	221
Экемнің демі – қуатым менің	224

V бөлім

«Болмасаң да ұқсан бак»

Төрткеннің өзінің олеңдері 243

Төрткен КЕҢЕҢҚЫЗЫ

ӘКЕ РУХЫНА ТАҒЗЫМ

РЕДАКТОРЫ – Ә.ӘМІРБЕКҚЫЗЫ
ТЕХ. РЕДАКТОРЫ – Б.БЕКБОЛАТҰЛЫ
СҮРЕТШІСІ – Н.НҮРФОЖАҰЛЫ
КОРРЕКТОРЫ – Т.МОЛДАЖАНОВА

Теруге берілген күні 24.12.18. Басуға кол қойылған күні 28.01.19.
Пішімі 60x90 1/16. Қаріп түрі «Таймс». Шартты баспа табагы 18. Қағазы
оффсеттік. Таралымы 1000 дана.